



ОТБАСЫМ

www.otbasym.kz

№ 5-6 (24-25) 2016

Батыс Қазақстан облысы



АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БИҒАЛИЕВТАР АНСАМБЛІ

ЕЛДІҢ ДАҢҚЫН АСҚАҚТАТҚАН
ДАНИЯР

ЖАЙЫҚ ЖАҒАСЫНДАҒЫ
СЫРҒА ТОЛЫ ҚАРТ ОРАЛ!

СОДЕРЖАНИЕ

- 8 Батыс Қазақстан облысының әкімі
Алтай Көлгінов
- 10 «Главное в жизни – это поступки»
- 12 «Жұмыста басшы болғаныммен,
үйде қосшымын...»
- 14 Қойнауы қазыналы Жайық елі!!!
- 16 БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАММЕН
- 22 Деловые женщины в Уральске
- 24 «Ерліктің арқауы, елдіктің бастауы – қазақ
хандығы»
- 32 Вкус к высокому искусству
- 34 «Театр – тәрбие құралы»
- 36 КӨНЕНІҢ КӨЗІ
- 37 Страница истории
- 40 ӨР МІНЕЗДІ ӨНЕР ҚЫРАНЫ
- 42 МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ
- 46 Аты аңызға айналған Биғалиевтар
ансамблі
- 50 Уральск – старейший город Казахстана
- 54 Мы дружбою крепки
- 70 Мерейлі отбасы – ұлттың тірегі!
- 72 От маляра до депутата
- 74 ЖҰБАН ЕЛІ**
- 76 ӨТКЕННІҢ ӨШПЕС ІЗДЕРІ
- 80 Жайықтың жағасында
- 84 ҚАЗЫНАҒА ТОЛЫ ҚАРТТАРЫМ-АЙ
- 86 «Асыл атадан жасық бала тумайды»
- 88 БӨКЕЙ ОРДАСЫ**
- 94 БӨРЛІ АУДАНЫ**
- 96 Успешная работа от профессиональных
знаний
- 100 Его личный путь
- 104 Қасиетті жылқы малы – жанға сая, дертке
дауа!
- 106 Күркетауық еті – денсаулыққа пайдалы
- 108 Жаныңда жүр жақсы адам!!!
- 112 Сұлулық символы
- 114 ЖАҢАҚАЛА**
- 116 Өмірін өнермен өрнектеген жан
- 118 ЖӘНІБЕК**
- 120 Елуге тарта баспана бой көтермек
- 124 «Өнерім – өмірімнің бір бөлшегі»
- 128 ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫ**
- 130 Күздік дақылдардан рекорд орнатқан
Зеленов диқандары
- 133 Тарих тараулары



56 ОРАЛ ҚАЛАСЫ

- 58 Жайық жағасындағы сырға толы қарт
Орал!
- 66 Жайық қалашығы



118 ҚАЗТАЛОВКА АУДАНЫ

- 136 Ақжайықтың «Ақшағаласы» Қазталовта
142 Елдің даңқын асқақтатқан Данияр

146 МҰХИТ ЕЛІ

- 148 Мұхит Мерәліұлы
150 ЖАҢАРҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІ
151 Құстар үні сән беріп тұр, Шалғынға
152 «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді»

154 СЫРЫМ АУДАНЫ

- 156 «Әркімнің туған жері мысыр шаһар»

162 ТАСҚАЛА АУДАНЫ

- 164 Әйел – қоғам айнасы
166 Ешкі тауы – табиғат ескерткіші

168 МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ

- 170 Балабақша - базарлы үй!
172 «Тасқала-Дән» – нан мен әннің ордасы!
174 Кәсіпкерлікке жол ашық!
176 Оттан аман оралған жауынгер жұп

178 ТЕРЕКТІ

- 180 Қойнауы тұнған тарих Шағатайым
182 Қос саладан тең емген Теректі
184 В ожидании хорошего урожая

186 ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫ

- 188 «Жүйрікке қалудан да озу оңай»
190 Ұлттық ойындар көрініс тапқан той
192 Жабырқау тартқан жан сыры
194 «Алтын ұя» отбасылар байқауы
196 ШЫНЫҚСАҢ ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

Казахстанский
общественно-политический
журнал о семейных ценностях

«ОТБАСЫМ»

№5-6 (24-25) 2016

НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМИССИЯ
ПО ДЕЛАМ ЖЕНЩИН И СЕМЕЙНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКЕ ПРИ
ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ИЗДАТЕЛЬ:

ТОО «Деловой Мир Астана»

Председатель редакционного совета:

Гульшара Абдыкаликова
Государственный секретарь РК,
председатель НК по делам женщин
и семейно-демографической политике
при Президенте РК.

Заместители председателя:

Елена Тарасенко
Ляззат Сулеймен

Главный редактор:
Шолпан Сыздыкова

Редакционная коллегия:
А. Инкарбаева

А. Асылбек, А. Кулахметова,
Г. Кадырова, Ө. Алтайқызы,
С. Дарменшиева, Т. Искендинова

Дизайн и верстка:
Б. Бозтай, К. Маханова, А. Қалибекұлы

Литературные редакторы:
Г. Колтубаева, Г. Кадырова

Фотографы:
М. Кумеков, М. Ахметов,
М. Шаповалов, Иван Озарко

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

г. Астана, ул. Сыганак, 25,
БЦ «Ансар», 10 этаж,
тел./факс: 8 (7172) 550 658, 550 657
e-mail: otbasym@nur.kz

www.otbasym.kz

Отпечатано в типографии
ТОО «Компания Leader Offset Printing»
Алматы, ул. Райымбека, 212А

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры и информации РК.
Свидетельство №9855-Ж от 30.01.09.
Периодичность издания: ежеквартально.
Подписано в печать 02.11.2016.
Тираж 5 000 экз. Подписной индекс – 74261

Ответственность за достоверность информации в
рекламных материалах несут рекламодатели. Мнение
авторов публикаций обязательно отражает мнение
редакции. При использовании материалов журнала
ссылка на «Отбасым» обязательна. Интегрированная
система менеджмента ТОО «Деловой Мир Астана»
сертифицирована аккредитованным органом
по подтверждению соответствия и соответствует
требованиям СТ РК ИСО 9001-2009



В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ
АКЦИИ «25 ПОЛЕЗНЫХ ДЕЛ» НАЦИОНАЛЬНОЙ
КОМИССИИ ПО ДЕЛАМ ЖЕНЩИН И
СЕМЕЙНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКЕ
ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН,
ПОСВЯЩЕННОЙ 25-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

17 июня 2016 года в **городе Тараз** состоялась **республиканская конференция «Женщины говорят коррупции – нет!»** с участием Г.Н. Абдыкаликовой, членов Национальной комиссии, представителей центральных государственных и местных исполнительных органов, международных организаций, бизнес-структур, гражданского общества, эксперты, СМИ (216 чел.).

При содействии Регионального хаба в сфере государственной службы в **Астане** участникам конференции был представлен опыт работы Бюро государственной службы Грузии и Международной антикоррупционной академии, презентованный Заместителем директора Бюро государственной службы Грузии М.Двалишвили и Главой управления внешних связей в Международной антикоррупционной академии С. Марин. Ими также даны мастер-классы по антикоррупционной тематике.

В целях сохранения и популяризации многовековых традиций национальной кухни и одежды, а также подготовки женщин – мастеров декоративно-прикладного искусства, предпринимателей к участию на международной выставке **«Астана «EXPO - 2017»** проведен Республиканский конкурс забытых блюд казахской национальной кухни и неофольклорной национальной одежды (28 участников конкурса).

С 19 по 20 мая 2016 года был проведен конкурс песенных фестивалей **«Шабыт - Мерей»** среди одаренных детей-сирот, детей с ограниченными возможностями на получение грантов на бесплатное обучение в Национальном Университете искусств.

Воспитанники детских домов страны, дети с ограниченными возможностями в возрасте 7-16 лет участвовали в номинации «Эстрадное пение». В состав жюри вошли известные деятели искусства и культуры РК и звезды казахстанской эстрады под председательством члена Национальной комиссии, ректора КазНУИ А.К.Мусаходжаевой. По результатам конкурса 11 детей с ограниченными возможностями, 10 детей-сирот заняли призовые места, 6 преподавателей детских домов награждены грамотами и благодарственными письмами.

20 мая была проведена Республиканская научно-практическая конференция **«Семья и семейные ценности на современном этапе развития Казахстана»** в Казахском государственном женском педагогическом университете. В рамках конференции презентована **Школа молодой семьи «Отбасым»** на базе Алматинского государственного бизнес-колледжа, вручены сертификаты первым ее выпускникам (90 чел.).

В г.Алматы Комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при акиме города Алматы организовала **Городской форум женщин, внесших вклад в Независимость Республики Казахстан**, в Казахстанском Центре Делового Сотрудничества «Бахчисарай» с приглашением членов Национальной комиссии Нукетаевой Д.Ж. и Хайрулиной А.У. (всего участников - 300 чел.).

В Актюбинской области проведено **12 встреч молодежи** с женщинами – руководителями государственных структур, предприятий малого и среднего бизнеса, банков. Общее количество участников встреч составило более 700 человек.

Также в рамках акции в клиниках ЭКО проведено **25 бесплатных лечений по программе ЭКО** на сумму около 12 миллионов тенге, в результате чего забеременели 90% этих женщин.

В Карагандинской области было организовано **15 встреч** с участием молодежи (630 чел.), в том числе 27 детей-инвалидов, обучающихся в Карагандинском технико-строительном колледже (гг.Балхаш, Жезказган, Шахтинск, Актогайский, Бухаржырауский, Жанааркинский, Каркаралинский, Нуринский районы). К организации этих встреч активно привлекались молодежные ресурсные центры.

Во всех 16-ти регионах через Фонд «Даму» организованы бесплатные семинары для начинающих и действующих женщин-предпринимателей по поддержке малого и среднего бизнеса в рамках государственных программ.

Акция «**25 полезных дел**» позволила охватить бесплатным обучением **2576 женщин** (42,5% от общего количества бесплатно обученных). Это в 4 раза больше запланированного до конца года (650).

В Кызылординской области в рамках акции запланировано **10 семинаров** до конца года, проведены **2 семинара**, где **46 женщин** с ограниченными возможностями получили консультативную помощь по вопросам ведения бизнеса.

В городах Астана и Алматы были проведены бесплатные мастер-классы, консультации для семейных пар в «Дни открытых дверей» (более 400 супружеских пар), Атырауской (100), Мангистауской (120), Павлодарской (200), Южно-Казахстанской (150) областях.

В Западно-Казахстанской области, городе Уральск открыты места культурного отдыха для взрослых и детей с необходимой инфраструктурой (сквер имени Д.Кунаева, парк отдыха «Лепесток»). В рамках данной акции, в Акжайском, Бурлинском, Жангалинском, Таскалинском, Сырымском районах области в парках отдыха и культуры были проведены текущие ремонты и установлены скамейки для игр в шахматы, шашки и также посажены деревья. Организована посадка 25 деревьев на территории Областной детской больницы. Установлена памятная доска с надписью об акции.

В Мангистауской области организованы благотворительные акции к Наурыз мейрамы. Оказана помощь **82 ветеранам ВОВ и пенсионерам** в виде доставки им продуктов питания на общую сумму 3 млн. 245 тыс.тенге за счет привлечения спонсоров - производственных предприятий области. Такие же акции будут организованы в октябре месяце.

В Актюбинской области проводится работа по строительству инклюзивных детских площадок в жилых кварталах г. Актобе и 5 районов (*Алгинский, Мугалжарский, Темирский, Хромтауский и Шалкарский*). Важное отличие данной площадки - все игровое оборудование полностью адаптировано и учитывает потребности детей с ограниченными возможностями. В настоящее время закуплены оборудования на общую сумму 23,4 млн.тенге, до конца сентября будут организованы 20 площадок с 43 сооружениями. 15 сентября планируется открытие детской площадки в г.Актобе с участием жителей дома по адресу ул. Букенбай батыра 133/1.

В Южно-Казахстанской области с участием женских НПО (3), а также женщин-предпринимателей (6) оказана благотворительная помощь областному психоневрологическому интернату по оснащению комнат отдыха на сумму 1 млн. тенге (*сертификат, игрушки, детская одежда, памперсы, книги и др.*).

Во всех городах и районах области областной комиссией организованы и проведены аналогичные благотворительные акции с общим охватом 3500 человек.

В Карагандинской области проведена работа по открытию Центра «Мамина школа» и «Аллеи первоклассника» с высадкой деревьев в новом детском саду на 320 мест в микрорайоне «Кең дала» г. Караганды. Завершена процедура передачи объекта в коммунальную собственность. На ближайшей сессии маслихата будет рассмотрен вопрос выделения средств на закуп инвентаря.

В Кызылординской области ко **Дню защиты детей 1 июня** организована благотворительная акция по оснащению детского отделения неврологии больницы Жанакорганского района оборудованием для реабилитации. В итоге собрано **2,5 миллиона тенге**, на которые закуплено новое оборудование для реабилитации больных детей.

В Атырауской области проводится работа по открытию 25 женщинами-предпринимателями **депозитов 25 детям-сиротам** – воспитанникам детских домов.

В Павлодарской области идет подготовка к проведению 28 августа т.г. **легкоатлетического забега среди женских трудовых коллективов** в целях культивирования здорового образа жизни. Планируется участие 2 тыс. женщин.

В Восточно-Казахстанской области в целях поддержки женщин - трудящихся созданы советы женщин (*женсоветы*) в трудовых коллективах 23 предприятий области, среди них такие крупные предприятия и учреждения региона как ТОО «Қазмырыш», АО «Өскемен титан-магний комбинаты», АО «Үлбі металлургиялық зауыты», АЭС «Өскемен жылуэлектрорталығы», АЭС «Семей жылуэлектрорталығы», АЭС «Риддер жылуэлектрорталығы», АО «Өскемен жылу жүйесі», АО "Шығыс Қазақстан өңірлік энергетикалық компаниясы" и др.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі
Алтай Көлгінов*



Батыс Қазақстан облысы – дүниежүзінде жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алатын еліміздің батыс қақпасы. 90-нан астам ұлт пен ұлыс өкілдері мекен еткен өңірдің жалпы аумағы 151 мың шаршы шақырымнан асады.

Облысымыз – елімізге танымал талай дүлдүлдерді өмірге әкелген киелі мекен. Атап айтар болсақ, дәулескер күйші Құрманғазы Сағырбайұлы, үш жүзге ән озырған Мұхит Мерәліұлы, әділ төрелік айта білген Сырым Датұлы, кезінде ел аузында «түйе палуан» атанған Еңсеп Досқалиев сынды тағы да басқа елі үшін зор еңбек сіңірген жандар осы қасиетті мекенде өмірге келді. Сондай-ақ Бөкейдің хандық құрып, кейіннен хан Жәңгірдің қазақ даласын алғаш рет өркениетке бастаған жері.

Батыс Қазақстан аймағының тарихы тым тереңнен бастау алады. Мәселен, оған өңірдегі XIII-XIV ғасырларға жататын «Жайық» қалашығының және Теректі ауданына қарасты Тақсай қорғанынан біздің дәуірімізге дейінгі VI-V ғасырларға жататын «Алтын ханшайымның» табылуы айқын дәлел бола алады. Аталған қалашық орны қазіргі таңда мемлекет қорғауында. Ал ежелгі сармат дәуіріне жататын ақсүйек әйелдің қалпына келтірілген бейнесінің бірі Астанадағы Ұлттық тарих музейіне, енді бірі облыстық тарихи-өлкетану музейіне қойылды.

Осынау байтақ далада сан ғасыр өмір сүрген қазақ халқының әлемдік өркениет құндылықтары қатарына енген төлтума мұралары мен тарихи-мәдени ескерткіштері молынан кездеседі. Соның ішінде алты мыңға тарта тарихи-мәдени ескерткіш біздің облыстың еншісінде.

Жайық, Шаған, Деркөл секілді үш өзеннің құйылысында орналасқан облыс орталығы – Орал шаһарының ғасырлар қойнауынан жеткен қайталанбас сәулет ескерткіштері көрген жанның жүрегің жаулап, көңілің баурап, жадында ұзаққа жатталары анық.

Бүгінгі Батыс Қазақстан облысы – еліміздің дамуында өзіндік айшықты қолтаңбасы бар, кең өркен жайған өңір. Қазіргі таңда мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында облыстың әлеуеті артып, күн санап көркейіп келеді. Аймақта жаңа жобалар іске қосылып, жұмыс орындары ашылуда.

Негізінен аймақ халқы ежелден ауыл шаруашылығымен тұрақты айналысқан. Өйткені облыс аумағы осы салада еңбек етіп, кәсібінен нәсібін табушылар үшін өте қолайлы. Қазіргі таңда да бұл үрдіс әлі жалғасын тауып келеді. Төрт түлік мал өсіріп, бау-бақша егіп, кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейткен тұрғындар саны күн санап артуда. Мәселен, бүгінде 4 мың 500-ден аса адам шаруа және фермерлік қожалықпен, сондай-ақ 46 мыңға жуық тұлға шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысады.

Өңіріміздің экономикалық дамуының келешегі барлық салалардың кешенді дамуымен тікелей байланысты, соның ішінде табиғи байлықтар мұнай мен газды игеруге қатысты.

Аймақтағы «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг» компаниясы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосып келеді. 1979 жылы ашылған кен орны – әлемдегі ең ірі мұнайгаз конденсат орындарының бірі.

Қарашығанақ компаниясының көмегімен өңірде бірнеше жаңа әлеуметтік нысандар салынып, халық игілігіне пайдалануға берілді.

Облыста жыл өткен сайын сәулелі ғимараттар бой көтеріп, ел игілігіне пайдалануға беріліп келеді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, өндірістік өнеркәсіп, спорт, тағы да басқа салалар қарқынды даму үстінде. Мемлекет басшысының алға қойып отырған жауапты міндеттерін жүзеге асыру батысқазақстандықтардың қол жеткізген жетістіктерін одан әрі еселей түсуге мүмкіндік береді.

Мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен өркениеті қатар қанат жайып, өрге озған облыстың тұрғындары бай тарихы бар, өткені ғажайып, бүгінгі мен жарқын ертеңі бар өлкені қашанда мақтан тұтады.

Құрметті оқырман қауым!

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген тәмсіл бар. Республикалық «Отбасым» қоғамдық-саяси журналының жанұялық құндылықтарды және елдегі іргелі істерді дәріптеуде орны айырықша. Ұжымға ұшқыр қаламдарыңыздан ұтымды ойлар төгіліп, алда да талай асуларға жете берулеріңізге тілектеспін. Ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметтеріңізге табыс тілеймін!

ЕЛЕНА ТАРАСЕНКО:

«Главное в жизни - это поступки»

Сегодня героиня нашей рубрики - заместитель Председателя Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике Елена Тарасенко. Хрупая снаружи, но очень сильная внутри, она прошла нелегкий путь от простого школьного учителя до человека, от чьих слов теперь зависят решения в самых высоких эшелонах власти. «Железная леди» у трибуны и просто счастливая женщина, обо всем этом сегодня в нашей беседе.

- Елена Ивановна, расскажите о Вашей работе на посту заместителя главы Национальной комиссии по делам женщин?

- Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике - это большой период в моей жизни, это пласт моего становления как политика, как женщины. Нацкомиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК - это абсолютно уникальный и совершенный институт, поскольку это консультативно-совещательный орган при Главе государства, и Нурсултан Абишевич всегда в поле своего зрения держит вопросы семейно-демографической политики. Казахстан присоединился ко многим международным обязательствам по положению женщин и семьи, и самым главным документом в этой области является ратифицированная в 1998 году Конвенция по ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин. Ее координирует Комитет по делам женщин при ООН, который периодически заслушивает отчеты стран-участниц, насколько улучшается положение женщин в этих странах. У конвенции есть ряд обязательных пунктов: это положение женщин в экономической и политической сфере, репродуктивное здоровье, положение семьи и самое основное - это противодействие и профилактика бытового насилия. В Казахстане было необходимо совершенствовать законодательство в этой сфере, и нами была проделана большая работа по принятию важных гендерно-ориентированных законов. Основные из них - это Закон «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин» и Закон «О профилактике бытового насилия». В 2009 году Президент подписал два этих важных для страны документа. В настоящее время в Казахстане все законы являются гендерно-ориентированными и все НПА проходят обязательную гендерную экспертизу. Я считаю, что большой вклад в этот процесс был внесен депутатами, членами Нацкомиссии и экспертного совета.



Нацкомиссия зарекомендовала себя как институт еще и потому, что сегодня в стране успешно функционируют региональные филиалы. Ведется большая работа по всем направлениям.

- Какие изменения произошли в гендерной политике Казахстана за годы Вашего членства в Нацкомиссии?

- В 2005 году была принята стратегия гендерного равенства, принятию которой способствовали рекомендации и вклад комиссии в совместной работе с различными НПО и международными организациями. За 10 лет Казахстан достиг показателей основных аспектов стратегии, и положение женщин в стране намного улучшилось, как в обществе, так и на политической арене. Кроме того, Нацкомиссия очень многое делает для регионов. Сегодня там работают клубы женщин-политиков, школы женского лидерства, чтобы на примерах многих показать, каким образом можно расти. Очень важно проводить информационно-разъяснительную работу, и в этом плане роль Нацкомиссии очень многогранна.

- Как известно, сейчас в стране идет масштабная работа по борьбе с домашним насилием, в том числе, это одно из направлений деятельности Нацкомиссии. Расскажите, что сделано на сегодняшний день?

- Бытовое насилие было всегда, но раньше женщины боялись говорить об этом. В первые годы, когда мы только заговорили на эту тему, было очень много спорных точек, сегодня все эти моменты законодательно прописаны и могут защитить человека в трудной жизненной ситуации от дальнейшего преследования, ведь не всегда это касается только женщин. За годы проводимой политики против насилия мы достигли хороших результатов, по всей стране были открыты кризисные центры, где жертвам насилия оказывается вся необходимая помощь. Как на законодательном, так и на информационном поле сегодня в Казахстане возрос уровень грамотности и уровень ответственности, это очень важно.

- Вы очень тепло отзываетесь о родных краях, Западно-Казахстанской области. Как часто Вы бываете на Родине?

- С переездом в Астану для меня было важно не потерять связь с родным регионом. И в любой момент, когда есть возможность, всегда стараюсь оказаться в своем городе рядом с теми, кому нужна моя помощь. Помимо этого мы всеми силами стараемся помогать в вопросах строительства жизненно важных объектов. Посодействовали в строительстве школ и детских садов, и последним объектом, которому мы помогли появиться на свет, стал

физкультурного-оздоровительный комплекс в поселке Загачанск. Всегда радуюсь и горжусь успехами своего родного края. Желаю моим землякам процветания.

- Глядя на Вас, сложно представить, как в такой хрупкой женщине может уместиться столько силы воли, терпения и упорства. Перечитывая Вашу биографию, становится понятным, что все сегодняшнее достигнуто колоссальным трудом, но все же, если отодвинуть в сторону «железную леди» и взглянуть на Вас, как на простую женщину, какая Вы?

- Я очень люблю свою семью и стараюсь успевать делать все сама. Приготовить еду, убрать, погладить, стирать и, конечно же, дарить любовь своим родным и близким. Мне несказанно повезло быть женой, матерью, бабушкой, и это, пожалуй, мое главное предназначение. Я очень благодарна своему супругу за его поддержку. Но в семье очень многое зависит от женщины. Важно, приходя домой, оставлять за дверью маску большого начальника и оставаться дома простой, земной женщиной.

- Елена Ивановна, очень хочется узнать Ваши основные принципы и правила жизни, которым Вы безоговорочно следуете изо дня в день.

- Однажды в юности мне попались слова: «самая красивая одежда - это скромность». Эти строки я записала в маленький блокнот, который по сей день со мной, и эта фраза стала для меня одним из главных принципов. Сейчас молодежь уже другая, но я стараюсь воспитывать свою дочь и внука именно на этих правилах. Следующий принцип - это ответственность за все слова и поступки. Также для меня очень важны преемственность, порядочность и последовательность действий, когда ты берешься за любое дело и непременно стараешься довести его до конца.

- Что для Вас счастье и о чем Вы сегодня мечтаете?

- Самое большое счастье для меня и моей семьи это то, что мы родились и живем в Казахстане, потому что тот мир и спокойствие, которые нас окружают, - благодаря нашему Президенту. Пользуясь случаем, хочу сказать Главе государства Н.А. Назарбаеву огромное спасибо за мудрую политику, за межнациональное согласие, за Астану, и за все то замечательное, что происходит в нашей стране.

Больше всего на свете я мечтаю о здоровье и благополучии моей семьи, это главное. Мир сегодня настолько хрупок, поэтому очень хочется, чтобы Казахстан и дальше процветал, шагал по пути мира и согласия, процветания и дружбы. Пусть у наших потомков будут все возможности для счастливой жизни и все наши мечты сбываются!

«Жұмыста басшы болғаныммен, Үйде қосшымын...»

**Баршамызға белгілі, Елбасының Жарлығымен 2005 жылдың 29 қарашасында
«2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді».**



Осы стратегияны жүзеге асыру нәтижесінде бүгінде елімізде көптеген әйел отбасы тіршілігімен шектеліп қана қоймай, саясат пен экономикада ер азаматтармен қатар жүр. Солардың бірі – Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бибігүл Қонысбаева. Қиын да күрделі жұмысты бір кісідей атқарып жүрген ханыммен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түсті.

– Бибігүл Тишанқызы, әйел адамның облыс әкімінің орынбасары қызметіне дейін көтерілуі өте сирек кездесетін жағдай. Мұндай аса жауапты жұмысты атқару әйел адам үшін қиын емес пе?

– Жалпы, мен жұмысты ауыр немесе жеңіл деп бөлмеймін. Қандай жұмыс берілсе де, барымды салып, мұқият орындап шығуға тырысамын. Адам баласының өміріне қоршаған ортасы көп әсер етеді ғой. Бақытыма қарай, өмір жолымда ылғи жақсы адамдар кездесті. Жұмыста да, тұрмыста да ниеттері таза, жақсы адамдардың ортасына түстім. Қандай жетістікке қол жеткізсем де, қоршаған ортамның ықпалы мол болды.

Бұл қызметке келуімнің еш құпиясы жоқ. Мені қызмет баспалдақтарына көтерген жұмысыма деген адалдығым шығар. Қай жұмысты да үлкен жауапкершілікпен орындауға мені қызметтестерім, басшыларым үйретті. Осы облыстың Шыңғырлау ауданына қарасты Лубен совхозындағы орта мектептің 9-сыныбын бітірген соң нағашы ағамның ықпалымен Ақмола қаласындағы қаржы-экономикалық колледжіне оқуға түстім. Сол жылы нағашым аталған оқу орнын бітіріп келіп жатқан болатын, жаспын ғой, оның осы оқу орны, болашақ қызметі жайлы айтқан әңгімелеріне елтіген болуым керек. Негізі, мен журналист немесе тарихшы боламын деп ойлағам. Бірақ, бұған менің ата-анам қарсы болды. Осы оқу орнын 1994 жылы бітіріп, Шыңғырлау аудандық қаржы бөліміне жұмысқа кірдім. Сол жерде 1996 жылға дейін жұмыс істеп, тәжірибе жинақтадым. Содан кейін облыстық қаржы басқармасына қызметке ауыстым. Осы жерде жұмыс істеп жүріп, жергілікті жоғары оқу орындарының бірінде білімімді толықтырдым. Облыстық қаржы басқармасында

2011 жылға дейін жұмыс істеп, бөлім басшылығына дейін көтерілдім. 2011 жылы облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасына келдім. Бұл мекемеде әуелі бөлім басшысы, сосын басқарма басшысы қызметін атқардым. Облыс әкімінің орынбасары қызметін биылғы сәуір айынан бастап атқарудамын. Бұл жұмыс та бұрынғы атқарып жүрген қызметімнің жалғасы іспетті, қаржыға, экономикаға байланысты. Өзіме жақсы таныс болғандықтан, әзірге бұл жұмыс маған аса қиынға соғып жүрген жоқ.

– Басшылық қызметте жүрген лауазымды тұлғалардың жұмысы қауырт, іссапарларға жиі шығатын кездер де болады. Бұл жағдайлар сіздің отбасылық өміріңізге кері әсерін тигізбей ме?

– Түсіндім. «Екі қайықтың басын ұстаған суға кетпей ме?» дегіңіз келіп отыр ғой. Жалпы, уақытты тиімді пайдаланған адам барлығын да үлгере алады. Басшылық қызметте жүргеніммен, менің өмірімнің өзгелерден көп айырмашылығы жоқ. Мен де өзгелер секілді, бос уақыт тауып, бала-шағаммен бірге болғанды ұнатамын. Кешке жұмыстан келіп, барлық басқа әйелдер сияқты мен де ас үйге кіріп, бала-шағама ас дайындаймын, содан кейін балаларымның қасына отырып, олардың ертеңгі сабаққа дайындығын тексеремін. Демалыс күндерін бала-шағамның ортасында өткізгенді жақсы көремін. Мен үшін ана болу өмірдегі ең үлкен бақыт.

– Сіз гендерлік саясатты қалай түсінесіз?

– Гендерлік саясат дегеніміз – бұл қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді. Ерте заманның өзінде біздің ата-бабамыз әйелдің ақылын, қабілетін жоғары бағалап, оларды ер азаматтардан кем қабылдамаған. Мысалы, ханға әділдігін айтқан Қарашаштан бастап, ел тұтқасы болған Айғаным мен Фатима ханшалар, Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан Бопай ханым және ағасымен бірге жауға қарсы шапқан ержүрек Бопайдың ерлік істері халықтың мәңгі жадында. Қазақ әйелдерінің рухы қашан да мықты болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жеңіске жетіп, одан кейін күйреген шаруашылықтың тез қалпына келуіне себепкер болған осы әйел-аналардың өлшеусіз еңбегі. Күні кешегі тоқсаныншы жылдардың қиындығы кезінде де әйел адамдар тез ес жиып, ақылдылық көрсетті. Сондықтан, қазақ әйелдері қашан да жақсы істің басында жүрген дер едім. Бүгінгі таңда тек мемлекеттік қызмет

қана емес, кәсіпорын басқарып, үлкен бизнеспен айналысып жүрген іскер қазақ әйелдері өте көп.

– Сіздерді жұрт «Жұптары жарасқан жанұя» дейді. Құпия болмаса, бұл жарасымдылықтың сыры неде?

– Жоғарыда айтқанымдай, «Менің өмір жолымда ылғи жақсы жандар кездесті» деп. Солардың қатарында өзімнің Құдай қосқан қосағым да бар. Ол кісі балаларымның тек әкесі ғана емес, менің нағыз жанашыр досыма айналды. Күйеуім мені барлық жағынан қолдап, көмектесіп отырады. Ол да мен секілді қарапайым отбасыдан шыққан, өте еңбекқор жан. Үйде менің-бар-жоғымды білдірмей, бәрін өзі реттеп отырады. Оның да, менің де ата-аналарымыз қарапайым еңбек адамдары болды, қазіргі кезде олар зейнеткер, ауылда тұрады. Еңбекте үлкен табыстарға жетуім біріншіден, маған ақыл-кеңесін беріп, жауапкершілікке тәрбиелеген тәлімгерлерімнің арқасы, екіншіден, үйде мені қолдап отырған осы өмірлік серігімнің ықпалы. Өзімнің осындай салауатты, парасаты мол жанға кездестіргенімді өлшеусіз бақыт деп санаймын. Әйтпесе, қаншама әйел парықсыз еркектердің кесірінен бақытсыз болып жүр?!

Меніңше, отбасындағы береке-бірлік әйел адамға байланысты болады. Үйде береке болу үшін әйел адам ер-азаматпен еш уақытта «тақ» таластырмауы керек. Берекелі тіршіліктің, жұрт айтатын жұп жарасымдылығының барлық сыры осында! Мысалы мен жұмыста басшы болғаныммен, үйде қосшымын.

– Қазіргі таңда бүкіл әлем қаржылық дағдарыста. Бұл жағдай біздің елімізді де айналып өтпей тұр. Осыған орай, жұмыс орындары жабылып қалып, кейбір адамдар уақытша болса да қиыншылық жағдайда қалуда. Жұмысын жоғалтып, қиналып қалған адамдарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Бұл бағытта Елбасының тапсырмасымен бірқатар бағдарламалар жасақталып, олар табысты жүзеге асырылуда. Ол үшін осындай бағдарламаларды түсіндіретін арнайы мекемелер бар, соларға барып, кеңес алу керек. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының өзі қаншама адамға өз көмегін тигізді. Қазіргі уақытта қала адамдарына да, ауыл адамдарына да жеке кәсіппен айналысуға мүмкіндік мол. Осы мүмкіндікті пайдаланып, жеке кәсібін дамытып келе жатқан адамдар көп.

– Әңгімеңізге көп-көп рахмет. Жұмысыңыз жемісті болсын!

**Айша ӨТЕБӘЛІ,
Батыс Қазақстан облысы**



Батыс Қазақстан облысы бүгінде – аса зор экономикалық, мәдени және ғылыми әлеуеті бар Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және мәдени аймақтарының бірі. Аймақтың табиғаты мен жер қойнауы қаншалықты бай болса, оның тарихы да соншалықты қызықты, географиялық орналасуы да бірегей. Республикалық шекара бекінісі Қазақстан-Ресей шекарасындағы біздің мемлекетіміздің батыс қақпасы ретінде қызмет атқарады. Еуразиялық жол қиылысында ол бүгінде екі ұлы өркениеттің, Еуропа мен Азияның түйісу нүктесінде сақшы ретінде тұр.

Облыс орталығы-Орал қаласының төрт ғасырдан астам тарихы бар. Кең пейілді ашық және қонақжай қала Жайық өзенінің бойында орналасқан. Әр түрлі құрлықтардың ерекшеліктерін өзіне табиғи дарыта алған батыс қазақстандықтардың уақыт тізбегін байланыстыратын, өткенге деген құрметі ерекше. Тарихи мұралар деректер мен аңыздар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ұқыптылықпен беріліп отырады.

Орал қаласында Қазақстандағы ең көне музейлердің бірі, 175 жылдан астам тарихы бар Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі жұмыс жасайды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары ұлттық мұрамызды зерттеп, жинап, сала-сала бойынша толықтыруға жол ашылғаны мәлім. Қазіргі кезде Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында археологиялық жәдігерлердің, зергерлік бұйымдардың, этнографиялық бұйымдардың мол коллекциясы жинақталғанын зор мақтанышпен айтуға болады.

Батыс Қазақстан облысының территориясы қайталанбас ерекше тарихи және мәдени ескерткіштерге бай аймақ. Соңғы жеті жыл ішінде бұл ескерткіштерді зерттеу ерекше қарқынмен жүргізілді. Нәтижесінде облыс территориясында 6 мыңнан астам қорғандар мен қоныстар, қала орындары мен қорымдар кешені есепке алынды. Олардың 200-дейі тас ғасырына, 4 мыңнан астамы сақтар мен сармат-савромат дәуірін қамтитын қола және ерте темір ғасырына, 2 мыңға тарта ескерткіштер түркі кезеңінен бастап XV-XVI ғасырларға дейінгі кезеңге тиесілі. Осы ескерткіштердің ішінде «Жайық қалашығы» деген шартты атауға қала орнының шоқтығы биік. Шығыспен Батысты жалғастырар ең қысқа жолдың нақ түйіскен жерінде орналасқан Орал қаласы Жайық өзенінің оң жақ жағасы мен Шаған өзені құйылысының сағасында негізі қаланған. Қала Жайық қалашығы деп аталған. Музей қорында ежелгі қала орнынан табылған заттар: тас кірпіштер, шығыр құмыралар бар. Бұл заттарды зерделей келе, ғалымдар шартты түрде «Жайық қалашығы» деп аталатын көне қорымда орта ғасырларда шамамен 2,5-3 мың адам өмір сүргенін айтып отыр. Қала Алтын Орда мемлекетінің тұсында әкімшілік және сауда орталығы болған. Қалада монша, базар және некрополь салынған. Әсіресе, керемет кесене болғаны анықталып отыр.

Ол өзінің сәулеті жөнінен Ұлытау аймағындағы аты әйгілі Жошы ханның кесенесіне ұқсас болса керек. Алтын Орда құлағаннан кейін Жайық қалашығының да қуаты кеми бастаған. Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының археологтары Теректі ауданындағы

ҚОЙНАУЫ ҚАЗЫНАЛЫ ЖАЙЫҚ ЕЛІ!!!

Долинное елді мекенінің маңында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Бұл қазба жұмыстары кездейсоқ жүргізілмеген болатын. XX ғасырдың 1965 жылы жер жырту жұмыстары кезінде осы елді мекен маңынан бірнеше жәдігер табылғаны белгілі. Мамандар оны сармат кезеңіне жататындығын анықтаған еді. Соның ішінде «Күміс ритон» ғылыми ортада кеңінен белгілі болды. Арада 37 жыл өткен соң, 2012 жылы кездейсоқ табылған жәдігер орындары зерттеліп, бұл жерде 4 оба кешені бар екені анықталды. Сөйтіп «Таксай оба кешені»-деген шартты атауға ие болған археологиялық қазба жұмыстары басталады.

Ғалымдардың пайымдауынша Таксай1 оба кешенінен табылған «Алтын әйел» қабірін шамамен б.д.д. ІҰ. соңы мен Үғ. ортасы деп жорамалдап, ежелгі сармат кезеңіне жатқызуға болады. Оған жерлену тәсілі, жерлеу элементінің құрылымдары, сары металдан жасалған көптеген бұйымдары мен салт-жоралғы заттары дәлел. Таксай оба кешенінен табылған сармат әйелінің әшекейлеріне қарап оның ақсүйек тұқымынан екені туралы тұжырым жасалуда. Қабірден табылған заттар әйелдің қоғамда ерекше статусқа ие болғанын көрсетеді. Сонымен қатар жерлеу орнынан табылған алтын әшекейлер, айна, ыдыстардағы зооморфтық бейнелерді Оңтүстік Орал аймағындағы ежелгі көшпенділер өнерінің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады, тұтастай алғанда ежелгі Батыс пен Шығыс көшпенділерінің өнеріне жақындығы және Ахеменидтік Иранның әсері айқын байқалады.

Осы қайталанбас ғажайып ғылыми жәдігерлерді ғалымдарға, мамандарға, қызығушылық тудыратын

адамдарға таныстыру мақсатында Таксай обасынан табылған құндылықтар Ел ордаға жеткізіліп, жуықта Астана қаласында ашылған Ұлттық музей мен БҚОМ экспозициясында «Алтын ханшайым» атауымен көпшілік назарына ұсынылды.

Киелі Ақ Жайық өңірі, қасиетті Нарын құмы – дала кемеңгері Сырым батырдың, сұңғыла реформатор хан Жәңгірдің, құдіретті композитор Құрманғазының, күйші Динаның, небір дүлей күйлердің авторы Дәулеткерейдің, семсер жырдың шебері Махамбеттің, сахнаның қас шебері Қ.Бөкееваның, қазақ әндерін орындаушылардың ішінде өзіндік стилін қалыптастырған, құдіретті әнші Ғарифолланың елі. Бұл жер –XIX ғасырдың басы Бөкей хан, XX ғасырдың басы Батыс Алашорда ту тіккен жер! Ақ Жайық өңірі - қазақтың ұлттық эпостарының бірі – сұлу Жібектің елі.





БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАММЕН



Жаңа экономикалық саясат туралы Елбасының Жолдауында сыртқы нарықтағы конъюктураның нашарлауы жағдайында жаңа жұмыс орындарын құру және барын сақтап қалу, экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін жағдайлар құру жолдары белгіленген.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша жұмыстар Мемлекет басшысының нақтылаған басымдықтарына және «Бес институционалды реформаларды іске асыру бойынша 100 қадам» Ұлт жоспарына

сәйкес жүзеге асырылуда.

Облыстың жан басына шаққандағы жалпы аймақты өнімі орташа республикалық деңгейінен 1,2 есеге көбейді және 585,2 мың теңге құрады. Ағымдағы жылдың жеті айында өнеркәсіп өнімдері 679,3 млрд. теңгеге өндірілді. Тау-кен өнеркәсібінде табиғи газ өндіру 1,3%-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындарымен 51,6 млрд.теңгеге өнім өндірілді. Оңды өсу қарқыны құрылыс индустриясы (1%-ға), дайын металл бұйымдары өндірісінде (31,9%-ға), химиялық





өнеркәсіп өнімдерін өндіру (4,3%-ға), резеңке және пласт-масса бұйымдарын өндіру (18,3%-ға) саласында байқалады.

Индустрияландыру картасы аясында облыста 2279 тұрақты жұмыс орны құрылуымен 308,7 млрд. теңгеге 40 инвестициялық жоба іске асырылуда.

Облыста индустриялық аймақ құру жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Күні бүгін индустриалды аймақ жобаларына қатысушылар мен әлеуетті инвесторлар өкілдерімен келіссөздер жүргізілді. Құрылыс қызметтері

саласындағы және құрылыс материалдарын, құрал-жабдықтар, электр жабдықтар, тұрмыстық химия, тоқыма және былғары бұйымдарын шығаратын 5 түрік компаниясы индустриялық аймақ ұйымдастыруға қатысуға қызығушылық танытты. Техникалық-экономикалық негіздемені даярлау жұмыстары жүргізілуде.

Облыста іскери белсенділіктің, ең алдымен кәсіпкерліктің өсуіне «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру септігін тигізуде. Осы





бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Қоры қаражаты есебімен республикалық бюджеттен 2,2 млрд.теңге қарастырылды, оның ішінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға – 1,7 млрд. теңге, инфрақұрылымды дамытуға – 0,5 млрд.теңге. Бағдарлама іске асырылғаннан бері несиелер мен жеткізілген инфрақұрылымның жалпы сомасы 50,9 млрд. теңгенің 450 жобасына мемлекеттік қолдау көрсетілді, оның ішінде ағымдағы жылы – 1,9 млрд. теңгеге 54 жоба. 39 кәсіпорынға өндірістік инфрақұрылым жеткізілді.

Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 11,9%-ға көбейіп, 37,7 млрд. теңге құрады. 113 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі шешілуде.

Облыс халқының сумен қамтылуы 86,8%-ға жетті, соның ішінде ауыл тұрғындарын – 75,1%.

Облыстың ауылдық елді мекендерін газдандыру жалғасуда. Облыс тұрғындарын табиғи газбен қамтылуы 91,2%-ды құрайды, оның ішінде ауыл тұрғындарын – 83,6%.

Облыстың автомобиль жолдарының жай-күйін жақсарту жөніндегі проблемалық мәселелер кезең-





кезеңімен шешілуде. Ағымдағы жылы автомобиль жолдарын қайта жаңарту, күрделі және орташа жөндеуге 5,8 млрд.теңге бөлінді.

Сонымен қатар, 2015 жылы Орал қаласы халықаралық әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Халықты жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін ағымдағы жылы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджеттен 1434,8 млн. теңге, оның ішінде инфрақұрылымдық жобаларға – 489,9 млн. теңге, шағын несие беруге және кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға – 477,5 млн. теңге, жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге – 216,8 млн. теңге бағытталды. Жастар тәжірибесіне 972 адам жолданды, соның ішінде Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасы аясында – 649 адам.

Уақыт алдымызға жаңа міндеттер қоюда. Біраз жұмыстар атқарылды, бірақ орындалатын жұмыстар одан да көп. Міне, сондықтан да көздеген мақсаттарымызды жүзеге асыру үшін біз «жұмылған жұдырықтай» бірлесе әрекет етуіміз керек.



ДЕЛОВЫЕ ЖЕНЩИНЫ В УРАЛЬСКЕ



23 сентября, в малом зале городского акимата города Уральск состоялся семинар-совещание с участием заместителя председателя Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан Тарасенко Елены Ивановны, Председателя Ассоциации деловых женщин Казахстана (АДЖК) Сарсембаевой Раушан Биргебаевны и ректора Казахского Государственного Женского Педагогического Университета Нукетаевой Динары Жусупалиевны.

На встречу приглашены члены ассоциации деловых женщин по Западно-Казахстанской области, члены клуба женщин-политиков ЗКО, женщины-депутаты городского и областного маслихатов.

На семинаре-совещании Председателем АДЖК Раушан Сарсембаевой была представлена презентация «Направление деятельности Ассоциации деловых женщин Казахстана» и презентация по деятельности Клуба женщин-политиков.

Организатором мероприятия является Ассоциация деловых женщин по ЗКО под руководством Председателя АДЖ по ЗКО Рысбековой Ляззат Туякбаевны.

Ассоциация деловых женщин Казахстана – Общественная неправительственная организация с республиканским статусом была создана в 1995 году, целями и задачами которой являются:

- формирование высокого статуса и имиджа деловой



женщины, независимо от сферы деятельности и социальной направленности;

- консолидация усилий деловых женщин, направленных на развитие инициативы, предприимчивости, новаторства;

- содействие женщинам в социальной и жизненной ориентации в условиях построения гражданского общества и развития демократии.

Направление деятельности Ассоциации деловых женщин Казахстана:

- 1) Женщина и бизнес;
- 2) Женщина и политика;
- 3) Женщина и занятость;

4) Женщина, дети, семья;

4) Гендер и развитие.

Справка:

Ассоциация Деловых Женщин Казахстана - это Республиканская общественная неправительственная организация, объединяющая женщин, занятых в деловой сфере общества: политика, государственное управление, бизнес, наука, образование, здравоохранение, культура и др. Насчитывает в своих рядах более 15000 человек и имеет разветвленную сеть региональных филиалов по всей стране.

Анэль Кайнеденова



«Ерліктің арқауы, елдіктің бастауы – қазақ хандығы»

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы аталып өтті. Бұл мерейтой күллі Алаш жұрты үшін үлкен маңызға ие. Осыған орай, қазақ хандығы мен қазақ халқының тарихын, еліміздің өркендеп, нығаюына саналы ғұмырын арнаған ұлы тұлғалардың еңбегі мен есімін елге жеткізу, азаматтардың патриоттық сезімдерін арттыру мен қазақстандық мемлекеттілікті нығайту бағытында іс-шаралар жоспары құрылды.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫН МЕРЕКЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ:

Қазақстан халқының бірлігін нығайту, ел тарихына, қаһармандық өткеніне, дәстүріне, мәдениетіне және мұрасына құрметпен қарау, өскелең ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеуге ықпал ету және қазақстандықтар арасында мемлекеттілік, тәуелсіздік және жаңа биіктерге ұмтылу құндылықтарын насихаттау.



МІНДЕТТЕРІ:

- Қазақ хандығының 550 жылдығын жалпыұлттық деңгейде мерекелеу;
- Қазақстан халқының бірлігін нығайту, қоғамды тәуелсіздік, тұрақтылық, бейбітшілік пен келісімге негізделген басты құндылықтар төңірегіне топтастыру;
- Ел тарихына, қаһармандық өткеніне, дәстүріне, мәдениетіне және мұрасына құрметпен қарауға тәрбиелеу;

БАҒЫТЫ:

Батыс өңірінде Қазақ хандығының 550 жылдығы Бөкейордасы ауданы Хан ордасы ауылында тойланды. Еліміздегі тарихшы, шығыстанушы, лингвисттердің және шетелдік ғалымдардың қатысуымен Қазақ хандығының тарихына арналған ғылыми-тәжірибелік



конференция, республикалық ақындар айтысы өткізіліп, музей көрмесі, ұлттық спорттық сайыстар, мерекелік концерт, дала қызықтары және т.б. ұйымдастырылды.

Мемлекеттігіміздің қалыптасу тарихынан сыр шертетін театрландырылған көріністі қою үшін қоюшы режиссер Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Мұрат Ахманов арнайы шақырылды.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАР:

Айтыс – суырыпсалма ақындық өнердің жемісі. Айтыста халықтың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, дүниетанымы, әлеуметтік көзқарасы, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігі көрініс табады. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуын атап өту – азаттық сыйлаған бабаларға деген құрмет. Қазақ мемлекеттілігінің негізі сол кезде қаланғандығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу және еліміздің бүгінгі мен ертеңін жырлап, ұлттық рухты ұлықтау мақсатында Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығы орталығы үстіміздегі жылдың 25-26 тамыз күндері Батыс Қазақстан облысы Бөкейордасы ауданы Хан ордасы ауылында «Тарихы терең Қазақ елі» атты республикалық ақындар айтысын өткізді.

АЙТЫСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

- дарынды ақындардың қабілеттерін арттырып, оларға қамқорлық көрсету;
- қазақ елі, жері туралы мағлұматтарын кеңейту, елжандылық, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілік рухын көтеру;
- мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру; айтыс өнерін насихаттау, жас ұрпақты елжандылық рухында тәрбиелеу

Мерекелік концерт

Бөкейордасы ауданы мен облыстық Ғ.Құрманғалиев атындағы филармонияның шығармашылық ұжымдары «Бабалар аманаты»



2015 ЖЫЛ – ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ ҰЛЫҚТАУ ЖӘНЕ БҮГІНГІ БИІКТЕРІМІЗДІ БАҒАЛАУ ТҰРҒЫСЫНАН МЕРЕЙЛІ БЕЛЕСТЕР ЖЫЛЫ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫН, ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ МЕН КОНСТИТУЦИЯМЫЗДЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫН, ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТЕМІЗ. ОСЫНАУ ТАРИХИ БЕЛЕСТЕР ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҰРПАҚ ЖАДЫНА СІҢІРУДЕ АЙРЫҚША РӨЛГЕ ИЕ.

Н. НАЗАРБАЕВ



және «Тәуелсіз Мәңгілік ел» блоктарынан құрылған мерекелік концерт өткізді. Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің орындауында күйлер, дәстүрлі ән шеруі, күй-тартыс, халықтық «Назерке» және «Ақжайық» би ансамбльдері хореографиялық композициялары көрермен назарына ұсынылды.

ДАЛА ҚЫЗЫҚТАРЫ:

- бәйге,
- қазақша күрес,
- кіртасын көтеру
- арқан тартыс, т.б

ХАН ОРДАСЫ АУЫЛЫНЫҢ СОЛТҮСТІК АУМАҒЫ: «АЛТЫН ДАЛА ШЕЖІРЕСІ»

Көрініс мемлекеттігіміздің қалыптасу тарихынан сыр шертеді, сонау тарих қойнауындағы хандар көші көрсетілді. Жәнібек-Керейдің тұсында құрылған тұңғыш қазақ хандығынан басталып, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті Жарғысы» жалғаса келіп, Тәуелсіз

Қазақстанда салтанат құрғанына жиырма жыл толған Ата Заңымызға дейінгі жолды суреттеді. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы – қазақ хандарының тарихы. Ал өз кезегінде Қазақ хандарының тарихы – қазақ заңдарының тарихы. Конституциялық Кеңес Төрағасы И.Рогов: «2015 жылы аталып өтетін Қазақ хандығы құрылуының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы өзара тарихи тығыз байланыста жатыр. Жоғарыда аталған маңызды оқиғалардың тығыз байланысы Конституциямыздың кіріспесінен де айқын білініп тұрғандай, яғни Елбасының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен ұштаса түсуде» деп атап көрсетті. Театрландырылған көрініс Қазақ хандығының 550 жылдық тарихында қабылданған алғашқы құқықтық актілер мен Конституциямыздың арасындағы сабақтастықты көрсетіп, атаулы күндердің тарихи байланысын сахналады.

Театрландырылған көрініс идеясының авторы және қоюшы

**КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕК
1465 ЖЫЛЫ АЛҒАШҚЫ
ХАНДЫҚТЫ ҚҰРДЫ,
ҚАЗАҚТЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ
ТАРИХЫ СОЛ КЕЗДЕН
БАСТАУ АЛАДЫ.**

Н. НАЗАРБАЕВ

**АТАҚТЫ ТАРИХШЫ
МҰХАМЕД-ХАЙДАР
ДУЛАТИДІҢ
ҚАЛДЫРҒАН НАҚТЫ
ДЕРЕКТЕРІНЕ СҮЙЕНЕ
ОТЫРЫП, ТАРИХШЫ
ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАН
КЕЗІ 1465 ЖЫЛЫ
БОЛҒАНЫН БЕЛГІЛЕДІ.**

Ж. ЖАҒЫПАРҰЛЫ

режиссері:– Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Мұрат Ахманов, көмекші режиссер - Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрының бас режиссері Мұқан Томанов



**«ТАРИХ ҚОЙНАУЫНАН ҚАЗІРГІ
ЗАМАНҒА ДЕЙІН» - АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ**

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын тойлау мәселесі тарих ғылымында басты маңызға ие болумен қатар, ұлттық зерттеу аумағынан шыға отырып, отандық тарихи үрдістерді қарастырумен қатар, көптеген әлемдік тарихи үрдістерді де қамтуда. Бұларға қазақтардың көшпелі өркениеті,

Жаңа кезеңде мемлекеттік құрылымды қалыптастыру тәжірибесін ұтымды пайдалану арқылы саяси тәуелсіздікті сақтау негізінде Бөкей хандығы пайда болды, бұл Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының өзгеруіне жағдай жасады. Бұл тәжірибе XV-ші ғасырдан бастауын алатын қазақ қоғамындағы хандық өкімет билігінің жалғасы ретінде өзекті маңызға ие болды.

Сондықтан, Батыс Қазақстандағы орта ғасырлық тарихи үрдістерді зерттеу Қазақ хандығының қалыптасуына бірден-бір қатысы бар. Бұл мәселеге тарихшылар ұзақ және



тұрақты түрде көңіл аударып отыру қажет, өйткені жаңа зерттеулер және оның нәтижелері тарихи мәліметтерді жаңартып отыруға мәжбүрлейді, яғни белгілі тарихи деректерді жаңа қырынан қарауға септігін тигізеді. Дегенмен, Қазақстан тарихын зерттеу мен түсіну көптеген елдерде, соның ішінде Ресейде кеңестік кезеңдегі методология деңгейінде қалып отыр. Сондықтан, шетелдік тарихшылардың осы тарихи датаға көңіл аударту негізінде Қазақстан тарихын зерттеуде жаңа көзқарас қалыптастырып, оны түсіндіруге мүмкіндік бермек.

**«ЕРЛІКТІҢ АРҚАУЫ, ЕЛДІКТІҢ
БАСТАУЫ –ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ»
АТТЫ АЛТЫ БӨЛІМНЕН ТҰРАТЫН
КӨРМЕНИҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ**

**– ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫ
МЕН ӨРКЕНДЕУІНЕ ҮЛЕС
ҚОСҚАН КӨРНЕКТІ ТАРИХИ
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІН
НАСИХАТТАУ.**

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550
ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТУ БАСТЫ ҮШ
КОНЦЕПУАЛДЫ ПАТРИОТТЫҚ,
АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ
НЕГІЗДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.**

**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ
550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ЕРЛІКТІҢ АРҚАУЫ, ЕЛДІКТІҢ
БАСТАУЫ –ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ»
АТТЫ КІТАП КӨРМЕСІ
АҚПАРАТТЫҚ НЕГІЗДЕ ҮШ
БӨЛІМНЕН ҚҰРЫЛДЫ.**

Бірінші бөлім - «Ұлы Дала мемлекеттері» деп аталып, сақ, сармат, ғұн, үйсін, қаңлы ежелгі



**ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ
ІРГЕСІН ҚАЛАҒАН,
МЫЗҒЫМАС МЕМЛЕКЕТ
ҚҰРҒАН, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
БІРТУАР ҰЛТ БОЛЫП
БІРІГУІНЕ МҰРЫНДЫҚ
БОЛҒАН – КЕРЕЙ ХАН МЕН
ЖӘНІБЕК ХАН.**

Ж. ЖАҒЫПАРҰЛЫ



тайпаларына арналды. Бұл бөлімде Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі», Махмуд Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» (түркі сөздерінің жинағы), «Кодекс куманикус», Әбілғазы Баһадурдың (1603-1663) «Түріктер шежіресі», «Зафарнама» және «Бабурнама» кітаптары қойылды.

Екінші бөлім - «Тарихи зерттеулер»деп аталды. Бұл бөлімде Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» еңбегін негізге ала отырып, жан-жақты зерттеулер нәтижесінде жазылған әдебиеттермен бірге, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» – қазақ қоғамы тарихының негізі туралы әдебиеттер қойылды.

Үшінші бөлім

- «Қазақ хандығы» деп аталып, Қазақ хандығының тарихында орны ерекше тұлғалар туралы әдебиеттер қойылды. Олар – Қазақ хандығының негізін қалаушы тұңғыш хандар – Керей мен Жәнібек, Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Әз-Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хан, Әбілқайыр мен Жәңгір хан және т.б.

Төртінші бөлім

- «Әдебиет және тарих» бөлімінде мемлекеттік бағдарламалар аясында шығарылған еңбектер, мысалы, 100 томдық «Бабалар сөзі», «Батырлар жыры», сонымен қатар танымал жазушыларымыз

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» және «Алтын Орда», Ә.Кекілбаевтың «Үркер», Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз», С.Сматаевтың «Елім-ай» кітаптары көрермен назарына ұсынылды.

Кітап көрмесінің келесі бөлімдері «Тәуелсіздік бастауы - Желтоқсан» және «Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстан» деп аталды. Бұл бөлімдер 1986 жылғы оқиғаларды баяндайтын К.Табеевтың «Қазақтың Желтоқсаны», Б.Төлепбергелінің «Қасиетті - Желтоқсан», М.Қозыбаевтың «1986 желтоқсан... дақпырт және шындық» атты еңбектері мен егемен мемлекеттің тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Елбасының жолдаулары, баяндамалары, түрлі энциклопедиялар, альбом, кітаптарға арналды.

Көрмеде ұсынылған хандар шежіресі, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» шежірелер жинағы, сондай-ақ, Қазақстан тарихынан сыр шертетін Шоқан Уәлиханов, Василий Радлов, Лев Гумилев, Мұхамеджан Тынышпаевтың еңбектері де көпшіліктің қызуғышылығын тудырды және XII-XX ғасыр аралығындағы парсы, орыс, моңғол, қытай, түрік және батыс дерек көздеріндегі материалдар төл тарихымызды тереңнен зерттеуге берер мүмкіндігі мол. Осы тарихи жәдігерлердің әрқайсысында Қазақ хандығына байланысты тың деректер бар.

«Құтты болсын хан Керей, құрған мына хандығың!

Даласында қазақтың атты арайлап таң бүгін

Бостан, бейбіт, бақуат күй кеше алу – бас байлық

Сол қазына біткенге толы болсын



ЫЛЫМ-ПЕНДІЛІК

**БІЗ ӨЗ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІң
ТАРИХЫН САНАУДА 550
ЖЫЛДЫҚПЕН ШЕКТЕЛІП
ҚАЛМАЙ, ӨЗ ЖЕРІМІЗДЕ
АРҒЫ-БЕРГІ ЗАМАНДАРДА
ДӘУІРЛЕП ӨТКЕН
МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН ТАРИХИ
ТАМЫРЛАСТЫҚ ЖӘНЕ
САБАҚТАСТЫҚТЫ САҚТАУҒА
ТІІСПІЗ.**

А. ОМАРОВ

сандығың!

Жерің шұрай кең болсын,
барлық жаның ер болсын!

Көре алмаған дұшпанның тұла
бойы шер болсын!

Қой үстіне бозторғай
жұмыртқалар заман боп

Ынтымағы жарасқан қарауында
ел болсын!» -деп бата берген АСАН
ҚАЙҒЫ БАБАМЫЗДЫҢ айтқаны
болып, берекелі, мерекелі, бейбіт
ЕЛ болайық АҒАЙЫН!!!



ВКУС К ВЫСОКОМУ ИСКУССТВУ



Западно-Казахстанский областной камерный оркестр управления культуры, архивов и документации акимата Западно-Казахстанской области создан с целью реализации культурной политики государства в области концертно-исполнительского искусства.

Одним из важнейших приоритетов областного камерного оркестра - воспитание молодого поколения посредством приобщения эстетического вкуса к высокому искусству.

Творческий потенциал молодого оркестра направлен на высокое качество исполнения шедевров мировой, классической и национальной музыки.

Созданы необходимые условия для реализации творческого потенциала молодого оркестра, направленные на высокое качество исполнения шедевров классической музыки.

С целью пропаганды мировой классической и национальной музыки среди любителей и почитателей классической музыки, а также среди учащихся общеобразовательных, музыкальных школ, колледжа и института искусств обустроен небольшой камерный зал, где оркестранты дают мастер-классы и мини-концерты в собственном зале студии.

Оркестр оснащен материально-техническими ресурсами: специально обустроенным репетиционным залом, мастерскими инструментами обеспечивающими высококачественное звучание.

Наличие широкого спектра возможностей звукозаписывающей студии с передовым оборудованием, позволяет производить запись отвечающую высоким стандартам, где используются последние передовые технологии.



ОТЛИЧИТЕЛЬНОЙ ОСОБЕННОСТЬЮ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО КАМЕРНОГО ОРКЕСТРА ОТ ДРУГИХ КОЛЛЕКТИВОВ ПОДОБНОГО ФОРМАТА В РЕСПУБЛИКЕ, ЯВЛЯЕТСЯ ЕГО САМОСТОЯТЕЛЬНОЕ СУЩЕСТВОВАНИЕ, КАК ОТДЕЛЬНОГО ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ ОБЛАСТНОГО УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ С СОБСТВЕННЫМ ЗДАНИЕМ И ХОРОШО ОСНАЩЕННОЙ МАТЕРИАЛЬНО – ТЕХНИЧЕСКОЙ БАЗОЙ.

В звукозаписывающей студии на музыкальном оборудовании, соответствующим мировым стандартам проходят записи музыкальных коллективов, инструменталистов, вокалистов. Студия предлагает полный перечень услуг по сведению музыкальных фонограмм, изготовлению фонограмм, минусовок, оцифровки записей с аналоговых носителей с переносом на CD и многое другое.

Главным дирижером камерного оркестра с 2012 по 2014 гг. был заслуженный деятель искусств Республики Татарстан, лауреат Всесоюзного конкурса дирижеров, ученик знаменитого маэстро, Народного артиста СССР Арнольда Каца - Рашид Скуратов.

На сегодняшний день главным дирижером областного камерного оркестра является – Хасанов Асхат Максutowич, который в составе молодого оркестра Алматинской Казахской национальной консерватории им. Курмангазы участвовал в фестивалях в Лондоне (Англия), 2007 в Риме (Италия), в городах Флоренции, Пиза, в Берлине и в Бонне и

т.д. Принял участие в фестивале для молодых оркестров в Вашингтоне Лос-Анджелесе, Бостоне, Нью-Йорке, Сан-Франциско (Америка).

Также Асхат Хасанов играл в составе Индийского симфонического оркестра по приглашению М. Бисенгалиева на открытии 3-го концертного сезона, который проходил в высоком профессиональном уровне в Мумбаи (Индия).

В 2015 году был награжден в номинации «Молодой дирижер» за вклад и развитие культуры и искусства в Западно-Казахстанской области.

Помимо всего он занимается переложением произведения для оркестра казахских кюев и других произведений казахских композиторов.

В оркестре играют молодые талантливые музыканты-профессионалы, уроженцы Западно-Казахстанской области, получившие образование в престижных музыкальных вузах Казахстана и России.

Уральск всегда славился своей благодарной публикой. Общественное мнение о возможности реализации подобного проекта, посредством сил уральских профессиональных музыкантов, нашло свое претворение на практике.

Отличительной особенностью Западно-Казахстанского областного камерного оркестра от других коллективов подобного формата в Республике, является его самостоятельное существование, как отдельного подразделения областного управления культуры с собственным зданием и хорошо оснащенной материально – технической базой.



«ТЕАТР – тәрбие құралы»



Қазір, Құдайға шүкір, «балаларымды қалай асыраймын?» деген сұрақтың өзектілігі осыдан 10-20 жыл бұрын кезге қарағанда кәдімгідей кеміп келеді. Бірақ маңызы баланың ішіп-жемін табудан аз емес және тіпті, әлдеқайда қиын, - дейтіндей өзге бір өзекті мәселе барған сайын қаттырақ бас көтеруде. Бұл – ата-ананың жан-дүниесіне тыныштық бермейтін «балама қалай тәрбие беремін?» деген тынымсыз бір сұрақ. «Баланың рухани сұранысын өтейтін нәрсе» деп санамалап кетсек, көбіміздің аузымызға әп дегенде кітап, телевизор, интернет, газет-журнал ілігеді. Тәрбие құралы ретінде алғашқылардың бірі болып аталуға әбден лайықты театр бұл тізімге неге кірмей қалды?- деп өкпе айтудан аулақпын. Ал театрдың бұл тұрғыда берері жайлы бір ауыз сөз айта кеткенді дұрыс деп таптым. Біріншіден, театрға барудың, барудың емес-ау, «барам» деп жиналудың өзі - кәдімгідей бір салтанат. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей боянып таранудан тұратын дайындық жұмыстарының өзі театрға бір құрмет калыптастырады, бұл бір жағынан сахнада жүріп жатқан қимыл-көріністерге телевизорға көз салғандай жүрдім-бардым емес зейінмен қарауға бағыттайды. Әрине, бұның бәрі бірден емес баланы баптаушы әке-шешенің қас-қабағымен түзіледі. Екіншіден, экран мен газет бетіндегі ақпаратқа қарағанда тірі

адамдардың ойыны, қанша дегенмен кім-кіммен де соның ішінде балалармен де, өзгеше қабылданады.

Театр туралы осындай ой-пікір білдіре бастасаң айналаңнан «бәрі дұрыс қой, тек балалар баратын дүниелер қазір бар ма өзі?» дегенді естіп қаласың. Бар, мысал ретінде Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры осы бағытта сахналаған соңғы екі премьералық қойылымды мысалға келтірейін: «Сөз атасы – ертегі, Құраннан сыр шертеді», - деп әуелгі әңгімені Евгений Шварцтың "Золушка" («Күлше қыз») ертегісінен бастайық. Әрине, барлық ертегіден Құранның сюжетін таба алмаспыз, бірақ «ізгілікке баулитын кез келген ертегі Құдайдың Кітабымен үндес» десек аса қателесе қоймаспыз. «Күлше қыз»-дан кішкентай көрермендер не табады? Олар қайырымдылық пен қатыгездіктің мәңгілік майданынан қаршадай болса да қайсар қыз Золушканың қалай жеңіп шығып, ханзадамен көңіл қосқанын тамашалай алады. Өгей қыз Золушканың қиын тағдырына ортақтасып, өгей шешенің қатыгездігі мен оның туған қос қызының оспадарлығына налиды. Бірақ туған әкенің махаббаты, кіндік шеше Фейя періштенің қамқорлығы және жұдырықтай жүректері «жақсылық» деп соққан кіп-кішкентай көрермендердің ыстық ықыласы алмайтын қамал бар ма – бәрі жақсы аяқталады. Титімдей хрусталь туфли тек қана Золушканың аяғына ғана шақ келеді. Ертегінің қоюшы режиссері Абуов Самал, суретшісі Мұрат Мәмбетов, музыкамен көркемдеген Е.Қажымов, Е.Бекчурин. Әннің сөзін аударған Н.Сәдір. Басты рольдерде ҚР мәдениет қайраткері Бақтыгүл Жақыпова, Нұргүл Жұбатова, Эльмира Мақашева, Салауат Түменов, Жұлдыз Мамедова, Ринат Сабырғалиев, Жанаргүл Құрманғалиева, Нұржігіт Сейітмаханбетов, Данияр Қажымов ойнайды.

Иә, «Күлше қыз» - қазақтың ертегісі емес, ол – аударма. Тек ересектер ғана емес, балдырғандар да әлемнің інжу-маржаны – классикасымен ауызданса екен, - деген тілектен туындаған, үлкен бір ұжым бірлескен қажыр-қайратымен дүниеге келген қойылым. Театрдың балаларға арналған қойылымы тек «Золушка»-мен ғана шектеледі екен деген ой қалыптаспасын. Бұл жағынан, ауыз толтырып айта алатын дүниелер жеткілікті: қойылым авторы мен қою режиссерін атамай (олардан ғафу өтіне отырып) , бұл репертуарды санамалап шығудың өзі біраз уақыт ала-



ды: «Он екі жыл иесі», «Қасқыр қақпан», «Ең күшті қорқақ көжек», «Қардан соккан балалар», «Ақ пен қара», «Үй таңдаған лақ», «Үш қоян мен бөлтірік», «Достар», «Буратино», «Маугли», «Қызыл телпекті қыз», «Балапан қаз», «Доктор Айболит», «Алтын балапан», «Ойыншықтар оқиғасы», «Қайырымды қасқыр», «Ертегілер әлемінде», «Шректің басынан кешкендері», «Қошқар мен Теке», «Капитан қасқыр», «Мүйізтұмсық пен керік», «Бремен хикаяты», «Қожа мен спорт», «Кім патша».

Биыл ақпан айында театрдың балдырғандарға арналған репертуары тағы бір премьерармен толықты. Бұл турасында осы ертегінің режиссері Самал Абуов былай дейді: «Мен қырғыз драматургі Нурбубу Мусаеваның “Сенімді дос” ертегісін таңдардан бұрын біраз ықтимал туындыларды ой елегінен өткіздім. Дәлірек айтсақ, мен ең әуелі драматургты не оның шығармасын емес тақырып таңдадым. Ойланып-толғана келе балдырғандар үшін ең өзекті, жақын да түсінікті құндылық достық деп таптым. Осы ешқашан де ескірмейтін дос тақырыбына жазылған ертегілер ішінен Нурбубу Мусаеваның “Сенімді дос” ертегісі сюжетінің қызық та қарапайымдылығы, актерлердің ойнау шеберлігі мен еркіндігіне мүмкіндік беретін кеңтыныстылығымен ойға алған бүкіл сұраныс-талаптарыма жауап бергенін жасырмаймын. Өздеріңізге мәлім, бұл ертегі «жеті қазынаның бірі» болып саналатын төбеттің адамның сенімді серігіне қалай айналғаны жайлы сыр шертеді. Сөйтіп, ертегіде шын дос үлкен ізденістің арқылы ғана табылатыны баяндалып, кішкентай көрермендерін дос табуға және оларды құрметтеуге тәрбиелейді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақытгүл Жақыпова, Салауат Түменов, Жұлдыз Мамедова, Асылжан Жакин, Ақмарал Амандықова, Думан Омаров және кішкентай әртістер Исмаил Мамедов пен

Азамат Русланұлы бейнелеген ертегі кейіпкерлері өз көрермендерінің қуаныш сыйлады деп ойлаймын. «Сенімді дос» ертегісінің авторы - Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген әртісі, драматургы Нурбубу Мусаевамен Қырғызстанда оқып жүрген кезімде танысып, осы пьесаны сахналауға сұрап, келісімін алып қойып едім. Ал бұл шығармаларды қазақ тіліне аудару жағынан мүлде қиналған жоқпын. Менің әріптесім, әрі жұбайым Эльмира Макашева осы екі шығарманы да бастан-аяқ сахна тіліне ыңғайлы қылып тәржімалап шықты». Аса маңызды да күрделі сала – ертегілерді сахналау ісіне үлкен үлес қосып жүрген Самал Қадерұлы мен оған осындай мүмкіндік туғызған театр басшылығына (директоры Қуаныш Амандықов) алғысымызды білдіре отырып әңгімемізді әрі қарай өрбітейік.

«Қазір жұрт театрға тап бұрынғыдай бармайды» деген сөз бар. Бұның қанша жерден жаны бар, - дегенмен балаларымыздың талғамын қазірден бастап қалыптастырмасақ, театрал ересек көрермендер қайдан пайда болсын-ды да айтып қоялық. Репертуар жағынан келсек, театрдың басты сыншысы – көрермендер. Қаламызда театр тақырыбына қалам тартатын саусақпен санарлық адамдарды айтпасақ, бұл тұрғыда белсенді позиция ұстанып, болған қойылымдардың жетістігі мен кемшілігін жіпке тізіп, бұқаралық ақпарат құралдары бетінде бөлісіп отыратын замандастарымыз жоқтың қасы. Тек белсенді азаматтық қоғам ғана театр сынды тұтас бір әлемнің тыныс-тіршілігін тиісті деңгейде қалыптастыра алады. Театр да - қазіргі қоғамның бір айнасы. Балалардың бүкіл рухани қажетін тек қана театр өтей алады дей алмаспыз, ондай құрал өмірде жоқ. Алайда тәрбие ісіне театрдың тым тәуір үлес қоса алатыны да – ақиқат. Театрмен тәрбиеленейік, театрды тәрбиелейік.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ

А.Н.Островский атындағы драма театры - Қазақстандағы көне театрларының бірі. Театрдың құрылу тарихы 1859 жылдан бастау алады.

Театр 1859 жылы қыркүйекте Орал казак әскерінің жазалау атаманы Аркадий Дмитриевич Столыпиннің бастамалық етуімен құрылып, сол кездегі әйгілі драматургтардың бірі А.Н.Островскийдің «Бедность не порок» атты спектаклімен театр маусымы ашылды. Театр труппасының құрамына көршілес жатқан Саратов және Орынбор қалаларынан кәсіби артистер шақырылды. Осы кезеңнен бастап Орал қаласында «Орал драма театры» өз қызметін жолға қоя бастады Ғимарат әкімшілік, артистерге арналған грим бөлмелері, дайындық залы, үлкен сахна, т.б қажетті шаруашылық цехтарымен жабдықталған.

2013 жылы «Батыс Қазақстан аймақтық театрларының шығармашылық деңгейін жетілдіру жолында» атты Батыс Қазақстан аймағындағы театрлардың форум-фестивальға В.Шекспир бойынша «Двенадцатая ночь» спектаклімен

(режиссері О.М.Малуша, қоюшы-суретшісі М.Будаев) қатысты. Бас режиссер Малуша Оксана Михайловна «Үздік режиссерлік шешім» номинациясында, театрдың актерлік құрамы «Үздік актерлік ансамбль» номинациясында және «Двенадцатая ночь» қойылымындағы Сэр Эндрю Эгьючиктің ролінде жас актер Джумахметов Руслан Болатұлы өз ойынымен көрермендерді пластикалық қимылдарымен қызықтырып, қазылар алқасының ерекше назарына ілігіп «Үздік ер адам рөлі» номинациясымен марапатталды. Театр директоры Зеленцов Юрий Александрович форум-фестивальге белсене қатысып, ұйымдастыруда көмек көрсеткені үшін алғыс хатпен марапатталды.

2014 жылы Халықаралық театр күніне орай, 27 наурызда Алматы қаласында Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының ұйымдастыруымен өткен «Еңлікгүл» Кәсіби сыйлығын табыстау шарасына театр бас режиссері қатысып, «Үздік Жыл режиссері» номинациясының иегері атанып, марапатталды.





СТРАНИЦА ИСТОРИИ

Один из старейших музеев Казахстана Западно-Казахстанский областной историко-краеведческий музей привлекает внимание не только тех, кто знает и любит историю своей страны, но и тех, кто хочет познакомиться с ней впервые.

Музей находится в одном из красивейших зданий Уральска. Памятник истории и архитектуры, построенный в восточном стиле в 1879 году, и сегодня вызывает восхищение своим изысканным видом.

Музей отличается содержательностью и научной обоснованностью экспозиции. Перед посетителями предстают яркие страницы истории края, жизни и становления отдельных личностей, оживают архивные документы. Под своим крылом Западно-Казахстанский областной историко-краеведческий музей объединил 11 отделов: музей художника С.Гумарова, дом-музей Е.Пугачева, музей А.С.Пушкина, музей природы и экологии, историко-этнографический музей имени Жангир хана, историко-краеведческий музей имени Сырыма Датова в Сырымском районе, историко-краеведческий музей имени Мухита Мералиева в Каратобинском районе, историко-краеведческие музеи поселков Коктерек и Акпатер Каз-

таловского района, музей искусств имени Дины Нурпеисовой в Жангалинском районе и Жанибекский историко-краеведческий музей в Жанибекском районе.

Уникальна экспозиция областного историко-краеведческого музея, состоящего из 8 экспозиционных залов, посвященных разным хронологическим периодам истории края.

ЗАЛ АРХЕОЛОГИИ

Экспозиция начинается с эпохи раннего палеолита, каменного века, развития древней металлургии, появления древнего гончарного ремесла в эпоху бронзы и раннего железа. Среди многообразия экспонатов бронзового века большой интерес вызывают памятники андроновской культуры, такие как наконечники стрел и копий, орудия труда и другие археологические находки. Уникальны артефакты, относящиеся к сакскому периоду: серебряные фалары, серебряный ритон, золотые накладки и подвески, ювелирные изделия, декоративные детали конского снаряжения и др.

Сенсацией 2012 г. стала Таксайская принцесса, найденная на территории Теректинского района Западно-Казахстанской области. Предварительная датировка кургана №6 Таксайского курганного комплекса конец VI – начало V вв. до н.э. Наибольшую ценность представляет уникальное погребение женщины из привилегированных слоев раннекочевнического общества. Вниманию посетителей представлены отреставрированные поврежденные огнем деревянные конструкции погребальной камеры, бронзовое зеркало в деревянном футляре, большое количество золотых декоративных накладок-нашивок одежды, золотые ювелирные украшения, реконструкция деревянного гребня.





ЗАЛ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГОРОДИЩА ЖАЙЫК

В этом зале можно ознакомиться с самой крупной находкой археологов нашей области – городищем Жайык, датированным XIII-XIX вв. до н.э. Вниманию посетителей представлены красные обожженные кирпичи, облицовочные плиты с поливной глазурью и характерным восточным орнаментом, найденные при раскопках средневекового городища.

В экспозиции зала также представлены подарки Екатерины II казакам, проявившим доблесть, мужество, храбрость и отвагу в войнах со Швецией, с Польшей и др.

ЗАЛ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Главным событием 2015 г. стало празднование 550-летия Казахского ханства. В данном зале представлены экспонаты, повествующие ход образования Казахского ханства, а также картина М.Жоламанова «Керей Джанибек», воинское снаряжение, картина С.Пожарского «Провозглашение хана», типичное вооружение и обмундирование



воина. Кольчуга, свитая из колец, шлем, налокотники, различные виды мечей и сабель.

Экспозиция зала также знакомит с историей Букеевской Орды, с деятельностью потомков и последователей политики хана Абулхаира – ханов Букея, Нуралы и Жангира. Расцвет Букеевской Орды приходится на время правления хана Жангира – реформатора, новатора во многих сферах.

ЗАЛ ЮВЕЛИРНЫХ УКРАШЕНИЙ

Все экспонаты ювелирных украшений тесно связаны с историей казахского народа и отражают развитие национальной культуры, истоки которой уходят в глубь тысячелетий. В отличие от других художественных промыслов казахов – резьбы по кости и дереву, производства кожаных и гончарных изделий произведения ювелирного искусства из бронзы, серебра, золота оказались способными противостоять разрушительному действию времени и сохранились до наших дней. Поэтому именно в этом виде искусства наиболее полно и ярко отражаются идеалы нашего народа, его вкусы, уровень его художественных и материальных ценностей. В данном зале представлены украшения из чистого серебра, ювелирные украшения из агата, коллекция серебряной посуды, платья выполненные мастерами города Уральска в национальном казахском стиле.



ЗАЛ ИСТОРИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА

В зале представлены материалы исторических событий: революций начала XX века, образование правительства Алашорды, политических репрессий, Великой Отечественной войны. С жизнью видных деятелей Западного отделения Алашорды знакомят архивные документы, фотоматериалы и личные вещи.

Экспозиция, посвященная Великой Отечественной войне, отражает вклад края в дело Великой Победы,



здесь представлены материалы о работе эвакуированных в г.Уральск предприятий, о воинских формированиях, сплотивших новобранцев с Приуралья, о героях Великой Отечественной войны и др.

ЗАЛ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ КУЛЬТУРЫ И СОЦИАЛЬНЫХ СФЕР ПРИУРАЛЬЯ

В зале представлены фотоматериалы и личные вещи заслуженных деятелей культуры, образования, медицины, внесших свой вклад в развитие культуры Приуралья. Коллажи турнекеты, посвященные развитию образования в области содержат информацию о первых высших и среднеспециальных учебных заведениях республики.



состоит из 31 этнокультурных объединений и культурно-просветительских центров. В экспозиции зала представлены казахская национальная одежда, музыкальные инструменты, деревянные посуды, национальная одежда азербайджан, уйгуров, татар, украинцев, белорусов, немцев, армян, корейцев и русских, а также архивные документы и старые книги на данных языках, сувениры и шкатулки, куклы в одеждах каждого этноса.

ЗАЛ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА И НЕЗАВИСИМОСТИ РК

Почетное место в зале занимают Государственные Символы Республики Казахстан – Государственный Флаг, Герб и Гимн. В экспозиции отражены основные вехи жизни Президента, становление его многогранной личности, история новой столицы нашего государства – города Астаны. Среди экспонатов представленных в этом зале – фотоматериалы, повествующие о развитии экономики, промышленности, об укреплении позиций и авторитета нашей страны в мировой политике под руководством Президента Н.А.Назарбаева.



ЗАЛ АССАМБЛЕИ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА И ПОЛИЭТНИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА

2015 год был объявлен годом Ассамблеи народов Казахстана. На сегодняшний момент на территории ЗКО проживают более 90 национальностей. Ассамблея ЗКО





ӨР МІНЕЗДІ ӨНЕР ҚЫРАНЫ

Ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, қазақтың Қадыры атанған Қадыр Мырза Әлі көзі тірі болғанда биыл 81 жасқа толар еді. Атаулы дата еліміздің түкпір-түкпірінде өз деңгейінде аталып өтілді. Дегенмен ақынның туған елі, Батыс Қазақстан өңірі, өз ұлына ықыласын ерекше білдірді, әлі талай жұрт айтатындай етіп атап өтті. 2015 жылдың маусым айында құрылысы бітіп, республикада аналогы жоқ әдебиет, мәдениет және өнер ошағы пайдалануға берілді. Мәдениеттің барлық саласын бір жерге тоғыстырған өнер ордасына ақынның аты беріліп, мәдениет және өнер орталығы атанды. Аумағы бірнеше мың шаршы метрді алып жатқан орталық алдынан туған халқына биік тұғырдан бір маңғаздықпен, ризашылықпен, сондай-ақ елім, халқым деп өмір сүрген туған ұлдың

халқының болашағына деген бір алаңдаушылық кейпімен қарап отырған бейнесі - ақынның ескерткіші ашылды. Мәдениеттің барлық саласын бір жерге тоғыстырған орталық дейтініміз – музей, кітапхана, концерт, конференц, көрме залдары, амфитеатр, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Суретшілерінің, Композиторларының және Жазушылар Одақтарының Батыс Қазақстандық филиалдары осында орналасқан.

Орталықтың ашылу салтанатына Қадыр ақынның жары Салтанат Мырзалиева мен балалары, немерелері, елге танымал ақын-жазушылар, құрметті қонақ ретінде арнайы келген Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байгелді, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, Сенат депутаты, ақын Нұрлан Ораз-

алин, ақын ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Серік Тұрғынбекұлы т.б. қатысты.

Мерейтойлық рухани кеш Қадыр Мырза Әлі орталығының амфитеатрында ұлттық кәсіби музыка өнеріміздің қарашаңырағы атанған, әлемге әйгілі Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрінің концертіне ұласты.

Орталықтың негізгі көзайымы - Қадыр Мырза Әлінің музейі. Музей 2 залдан тұрады. Ақ Жайықты бойлай қоныс тепкен Батыс Қазақстан облысы бай тарихымен ғана емес, сондай-ақ халықтың өнердің қайталанбас тұлғаларын өмірге әкелген өңір ретінде де танымал екені бәрімізге мәлім. Бірінші зал «Әдебиет музейі» Батыс Қазақстан өңірінен шыққан көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылықтарына арналған. Айта кететін болсақ, қолбасшы, шешен Сырым Датұлы, көрнекті ақын мен батыр Махамбет Өтемісұлы, Пугачев тарихын жазу үшін осы өңірде болған орыстың ұлы ақыны Пушкин, орыс жазушы В.Даль, Т.Шевченко, татардың ұлы ақыны Ғ.Тоқай, Қажым Жұмалиев, Хамза Есенжанов, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Сағынғали Сейітов, Жұбан Молдағалиев, Берқайыр Аманшин, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Әнес Сарай, Әбіш Кекілбаев, Ақұштап Бақтыгереева секілді тұлғаларға арналған. Екінші зал Қадыр Мырза Әлінің мемориалдық кабинеті. Онда ақынның тұтынған бұйымдары мен еліміздегі М.Әуезовтен кейінгі ең бай кітапхана саналатын, ақынның ғұмыр бойы жинаған жеке кітапханасы орналасқан. Әр бірінде Қадыр ақын қолының табы қалған, көз майын тауысып, оқып, өз қолымен түрткен, астын сызған, кейінгіге қымбат белгілері бар бұл кітаптарды енді көпшілік көре алатын болады. Ақынның өзі пайдаланған заттары - қаламы, тіпті ұялы телефоны, отырған орындығы, өлеңдерін отырып жазған үстелі, жатқан диваны, құрмет грамоталары, депутаттық куәліктері, «Достық» пен «Парасат» ордені, қолжазбалары, киген киімдері мен бас киімдері, сыйға берілген шапаны мен бөркі, жазу машинкасы халық назарына ұсынылған. Бала күнінен бастап студенттік кездері, еңбек жолындағы әр түрлі газеттерде қызмет еткен кездері, отбасы, барлық фотолары ретімен қойылды. Орталықта Хамза Есенжанов атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған және облыстық Жұбан Молдағалиев ғылыми әмбебап кітапханалар қорынан

жасақталған кітапхана, 150 орындық концерттік және конференц залдары, суретшілер мен қолөнер шеберлерінің туындылары қойылған көрме залдары, сондай-ақ республикада аналогы жоқ 1125 адамдық амфитеатр халыққа қызмет көрсетуде. Айтыскер ақындар бас қосатын орын, балалардың шығармашылығына арналған үйірме бөлмелері, мәдени шаралар өткізілетін залдар бар. Мұнда түрлі әдеби, мәдени шараларды жоғары дәрежеде өткізуге толық мүмкіндік жасалған.

*Шағаласы жаныңның ұшты ма, аға,
Шарықтап көңіл халқыңды құшты ма, аға.
Теңіздей толқып ел-жұртың жиылды саған,
Жылап жүрдім, көзіңіз түсті ме, аға?
Ақындық деген таусылмас орта мұң елі,
Жұбата алар жан болса, ол – халық еді.
Ақыры келіп түгелдеп кеттің-ау, аға,
Арман да болған рухқа орталық еді.
Жаһаннан күйіп жаңалық тосып кеттіңіз,
Жаманның бетін жырменен осып кеттіңіз.
Бытырап жүрген Жайықтың үкілілерін*

Бір шаңырақтың астына қосып кеттіңіз, - деп ақын Дариға Мұштанова жырлағандай, қаламының қуатымен,



дара дарынымен, ұшқыр ойымен сан қабат тіршіліктің кейбір келеңсіз көріністерін өткір сынай отырып, халқының бар қадыр-қасиетін, мінез-келбетін көрсете білген Қадырдай талант иесіне елінің де, туған халқының да құрметі мәңгілік.

*Гүлшат АНЕСОВА,
Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер
орталығының ғылыми қызметкері*



МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ

Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Мәдениет – елдің өткені, мәдениет – елдің бүгінгісі, мәдениет – елдің ертеңі.

Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақтаған шығармашылық мұрасы.

Ал мәдениеттің дамуын халқымыздың болашағы, еліміздің игілігі мен гүлденуінің алғышарты ретінде ұстанған облыстық халық шығармашылығы орталығы 1952

жылы «Халық шығармашылығы үйі» болып ашылды, қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Облыстық халық шығармашылығы орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Кәсіпорын Батыс Қазақстан облысы әкімінің 1999 жылғы 17 ақпандағы №29 «Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасы бойынша мемлекеттік коммуналдық-





қазыналық кәсіпорындарының тізбесі туралы» қаулысына сәйкес құрылды. Облыстық халық шығармашылығы орталығының негізгі қызметі - облыстық мәдениет мекемелеріне ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық қызметті толық жетілдіру, халық шығармашылығын дамытуда шығармашылық, ұйымдастырушылық көмек көрсету (байқау ережелері, сценарийлер, әдістемелік нұсқаулар), мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, ұлттық мәдени орталықтардың, жеке мамандардың бос уақыттарын ұйымдастыру, мәдениет саласында өндірістік-шаруашылық қызметті іске асыру, халық сұраныстарын белсенді ұйымдасқан түрде білікті қанағаттандыру, өнер жанашырларының бастарын қосып, жас таланттарға қолдау көрсету, өнердің болашақ әлеміне жолдама беру.

ОХШО-да үш бөлім бар: халық шығармашылығы, мәдени-демалыстарды ұйымдастыру, ақпарат, басылым және жарнама.

Қиындығы мен қызықты сәттері алмаса өрілген мәдениет саласында да іскерлігі басым, талабы зор, талғамы биік, елдің атын шығарған ардагерлеріміз бар. Ұлағатты істерімен ел құрметіне бөленген Кадешева Гүлсім Камилқызы, Айман Қуатова, Әміржан Тасболатов және халық жадында мәңгі сақталар халықтық «Ақжайық» би ансамблін алғаш құрған Құрамыс Ғаббасов т.б. есімдерін мақтанышпен атай аламыз.

СОНДАЙ-АҚ МӘДЕНИЕТТІҢ САН ҚЫРЛЫ САЛАСЫН МЕҢГЕРІП, ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІМЕН ТАНЫЛҒАН МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫ, «МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ» ТӨСБЕЛГІЛЕРІНІҢ ИЕГЕРЛЕРІ - НҮРГҮЛ БЕРДАШЕВА, НӘБИРА САИНОВА, РАЙХАН КӨЖЕКЕШОВА, ЕСЕНГЕЛДІ МОЛДАҒАЛИЕВТАР - ТӘЖІРИБЕЛІК ІСКЕРЛІГІ МОЛ ЖАНДАР.

Орталықтың базасында қазіргі таңда «Халықтық» (үлгілі) атақтары бар екі ұжым қызмет жасайды. Оның бірі Норвегия, Румыния, Болгария және Түркия сынды алыс-жақын шетелдерге танымал халықтық «Ақжайық» би ансамблі болса, екіншісі - құрамында үш тобы бар үлгілі «Қызғалдақтар» балалар би ансамблі. Батыс өңірінің өнер тарихында халықтық «Ақжайық» би ансамблінің алатын орны ерекше. Ансамбль 1974-1977 жылдары көрнекті қоғам қайраткері Мұстахым Ықсановтың қолдауымен Құрамыс Ғаббасовтың жетекшілік етуімен құрылған. Кейінгі жылдары ансамбль жаңа құраммен толықтырылды. Олар кәсіби бишілер болмаса да, би жанрымен әуестенушілер: әртүрлі жоғарғы оқу орнының студенттері мен мектеп оқушылары. Бірақ бір қуантарлығы: олардың шеберлігі кәсіби бишілерден қалыс қалмайды. Ансамбль жетекшісі М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ-дың хореография бөлімінің түлегі - Әсел Давлетова.





Ансамбль репертуары әрқашан жаңа би қойылымдарымен толықтырылып отырса да, ұлттық қазақ билері олардың орындау шеберлігінің биігі болып саналады. Осы жылдар ішінде би ансамблі қаншама елді аралап, талай рет облысымыздың намысын қорғап, би өнері арқылы көрермен көңілінен шығып, алғысқа бөленді. Атап айтсақ: ансамбль - Шара Жиенқұлова атындағы сыйлық, Стамбул қаласында өткен «Фомгед» жастардың фольклорлық ән-би фестивалінің алтын медалі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының мәдениет және өнер саласындағы сыйлық иегері. Бүгінде өте бай репертуар жинақтаған халықтық «Ақжайық» би ансамблі - өлке мәдениеті мен өткізілетін мәдени шаралардың белсенді өнерпаздары.

Ал үлгілі «Қызғалдақтар» би ансамблі 1994 жылы облыстық халық шығармашылығы орталығы жанынан Мәдениет қайраткері Райхан Көжекешеваның жетекшілігімен құрылды. Құрамында /үлкен топ, орта топ, кіші топ/ 60 бұлдіршін мен мектеп жасындағы өнерпаз балалар би өнеріне тәрбиеленуде. Ансамбль көптеген облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жүлдегері, Анталия, Дагестан, Махачкала

қалаларында өткен фестивальдарға қатысты. Бүгінде ансамбль жетекшісі - Қарлығаш Саматова. БҚМУ-дың «хореография» бөлімінің түлегі.

Орал қаласының мақтанышына айналған үлгілі «Қызғалдақтар» би әлеміне өзінің түлектерін ұшыра беретіні сөзсіз.

Ұлттық мәдениетіміздің қанат жаюына өзіндік үлес қосып жүрген облыстық халық шығармашылығы орталығы түрлі жанрдағы және бағыттағы байқаулар мен фестивальдердің, оның ішінде: «Балдәурен» облыстық балалар фестивалі, «Дала дарындары» жастар шығармашылығының облыстық байқауы, Қазақстан Республикасының Халық артисі, әнші-композитор Ескендір Хасанғалиевтың Халықаралық «Атамекен» ән фестивалінің ұйымдастырылуын дәстүрлі түрде жолға қойып, биікке көтерді.

**НЕГІЗІНЕН, АДАМЗАТ ҚАУЫМЫ ДАМУДЫҢ
ЖАҢА САТЫСЫНА АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМҒА
АЯҚ БАСТЫ. МӘДЕНИ ӨМІРІМІЗ ДЕ ЗАМАНАУИ
ҮРДІСТЕН, ӨРКЕНИЕТТІҢ КӨШІНЕН ҚАЛЫС
ҚАЛМАСЫ АНЫҚ. ОСЫ РЕТТЕ МӘДЕНИЕТ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖАҢА ИДЕЯЛАРМЕН ТОҒЫСҚАН**

АУДАНДЫҚ МӘДЕНИ-ДЕМАЛЫС МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАҚСARTУМЕН ЖҰМЫСТАНУ МАҚСАТЫНДА ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ОРТАЛЫҒЫ ЖАНЫНАН «ӘДІСКЕР» КЛУБЫ, АЙТЫС АҚЫНДАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛІ ӘНШІ, КҮЙШІЛЕРДІҢ АЛҚА КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ. ОЛАР ОБЛЫСТАҒЫ БАРЛЫҚ МӘДЕНИ-АҒARTУШЫ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ МАШЫҚТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ.

Сонымен қатар мәдениеттің өсуі елдің, ұлттың өсуін көрсетсе, сол жолда толымды атқарылған мәдени шаралар - ертеңге ұлағат.

Облыстық халық шығармашылығы орталығы облысымыздағы 12 аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің жұмысы мен 282 клубтық мекемелердің, соның ішінде (83 «халықтық» (үлгілі) ұжым) қызметіне бағыт-бағдар беріп, халық шығармашылығы жетістіктерін насихаттап отырады. Өнері өркендеген ауыл мәдениетінің бүгінгі міндеттерімен қатар, жетістіктері, ел мәдениетін дамытудағы игі істері де назардан тыс қалмайды.

«Өркениет – мәдениеттің жетілуі, қоғамның



парасаттылық деңгейі» деген бар. Олай болса, 65 жыл тарихы бар қара шаңырақ ғасырлар сүзгісінен өтіп жеткен өнеріміздің әрқайсысының өз дәмін, тартымдылығын көрсетуді міндеттейді. Өйткені мәдениет - адамзат баласының рухани азығы, сарқылмас байлығы, ұлылық пен ұлағаттылыққа жетелейтін дүниенің құнды қазынасы.



Қазақта «Отан отбасынан басталады» деген тәмсіл бар. Иа, бүгінгі ұрпақ - ертеңгі мемлекеттің болашағы. Келешекте ел тізгінін ұстар ұрпаққа берілер тағылымды тәрбие алтын ұясы – отбасынан бастау алатыны белгілі. Жанұядағы өнегелі құндылықтарды, оның мәртебесін арттыру мақсатында жыл сайын елімізде «Мерейлі отбасы» байқауы оздырылып келеді.

АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН БИҒАЛИЕВТАР АНСАМБЛІ



«Бұл отбасы елімізге беделі биік, береке-бірлігі жарасқан отбасылардың бірі ретінде жақсы таныс. Сыйластық, татулық, өзара келісім, үлкенге-ізет, кішіге құрмет көрсету сынды асыл қасиеттердің барлығы осы жанұяда жарасым тапқан. Елін, ұлтын, өз ана тілін сүю, жырын, күйін түсіну және оған атсалысуда алдыңғы қатарда. Бұл бір ғана отбасының қуанышы емес - елдің қуанышы. Сол себепті мұндай отбасыларымыз үлгі алуы керек деп ойлаймын. Әсіресе, Биғалиевтар отбасының ауылды дамытып, өркендетуге қосып жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Қазір ауыл-аймақты дамытуда барынша жағдайлар жасалуда»

Ақұштап Бақтыгереева ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері



Биыл өтіп отырған бұл шарадан Батыс Қазақстан облысында қалыс қалмады. 5 шілде күні облыстық қазақ драма театрында өткізілген байқауға қала мен әр ауданнан озық шыққан 113 отбасы қатысып, бақтарын сынады. Байқау қорытындысында Қаратөбе ауданынан келген Қауеновтер отбасы үшінші орынды, Орал қаласынан Жұбаниязовтар отбасы екінші орынды иеленді. Ал бірінші орын қазталовтық Биғалиевтарға бұйырды. Жеңімпаз атанған жанұя таяуда Астана қаласында өткен «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, «Дипломант» атанып келді. Өңір атынан бақ сынаған жанұя жөнінде кеңінен өрбітсек.

Марат Қалиұлы орта мектепті бітіріп, Ақтөбе қаласындағы техникумда электрбайланысшы мамандығын оқыды. Өнерге бейім жас жігіт алатын степендиясын баян үйренуге жұмсайды. Ол кезде бұл аспапты студентке кім үйрете қойсын. Марат баянды жалға алып, «Дос-Мұқасан» әуендерін алдымен күйтабақта тыңдап, кейін аспапта ойнауды өз бетінше үйренеді. Жоғары білімді ойдағыдай аяқтап, әскери борышын өтеген Мәкеңнің ендігі мақсаты ары қарай тағы да оқу болатын. Ол осы арманмен 1976 жылы ақ басты Алатау баурайындағы шаһар «Алматы қайдасың?» деп тартып отырады. Мәкең осы қалада

жүріп екінші бір білімнің басын қайырмағанымен, өнер саласында еңбек етуді қолға алады. Бас қалада жүріп Нұржамалдай арумен танысып, кейін шаңырақ көтереді. Ол кезде Нұржамал медицина колледжінің студенті болатын.

- Біз отбасын құрғаннан кейін осы Алматы қаласында тұрақтап қалуды да жоспарладық. Шыны керек, үй кезегіне де тіркеліп қойғанбыз. Өзім сахнаға шығып, түрлі ансамбльдермен бірге өнер көрсетіп жүрдім. Алайда менен кейінгі інім Мұрат әскер қатарына шақырылып, ал қарындасым мектеп бітіріп, жоғары білім алатын болды. Сол кезде ауылда қалған жалғыз әкем «ауылға келіңдер» деді. Анам болса, ол кезде дүниеден өтіп кеткен еді. Әке сөзін жерге тастамай, біз де барымызды буып-түйіп туған жеріміз Қазталов ауданы, Қошанкөл ауылына кеп, тұрақтап қалдық, - дейді отағасы Марат Биғалиев.

«Жақсы жар – жарым бақыт» дейді халық даналығы. Алматыдай қалада бой жеткен қала қызы Нұржамал Марат Қалиұлының қияндағы Қошанкөлге барып-тұру туралы ұсынысынан бәлсініп, бас тартпады. Әрине, бас тартып, «қаладан кетпеймін» десе де болар еді, бірақ ата-ана берген тәлім-тәрбие оған жібермеді. Керісінше, қазақ қызына тән иба-инабаттылықпен бұл ұсынысты қабыл



алды. Бүгінде олар елге үлгілі де береке-бірлігі жарасымын тапқан жанұялардың бірі де бірегейіне айналды.

- «Қыз – өріс» деген қазақта сөз бар. Сонымен қатар қыз бала барған жерін бақытты етемін деп барады. Бала өскен соң оның қызығын көргенді барлық ата-ана қалайды. «Әке айтса, орынды айтты» деп, мен туған жерге қайту жөніндегі ағаңыздың ұсынысын бірден қолдадым, - дейді отанасы Нұржамал Сұраншиева.

Елге келген соң Марат ағамыз алдымен ауыл балаларының бастарын қосып, мәдениет үйіндетүрлі кештер ұйымдастыруды қолға алады. Елгезек, қагілез, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары жас жігіт осы кезден ел көзіне түседі. Ол тек жастарды ғана емес, жұбайы Нұржамалды да сахнаға алып шықты. Олардың бірібаянда ойнап, тамылжыта ән салғанда, көпшілік сілтідей тынып, тамсана, таңданыса тыңдайтын. Әлі де сол қалыптарынан танбай келеді. Қазір ерлі-зайыпты екеуінің қатарына балалары да қосылды. Қайда жүрсе де, ел алдында беделі биік Марат Қалиұлы алдымен автоклуб меңгерушісі сонан соң мәдениет үйінің меңгерушісі сынды қызметтер атқарады.

- 1986 жылы біз Биғалиевтар отбасылық ансамблін құрдық. Ол кезде ансамбльдің мүшесі тұңғышымыз Арман сегіз жаста болатын. Осы жылдар ішінде елімізде ғана емес, Ресейдің Самара және Саратов облыстарының аудан-ауылдарында болып концерттер бердік. Бұдан бөлек, ауыл-аудан мен қаладан той және туған күн

кештеріне шақыртулар да түсіп жатады. Қайда барсақта, бізге жылы шырай білдіріп, құрмет көрсетіледі. Бұл халықтың өнерімізге деген ерекше құрметі деп білемін, - дейді Марат Қалиұлы.

Марат ағамыздың әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жыл аудандық ішкі істер саласында жемісті еңбек еткен Қалиақсақалдың дақоңыр дауысты, ептеп ән айтатын өнері болған. Ал анасы Кәкіма түрлі аспаптарда еркін ойнай білді. Өнерлі жанұяда өмірге келген Марат ағамыз бен оның ұрпақтарына бұл қасиет Жаратқанның қалауымен ата-анадан дарыса керек-ті.

Ағымдағы жылы тек Қазақстанның батыс аймағында өтетін 14 наурыз «Көрісу айт» мерекесі күні Биғалиевтар отбасылық ансамблінің құрылғанына отыз жыл толуына орай өздерінің есептік концертін берді. Өнерлі жанұяның кешін тамашалауға халық көп жиналды.

Тағы бір айта кетерлігі, биыл қаңтар айында аталмыш ансамбль халықтық Биғалиевтар жанұялық ансамблі деген атқа ие болды.

Биғалиевтар талай байқауларға қатысып, бақ сынап, жүлделі орындардан көрініп жүр. Мәселен, 2002 жылы ауданда өткен отбасылық ансамбльдер арасында жүлделі 1-орынды иеленді. Өткен жылы Қошанкөлде «Бірлігі жарасқан отбасы» атанды. Қыздары Айнұрдың сазгерлік өнері де бар. Осыдан үш-төрт жыл бұрын ол «Менің арманымдағы қала» облыстық жас сазгерлер байқауында топ жарып, жүлделі 1-орынды жеңіп алды.

Марат ағамыз бен батыр ана Нұржамал апамыз үш ұл және үш қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олар жоғары білім алып, ел дамуына өз үлестерін қосуда. Бір қызығы, олардың ішіндегі үлкен ұлдары Арманнан басқасының мамандықтары заңгер және бухгалтерлік салада білім алған. Арман Маратұлының музыка және заңгерлік мамандықтары бойынша екі жоғары білімі бар. Қазір Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжінде еңбек етеді. Сондай-ақ, «Батыс Трэйд Сервис» ЖШС-на басшылық жасайды. Руслан мамандығы бойынша заңгер, қазіргі таңда жеке кәсіпкерлікпен айналысуда. Қыздары Айгүл «SKY» сұлулық салонына басшысы, сонымен қатар Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде ұстаз. Айнұр мен Марина да - өз кәсіптерін дөңгелентіп отырған жандар. Олардың «SKY» атауын еншілеген тойхана, кафелері бар.

- Заңгер болу менің бір кездегі арманым болатын. Арманым орындалмаса да, балаларым сол салада білім алды. Ал өнер олардың қанында бар. Олар өнерден еш алыс кеткен емес, - дейді Марат ағамыз.

Бүгінде отағасы шаруа қожалығына жетекшілік етеді. Кенже ұлдарының есімімен «Рустам» деп аталатын шаруашылық жылқы және ірі қара малдарын өсірумен айналысады. Қазіргі таңда малды асылдандыруды қолға алуда. Бие байлап, жылқы саууды да жолға қойған Мәкең қайырымдылық жасауды жадынан шығарған емес. Ол қаламыздағы қарттар үйіне тегін қымыз беріп, қамкөңіл қариялардың алғысына бөленіп келеді. Сонымен қатар түрлі іс-шараларда демеушілік танытатыны тағы бар. Рустам қазір ауылда, осы шаруашылықтың басы-қасында, әкесінің қолға алған ісін ары қарай жалғастырмақ ниетте. Үйленген, мамыр айында тұңғышы дүниеге келді. Бизнесстерін дөңгелентіп отырған өзге ұл-қыздары да қайырымдылық іс жасаудан көпке үлгі.

Марат ағамыз бен Нұржамал апамыздың немересі Ринат та өнерден құр алақан емес. Ол өткен жылы «Таң» телеарнасы түсірген «Үшінші тоқсан» балалар телехикаясында басты ролдердің бірін сомдаған.

- Ұлым Ринат самбо күресімен және мәнерлеп сырғанаумен айналысады. Румия есімді қызымыз бар. Ол әлі кішкентай. Сондай-ақ осы күні кеше Құрбан айт мерекесімен тұспа-тұс Альмира есімді кенже қызымыз өмірге келді, - деді Арман.

Жоғарыда бұл отбасының Астана қаласында өткен «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, дипломант атанғаны жөнінде атап өттік. Маңызы зор шарадан соң «Хабар» агенттігінің «Біздің үй» бағдарламасына шақырту алады. Бұл да «Мерейлі отбасының» мерейін өсірді. Сол көтеріңкі көңіл күйді Оралдан жеткен «Сүйінші» ақжолтай хабар одан әрмен тасытты. Ол Арманның жары Баянның қыз баланы өмірге әкелуі еді. Дүние есігін ашқан сәбиге

атасы Марат Альмира деп есім беріпті. Атасының бұл есімді беруі бекер болмаса керек-ті. Өйткені Альмира – «қайырымды», «танымал» және «адал» деген мағынаға ие екен. Ендеше ансамбль құрамы тағы бір өнерлі жанмен толықты деген сөз.

Көпшілік көзайымына айналған халықтық Биғалиевтар жанұялық ансамблінің репертуарында қазақ халқының және өзге ұлт пен ұлыс әуендері, жергілікті сазгерлердің шығармалары, сондай-ақ қыздары Айнұр Маратқызының да жазған әндері де бар.

Данышпан Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ» деген қанатты сөзі бар. Биғалиевтар жанұясына еліктеп, олардан үлгі алуға тырысатындар жоқ емес екен. Таяуда Астанада өткен шарада бір жас жігіт Маратты көптен көрмеген ескі танысын көрген жандай қауқылдаса көріседі. Әрі-сәрі болған Мәкең «бұл жігіт кім болды екен?» деген ойға қалады. Жаңағы жас жігіт Моңғолиядан Солтүстік өңірлердің біріне көшіп келген қандасымыз болып шықты. Ол Марат ағамызды алғаш телеарнадан көріпті. Жігіт ағасына Мәкеңнің сөз саптауы, ән салуы және өзін-өзі ұстауы ұнаса керек. Сөз арасында оған еліктейтінін жасырмапты.



Міне, биік белестерді бағындырып, ел алдында зор беделге ие болып жүрген Биғалиевтар бүгінде өнер, бизнес және шаруашылықты қатар өркендетіп келеді. Бұл отбасының осы алған асулармен тоқмейілсіп, тоқталып қалу ойларында жоқ, керісінше, алда әлі талай жетістіктерге жетіп, ел абыройын одан әрі асқақтату ойларында.

**Нұрлыбек Қыдырғалиұлы,
Батыс Қазақстан облысы**

Уральск -



старейший город Казахстана

Интересное геологическое прошлое, разнообразные природные ландшафты, уникальные биогеоценозы сформировавшиеся в трех климатических зонах, пересекающих Западно-Казахстанская область, и историко-культурные объекты позволяют развивать многие виды туризма.

Намеченное развитие города Уральска в качестве крупного регионального финансового, делового, культурного и научного центра будет гармонично сочетаться с интенсивным развитием туризма и отдыха, основных составляющих полноценного жизненного цикла крупнейших мировых центров.

Существующая инфраструктура сферы отдыха г. Уральска, и природные ресурсы окрестностей позволяют развивать многие виды туризма и

рекреации. На сегодня в городе принимают гостей 25 гостиниц, 7 музеев, 4 театров, 7 кинотеатров, 39 досуговых объектов, 4 концертных организации, парк отдыха и другие объекты.

Наибольшую популярность у туристов имеют зоны отдыха у озеро Шалкар, побережье рек Урал, Чаган, Деркул, кемпинг «Мечта», Туристский оздоровительный комплекс «Евразия» и другие. На территории области находятся многие историко-археологические, этнографические и паломнические объекты. Поэтому в области разработаны туристические маршруты: «Путешествие в Букеевское ханство», водные маршруты «На Яике –городок, на Урале -город», «Озеро Шалкар – степное море» и многие другие.

Западно-Казахстанская область, занимая уникальное географическое положение и имея



богатое историко-культурное наследие, имеет большой туристский потенциал.

В области развиты такие виды туризма как детско-юношеский, познавательный, оздоровительный, экологический, деловой и т.д. Особой популярностью пользуются активные виды туризма: конный, водный, велосипедный, пешие, экологические маршруты, охота и рыбалка.

Как показали исследования туристского потенциала Центром истории и археологии, область имеет большие возможности для развития экологического туризма. Его основу составляют уникальные природные и историко-архитектурные памятники, культурное и этническое наследие народов, населявших территорию в различные исторические периоды.

С целью развития внутреннего и познавательного конно-водного туризма в ЗКО, разработан эколого-этнографический конно-водный маршрут «ЖОРЫҚ». Этот маршрут проходит по местам, где испокон

веков в тесной связи жили Жаикские казахи и Уральские казахи. В данном маршруте прекрасно показана их бытовая и культурная взаимосвязь. Именно по этому маршруту проезжал когда-то знаменитый классик русской литературы А.Пушкин, а по Уралу В.Правдухин, Л.Сейфуллина и А.Толстой.

Также в области разработаны экскурсионные маршруты: «Путешествие в Букеевское ханство» (г. Уральск - п. Жангала - п. Урда – п.Казталовка – г.Уральск). Автобусный маршрут проходит по трассе Уральск-Атырау через поселки связанные с историей и бытом казахов Младшего жуза, историей образования Букеевского ханства (1801), о хане Жангире, Дине Нурпеисовой, историческими и памятными местами поселков Урда, Чапаево, Жангала.

Для развития водного туризма разработаны маршруты по реке Урал. Любителям экстрима предлагается индивидуальные и групповые водные сплавы на лодках и байдарках, для туристов любого



**ТУРИСТИЧЕСКИЕ
ОБЪЕКТЫ**
*культурно-
исторические:*

памятные места и музеи г. Уральска
музей М. Шолохова в п. Дарьинское
курганый комплекс Кырык Оба
городище Жайык
историко-культурные

памятники п. Урда
 памятные места и
 музеи п. Чапаево
 историко-
 культурные
 памятники и музей
 п. Жымпиты
 природно-
 рекреационные:
 Озеро Шалкар.
 Гора Сантас
 Гряды Альжансора.
 Меловые горки
 Гора Большая Ичка
 Красная школа
 Ландшафты склонов
 горы Актау.
 Петровские пески.
 Лесная дача Кара-
 Агаш.

Пески Аккумы
 Урдинский бор и
 ольшатники
 Битикское
 водохранилище
 Донгелекское
 водохранилище.
 Кирсановский
 государственный
 заказник
 Бударинский
 государственный
 заказник
 Жалтыркольский
 государственный
 заказник

Подготовка
 кадров для сферы
 обслуживания и
 туризма ведется
 в Западно-
 Казахстанском
 государственном
 университете им.
 М.Утемисова.



возраста с предоставлением полного туристского снаряжения, лодок.

Имеются маршруты: озеро Шалкар - жемчужина Приуралья, экскурсионные маршруты по городу Уральск. Привлекательным фактором для туристов являются уникальная архитектура отдельных зданий и сооружений, например: дома купцов Карева и Овчинникова и другие постройки конца 18-го начала 19-го веков, а также музеи ЗКО.

Особой популярностью для развития местного и международного туризма может служить степное озеро Шалкар, самое крупное в западном регионе, достигающее в длину 18 км в ширину 15 км.

ЭТО УНИКАЛЬНЫЙ ПАМЯТНИК ПРИРОДЫ БОГАТЫЙ РАСТИТЕЛЬНЫМ И ЖИВОТНЫМ МИРОМ, ОБЛАДАЕТ ЛЕЧЕБНЫМИ СВОЙСТВАМИ. ОГРОМНОЕ ВОДНОЕ ПРОСТРАНСТВО И БЛАГОПРИЯТНАЯ РОЗА ВЕТРОВ, АРОМАТ СТЕПНОГО ВОЗДУХА, ОБИЛИЕ СОЛНЕЧНЫХ ДНЕЙ ОКАЗЫВАЮТ ЗАМЕТНОЕ БЛАГОТВОРНОЕ ВЛИЯНИЕ НА ФИЗИЧЕСКОЕ СОСТОЯНИЕ

ОТДЫХАЮЩИХ.

Особой популярностью у туристов пользуется маршрут «Охота и рыбалка». Степная и полупустынная территория, покрытая лугами, камнями, сетью рек и озер, создает условие для распространения сайгака, косули, вблизи водоемов с тростником - кабанов, в пойменных частях рек - выхухоли и ондатры.

Большая плотность животных и великолепные трофеи предоставляют возможности на увлекательную и результативную охоту. В области зарегистрировано 31 охотничьих и 12 рыболовных угодий.

Тур «Рыбацкие зори» - это путешествие в поисках рыбацкого счастья на озеро Шалкар, к реке Урал, на Бетикское, Донгелекское и Кировское водохранилище; посещение заповедных рыбацких угодий, где сохранились крупные щуки и сазаны, судак и лещ, караси и сомы.

Туристскими фирмами области проводятся обзорные автобусные экскурсии, например: «Уральск - старейший город Казахстана», где знакомят с историей

города от Яицкого городка до современного города; «На поиски «Капитанской дочери» с посещением музея А.С. Пушкина в экскурсии рассказывается о главных событиях крестьянской войны под предводительством Е.Пугачева а также о великом мыслителе, поэте казахского народа А.Кунанбаеве, о национально-освободительном движении под руководством С.Датова (1783-1797гг)

Автобусная экскурсия «Шолохов и наш край» с посещением Дом-музея М.А. Шолохова в поселке Дарьинск, экскурсия проходит по местам где бывали А.С. Пушкин, В.Г. Короленко, М.А. Шолохов и Х. Есенжанов; теплоходные экскурсии «Были седого Урала» - об историческом прошлом реки «Золотом донышке и жемчужных бережках» о ее богатстве, известных людях побывавших на Урале; здесь можно полюбоваться птицами, прибрежными рощами.

Ежегодно в области проводятся традиционные туристско-экологическая экспедиция «Жайык - Урал», международный туристский фестиваль «Европа - Азия».

**БОЛЬШУЮ РАБОТУ ПО РАЗВИТИЮ
ТУРИЗМА ПРОВОДЯТ ОБЛАСТНОЙ
ЦЕНТР ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОГО ТУРИЗМА,
ТУРИСТСКО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЕ
КОМПЛЕКСЫ «ЕВРАЗИЯ» И «АТАМЕКЕН».**

Детско-юношеский туризм - один из основополагающих факторов развития внутреннего туризма и воспитания туристской культуры. Являясь активным видом туризма способствуют: воспитанию воли и духовности у подрастающего поколения, приобщению его к здоровому образу жизни через общение с природой, практическому познанию родного края, знакомству с окружающей природой, памятниками истории и культуры. Занятие различными видами туризма с детских лет позволяет воспитывать чувство гражданственности, туристскую культуру и правило гостеприимства, при реализации которых туризм как действенный сектор экономики будет способствовать обеспечению устойчивого развития государства с минимальными последствиями для природы и общества.

Областной центр Детско-Юношеского туризма и экологии работает в трех направлениях: туризм, экология и краеведение.



Мы дружбою крепки



Сегодня областная Ассамблея народа Казахстана как и во всех регионах нашей страны, вобравшая многонациональный опыт и развивающая единство на этой основе, настолько вошла в жизнь каждого из нас, что сейчас трудно представить наше общество без этого своеобразного прочного символа стабильности государства.

На сегодняшний день в областную ассамблею входит 49 этнокультурных объединений, из которых 16 этнообъединений работают в г.Уральск, а остальные функционируют в районах области.

Традиционными праздниками стали корейский Сольналь, украинская Сорочинская ярмарка, еврейский Песах, татарский Сабантуй и другие. Мы как одна сплоченная семья на всех мероприятиях Ассамблеи вместе обсуждаем, беседуем, спорим, радуемся и

также вместе принимаем решения, направленные на консолидацию общества. То есть между нами всегда складывается деловой и конструктивный диалог.

2015 ГОД, ОБЪЯВЛЕННЫЙ ГЛАВОЙ ГОСУДАРСТВА ГОДОМ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА, ДОЛЖЕН СТАТЬ ДЛЯ ВСЕХ НАС ГОДОМ ОСМЫСЛЕНИЯ ПРОЙДЕННОГО ПУТИ И ПОСТАНОВКИ НОВЫХ СТРАТЕГИЧЕСКИХ ЗАДАЧ, НАЦЕЛЕННЫХ НА ДАЛЬНЕЙШЕЕ УКРЕПЛЕНИЕ СТАБИЛЬНОСТИ В ОБЩЕСТВЕ.

В рамках года Ассамблеи в Западно-Казахстанской области совместно с государственными органами, этнокультурными объединениями и общественными организациями запланирован и проводится ряд значимых мероприятий. Среди них –

организация научно-практических конференций, выпуск книг и буклетов, проведение месячника заботы о ветеранах Великой Отечественной войны, разбивка парка ассамблеи в рамках программы «Жасыл Ел», культурно-массовые мероприятия, посвященные 70-летию Победы, 20-летию Конституции Республики Казахстан, 550-летию образования казахского ханства, фестивали Дружбы, Дни культуры и искусства этносов, проживающих в области и многие другие.



маслихате депутатская группа «Ынтымақ» в своей деятельности решает вопросы дальнейшей демократизации политической

аудитория, но цель одна – укрепление духа солидарности и общей ответственности за судьбу страны, укрепление мира и согласия



системы, реализации задач, нацеленных на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия и толерантности.

Одной из первых Западно-Казakhstanская область выполнила поручение Главы государства по созданию в регионах учреждений, обеспечивающих деятельность ассамблеи. В июне 2014 года было создано коммунальное государственное учреждение «Қоғамдық келісім». Завершается строительство Дома дружбы.

В районах и в городе 175 советов общественного согласия занимаются вопросами совершенствования взаимодействия между госорганами и общественными институтами, реализуют общественные инициативы, которые принимаются на форумах председателей советов общественного согласия. У каждой группы разная социальная и возрастная

в обществе.

Системой общегражданских ценностей выступает идея «Мәңгілік Ел». Для многонационального Казахстана, где в мире и согласии живем как один народ, нация единого будущего, особую значимость приобретает дальнейшее укрепление казахстанской идентичности, которая должна основываться на принципе гражданства.

ВСЯ ДАЛЬНЕЙШАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЛАСТНОЙ АССАМБЛЕИ БУДЕТ НАПРАВЛЕНА НА РЕАЛИЗАЦИЮ ПЯТИ ПОИСТИНЕ НАРОДНЫХ РЕФОРМ, КОТОРЫЕ СТАНУТ СИЛЬНЫМ ОТВЕТом НА ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ НАШЕЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ, ЕЕ УСТОЙЧИВОСТИ И УСПЕШНОСТИ ВО ИМЯ ПОДЛИННОГО РАСЦВЕТА НАШЕЙ РОДИНЫ – НЕЗАВИСИМОГО, СВОБОДНОГО КАЗАХСТАНА.

НА ЦЕЛЫЙ ГОД БЫЛИ РАСПИСАНЫ МЕРОПРИЯТИЯ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ, ПОЛНЫМ ХОДОМ ИДЕТ РЕАЛИЗАЦИЯ ДОРОЖНОЙ КАРТЫ МИРА И СОГЛАСИЯ, АКЦИИ «20 ДОБРЫХ ДЕЛ». РАБОТАЕТ ВОЛОНТЕРСКОЕ ДВИЖЕНИЕ ПО ОКАЗАНИЮ ПОМОЩИ РАЗНЫМ КАТЕГОРИЯМ ГРАЖДАН.

На заседаниях научно-экспертного совета, совета по связям с общественностью обсуждаются вопросы укрепления общественного согласия. Действующая при областном



ОРАЛ ҚАЛАСЫ





ЖАЙЫҚ ЖАҒАСЫНДАҒЫ СЫРҒА ТОЛЫ ҚАРТ ОРАЛ!

Казіргі Орал қаласы – Батыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы. Бұл ежелгі ғасырлар қойнауынан бастау алған белгілі тарихы бар, мәдениеті бай, Қазақстандағы көне әрі көркем қалалардың бірі. Бұрыннан ұлы өзеннің жағалауына орналасып, халық әр түрлі кезеңдерде Яик, Орал және Жайық деп атаған қала, тек өлкенің ғана емес, барша Қазақстанның дамуына ықпал жасаған көптеген саяси және тарихи оқиғалардың эпицентрі болды.

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІ ОБЛЫСТЫҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІГІНІҢ СОЛТҮСТІГІН АЛЫП ЖАТЫР. ОЛ ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ОҢ ЖАҒАЛАУЫНДА ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫМЕН, СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДА ТЕРЕКТІ АУДАНЫМЕН ШЕКТЕСЕДІ. ОҢТҮСТІГІНДЕ ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНІҢ ОҢ ЖАҒАЛАУЫНДА СОЛТҮСТІК-БАТЫСҚА ҚАРАЙ КОЖЕВНИКОВ КЕНТІМЕН, СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ ӨЗЕН ЖАЙЫЛМАСЫНА ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТАҒЫ КРУГЛООЗЕРНОЕ МЕН СЕРЕБРЯКОВО КЕНТТЕРІНІҢ ТЕРРИТОРИЯЛАРЫ КІРЕДІ. БҰЛ АУМАҚТАР БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ – ОРАЛ ҚАЛАСЫНА ЖАТАДЫ.

Соңғы археологиялық қазба жұмыстары көрсеткендей, қазіргі Орал қаласы орнында орта ғасырлық кезеңде отырықшы халықтар мекендегені дәлелденді. XIII-XV ғасырлар аралығында Алтын Орда кезеңіне жататын Орал қаласы маңынан табылған «Жайық қалашығын» алуға болады. Аумағы 8 га болатын айналасы суға толы шұңқырмен қоршалған ірі қала болған. Осы қала маңында кірпіш таспен қаланып, керамикамен өрнектелген кесене орналасқан. Бұл Қазақстандағы ең ірі кесененің бірі болып табылады. Орал қаласында Алтын Орда кезіндегі халықтан салық жинаушының орны- Басқақшының көпірі атауы сақталып қалған.

Алтын Орда кезеңінің күйреуіне байланысты қаланың бірте-бірте қараусыз қалуы және кірмелі «қарақшы элементтердің» тонауы толығымен жойлуына әкеліп соқтырды. Кірмелі адамдар жергілікті (автохтонды) халықпен қосыла отырып Жайық (Орал) казачествосын қалыптастырып және кіші-гірім елді мекен пайда болды. Е.И.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі талқандалған соң, императрица II Екатерина бұйрығы бойынша Жайық қонысы мен Жайық өзені Орал болып өзгертілді.





Ресейліктердің табандап қазақ даласының түкпіріне енуі, Оралдың рөлі мен қызметін өзгертті. 1868-1869 жылдардағы реформалардың нәтижесінде, сол кезде құрамына қазіргі Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарының территориясы, сондай-ақ қазіргі Ресей Федерациясының Орынбор облысының бір бөлік жерлерін қамтыған Орал облысы құрылды.

Орасан зор аймақты оның әлеуетімен біріктіру, дала мен отырықшы өңірде нарықтық қатынастарды дамыту, жаңа салық жүйелерін енгізу - облыс орталығының келбетіне шұғыл өзгерістер алып келді. Орал қаласы бірте-бірте тас ғимараттар мен әдемі үйлер бой көтерген еуропалық қалаға айнала бастады. Нақтырақ айтсақ, XIX ғасырдың екінші жартысынан сауда мен өнеркәсіптің өсуі, қала мен дала арасындағы байланыстың нығаюы - Орал қаласының экономикалық көркеюіне себепші болды.

Орал қаласы қашанда саяси өмірдің орталығы болды, осы жерде Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысы (1773 – 1775 ж.ж.), С.Датов басқарған ұлт азаттық қозғалыс (1783 – 1797 ж.ж.), Ж.Тіленшиевтің отарлауға қарсы көтерілісі (XIX ғ. 20-40 ж.ж.), 1874 жылғы Орал казактарының қарсылықтары және басқа бірқатар тарихи оқиғалар. Революциялық дәстүр кейінгі жылдары да жалғасын тапты, мұны Оралға жер аударған ақын-петрашевец А.Плещеев, поляк революционері З.Сераковский, азат ойлы украиндық Т.Шевченко, революциялық демократ М.Михайлов кезеңдерінен аңғаруға болады. XX ғасырдың басында бірінші Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы ұяшығы пайда болды.







1905 жылы Орал қаласында орыс драма театры ғимаратында алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының бірінші жиналысы өтті. Бұл қазақтардың мемлекеттік өзін-өзі билеу күресінің шыққан нүктесі болды. Бұл уақыт А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов және Ж. Досмұхамедовтың есімдерімен байланысты.

Алаш партиясының тарихы өлке тарихымен тығыз байланысты, 1918-1922 жылдар аралығында Алаш партиясының батыс бөлімшесі Жымпиты уезінде орналасты.

Азамат соғысы және Оралда кеңестік билікті орнату жылдары мемлекеттік және қоғам қайраткерлері С.Сейфуллин, М.Фрунзе, Б.Қаратаев, В.Чапаев және т.б. қызмет етті. Олардың есімдерін есте сақтау мақсатында аталмыш қайраткерлерге қалада көптеген ескерткіштер мен мемориал тақталар қойылған.

ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫНА ОРАЛДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЕРЕКШЕ ЖОҒАРЫ. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЛАДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ТЕАТР (1858 Ж.), БАСПАХАНА (1862 Ж.), КІТАПХАНА (1824 Ж.) ЖӘНЕ КИНОМАТОГРАФ (1908 Ж.) АШЫЛЫП, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕ БАСТАДЫ. ҚАЛАНЫҢ

МӘДЕНИ ӨМІРІ ОСЫ ЖЕРГЕ ТАБАН ТІРЕГЕН ІРІ АҚЫН ЖАЗУШЫЛАР ЕСІМІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ. БҰЛАР ТЕК ҚАЗАҚ ПЕН ОРЫС ӘДЕБИЕТІНІҢ ҒАНА МАҚТАНЫШЫ ЕМЕС, ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАҒҚЫН ШЫҒАРУШЫ А.ПУШКИН, Л.ТОЛСТОЙ, Ғ.ТОҚАЙ, М.ШОЛОХОВ, Х.ЕСЕНЖАНОВ, Ж.МОЛДАҒАЛИЕВ, Қ. МЫРЗА ӘЛИ ЖӘНЕ Т.Б.

Қазіргі Орал Қазақстанда қайталанбас өзіндік сәулет мәнері бар қала. Орал өңірі Қазақстандағы тың игерудің негізгі орталықтарының бірі болды, бұл қалада өндіріс, көлік, жол және құрылыс мекемелерінің өсуіне оң ықпал жасады.

Орал бүгінгі таңда инфрақұрылымы дамыған қалаға айналды.

Қала дамуының жаңа кезеңі Егеменді Қазақстан Республикасының қалыптасуымен тығыз байланысты.

Оралдың қоғамдағы ролі мен орны уақыт көшінен қалмай айтарлықтай өсті. Қазіргі таңда Орал мемлекетіміздің батыс қақпасы, көрші Ресей аймақтарымен халықаралық экономикалық және іскери байланыс орталығы. Облыс мемлекеттегі бірден бір шұғыл дамиды аймаққа айналды.

ӘСКЕРИ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ

Әскери шаруашылық басқармасының ғимараты 1838 жылы Орал қаласына Петербургтан шақыртылған итальяндық архитектор Дельмединоның жобасымен салынды. Кейіннен осы ғимаратта әскери мұрағат болған. Қазіргі уақытта бұл ғимаратта облыстық Х.Есенжанов атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасы орналасқан.

КӨПЕС КАРЕВТИҢ ҮЙІ

1901 жылы бірінші гильдиялық көпес А.Т.Карев салдырған. Бұл қаладағы ең әдемі және ескі ғимараттардың бірі. Сол кезде қазақтар бұл зәулім үйді «Нар үй» немесе «Дом-верблюд» деп атаған. Карев үйі үш қабатты, оның қаскелбеті жарты колоннамен, жақтаулармен, сәулет белдеулерімен, ал оның шатырмен жабылған төбесі ойылған ағаш терезелерімен безендірілген. Үйдің ең әдемі архитектуралық бөлшектері – балкондары: ортадағы үлкені және жанындағы екі шағыны. Шатырмен жабылған әшекейленілген төбенің үстінде, фронтонда салынған жылы көрсетілген – «1900». Бірінші қабатта А.Т.Токарев,

А.А.Шмидт, Р.Ф.Функ және т.б. көпестердің дүкендері болған. Екінші қабатта офицерлер мәжілісі өтетін орын, кейіннен коммерциялық клуб орналасқан. Үшінші қабатта – «нөмірлер», ол туралы ғимараттың солтүстік жағындағы үлкен жазулар дәлелдейді. 1907 жылдың көктемінде Карев үйінде дүкендер витриналарын жарқыратып алғашқы рет электр лампасы пайдаланылған. 1908-1909 жылдары екінші қабаттағы залда «Электробископ Пате» және «Парижский кинематограф» жұмыс истей бастаған. Кино картиналар рояль мен скрипканың сүйемелдеуімен көрсетілген.



ОРЫС-ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕР МЕКТЕБІ

(Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы)

Ғимарат арнайы орыс-қазақ қолөнер мектебі үшін салынған. Бұл Қазақстандағы осындай типті бірінші оқу орны. Ғимарат екі қабатты жартылай жертелелі мавритан стилінде салынған. Ғимараттың құрылымы анық жоспарланған, бөлмелер доғалы тоғыспалармен біріктірілген, қасбет жабыстырылып мәнерленген сәулет элементтерімен безендірілген.

Қазіргі уақытта бұл ғимаратта облыстық тарихи-өлкетану мұражайы орналасқан.

ТАҒАЙЫНДАЛҒАН АТАМАНДАР ҮЙІ (госпиталь)

Госпиталь Н.Савичев көшесі 43 үйде орналасқан. Ғимаратты итальяндық сәулетші М.Дельмедино салған. Үй атаман Д.М.Бородинге тиесілі болған. XIX ғасырда бұл үйге көптеген жазушылар тоқтаған: А.С.Пушкин (1833 ж.) осы үйге тоқтап Е.Пугачевтың басшылығымен 1773-1775 ж.ж. болған шаруа көтерілісі туралы материалдар жинаған.

Қазіргі уақытта бұл ғимаратта ҚР ИІМ облыстық ішкі істер департаментінің госпиталы және А.С.Пушкин атындағы мұражай орналасқан.



МИХАИЛ АРХАНГЕЛ ШІРКЕУІ

40-51 ж.ж. ХУІІІ ғ.

Михаил Архангел шіркеуі-Орал қаласындағы бірінші тас ғимараттарының бірі. Оның негізі 1740 жылы қаланған. Құрылыс 1751 жылы аяқталды. Оның қасында 1774 жылы Е.И. Пугачев жарып жіберген шіркеу мұнарасы болған. Екінші ағаш мұнара 1859 жылы найзағайдан жанып кеткен. Қазіргі тас мұнарасы мен трапезасы 1861 жылы салынды. Шіркеу өзінің сәулетімен және тарихымен облыс аймағынан тыс жерлерде де белгілі.

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАС ҒИМАРАТЫ

Төрт қабатты кірпіштен қаланған ғимарат. Ғимараттың оң және сол жақ қанаттары бастапқы есікке симметриялы түрде орналасқан. Ғимарат қасбеті дінмаңдайшамен әспеттелген, алты жартылай бағанмен безендіріліген. Олардың өзара капителиямен ұзартылған арасы аркамен біріктірілген. Осы арка арқылы ғимаратқа кіруге болады. Сәнделген сырт ернеу «сухариктерімен» безендірілген.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың бас ғимаратының құрлысы 1937 жылы басталып, 1939 жылы аяқталды. Жоба



МЕЗОНИНДІ ҮЙ

Қазіргі уақытта бірінші қабаты дүкендерден, ал екінші қабаты тұрғын үйлерден тұрады. Ғимарат тарих және архитектура ескерткіші ретінде мемлекеттік қорғауға алынған.



авторы-архитектор Рогольский. Құрылысты осы мақсатта пединститут жанынан құрылған құрылыс кеңсесі жүргізді.

Ғимарат тарих және архитектура ескерткіші ретінде мемлекеттік қорғауға алынған.

КӨПЕС ВАНЮШИН ҮЙІ

Ванюшин деген көпеске тиесілі болған бұл ғимарат 19 ғасырдың екінші жартысында салынған.

Үш қабаттан тұратын бұл ғимараттың кірпіштен қаланған жертөлесі бар. Шатыры металдан. Үй шығыстық (қасбеті) және солтүстік жағы сол уақытқа сай бейнелі қаланған. Үйдің артқы бөлігі тегіс қаланған. Төбесі шығыс үлгісіне тән ағаш айдаршалары бар шатыр тәрізді. Бұл қаламыздағы 19 ғасырдың екінші жартысында шығыс архитектурасының ұлттық үлгісінде салынған ең ерекше ғимарат болып есептелінеді. (негізде - 1888 жыл көрсетілген сурет).

1917 жылға дейін бұл жерде облыстың бірінші басқармасы жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Одесса қаласынан көшіп келген жаяу әскери училищесі орналасқан. Ұлы Отан соғысынан кейін мұнда ауыл шаруашылық техникумы орналасты. 1984 жылдың қазанында ауылшаруашылық техникумының ғимараты пионерлер сарайына берілді. Бүгінгі таңда бұл ғимаратта №38 жалпы білім беретін қазақ мектебі орналасқан.

«Бұл ғимаратта 1937-1940 жж. Қазақстанның халық

жазушысы Жұбан Молдағалиев оқыған» деген жазуы бар мемориалдық ескерткіш қойылған.

Ғимарат тарихи және архитектуралық ескерткіші ретінде мемлекеттік қорғауға алынған.

ТУХВАТУЛЛИНДЕР ҮЙІ

Бір қабатты (жартылай жертөле қабатымен) ақ пилястралары бар қызыл кірпішті үй, аражабындары ағаштан, шатыры – металдан жасалған. Бұл үй демократиялық әдебиеттің негізін қалаушы Ғабдолла Тоқайдың интеллектуалды дамуы мен сана сезіміне көп ықпал тигізген Тухватуллиндер отбасына тиесілі болған. Ғ.Тоқай 12 жыл оралда тұрған уақытта Тухватуллиндер отбасымен тығыз байланыста болған және олардың бай кітапханасын пайдаланған. К. Тухватуллин алғашқы рет оралда татар тілінде газеттер мен журналдар басып шығарды. Революциялық бағыттағы «Фикер» («Мысль») - газеті, «Уклар» («Стрелы») – сатиралық журналы. Басылымның үзіліссіз шығуына бар күш жігерін салған Ғ.Тоқай көп кешікпей газет пен журналдардың редакторы болады.

Камиль Тухватуллин газет пен журналдарын басып шығаруға тиым салған соң Қазан қаласына кетіп, бірінші татар кәсіби әншісі болады. 1976 жылы үйдің қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды. Қазіргі уақытта ғимаратта Ғ.Тоқайдың мұражайы орны тепкен. Ғимарат тарих және архитектура ескерткіші ретінде мемлекеттік қорғауға алынған.



ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ

Облыс орталығы-Орал қаласының төрт ғасырдан астам тарихы бар. Кең пейілді ашық және қонақжай қала Жайық өзенінің бойында орналасқан. «Жайық» өзенінің атауына келетін болсақ, ол жалпы түркі тілдеріндегі «кеңінен жайылып ағатын» деген мағынаны білдіреді. Ежелден Еділ мен Жайықтың ортасы мен төңірегі көне қалалардан кенде болмаған. Сондықтан «Бұл өңірде ешқандай өркениет болмаған» деген пікірлердің негізсіз екенін бүгінде археология ғылымы дәлелдеп отыр. Шығыс пен Батысты жалғастырар ең қысқа жолдың нақ түйіскен жерінде орналасқан Орал қаласы Жайық өзенінің оң жақ жағасы мен Шаған өзені құйылысының сағасында негізі қаланған. Қала Жайық қалашығы деп аталған. Музей қорында ежелгі қала орнынан табылған заттар: тас кірпіштер, шығыр құмыралар бар. Бұл заттарды зерделей келе, ғалымдар шартты

түрде «Жайық қалашығы» деп аталатын көне қорымда

орта ғасырларда шамамен 2,5-3 мың адам өмір сүргенін айтып отыр. Қала Алтын Орда мемлекетінің тұсында әкімшілік және сауда орталығы болған. Қалада монша, базар және некрополь салынған. Әсіресе, керемет кесене болғаны анықталып отыр. Ол өзінің сәулеті жөнінен Ұлытау аймағындағы аты әйгілі Жошы ханның кесенесіне ұқсас болса керек. Алтын Орда құлағаннан кейін **ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ДА ҚУАТЫ КЕМИ БАСТАҒАН. КҮШТІ МЕМЛЕКЕТ ЖОҒАЛҒАН СОҢ, ҚАЛА ҮСТІНЕН ӨТЕТІН КЕРУЕНДЕР ДЕ СИРЕГЕН. ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПІКІРІНШЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫП КЕТУІНІҢ ДӘЛ СЕБЕБІН ТАП БАСЫП АЙТУ ҚИЫН.**

XIII-XV ғасырлар қалашығы. Орал қаласынан 12 км жерде орналасқан. 2001 жылы «Ақсай-Үлкен Шаған- Атырау» құбыржелісі бойын тексеру барысында табылды. 2005 жылы



қалашыққа «Жайық» атауы берілді. Енді, осы археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан қала туралы тарихи жазба деректер бар ма? Бұл үшін алдымен XIV-XV ғғ. тиісті картографиялық материалдарды қарағанымыз мақұл. Алтын Орда мемлекеті туралы жанжақты мағлұмат беретін 1367 ж. ағайынды итальяндық көпестер Франциско және Доменико Пицигани жасаған картасы біздің ескерткішімізге қатысты өте бағалы мағлұмат береді. Бұл деректе «Лаэти»дің (Еділ мен Жайықтың ортасында, Каспийдің жағасында орналасқан қала) шығысында жазумен

және бір қала көрсетілген. Ол жерден солтүстікке екінші мекен орынның мұнарасында жалауы желбіреген бекініс-қамал белгіленген. Өкінішке орай бұл мекеннің аты жазылмаған. Біріншіден – қазіргі Орал мен Атырау қалаларының арасында Сарайшықтан басқа ірі ескерткіш әлі табылған жоқ, ал біздің Жайық қалашығы дәл осы орталықта жайласқан. Екінші – жоғарыда атап кеткеніміздей, Жайық қалашығы аумағынан бірнеше құрылыс материалдарын өндіретін нысаналар табылды, егер қала құрылысына құрылыс материалдары қажет болмаса бұндай



нысаналар салынбайтын еді, бұл экономиканың заңы. Сондай-ақ, және бір дәлел ретінде тарихи деректі айтып өтсек болады. 1562 ж. ағылшын капитаны Антони Дженкинсон Мәскеуден Үргеніш қаласына дейін сауда мақсатында сапарға барған. Бұл сапарынан соң ол жүріп өткен жерлерін картаға түсірген. Оның жасаған картасынан Сарайшықтан жоғарыда кішкене белгімен Жайық өзенінің оң жағында – Шакафни (Shakafni) атымен қала берілген. Бұл деректе жазылған қаланың аты біздің ескерткішімізге тиісті деген болжам жасауға болады. Дженкинсон өзі жүріп өткен жерлердің аттарын жергілікті адамдардан жазып алған. Бұл жерде аудармашының қателігі немесе жазып алған кезде ағылшын транскрипциясында қала атауы бұрмаланып берілген болуы ықтимал, мұндай құбылыс тарихта өте көп кездеседі. Мүмкін Шакафни жергілікті халық арасында

сол кезде Шаған деп аталуы мүмкін. Ең қызықтысы Шаған (Чаған) деп Жайық өзенінің бір саласы осы күнге дейін аталады.

ҚАЛАШЫҚ АШЫЛҒАН ЖЫЛДАРЫ, ЯҒНИ 2002-2005 ЖЫЛДАРЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ Ә.МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ, ТАРИХ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҒАЛЫМДАРЫМЕН БІРЛЕСЕ ОТЫРЫП ЖҮРГІЗІЛДІ. Қалашық аймағында бірнеше тұрғын, қоғамдық және шаруашылық нысандары болғандығы анықталды. Бұлар- кірпіш күйдіргіш пештер, монша, тұрғын үй-жайы, кесене.

Кірпіш күйдіретін пеш. Пеш қалдығының орнын қазу шұңқырының көлемі 10х10м. Тазарту жұмыстарынан соң, тік бұрыш пішінді кірпіш күйдіргіш жағу камерасы сақталғаны айқын болды. Пештің ішкі көлемдері: ұзындығы 490 см, ені 325 см, биіктігі 180 см. Қабырғалары саз балшықты кірпіштен тұрғызылған. Кірпіш көлемдері: 30х30х8 см. Осындай кірпіш күйдіретін қондырғылар Еділ маңы және Орал аймағындағы алтынорда қалаларына Орта Азиядан келген болатын. Сонымен қатар, өзге де құрлыс технологиялары, әдет-ғұрыптар, жаңа кезең бойы барлық аймақтарға еніп, таралды. Пеш-кірпіштерді, жылтыр тақтамаларды, үлкен ыдыстарды (хумдар) күйдіруге арналған.

ЖАЛПЫ ХАЛЫҚ ТҰТЫНАТЫН ҚҰРЛЫСТЫҢ БІРІ-«ШЫҒЫС МОНШАСЫ-ХАММАМ», БОЛҒАН, ОЛ ҚАЛА ОРТАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН. МОНША ҚАЛДЫҒЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖЕР ДЕҢГЕЙІНЕН 1,5-1,7 М ТЕРЕҢДІКТЕН ТАБЫЛДЫ.

«Кіші тұрғын-жай» мекенінің орнын тазалау жұмыстарынан соң, үй-жайды былайша суреттеуге болады. Үй-жайдың адамдар тұруға арналған бөлігі өз алдына бөлек құрлыс түрінде, жобасына қарай 2 бірдей бөлмеден тұрады, бөлмелер бір-бірінен күрделі қабырғалармен бөлінген (қабырға қалыңдығы 0,8 м) Мекен-жайдың шығу есігі- солтүстік қабырғада





түрінде және мөлшері де қомақты-12,85x19,5 м. Кесене үстінде, көлемдері әртүрлі күмбез болғанға ұқсайды, олардың өзіндік табандарға және өтпелі қондырғыларға орнатылған. Күмбездер көк жылтыр қаптамалармен көмкерілген. Кесененің алдыңғы беті орталық кең қуысты монументальды портал түрінде дайындалған.

Кесененің ішкі бөлігі алтын жалатылған көк түсті қаптамамен, полихромды жазбамен безендірілген. Бірінші бөлменің көлемі 4,4x4,4 м. Асылы, бұл жерде көбіне Құран сүрелері оқылған болуы керек. Негізгі бөлмеде 11 жерлеу орыны табылды, олардың көлемі 8,8x8,8 м.

2012 жылы археологиялық зерттеу жұмыстары кезінде кірпіш пен әк тас күйдіретін пештердің қалдықтары табылып зерттелді. Пештің сақталған көлемдері: ұзындығы 476 см, ені 360 см, биіктігі 120-150 см. Қабырғалары кірпіштен тұрғызылған. Кірпіштердің көлемдері: 30x25x6; 30x30x6 см. Осындай кірпіш күйдіретін қондырғылар Еділ маңы және Жайық өңіріндегі Алтын Орда дәуіріне



орналасқан. Орталық қабырғаны бойлай орналасқан есіктер арқылы тұрғын бөлмелерге өтуге болады. Бөлмелер жылытылған. Тұрғын бөлмелердің айналасында қосымша шағын бөлмелер орналасқан, олар заттар қоятын бөлмелер, қоймалар болғаны айқын. Мекен-жайдың ауқымды ауласы және аула ішінде шаруашылыққа арналған жайлар орналасқан.

Қалашықтан 1,5 км жерде кесене бар. Анағұрлым танымал ескерткіштер- екі кесене. Біріншісі- екі камералы немесе «кіші» кесене жоғарғы тап өкіліне тән. Құрлыс және қаптау материалдары жергілікті жерде өндірілген. XIII-XIV ғасырлардағы барлық алтынорда құрлыстарына тән төрт бұрыш пішінді, күйдірілген, 24x24x5 см өлшемді кірпіштерден қаланған.

2002-2003 жылдары екінші «Үлкен кесене» қазылды. Кесене екікамералы қарсы бағытты жазық-өсті жоба

тиісті қалаларына Орта Азиядан келгендігін ғылымдар тұжырымдайды. Кірпіш күйдіретін пештен батыс бағытта 50 метр-дей жерде әк-тас күйдіретін пештің қалдығы табылды. Жайық пеші цилиндр пішінді болып, 250 см-лік тереңдегі шұңқырға кірпіштерден тіктелген. Қазіргі таңда 13 қатар кірпіш сақталған. **АРХЕОЛОГТАРДЫҢ ПІКІРІ БОЙЫНША, «ЖАЙЫҚ» ҚАЛАШЫҒЫ ҚАЗІРГІ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ АРҒЫ ШЫҚҚАН ТЕГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. «ЖАЙЫҚ» ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ ТАБЫЛУЫ, ОСЫ АЙМАҚТА X ҒАСЫРДАН БАСТАП ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛҒАНДЫҒЫН, ОРТА ҒАСЫР АВТОРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ ДӘЛЕЛДЕЙДІ. СОНДЫҚТАН ДА, АТАЛҒАН ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ СОНДА, БІЗДІҢ АЙМАҚТА ЯЙЦК ҚАЛАШЫҒЫНАН ДА КӨНЕ ҚАЛА БОЛҒАНДЫҒЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ ДӘЛЕЛІ.**



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ!



«Отан отбасынан басталады» дегендей, отбасы құндылығы, тәрбие мәселесі әр заманда да өзекті болған және бола да бермек. Осыған орай елімізде өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін жоғарылатуға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы 2013 жылы Елбасы Жарлығымен бастау алып, Қазақстанның әр аймағында жыл сайын өткізіліп келеді. Батыс Қазақстан облысында ұйымдастырылып,

өткізілген «Мерейлі отбасы» байқауының қорытындысы облыс тұрғындары арасында мерейі тасыған мерейлі отбасылардың аз еместігіне көз жеткізді. Біздің бүгінгі әңгімемізге арқау болатын Сабыр Мұрат Бөкенбайұлының отбасы 2015 жылы аталған байқаудың облыстың кезеңінде екінші орынды иеленген.

Мұрат ағаның отбасында қазақы дәстүр мен рухани құндылықтар, өзара сыйластық пен ұрпақ тәрбиесі жоғары орынға қойылған. Айрандай ұйыған отбасының

отағасы Мұрат Бөкенбайұлы мен отанасы Ғалия Камалқызы ана тіліміздің жанашырлары, тіл тұғырын көкке көтеріп жүрген тіл мамандары. Ғалия Камалқызы №1 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болса, Мұрат Бөкенбайұлы бар ғұмырын ғылымға арнап келе жатқан түркітанушы, тілші-ғалым.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Бөкенбайұлы 2004 жылы Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздік қызметкері атағына қол жеткізсе, ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының бір емес, екі мәрте жеңімпазы (2007, 2012 ж.) атанды. Мемлекеттен алған грантын лингвистиканың ашылмаған қырларын зерттеуге, тілтану мәселесіне арнады.

2009-2011 жылдарға жоспарланған іргелі ғылыми зерттеулер аясында «Түркілік рухани мұра – әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі» ғылыми жобасы бойынша жеңіске қол жеткізді. Қазақстан халықтары Ассамблеясының 15 жылдығына орай Жайық өңірінің өскелең ұрпағының Қазақстандық патриотизм және төзімділік бағытындағы тәрбие ісіне қосқан үлесі үшін Батыс Қазақстан облысының әкімі Б.Ізмұхамбетовтің алғысхатымен, 2012 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті Қазақстан халқы тілдерінің XIV республикалық фестиваліне орай мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін алғысхатпен, 2014 жылы Батыс Қазақстан тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген «Тіл мен тілші» байқауында III дәрежелі дипломмен марапатталған.

Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінде халықаралық және ғылыми істер жөніндегі проректор қызметін атқарып, әрі дәріс беріп, талай шәкіртті талмай шыңдап жүрген ғалым – 5 монография, 6 оқу құралы, 200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

Мерейі асқан Сабырлар отбасының ұстанымдары: ақыл, білім, ғылым, өнер, мінезді тірек етіп, салауатты өмір



салты арқылы табысқа жету. Ең бастысы, Елбасы ұсынған интеллектуалды ұлт тәрбиесіне үлес қосу.

Қоғамның жас ұрпағын тәрбиелеу ісіне өз үлестерін қосып келе жатқан Мұрат ағай пен Ғалия апай өздерінің «шағын мемлекетінде» 3 бала тәрбиелеп отырған ата-ана. Шаңырақтың тұңғышы Арайлым Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін «Стандарттау және сертификаттау, метрология» мамандығы бойынша бітіріп, бүгінде техникалық реттеу және метрология комитетінде қызмет етеді. Егіз ұлдары Ерасыл мен Нұрасыл - мектептің үздік оқушылары. Музыкаға бейімі бар ұлдар №1 Орал қалалық музыка мектебін бітірген. Өнегелі жанұяда зиялы ата-ананың тәрбиесін көріп өскен бұл балалар ел ертеңінің асыл азаматтары деуге әбден лайық.

Өзгелерге үлгі бола білген Сабырлар отбасының басты мақсаты - жаһандану дәуірінде жас ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарымызды орнықтырып, заман талабына сай бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыруда бұл отбасының алдағы уақытта әлі де іргелі істердің ұйытқысы болып, талай жас жанұяға өнеге көрсетері сөзсіз!



От МАЛЯРА до ДЕПУТАТА



ШЕСТИДЕСЯТЫЕ ГОДЫ ПРОШЛОГО СТОЛЕТИЯ В ИСТОРИИ ОСТАЛИСЬ, КАК ВРЕМЕНА ГЛОБАЛЬНЫХ ПЕРЕМЕН, ПЕРИОД СТРЕМЛЕНИЯ К ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОМУ РАЗВИТИЮ И ТЕХНИЧЕСКОМУ ПРОГРЕССУ ВСЕГО ЧЕЛОВЕЧЕСТВА. И В ТО ЖЕ ВРЕМЯ ЭТО БЫЛИ ВРЕМЕНА, КОГДА ПОНЯТИЕ «ЧЕЛОВЕК ТРУДА» БЫЛО НЕ ПРОСТО ПАФОСОМ, А ЯРКИМ ПОЗИТИВНЫМ ОБРАЗОМ СОВРЕМЕННОГО ЧЕЛОВЕКА ТОЙ ЭПОХИ. В отличии нашего времени, когда почти все хотят стать топ-менеджерами, бизнесменами

и чиновниками, в ту пору престижными считались те профессии, которые были более доступны для масс. Рядовые маляры, монтажники, строители были примером для

окружающих, и пользовались всеобщим уважением. Многие из них, проработав много лет на благо страны, сделали хорошую карьеру. Ведь человек при огромном желании, трудолюбии и упорстве может многого добиться. Наша героиня одна из таких целеустремленных и трудолюбивых людей. В этом номере мы расскажем вам о депутате городского маслихата города Уральск Михно Валентине Павловне.

Валентина Павловна родилась 1 августа 1954 года в поселке Сулакский Кирсановского района Тамбовской области в многодетной, но очень дружной семье. Ее отец был столяром и поэтому Валентина Павловна считает себя потомственным строителем. Пример родителей



и сельский уклад жизни сформировали в сознание маленькой Вали уважительное отношение к человеку труда. Поэтому с выбором профессии Валентина Павловна не стала тянуть. В 1965 году семья Михно переехала в поселок Успеновка Бурлинского района Западно-Казахстанской области. С тех самых пор судьба Валентины Павловны тесно связалась с Казахстаном. Человек не должен ошибиться в выборе спутника жизни и в выборе своей профессии. Свою профессию Валентина Павловна выбрала однажды и навсегда. Сразу после школы она была принята ученицей маляра в управление «Жилстрой». Три года спустя Валентина Павловна была переведена во вновь организованное управление «Отделстрой», где трудится вот уже более 40 лет.

Валентина Павловна как и многие другие молодые люди того времени работала и училась одновременно. После окончания Уральского строительного техникума была переведена на должность мастера, а в 1989 году – на должность инженера отдела труда и заработной платы. В 1991 году Валентина Павловна получила диплом инженера-экономиста Саратовского политехнического института. Наступил знаменитый

кризис девяностых и тогда Валентина Павловна пережила его вместе с родным коллективом. После этого в 1995 году она была назначена на должность главного бухгалтера управления.

В 1998 году коллектив избрал Валентину Павловну Председателем производственного кооператива. В это время организация, накопив многомиллионные долги, оказалась на грани банкротства. «Благодаря стойкости, преданности профессии тех, кто и по сей день составляет костяк коллектива, нам удалось стабилизировать ситуацию, сохранить кадры. А затем и завоевать имидж компании, работающей грамотно и качественно, способной справиться с самыми сложными заказами» - с благодарностью вспоминает Валентина Михно. «Отделстрой» одним из первых в республике приступил к внедрению в строительный процесс международных стандартов ИСО 9000 и соответствие менеджменту качества позволяет сохранять конкурентоспособность и сотрудничать с инофирмами Карачаганана.

В течение многих лет Валентина Павловна Михно занимается общественной работой. **ОНА ЯВЛЯЕТСЯ ДЕПУТАТОМ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА, ПОБЕДИТЕЛЕМ РЕСПУБЛИКАНСКОГО КОНКУРСА «НАСТОЯЩАЯ ЖЕНЩИНА» В НОМИНАЦИИ «УСПЕХ И ЭНЕРГИЧНОСТЬ». ВАЛЕНТИНА ПАВЛОВНА НАГРАЖДЕНА МЕДАЛЬЮ**

«10 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА», МЕДАЛЬЮ «ЕРЕН ЕНБЕГІ УШІН» ОТМЕЧЕНА ГРАМОТАМИ И ДИПЛОМАМИ ОБЛАСТНОГО И РЕСПУБЛИКАНСКОГО УРОВНЯ. Гордится присвоенным в 2005 году званием Почетного строителя РК. В орденом «Курмет», который получила в 2013 году.

Успешная женщина успешна во всем. И героиня нашей рубрики Валентина Павловна пополняет ряды успешных женщин Казахстана. Она не искала легких путей к достижению своей цели. Своим самоотверженным трудом и упорством, терпением и профессиональным подходом Валентина Павловна смогла выполнить не все, но многие задачи. Не все, потому, что Валентине Павловне еще есть, над чем работать. Во всяком случае, как настоящий профессионал своего дела, она ставит перед собой более высокую планку и новые задачи.



ЖҰБАН ЕЛІ



N E A R

ӨТКЕННІҢ ӨШПЕС ІЗДЕРІ

Ақжайық ауданының орталығы Чапаев ауылында орналасқан В.И.Чапаев атындағы Ақжайық тарихи-өлкетану музейі ең алғаш 1959 жылы ашылды, 1977 жылы қосымша жаңа ғимарат салынып оған В.И.Чапаевтың өмірі мен қызметіне және 25-ші атқыштар дивизиясының Ұлы Отан соғысы сұрапыл жылдарындағы даңқты жолына арналған экспозициялар ашылды.

Әр жылдары Н.Попов, И.К.Лачугин, Е.Р.Рыскалиев, Д.В.Подкуйко, А.Ш.Уразбаева, О.М.Иманғалиева мұражай директорлары болған. 2012 жылдың желтоқсан айынан бастап музей директоры А.Т.Жұмағалиев.

1990-жылдардың екінші жартысынан бастап мұражайдың ішіндегі жылу жүйесін қайта жөнделіп, мұражай экспозициясын заман талабына сай өлкетану бағытында өзгертуге жұмыстанылды. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдардан бастап аудан тарихынан құжаттар мен фотоматериалдар, тұрмыстық бұйымдар жинақтала бастады. Мұражайда көптеген ауқымды жұмыстар атқарылып, экспозициялар жаңартылды. Табиғат бөлімі, археология бөлімі, Ұлы Отан соғысы және аудан тарихы туралы бөлімдер және Тәуелсіз Қазақстан залы ашылды.

Ауданның атақты адамдары батырлары, жазушылары, ғалымдары, спортшылары туралы материалдар, соның ішінде Кеңес Одағының батырлары: М.Абдолов, Е.Орақбаев, А.Щурихин, Т.Масиндер туралы көптеген материалдар музей қорына түсті.



Ауданды қоныстанған халықтардың тарихы бөлігінде қазақ халқының XIX ғасырдағы Исатай бастаған халық көтерілісінің бастаушысының бірі, жауға қалам мен найзаны бірдей сілтеген әрі ақын, әрі батыр Махамбет Өтемісұлының 1829-1831 жж. Калмыковта отырған түрмесінің қақпасы мұражай үшін құны жоқ-тарихи экспонат болып табылады. Сол тұстағы қолданыста болған қарулардың түрі, үкілі домбыра, қамшы және фотоматериалдар қойылған.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗ – КЕЛІНШЕКТЕРІНІҢ АЖАРЛАНДЫРУ ӘШЕКЕЙЛІ ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ БҰЙЫМДАРЫ, СОНЫҢ ІШІНДЕ: XIX-ҒАСЫРДА КИГЕН ТАЗА БЫЛҒАРЫ ТЕРІДЕН ТІГІЛГЕН ӘЙЕЛДЕР ЕТІГІ, КҮМІСТЕН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАР ҚҰДАҒИ- ЖҮЗІК, ТҰМАРША, АЛҚА, СЫРҒА, БІЛЕЗІК, ӨҢІР ЖИЕК ЖӘНЕ ШАШБАУ. Зергерлік өнер- ерте заманнан келе жатқан, әрі халыққа көп тараған сәндік және қосалқы өнердің бір түрі.

2010 жылы жерлес ақын ағамыз қазақтың көрнекті ақыны





Ж.Молдағалиевтың туғанына 90-жыл толу толуына орай «Мен қазақтың...» деген тақырыппен экспозиция және ақынның «жұмыс бөлмесі» жасақталды. Экспозицияға қойылған экспонаттардың ішінде 1980 жылдары ақынның өзі пайдаланған жазу құралдар жиынтығы, киген киімдері, марапат қағаздары, құжаттары, фотосуреттерімен қатар ақынның өзі арнайы тапсырыспен жасатқан домбыра мен анасының портреті орталық орынды алған.

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай жаңа экспозиция жасақталып, Кеңес Одағының батыры М.Абдоловтың жеке құжаттары мен бұйымдары мұражайға алынды, Отан соғысы тарихына лекциялар оқылып, көрмелер ұйымдастырылып, ауылымыздың жастары мен мектеп оқушыларының Отан Соғысы ардагерлерімен кездесулер циклі өтті.

Қазіргі таңда музей экспозициясы 7 бөлімнен тұрады: табиғат, археология, аудан тарихы, Отан соғысы тарихы, Жұбан мен егемендік залдары, Чапаев дивизиясы тарихы. Музей қорында барлығы 8097 жәдігерлер бар, оның ішінде ғылыми негізгі қор саны 3700 нан астам жәдігерден тұрады.



МҰРАЖАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ НЕГІЗІНЕН МӘДЕНИ-АҒАРТУ, ЖАСТАРДЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ ДЕП ТӘРБИЕЛЕУ, ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІМІЗДІ, САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДІ НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ. АУДАН ТАРИХЫ, АТАҚТЫ АДАМДАРЫ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ ЛЕКЦИЯЛАР ОҚЫЛЫП, КӨПШІЛІК ШАРАЛАР ӨТЕДІ. АУДАНҒА КЕЛГЕН ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАРДЫҢ ТАМАШАЛАЙТЫН БІРДЕН-БІР ОРНЫ МУЗЕЙ.



1-2. Білезіктер - XIX ғасырдың аяғы.
3. Жүзік - XIX ғасыр.
4. Жүзік - XX ғасыр.



Жайықтың жағасында

Ақжайық ауданы 1997 жылы бұрынғы Чапаев және Тайпақ аудандарының біріктірілуі негізінде құрылған облыстағы ірі аудандардың бірі. Аудан Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігін алып жатыр. Аумағы – 25,7 мың шаршы км. Тұрғыны – 42360 адам. Орташа қоныстану тығыздығы – 1 шаршы км-ге 1,7 адам. 52 елді мекеннің басым бөлігі Жайық өзенін жағалай орналасқан. Орталығы – Чапаев ауылы. Аудан құрамына 18 әкімшілік – аумақтық бөлініс – Ақжол, Ақсуат, Алмалы, Алғабас, Базартөбе,

Базаршолан, Бударин, Есенсай, Жаңабұлақ, Жамбыл, Қабыршақты, Қарауылтөбе, Қурайлысай, Көнекеткен, Мерген, Сарытоғай, Тайпақ, Чапаев ауылдық округтері кіреді. 21 ұлт өкілі тұрады.

Аудан облыстың 7 ауданымен және Атырау облысымен шектеседі. Аудан жерімен Орал – Атырау, Чапаев – Жалпақтал, Чапаев – Жаңақала күре жолдары өтеді.

Аудан аумағында елді мекендердің басым бөлігі табиғи газ отынын пайдалануда. «Таза су», «Ақбұлақ» мемлекеттік



бағдарламаларына сәйкес 19 елдімекен ауыз сумен қамтылған. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту-2020» бағдарламасы аясында бөлінген көпқабатты тұрғын үйлер күрделі жөндеуден өтуде.

1931 жылдан аудандық «Жайық таңы» қоғамдық-саяси газеті шығарылып келеді.

Аудан жері жазық, күнгей бағытта еңістей береді. Жайық өзені аудан жерін Еуропалық және Азиялық бөлікке қақ жарып ағады.

Өсімдіктер дүниесі – ақ жусан, қара жусан, мия, бидайық, еркек шөп, теріскен, шытыр, сүттіген, тобылғы, қоңырбас т.б. Тоғайлықтарда – қараағаш, көктерек, үйенкі, емен (сирек), қайың (өте сирек), жыңғыл т.б. Орал педагогикалық институтының оқытушылары, есімдері Одаққа жақсы танымал ғалымдар В.В.Иванов, Е.А.Ағелеуов, А.Ю. Богданов, А.З.Петренко ұзақ жыл аудан аумағында геоботаникалық ауқымды зерттеулер жүргізіп, мұндағы табиғи ландшафты қорғау, жекелеген өсімдік түрлерінің таралу ареалы, экосистема тепе-теңдігін сақтау т.б. көкейтесті проблемаларға қатысты аса құнды ғылыми-практикалық еңбектер жазды. Жануарлары – қасқыр, түлкі, сарышұнақ, қосаяқ, қоян, күзен т.б. Құстары – боз торғай, қыстау қарлығашы, безгелдек, дуадақ, қарақұс, қырғи, тырна (сирек), аққу (өте сирек) т.б.

Ауданның тұңғыш тарихи-танымдық анықтамалығы жарық көрді.

Дене тәрбиесі және спорт шараларының бұқаралық сипат алуына барынша жағдай жасалған. Аудан бойынша «Жігер» спорт клубы, 2 Балалар және жасөспірімдер спорт мектебі, 45 спорт алаңы бар.



Аудан жері мал шаруашылығы үшін өте қолайлы. Шаруалар түлік тұқымын асылдандыруға бет бұруда, мұның көш басында «Сәбит» және «Дөңгелек» шаруа қожалықтары тұр. Ауданда бау-бақша өсіру де кең қанат жайып отыр. Қарбыз өсіруді негізгі кәсібіне айналдырған бақшашыларымыз аз емес. Ел аузында «Тайпақ қарбызы» атымен тараған қарбыздар жыл сайын аудан және Орал қаласы мен облыс аумағына таратылады. Қарбызбен қатар қауын, басқа да бау-бақша өнімдері шығарылады.





Аудан бойынша мүйізді ірі қара саны - 76242, жылқы - 24987, қой-ешкі - 253828, түйе - 227. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 14 шаруа қожалығы 162,8 млн. теңге несие алып, 21 бас асыл тұқымды бұқа мен 489 бас аналық мал сатып алды.

«Агробизнес-2020» бағдарламасы аясындағы шебер жоспарлар бойынша 28 жоба бекітілді. Биылғы жылға оның 18-і қолға алынып, бүгінгі таңда 10 жоба орындалды. 6 жоба жыл аяғына дейін жүзеге асады деп күтілуде. 2 жобаның іске асырылуы 2015 жылы аяқталады деп күтілуде.

«Ақжайық Агро» несие серіктестігі арқылы 7 шаруа қожалығына 37,7 млн., «Егінжай» бағдарламасы арқылы

3 шаруа қожалығына 8,4 млн., «Мурабаха» бағдарламасы бойынша 14 шаруа қожалығына 51,8 млн., «Кәсіпкер» бағдарламасы бойынша 6 кәсіпкерге 19,0 млн., «Орал» шағын несие ұйымы арқылы 2 кәсіпкерге 5,8 млн. теңге несие берілді.

Ауданда кәсіпкерліктің өрістеуіне жол ашылып, жаңа сауда, басқа да қызмет орындары көбейіп келеді. Жуырда Чапаев ауылы іргесінде Орал-Атырау күре жолының бойында «Әулет» кемпингі ашылды. Аудан бойынша ресми тіркелген 31 заңды, 841 жеке кәсіпкерлер (2015 жылдың 1 қыркүйегіне) 3 млрд. 421316 мың теңгенің өнімін өндіріп, аудан бюджетіне 44,6 млн. теңге қаржы түсірді. 2880 адам жұмыспен қамтылды.





4 наубайхана, 3 пластикалық терезе жасау, 10 тігін, 7 ағаш өңдеу, 2 металл бұйымдарын өндіру, 1 токарлық, 1 зергерлік цехтар сонымен қатар, 9 автокөлік жөндеу орны, 9 шаштараз, 2 монша, 1 кірпіш зауыты, 1 ет өңдеу кешені, 9 жанар-жағар май құю бекеттері, 5 дәріхана, 23 тойхана, 28 дәмхана, 160 дүкен, 33 дүңгіршек, 1 коммуналдық базар халыққа қызмет етуде.

2014 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша 57 адам 133,0млн. теңгеге қол жеткізді. Олардың 44-і мал бағуды мақсат етсе, 13-і әр түрлі салаларда қызмет көрсетуге несие алды.

Мұның барлығы – аудан халқының игілігі үшін жүргізілген жұмыстар.



ҚАЗЫНАҒА ТОЛЫ ҚАРТТАРЫМ-АЙ



«Шебердің қол-алтын», - дейді атам қазақ. Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтарының бірі – оның қолөнері. Ағаштан, темірден түрін түтеп, жүннен көз жауын алатындай Бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұратын өнер. Бүгінде сирек болса да сондай жандардың бірі – Аманғали Қайсағалиев ақсақал. Ол өзі жасаған дүниесін фольклормен, ауыз әдебиетімен байла-ныстырып отырады екен.

Қазақтың фольклоры, өлең жыры да тұрмыста қолданылатын құрал-жабдықтары молынан орын алған.

Мысалы, ел-жұртымыздың мәдени-тұрмысы мен рухани зердесінде кәдімгі қамшының ерекше мәні бар.

Қазақ өнері мен тұрмысында қамшы-өнер туындыс, қамшы-рухани күш-қуат, қамшы-сый-сияпат, қамшы-жігіт пен қыздың сән-салтанаты, қамшы-азамат айбыны, қамшы-шебер қолдың айғағы, қамшы-алса-қару, қалса-мұра екені айқын.

*Қамшыны ауызға алмай өлең, жыр айтылмаған:
Қолымда бір қамшым бар алты таспа,*

Сұлудың керегі жоқ сенен басқа - деп жырлауы да содан. Қамшының жиырмадан астам түрі бар. Сондай-ақ мал айдауға, ұрыста, соғыста қару орнына да жүретін қамшылар да (дыр, дырау, дойыр) болған.

*Қай қамшы мынау қамшы?-дырау қамшы,
Сабына өрнек салған құрау қамшы.*

*Атты да жылдам жүргізіп қана қоймай,
Батырға айбат берген дырау қамшы.*

Ағамыздың алты өрме-бұзау тіс, сегіз өрме-жылан бауыр, он өрме-қанат қияр, он екі өрме-дойыр қамшылары осының айғағындай.

Қараойдың қамшым қалды қабағында,

Шырыны қымыздықтың сабағында, - деп ән шырқаған дала қазағымның өміріндегі қасиетті

қамшының қадір-қасиеті осы дойырларды көргенде сезіне түсесің.

Ер-салт мінетін ат тұрманының жалпы атауы, әбзелдің негізгі ағаш тұғыры. Ол екі қастан, он қапталдан, арқалығынан (белағаштан) тұрады.

Көшкенде жылқы айдаймын жиыстырып,

Ер шаптым бес ағаштан қиыстырып,

-деген құранды ер, шошақ бас ер, қазақы ер, үйрек бас ер, қарын бас ерлердің түрін жасаған. Ағамыздың да бес ағаштан құрап қиыстырып шапқан еріне қызыға қарамасқа амлың жоқ.

Ал, біздің ауыл Ақсайдың қақпасында,

Күміс жүген жарқылдар ат басында, -

деп шырқаған, сондай-ақ

Аспанда ұшып жүрген көгілдірік,

Жарасар жүйрік атқа өмілдірік.

Жаным-ау неге келдің, неге кеттің,

Бір жағын қабырғамның сөгілдіріп?, -

деп әнге қосқан.

Жүген жалпақ өріммен немесе түйген жүген түрінде жасалыпты. Ол-ат басына кигізілетін негізгі әбзелдің бірі. Олекі жақтаудан, желкеліктен, кекілдіктен, кеңсіріктен, сулықтан, ауыздықтан, сағалдырықтан, шығылдырықтан және тіріннен тұрады.

Ал өмілдірік – ер кейін кетпес үшін аттың омырауына шеттік арқылы тағылатын, әсемделген, шекетулеген өте сәнді әбзел екен.

ДОМБЫРА-ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕҢ КЕҢ ТАРАҒАН ЕКІ ШЕКТІ, КӨП ПЕРНЕЛІ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАБЫ. АЛҒАШ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР ШЕҢБЕРІНДЕ ЖЫР, ТОЛҒАУ, ТЕРМЕЛЕРДІ СҮЙМЕЛДЕУГЕ ҚОЛДАНЫЛҒАН ДОМБЫРА КЕЙІН АСПАПТЫҚ ШЫҒАРМА-КҮЙ ЖАНЫРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН.

Қолымда домбырам бар қозы құйрық,

Жасаған без қайыңнан терең ойып, - деген дей өзі де күйші Аманғали ағамыздың шебер қолымен ойып жасаған домбырасы сыңғырлап-ақ тұр. Тұтас ағаштан шанақтың қуысы тостағанша дөңгеленіп ойылған, ал мұның өзі аспаптың дауысы жақсы шығуына мүмкіндік береді екен. Шебердің мұнан басқа да жасаған дүниелеріне қызықпай қарау мүмкін емес.

Белбеу - (алқа белбеу, қансарма белбеу, кемер белбеу) негізі былғарыдан тігіліп, түрлі әшекейлермен шекетуленген.

Пышақ - (кездік, бұйда пышақ, лөкет, бәкі) аңға немесе жолға шыққанда міндетті түрде алып жүретін қажетті дүние деп есептеледі.

Тоғызқұмалақ-әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ой-



лау өнері. Ағамыз тоғызқұмалақ тақтасын ескі үлгідегі ерекшелікті сақтап (2 қазаны бар) жасапты.

Ал өзі ойлап тапқан тақтада ойналатын «Бес асық» туралы бұрын да жазылып, айтылып жүр.

Ыдыс-аяқ, ағаш ожау, қасық т.б құралдары да ыңғайлылығымен, өзіндікшешімімен ерекшеленеді.

Ал ауласында табиғаттың өзі ұқсатып жаратқан дүниелерді сәл-пәл өңдеп түрлі аң-құстың бейнесіне айналдырып шебердің ой-қиялына таңданбасқа шараң жоқ.

Күйші, музыкант, сазгер, шешен, спортшы, зергер, қолөнер шебері, тілші, атбегі Аманғали ағамыздың салауатты сәнді өмірін жас ұрпаққа үлгі өнеге ету мақсатында жазылды бұл мақала.

Мәлік Берді Әлі,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі



«АСЫЛ АТАДАН ЖАСЫҚ БАЛА ТУМАЙДЫ»

Есеналиев Миращ Науқанұлының отбасы 1998 жылдан бері Чапаев ауылында тұрады. Отағасы Есеналиев Миращ Ақжайық аудандық сотының бас маманы болып қызмет етуде. Отанасы Есеналиева Қалампыр М.Әуезов атындағы №2 орта жалпы білім беретін мектептің ұстазы.

Миращ пен Қалампырдың жанұясы ата-анасы Науқан ағай мен Надежда апайдан алған тәлім-тәрбиесін, ұлағатын, жалпы отбасылық өнегені өз балаларына үлгі етіп отырған ауылымыздың мақтан тұтар жапырағы жайылған отбасының бірі. Атадан қалған атбегілік өнерді кейінгі ұрпаққа насихат-

тап жүрген бұл жанұяда кәмелет жасқа толмаған адалдық пен адамгершілікті ту еткен 3 ұл мен 3 қыз өсіп келеді. Ата – әже тәрбиесін бойларына сіңірген балалар өз орталарында да беделді.

«ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ – ІЗЕТ» ҮРДСІН ҰСТАНҒАН ҮЙЕЛМЕНДЕ ҰЛТТЫҚ МИРАС, ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАЛАЛАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ҰҒЫНДЫРЫЛЫП, НАСИХАТТАЛУДА.

Отағасы Есеналиев Миращ және отанасы Қалампыр еңбегі көпке еленген жандар. Миращ Науқанұлы 2012 жылы өз қызметін мінсіз атқарғаны үшін Батыс Қазақстан облыстық сотының «Құрмет грамотасымен» марапатталса,

жұбайы Қалампыр жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі еңбегі үшін Ұлттық ғылым академиясының «Алғыс хатымен», облыстық білім басқармасының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Атбегілік өнерді кеңінен насихаттап, ұл-қыздарына халқымыздың осы бағалы өнерін бойына сіңіріп жүрген отбасының бағындырған биігі аз емес. 1991 жылы Мұхит Мерәліұлының 150 жылдық мерейтойында аламан бәйгеде Науқан қарт баптаған «Торыалаяқ» атты сәйгүлік бас жүлдені жеңіп алып, барша жерлестерін қуанышқа бөледі. 2012 жылы Ұлы Жеңістің 67 жылдығына арналған аламан бәйгеде Мираш Науқанұлының «Поборник» атты сәйгүлігі (шабандоз ұлы Арафат) аламанның алды болып, мерейі тағы үстем болды. Атағы Ақжайыққа танымал атбегі Науқан ағамыз тұлпардың бабы, оны жарыстарға сай баптау жайын түсіндіруді ұлы Мирашпен ғана шектемей, немерелерін де бұл қасиетті өнерге

үйірсек етіп тәрбиеледі. Мираш Науқанұлы бүгінде аудандық, облыстық деңгейдегі түрлі бәйгелерге әділ төрағалық етсе, немересі, кешегі жеңімпаз шабандоз Арафат қазір өзі ат жаратып, бәйгеге талпынуда. 10-сынып оқушысы Арафаттың баптаған сәйгүліктері ірілі-кішілі бәйгелерде бақ сынап жүр.

**ЖАС ЖЕТКІНШЕК БҮГІННЕН БАСТАП,
ЕРДІҢ ҚАНАТЫ – ТҰЛПАР ЕКЕНДІГІН МЫҚТАП
ТҮЙСІНГЕН. «АСЫЛ АТАДАН ЖАСЫҚ БАЛА
ТУМАЙДЫ» ДЕГЕН ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ
НАУҚАН ҚАРТТЫҢ ҰРПАҒЫНА АРНАЛЫП
АЙТЫЛҒАНДАЙ.**

2014 жылды жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қазақстан- Орал телеарнасының «Жұрт мақтаса» атты бағдарламасында Науқан ағамыздың атбегілік өнері, отбасы туралы бейнефильм түсіріліп, көрсетілді. Есеналиевтер отбасы ауданымыздың абыройы зор, көпшілік үлгі- өнеге алатын сыйлы отбасының бірі, ел-жұртының мақтанышы.





БӨКЕЙ ОРДАСЫ





«Қазынашылық»

мекемесі ғимараты. Бөкей ордасындағы сауда саласының дамуына, тұрақты ақша капиталының қалыптасуына байланысты 1867 жылы 1 шілдеде Ордада тұңғыш рет қазынашылық ашылып, ол 1952 жылға дейін қызмет етті. 1969 жылы қазынашылық ғимараты Орда тарихи-революциялық музейіне берілді.

Орда тарихи-революциялық музейі 1962 жылы 15 желтоқсанда Кеңес үкіметінің 45 жылдығына орай қоғамдық негізде ашылған. 1997 жылы Орда тарихи музейі болып

өзгертілген. 2002 жылдан бастап музейдің негізінде Бөкей Ордасы тарихи-мұражай кешені ашылған. Осыған орай музей қайта жасақталып, ол өлкенің 200 жылдық тарихын баяндайтын Бөкей Ордасы тарихы музейі деп аталды.



Хан сарайы – қазақ даласында бүгінге дейін сақталған бірден-бір Хан ставкасы, Хан ордасы ауылының солтүстік-батыс беткейінде орналасқан XIX ғасырдың тарихи-архитектуралық ескерткіші. Қазақтарды жерге бекітіп отырықшылыққа бейімдеуді мақсат тұтқан Бөкей ордасы ханы Жәңгір 1824 жылы үй салдыру жоспарын қолға алады. 1826 жылы Үкімет тарапынан қолдау тапқан құрылыс жұмысына 36102 сом 73 тиын күміс ақша бөлініп, осы кезден бастап құрылыс арнайы Орынбор жеке корпусының инженер-поручигі Тафаевтың жобасымен және бақылауымен жүзеге асырылады.

Хан үйі 23 бөлмеден тұрады. Негізгі үй, оның екі жағынан батыс және шығыс флигельдері салынып, негізгі үй екі қабатты етіп және мезонинасымен салынады. Хан үйінің терезесінің алды ағаштан өдеміленіп, үлкен шарбақпен қоршалған. Айналасында қызметшілеріне арналған бірнеше үйлер, құдығы, ат қорасы, жеміс-жидек бағы болған.

1828 жылы Жәңгір өз үйінің бір бөлмесінен ашқан «Қару-жарақ палатасы» Қазақстандағы тұңғыш сән және қосалқы өнер музейі болды. Мұнда Жәңгір хан өулеттік-династиялық, этнографиялық заттар мен қару-жарақ түрлерін, тарихи құнды құжаттарды жинақтаған.

1988 жылдан бастап Хан сарайының сақталған шығыс бөлігі тарихи ескерткіштер қатарына алынып, Орда тарихи-революциялық музейінің қарамағына берілді. Кейін мұнда қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, 2002 жылы Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені құрамындағы «Хан сарайының қару-жарақ палатасы» музейі жасақталды.



Хан мешіті

1835 жылы Ішкі Қазақ ордасының ханы Жәңгірдің жобасымен жергілікті халықтың ғибадат ететін орны мешіт салынады. Ғимарат биік күмбезді мұнарасы бар қызыл кірпіштен қаланған, үш жағынан кіретін есіктердің әр қайсысында 6-дан Иоанн ордені үлгісіндегі колонналар орнатылған. Ел ішінде «Хан мешіті» деп аталған бұл қасиетті орын Жәңгір қайтыс болғаннан кейін өртеніп кеткен.

2001 жылы Бөкей ордасының 200 жылдығына орай мешіт ғимараты қайта жаңғыртылып ішіне Бөкей ордасы тарихи мұражай кешені құрамындағы тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған «Тәуелсіздік музейі» жасақталды. 2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай музей экспозициясы қайта жаңғыртылды. Ғимарат екі залдан тұрады. Бірінші залында Қазақстанның егемендік алған 20 жыл ішіндегі жетістіктері туралы баяндалса, екінші залында осы кезеңдегі Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы, Хан ордасы ауылы туралы материалдар қамтылған.



Қыздар училищесі Қыздар училищесі ғимараты 1883 жылы жергілікті қыз балаларға арнаулы орта білім беру мақсатында ашылған оқу орнына арнайы салынған. Бұл білім ұясында белгілі қоғам қайраткерлері А.Оразбаева мен қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш инженер-металлург М.Бегалиева және т.б. танымал тұлғалар білім алған.

Көп жылдар бойы жергілікті мектепке қызмет жасап келген ғимаратта 1997 жылы Бөкей ордасы тарихи музейінің «Халыққа білім беру» бөлімі орналастырылды. 2002 жылдан бастап Бөкей Ордасы тарихи-мұражай кешені құрамына енді. 2007 жылы қарағайлы үлкен ғимарат Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қалпына келтіріліп, мұнда кешен құрамындағы «Бөкей ордасында халыққа білім беру музейі» ашылды.



Орда баспаханасы. Хан ордасының Ғ.Әзербайев және Ғ.Зарипов көшелерінің қиылысқан жерінде орналасқан ғимаратта Бөкей ордасын басқару жөніндегі Уақытша Кеңес қызмет жасаған. Кейін 1873 жылы мұнда дәріхана орналастырылған болса, 1918 жылдың жазында осында тұңғыш қазақтың Кеңестік баспаханасы ашылды. Мұнда Х.Есенбаев, Е.Бұйрын, Ғ.Қараш, Б.Қаратаев, М.Шомбалов, С.Меңдешев сынды қазақ зиялылары жұмыс жасап «Хабар» (Известия), «Қазақ дұрыстығы», «Дұрыстық жолы» сынды газеттер шығарып тұрды.

Кезінде қазақ кеңестік баспасөзінің бастауы болған бұл үйдің көшірмесі бүгінгі күні Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені ауласында салынып, 2013 жылы музейлендірілді.

«Тұңғыш қазақ Кеңестік баспахана» мұражайы үш залдан тұрады.



Хан ордасынан 4 км. қашықтықта, Хан зираты қорымының оңтүстік бөлігінде орналасқан мемориалдық ескерткіш – хан Жәңгір мазары. Ағаштан жасалған мазар Жәңгір хан мен әйелі Фатиманың, тума-туысқандарының бейіті басына тұрғызылған. Ол XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың 30-шы жылдарының басына дейін сақталып келген. 1933 жылы жергілікті «қызыл белсенділер» мазарды бұзып, ағаштарын шаруашылық қажетіне жаратады, ал тастары мен құлпытасын қиратып, монша еденіне төсеуге алып кеткен.

Мазар ұшар басында көкке шаншылған сүңгісі бар күмбез тәріздес шатырлы, екі текшелі (қабатты), қарағайдан салынған қомақты құрылыс болған сияқты. Төменгі текше төртқырлы, ал жоғарғысы сегіз қырлы. Архитектуралық тұрғыдан мазар қазақ ағаш шеберлері қолөнерінің өзіндік ғажап үлгісі болып табылады. Мазарды тұрғызу барысында кейбір аса ерекше тәсілдер қолданылған. Мысалы, 1996 жылы жаңа мазар тұрғызатын орынды жоспарлау кезінде құрылыстың ағаш тіректерін шіруден сақтау үшін астына салынған керамикалық тағанның бірі табылған. Құлпытастың басты бүйіріндегі (қырындағы) бетінде мынадай жазу жазылған: «Дешті Қыпшақ ханы хан Әбілхайыр ұлы Нұрали ханның небересі (немересі-с.ә)...». Одан соң Жәңгірдің қайтыс болған уақыты – 11 тамыз 1845 жыл көрсетілген.

Жәңгір ханның бұрынғы мазарының орнына Маңғыстаудың ақ ұлутасынан жаңа кесене тұрғызылды. 1997 ж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен Жәңгір хан кесенесі салтанатты түрде ашылды. Хан ордасынан 4 км. жерде орналасқан, биіктігі 15 м. Ескерткіш авторы – Маңғыстаулық сәулет өнер мектебінің өкілі құлпытасшы-шебер, халық сәулетшісі К.Демесінов. Кесене Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені құрамында.



Дәулеткерей кесенесі. Әбілқайыр мен Бөкей ханның ұрпағы, қазақтың ұлы тұлғаларының бірі, төре тартыстың атасы Дәулеткерей күйшінің кесенесі 2000 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы, халық жазушысы Ә.Кекілбаевтың қатысуымен ашылды.

Дәулеткерейдің алғашқы құлпытасы күні бүгінге дейін сақталған. Ол құлпытаста былай деп жазылған: «Дәулеткерей Шығайұлы 1814 жылы туылған 64 жасында опат болды. Нұралы хан тайпасынан». Төре таңбасы бар. Тасты қойған балалары болса керек. Қазіргі кезде ол кесене ішінде орнатылған. Ескерткіш авторы – құрылысшы-шебер К.Демесінов. Кесене Бөкей ордасы тарихи-мұражай кешені құрамында.



БӨРЛІ АУДАНЫ





Успешная работа от профессиональных знаний

КАРАЧАГАНАКСКОЕ МЕСТОРОЖДЕНИЕ, ОТКРЫТОЕ В 1979 ГОДУ, ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ КРУПНЕЙШИХ ГАЗОКОНДЕНСАТНЫХ МЕСТОРОЖДЕНИЙ В МИРЕ. ОНО РАСПОЛОЖЕНО НА СЕВЕРО-ЗАПАДЕ КАЗАХСТАНА И ЗАНИМАЕТ ТЕРРИТОРИЮ БОЛЕЕ 280 КВАДРАТНЫХ КИЛОМЕТРОВ. ЕГО РАСЧЕТНЫЕ НАЧАЛЬНЫЕ БАЛАНСОВЫЕ ЗАПАСЫ УГЛЕВОДОРОДОВ СОСТАВЛЯЮТ 9 МИЛЛИАРДОВ БАРРЕЛЕЙ КОНДЕНСАТА И 48 ТРИЛЛИОНОВ КУБИЧЕСКИХ ФУТОВ ГАЗА, А ОБЩИЕ ОЦЕНОЧНЫЕ ЗАПАСЫ ПРЕВЫШАЮТ 2,4 МИЛЛИАРДА БАРРЕЛЕЙ КОНДЕНСАТА И 16 ТРИЛЛИОНОВ КУБИЧЕСКИХ ФУТОВ ГАЗА.

Успешная работа Карачаганакского предприятия зависит от профессиональных знаний и огромного производственного опыта специалистов пяти нефтегазодобывающих компаний: "Би Джи Групп", "Эни", "Шеврон", "ЛУКОЙЛ" и "КазМунайГаз". Партнеры по Карачаганаку передают свои знания и опыт Республике Казахстан, стараясь наиболее рационально использовать как внутренние, так и внешние возможности, с целью максимального освоения ресурсов месторождения.

В 1997 году партнеры по

совместному предприятию и Полномочный орган, представляющий правительство Республики Казахстан, учредили компанию в целях освоения Карачаганакского месторождения. Было подписано Окончательное соглашение о разделе продукции (ОСРП), определившее условия совместного развития Карачаганака до 2038 года. С момента подписания этого соглашения в освоение месторождения было инвестировано более 19 миллиардов долл. США. В ходе освоения Карачаганака, являющегося одним из самых сложных с технической точки зрения месторождений в мире, применялась самая передовая технология добычи углеводородов.

В 2014 году КПО добыла 142,5 миллионов баррелей в нефтяном эквиваленте стабилизированных и нестабилизированных жидких



ЭКОНОМИКА

углеводородов, газа и топливного газа. При этом, объем обратной закачки высокосернистого газа для поддержания пластового давления составил 8,8 миллиардов кубометров, что примерно соответствует 48.3 процентам от общего объема добытого газа.

ЯВЛЯЯСЬ СОЦИАЛЬНО-ОТВЕТСТВЕННОЙ КОМПАНИЕЙ, КПО, В ХОДЕ СВОЕЙ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, СТРЕМИТСЯ ОБЕСПЕЧИТЬ ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОТЕНЦИАЛА КАРАЧАГАНАКА, С ЦЕЛЮ ДОСТИЖЕНИЯ МАКСИМАЛЬНЫХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ БЛАГ ДЛЯ МЕСТНОГО НАСЕЛЕНИЯ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЦЕЛОМ».





КОМПАНИИ-ПАРТНЕРЫ

НА КАРАЧАГАНАКСКОМ ПРЕДПРИЯТИИ РАБОТАЮТ ВЫСОКОКЛАСНЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ ИЗ ПЯТИ КРУПНЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ НЕФТЕГАЗОДОБЫВАЮЩИХ КОМПАНИЙ – «БИ ДЖИ ГРУПП», «ЭНИ СПА», «ШЕВРОН», «ЛУКОЙЛ» И «КАЗМУНАЙГАЗ». ДЛЯ ОСВОЕНИЯ МЕСТОРОЖДЕНИЯ, В КПО ИСПОЛЗУЮТСЯ ПЕРЕДОВЫЕ, А В НЕКОТОРЫХ СЛУЧАЯХ, И ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ.

«БИ ДЖИ ГРУПП» ВМЕСТЕ С «ЭНИ» ЯВЛЯЮТСЯ СОВМЕСТНЫМИ ОПЕРАТОРАМИ КАРАЧАГАНАКСКОГО МЕСТОРОЖДЕНИЯ, И ОБЕ КОМПАНИИ ИМЕЮТ РАВНЫЕ ДОЛИ УЧАСТИЯ - ПО 29.25 ПРОЦЕНТА. КОМПАНИЯМ «ШЕВРОН» И «ЛУКОЙЛ» ПРИНАДЛЕЖИТ 18 И 13.5 ПРОЦЕНТОВ СООТВЕТСТВЕННО. С 1 ИЮЛЯ 2012 ГОДА В СОСТАВ СОВМЕСТНОГО ПРЕДПРИЯТИЯ ВОШЛА НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «КАЗМУНАЙГАЗ», ДОЛЯ КОТОРОЙ В ПРОЕКТЕ СОСТАВЛЯЕТ 10 ПРОЦЕНТОВ.



«БИ ДЖИ ГРУП» (29.25 ПРОЦЕНТА)

Ведущий игрок на мировом рынке энергоносителей, компания «Би Джи Групп» ведет свой динамично развивающийся бизнес в 27 странах мира на пяти континентах. Основное внимание компания «Би Джи Групп» уделяет развитию рынков природного газа по всему миру. Компания работает по четырем ключевым направлениям – разведка, добыча, транспортировка и распределение сжиженного природного газа, а также энергетика.



«ЭНИ СПА» (29.25 ПРОЦЕНТА)

Компания «Эни» специализируется в области добычи нефти и газа, производства и продажи электроэнергии, нефтехимии, разработки и обслуживания нефтепромыслов и машиностроении. По этим направлениям компания занимает ведущее положение на международном рынке. Компания «Эни» ведет свой бизнес в 70 странах мира, а ее персонал насчитывает около 76 тыс. человек.



КОРПОРАЦИЯ «ШЕВРОН» (18 ПРОЦЕНТОВ)

Компания «Шеврон» является одной из крупнейших мировых интегрированных энергетических компаний. Штаб-квартира компании находится в городе Сан-Рамон, Калифорния. Компания ведет свой бизнес в более чем 100 странах мира. «Шеврон» участвует во всех аспектах деятельности нефтегазового комплекса, включая разведку месторождений, добычу, производство, транспортировку и сбыт нефтепродуктов, производство и сбыт продуктов нефтехимии, тепловой и электрической энергии. Компания также занимается инвестициями в разработки в области передовых технологий и возобновляемых источников энергии.



«ЛУКОЙЛ» (13.5 ПРОЦЕНТОВ)

Компания «ЛУКОЙЛ» является одной из ведущих мировых нефтегазовых компаний с вертикальной интеграцией. Основными направлениями деятельности компании являются геологическая разведка и освоение месторождений, добыча углеводородов, производство нефтепродуктов и нефтехимия, а также сбыт этой продукции на рынке. В основном вся геологоразведочная и производственная деятельность компании ведется в России, а главная материальная база сосредоточена в Западной Сибири.



«КАЗМУНАЙГАЗ» (10 ПРОЦЕНТОВ)

«КазМунайГаз» – ведущая национальная нефтегазовая компания, которая владеет 44 нефтегазовыми месторождениями на территории Казахстана. Компания специализируется во многих областях нефтегазового сектора, таких как разведка и добыча, транспортировка, переработка и реализация продукции. «КазМунайГаз» также управляет основными перерабатывающими заводами в Казахстане и владеет несколькими в Румынии. Помимо этого, компания расширяет сферу деятельности, проводя работу по развитию сервисного направления и реализации новых инвестиционных проектов.



ЕГО ЛИЧНЫЙ ПУТЬ

КАЗАХСТАН НАСЕЛЯЮТ БОЛЕЕ 17 МИЛЛИОНОВ ЧЕЛОВЕК. СОТНИ НАЦИОНАЛЬНОСТЕЙ, ОГРОМНАЯ ПАЛИТРА ЯЗЫКОВ, ЯРКИЙ ФЕЙЕРВЕРК СОВЕРШЕННО НЕПОХОЖИХ ДРУГ НА ДРУГА КУЛЬТУР, ТРАДИЦИЙ, ЦЕННОСТЕЙ. НО ОДНО У НАС У ВСЕХ ОБЩЕЕ – ЭТО РОДИНА, НАШ ОБЩИЙ ШАНЫРАК, ГДЕ МЫ ЖИВЕМ, ТРУДИМСЯ, ЛЮБИМ И СОЗДАЕМ СЕМЬИ. АГАЕВ АНВАР АГАЯРОГЛЫ - СЕГОДНЯШНИЙ НАШ ГЕРОЙ – НЕ РОДИЛСЯ НА ПРОСТОРАХ НАШЕЙ ОТЧИЗНЫ, НО, БЕЗУСЛОВНО, СТАЛ ОДНИМ ИЗ ДОСТОЙНЕЙШИХ СЫНОВЕЙ КАЗАХСТАНА, РАБОТАЯ НА БЛАГО СТРАНЫ, ВНОСЯ СВОЙ ЛИЧНЫЙ ВКЛАД В РАЗВИТИЕ И УКРЕПЛЕНИЕ ЗДОРОВОГО ДУХА НАШЕГО ОБЩЕСТВА.

Родился Анвар АгаярОглы 23 декабря 1961года в поселке Бозайран район Ярдымлы Республика Азербайджан в семье сельского учителя Агаяра ФейрузОглы и домохозяйки Тейиш ДжанкишКызы .

Детство и юность Анвара АгаярОглы не отличались от детства и юности его современников. Но жажда жизни, оптимизм, активная гражданская позиция - это те качества, благодаря которым он всегда выделялся среди сверстников. В 1979 году он окончил среднюю школу и ушел служить в ряды Вооруженных сил Советской Армии. Демобилизовавшись, Анвар



АгаярОглы решил искать себя в служении народу на ниве культуры. Он был приглашен на должность директора Дома Культуры поселка Бозайран, где проработал два года. Но неожиданно судьба нашего героя резко меняется. Началась большая глава новой жизни со знакомства с колхозом имени Тельмана Бурлинского района Западно-Казахстанской области. Здесь юный Анвар АгаярОглы возглавляет строительную бригаду, навсегда связав себя со строительной сферой. С1984 по 1996 годы он принимает непосредственное участие в строительстве 84 многоквартирных жилых домов в колхозе имени Тельмана, а также 6 жилых домов и колбасного цеха в поселке Бурлин. И это не самые легкие годы в жизни многих стран постсоветского пространства. Также в этот период Анвар АгаярОглы получает образование механика в Уральском техникуме механизации сельского хозяйства. Продолжая свою трудовую деятельность наш герой в 1996 году назначается бригадиром компании «Бурлингазстрой» и участвует в строительстве объекта «Мечеть». Спустя три года его назначают Начальником участка при строительстве Газотурбинной установки Карачаганакского месторождения. И уже в 2000 году Анвар АгаярОглы занял пост Генерального директора компании «Бурлингазстрой». На счету у организации

сотни километров уложенных дорог в г.Аксай и селах Бурлинского района, десятки проложенных километров газопровода, построенные объекты производственного и социального значения на Карачаганакском месторождении, в Западно-Казахстанской и Атырауской областях. В эти же годы семья нашего героя пополняется сыновьями Рашидом и Рамилем.

Продолжая свою активную гражданскую позицию все эти годы, Анвар АгаярОглы в 2008 году вполне закономерно избирается Депутатом Бурлинского районного Маслихата по избирательному участку - Северная часть города, поселок Кызыл-Тал, поселок Бестау.

НЕ ТОЛЬКО ДОЛЖНОСТЬ ДЕПУТАТА, НО ЧЕЛОВЕЧЕСКАЯ НАТУРА АНВАРА АГАЯРОГЛЫ ПОСТОЯННО ТРЕБОВАЛА ПОЛЕЗНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ОДНОСЕЛЬЧАНАМИ. ПО МЕРЕ СВОИХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ АНВАР АГАЯРОГЛЫ, ПРОСТО КАК ЧЕЛОВЕК, ПОМОГАЛ ПОСЕЛКУ КЫЗЫЛ ТАЛ.

Не забыв, что когда-то сам был работником культуры, он приобрел для Дома культуры и музыкальной школы необходимые на тот момент музыкальный центр и инструменты. Уже на поприще Депутата, вместе с



коллегами по Маслихату, Анвар АгаярОглы внес лепту по своей прямой деятельности, он своим профессиональным взглядом очертил фронт работ в районе и городе, курировал и контролировал укладку дорог с гравийно-щебеночным покрытием протяженностью в 9 км в Северной части города. Также в списке достижений - планировка дороги Бурлинского района 7,9,11,12 микрорайоны, выполнение гравийно-щебеночного покрытия протяженностью в 5,5 км. Один из важных выполненных пунктов работы – это проведение водопровода в поселок. Помимо того, что Анвар АгаярОглы внес лепту в развитие и благоустройство района, как строитель – дорожник, но и оказывал посильную помощь в общественной жизни района. Не забывая о духовной стороне вопроса воспитания будущего поколения, была оказана материальная помощь в строительстве Храма Православной церкви и Мечети на несколько миллионов тенге.

ТАКЖЕ В ЧИСЛЕ ТЕХ, КОМУ ПОМОГ АНВАР АГАЯРОГЛЫ – ЭТО БЛАГОТВОРИТЕЛЬНЫЙ ФОНД «АРТ ФЕСТИВАЛЬ – «РОЗА ВЕТРОВ». НЕМАЛОВАЖНЫМ АСПЕКТОМ ЗДОРОВОГО ДУХА КАЗАХСТАНЦЕВ АНВАР АГАЯРОГЛЫ СЧИТАЕТ ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ И ЛЮБОВЬ К СПОРТУ, ПОЭТОМУ ЯВЛЯЕТСЯ ПОСТОЯННЫМ СПОНСОРОМ СПОРТИВНЫХ МЕРОПРИЯТИЙ РАЙОНА, МЕРОПРИЯТИЙ В «СТАНЦИИ ЮНЫХ ТУРИСТОВ» И ЗКО ОО «ФЕДЕРАЦИИ КАЗАХ КУРЕС БУРЛИНСКОГО РАЙОНА».

Не забывает наш герой и людей преклонного возраста, которым сегодня нужно особое внимание. В



числе пожилых те, кто стал частью Победы в ВОВ, для них в юбилейную дату Победы Анвар АгаярОглы подготовил особый подарок. Он профинансировал поездку одного из пенсионеров к месту захоронения его отца, то есть к братской могиле в Российской Федерации, а также помог оплатить проезд группы ветеранов в город с боевой славой Волгоград. Помимо громких и заметных району мероприятий Анвар АгаярОглы всегда готов прийти на помощь малообеспеченным, инвалидам, престарелым людям. Это и покупка инвалидной коляски, и проведение природного газа в дом, и обеспечение одеждой, и ежегодное участие в таких акциях, как «Милосердие», «Дорога в школу», «20 добрых дел». Даже содействие в расчистке автодорог в зимний период - в списке рабочих моментов нашего героя. Как видно, в любое хорошее и нелегкое время Анвар АгаярОглы принимает самое живое участие в жизни своих избирателей, пытаясь не оставить без внимания острые ситуации в их жизни.

Работа его профессиональная и общественная, естественно, была замечена и поощрена грамотами и почетными знаками. Среди них: Благодарность ПРЕЗИДЕНТА Республики Казахстан за активное участие в избирательной компании Президента РК 2011 год; Медаль Президента Республики Казахстан в честь 20-летия Независимости Казахстана, Почетная грамота НДП «НурОтан» за активную гражданскую позицию, Почетная грамота от Министерства Транспорта и коммуникаций РК за безупречную работу и вклад, внесенный в становление

и развитие транспортного коммуникационного комплекса РК; медаль в честь 20-летия Маслихата РК; Почетный знак Героя энциклопедии «Лучшие люди Казахстана»; благодарность Аким Бурлинского района за участие в подготовке выборов Президента РК. 2005г., 2011 г.; звание «Почетный строитель Казахстана»; Медаль русской Православной Церкви Преподобного Сергия Радонежского 1 степени за оказанную помощь в деле строительства Храма Серафима Саровского(2004г); благодарность Аким области за плодотворную работу в укреплении дружественных добрососедских отношений с Российской Федерацией; Диплом «Персона Года» в 2007г, 2008г,2009г,2010г. и 2011 г. за особый вклад, внесенный в благоустройство Бурлинского района ЗКО; Сертификат за участие в конференции «Бизнес возможности в сфере строительства в Азербайджане и Казахстане» и многие другие.

Сегодня Анвар АгаярОглы продолжает свою трудовую деятельность на посту руководителя ТОО «Аксайбизнесстрой». Эта компания занимается благоустройством г. Аксай и ремонтом автомобильных дорог. С 2013 года сделано было организацией немало, но предстоит сделать на благо Родины еще больше. Поэтому Анвар АгаярОглы настроен как всегда оптимистично, ждет новых побед на всех фронтах. Являясь членом «Малой Ассамблеи народов Казахстана ЗКО», Анвар АгаярОглы уверен, что забота о людях из порыва души превратилась в его личный путь, навсегда сплелась с его судьбой.

ҚАСИЕТТІ ЖЫЛҚЫ МАЛЫ - ЖАНҒА САЯ, ДЕРТКЕ ДАУА!

ЖЫЛҚЫ – ТАЗАЛЫҚ ПЕН
ТЕКТІЛІКТІҢ СИМВОЛЫ
БОЛУМЕН ҚАТАР, МЫҢ
БІР ДЕРТТІҢ ДАУАСЫ

Жылқының еті мен бие сүтінен өндірілетін қымыздың емдік қасиетін барша әлем мойындағаны белгілі. Ал жылқының өзі арқылы, яғни, жылқы терапиясымен небір ауруларды емдеп жазуға болады екен. Қазіргі шетелдік, отандық медицинадағы атқа мініп жүру арқылы емдеу – біздің қазақы жылқы терапиясының алтын бір сынығы. Қазақтың жылқы терапиясын бұл күндері әлем медицинасы иппотерапия деп атайды. Иппотерапия – грек тілінде *hippo* – «ат» деген мағынаға ие, дәрігерлік шарадағы мақсатына сәйкес халық санасында қалыптасқан ұғым – «атқа мініп жүру арқылы емдеу». Осы ғасырдағы заманауи иппотерапия ілімі – жүйке жүйесі зақымданған сырқаттарды емдейтін медицинаның бір саласы. Онымен жас та, кәрі де емделе алады, бұл шипалық шарада жас мөлшеріне, адамның жынысына ешқандай шектеу қойылмайды.

Иппотерапия туралы құнды деректер атақты Гиппократтың еңбектерінде де ұшырасады. XVIII ғасырдың ортасында энциклопедияшы ғалым Дени Дидро болса, «Атпен жүрудің денсаулықты сақтаудағы маңызы» атты трактат жазып, барлық дене жаттығуларының ішінде ең маңыздысы ретінде атқа

мінуді бірінші кезекте атап көрсетіп, ол арқылы көптеген ауруларды емдеп-жазуға болатынын баяндайды.

Иппотерапияның адам ағзасына пайдалы, түрлі сырқаттарға шипасы XIX ғасырдың соңында ғылыми негізде тексеріліп, тәжірибеде қолданыла бастады.

**СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ,
ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАЛА КЕЗІНЕН,
ЕУРОПАЛЫҚ АҚСҮЙЕКТЕРДІҢ
ЕСЕЙІП, ҚОҒАМДА ӨЗ ОРНЫН
ТАБЫСЫМЕН-АҚ ТҮЛІК ТӨРЕСІ
– ЖЫЛҚЫҒА ДЕН ҚОЮ
ЖЫЛҚЫДАН ФИЗИКАЛЫҚ
ЕМ ДЕ ҚАБЫЛДАУ ЕКЕНДІГІ
АНЫҚТАЛЫП, ИППОТЕРАПИЯНЫҢ
ҚАДІР-ҚАСИЕТІН АСҚАҚТАТА
ТҮСТІ.**

Қазіргі таңда бірнеше шет ел мемлекеттерінде иппотерапия ісі тұрақты жолға қойылған.

Қазақстанда да шипалы ілім қайта жандануда. Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласындағы жеке кәсіпкер Нагаец Евгений Александровичтің «Тұлпар» жылқы алаңы осының бір айғағы деуге болады. Жылқы шаруашылығына ден қойған Евгений Александровичтің жылқы алаңын ашқанына үстіміздегі жылдың қыркүйек айында 1 жыл толған екен. Аудан халқының салауатты өмір сүруіне жағдай жасап отырған кәсіпкер азаматтың бұл кәсібі қуантарлық жайт. Бұл

алаңда ай сайын 40-50-ден астам аудан тұрғындарына, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларға қызмет көрсетіледі.

Дәрігерлердің айтуынша, иппотерапия емі балаға жан-жақты әсер етеді. Жылқы жануарының температурасы адамнан екі градусқа артық болғандығы да жағымды. Бұл – бір. Екіншіден, сал ауруымен ауыратын бала өздігімен аяғын баса алмайды. Ал жылқыға отырғанда, бейне бір өз аяғымен жүріп бара жатқандай күй кешеді екен. Әрі жерге биіктен көз тастап, өзіне деген сенімділігі оянады. Жылқы жүрісінің тербелісі және артқа, алға шайқалу арқылы баланың тірек-қозғалыс жүйесіне әсер етуге болатын көрінеді.

Иппотерапия бағыттарының бірі – балаларда кездесетін церебральды салды, Даун синдромын, аутизмді, ақыл-есінің кемістігін, тағы да басқа ауруларын емдеп-жазу. Иппотерапия балаға психоэмоционалдық және биомеханикалық тұрғыда екіжақты өте жақсы әсер етіп, бой қуатын күшейтеді. Жылқыға жақындау, оған мініп жүру аяғынан баса алмайтын сал сырқатындағы балаға үлкен жануарды бағындырғандай, жерден өздігінен жылжығандай психоэмоционалдық күшті әсер етеді, жылқы жүрісінің тербелісінде жан-жағына шайқалуы арқылы тірек-қозғалыс жүйесіне оң ықпал жасалады. Жылқы үстіне науқас

бала мінгенінде, түлік төресі оның көп ауруын өзінің бойына сіңіріп алып, жазылып кетуіне де көмектеседі. Ат үстінде тепе-теңдігін ұстап отыра білген баланың ішкі жігері оянады, өзіне жан-жағындағы кісілердің назары ауғанын байқап, жүрегін мақтаныш пен қуаныш кернейді. Атқа мініп жүргенінде кез-келген бала бойындағы ауруын ұмытып кетеді.

Атқа мініп жүру арқылы емдеу балаға ешқандай қысым түсірмейді, оның сеансы өте жеңіл де қарапайым әрі табиғи. Барлық бала атқа отыруға қатты қызығатындықтан, денсаулығын қайта қалпына келтіруде иппотерапия олар үшін барлық емнен шипалы болып табылады. Сырқат балалар атпен тез тіл табысып, төрт түлік төресінің көңіл күйін де тәп-тәуір сезінеді.

АТПЕН ЖАҚЫНДАСУ АРҚЫЛЫ МІНЕЗ-ҚЫЛЫҒЫ АШЫЛЫП, ЖАН-ДҮНИЕСІ БАЙИ ТҮСЕДІ.

Ең қуанарлығы, соңғы жылдары балаларды иппотерапиямен емдеу тәжірибесі халыққа кеңінен насихатталып, Қазақстан Республикасы әлемде бірінші мемлекет болып иппотерапияны қаржыландырып, оған үлкен қолдау көрсетуде.

Иппотерапияны пайдаланылатын аттарды арнайы жаттығудан өткізіп, ем жүргізетін адамдарды да оқытып, әзірлейді. Қазіргі таңда жылқы алаңында 5 адам жұмыс жасайды. Жылқы санын арттыру, соған орай жұмыс орындарын көбейту - алдағы уақыттың еншісінде. Ең бастысы, облыс көлемінде иппотерапия ісінің осы Ақсай қаласында орын алғанына аудан халқы дән риза.





Күркетауық еті – денсаулыққа пайдалы

ЫҚЫЛЫМ ЗАМАННАН ТӨРТ ТҮЛІК ӨСІРУДІ ДАМЫТҚАН ЕЛІМІЗДЕ БҮГІНДЕ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДА БІРТІНДЕП ЖОЛҒА ҚОЙЫЛУДА. КЕЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРАЗ ОБЛЫСТАРЫНДА ІРІ ҚҰС ФЕРМАЛАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕП, ХАЛЫҚТЫ ҚҰС ЕТІМЕН, ЖҰМЫРТҚАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТКЕНІ ЕСІМІЗДЕ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ТАУЫҚ ФЕРМАЛАРЫ ӘР ЖЕРДЕН АШЫЛЫП, ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ОТАНДЫҚ ҚҰС ЕТІ ҰСЫНЫЛУДА. АЛ КҮРКЕТАУЫҚ ӨСІРУ ІСІ – ӘЛІ ДЕ БОЛСА АҚСАП ТҰРҒАНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ОСЫ РЕТТЕ КҮРКЕТАУЫҚ ӨСІРУ ІСІНЕ БЕТ БҰРЫП, АДАЛ ЕҢБЕГІМЕН ТАБЫС ТАУЫП ОТЫРҒАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, БӨРЛІ АУДАНЫ, АҚСАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ЗАКАРЯН БЮРЕХ АРТАШЕСОВНАМЕН СҰХБАТТАСУДЫҢ СӘТІ ТҮСТІ. ЖЕКЕ КӘСІПКЕР КҮРКЕТАУЫҚ ӨСІРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСЫН 2014 ЖЫЛЫ 19 МАУСЫМЫНДА БАСТАҒАН ЕКЕН.

– БЮРЕХ ХАНЫМ, ЕЛІМІЗДЕ ДАМУЫ КЕНЖЕЛЕП ҚАЛҒАН КҮРКЕТАУЫҚ ӨСІРУ ІСІНЕ БЕТ БҰРУ СЕБЕБІҢІЗДІ ЖӘНЕ ОСЫ ӨНІМНІҢ МӘНІ МЕН СИПАТЫН АШЫП АЙТЫП БЕРСЕҢІЗ?

– Күркетауық, яғни, үндік өсіру – өте тиімді, табысты кәсіп. Үндік еті жоғары рентабелді құс түріне жатады, тірі салмақтың өсімі бойынша үйрек пен қаз еттерін артта қалдырады. Күркетауықтың еті дәмді, жұмсақ, әрі құрамында холестерин мөлшері өте төмен. Майы

аз. Есесіне, ағзаға қажетті белокқа өте бай. Ақуыз бұлшық еттің дамуына зор әсер етеді. Күркетауық етін американдықтар, израильдіктер әскери мәзірге қосқан, жауынгерлерге аптасына екі реттен тұрақты беріліп отырады екен. Спортпен шұғылданатындардың да дастархан мәзірінен түспейді. Сан етінде темірдің құрамы көп. Ол әсіресе жүкті әйелдерге өте қажет тағам. Ең бастысы, адам баласы үшін аллергия бермейтін жалғыз ет осы күркетауық еті есептеледі. Бұл әлемдік медицинада

дәлелденген. Сондықтан шетелдіктер мұны балалар мен егде жастағылардың тамағына жиі пайдаланады. Дамыған Еуропа елдерінде күркетауық еті профилактикалық ас ретінде қолданады. Өйткені күркетауық етінің адам денсаулығына пайдасы зор. Күркетауық еті түрлі онкологиялық аурулардың алдын алып, туберкулез және радиация аймағында тұратын халық үшін таптырмайтын азық болып саналады.

ЕҢ АЛДЫМЕН - БҰЛ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗ ЕТ. ЕКІНШІДЕН, ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ӨНІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАРДЫ КЕМІТУГЕ БОЛАДЫ. ҮШІНШІДЕН, ЖОБА ӨНІМДІ ИМПОРТ АЛМАСТЫРУҒА ЖӘНЕ ЭКСПОРТҚА БЕЙІМДЕЙДІ.

– БҰЛ КӘСІП ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАБЫСТЫ БОЛЫП ОТЫР?

Үндік еті – ауыл шаруашылық құстарының ішіндегі ірісі болып табылады. Үндіктерді жоғары тағамдық және дәмдік сапасына байланысты ет алу үшін өсіреді. Еркек үндіктер салмағы 20-30 кг дейін, ал ұрғашылары- 7-10 кг жетеді. Еркек үндіктің тірі салмағы 4 айға дейін 6 кг асады, 5-6 айға дейін - 12-14 кг. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, күркетауық өсіру шошқа шаруашылығына қарағанда 3 есе табысты болып есептеледі. Үндік еттерінің шығымы бройлер балапандарға қарағанда 10 % жоғары, ал жем шығыны 15-20% төмен.

Біздің ферманың қуаттылығы 3200 бас күркетауыққа арналған. Құс етін өндірудің жылдық жоспары – 17 312,4 кг болып отыр. Бұл, әрине, өте жақсы көрсеткіш. Алдағы уақытта құс басы санын арттыру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда құс еті мен жұмыртқа өнімдеріне деген сұраныс едәуір артып отырғаны белгілі. Ел нарығында шетелдік құс өнімдерінің басымдығы бірте-бірте бәсеңдеп барады. Уақыт өткен сайын сатып алушылар көбінесе отандық өнімдерді сатып алғанды жөн деп санайды. Сондықтан, нарыққа өз өнімдерімізді шығару арқылы әрі тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытында жұмыс жасасақ, әрі бұл кәсіп табыс көзі деп сеніммен айта аламын.



– АЛ КҮРКЕТАУЫҚ ЕТІНІҢ НАРЫҚТАҒЫ БАҒАСЫ ҚАНША?

– Бүгінде құс етінің бір келісін 1000 теңгеден өткізіп отырмыз.

– ЖҰМЫС БЕРУШІ КӘСІПКЕР РЕТІНДЕ ОСЫ ФЕРМА АРҚЫЛЫ ҚАНША АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП ОТЫРСЫЗ?

– Бұл ферманың еңбек нарығында жұмыс жасағанына бір жылдан сәл ғана асты. Қазіргі таңда жұмыс көлеміне байланысты фермада 6 адам жұмыс жасайды. Алдағы уақытта құс басы санын және өндірілетін ет көлемін ұлғайтып жатсақ, әрине, қосымша жұмыс күші де қажет болары сөзсіз.

– ЖАЛПЫ, КҮРКЕТАУЫҚТЫ ҚАЛАЙ БАБЫН ТАУЫП, БАҒУҒА БОЛАДЫ. СОЛ ЖАЙЫНДА АЗ-КЕМ АЙТА КЕТСЕҢІЗ?

– Күркетауықты өзге үй құстарынан бөлек ұстаған жөн. Орналастыру тығыздығын да дұрыс есептеу қажет. 1 шаршы метрге екі үлкен күркетауықтан артық ұстауға болмайды. Жас балапандарын үлкендерінен бөлек ұстаған жөн. Үндіктер суыққа аса төзбейді. Сондықтан сыртқы температура 10 градустан төмен болса, оларды сыртқа шығаруға болмайды. Қыс мезгілінде күніне 3 рет, көктем айларында 4-5 рет жемдеген дұрыс. Сондай-ақ, күркетауықтар да кәдуілгі тауықтар сықылды мамық пен қауырсын бере алады. Бұл құстар ақылды, адамдарға тез үйреніп кетеді. Жем талғамайды және жаз мезгілінде жайылымда ұстауға болады.



ЖАНЫҢДА

ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ!!!

Коғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі еске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Осы орайда облыстағы денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға қол ұшын беріп, көңілдеріне медеу болу мақсатында Ақсай қаласында 2011 жылдың наурыз айында «Жас дарын» қоғамдық қоры құрылған. Заңды тұлға ретінде тіркелген аталмыш қор коммерциялық ұйым емес және өз қызметін пайда әкелетін табыс көзі ретінде қарастырмайды. **«ЖАС ДАРЫН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – 6 ЖАСТАН 16 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНА ТАП БОЛҒАН КІРІПТАР БАЛАЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰРҒЫДА ДАМУЫП, ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ**







ҚАЛЫПТАСТЫРУ. Қоғамдық қор жұмысын бастаған сәтте тіркелген балалар саны 25 болса, бүгінде олардың саны 120-ға жеткен. Қордың құрылтайшылары Өтебаева Ақсәнім Айтжановна және Ищенко Татьяна Германовна осы қордың өз мақсатына сай жемісті жұмыс жасауы үшін жандарымен беріліп, тер төге еңбек етуде. «Жас дарын» қоғамдық қоры мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда әлеуметтенуі көрсеткішін жоғарылату мақсатында көптеген іс-шаралар атқарып келеді. Облыстың әр аумағында қайырымдылық шаралары, спорттық және мәдени іс-шаралар жиі ұйымдастырылады. Қор қызметкерлері өз жұмыстарына шетелдік волонтерларды да тартып, балалармен өткізілетін әр минутта олардың көңіліне қуаныш пен үміт отын жағуға барынша тырысып бағады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың халықаралық түрлі байқаулар мен фестивальдерге қатысуына мүмкіндік жасап, материалдық көмек беру ісі жолға қойылған. Қоғамдық қордың нарық жағдайында талапқа сай жұмыс жасауы үшін Бөрлі аудандық әкімшілігі, «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясы, кіші және орта бизнес нысандары демеушілік көрсетеді.

ЖҰМЫС ТЕК БАЛАЛАРМЕН ҒАНА ЕМЕС, АТА-АНАЛАРЫМЕН ДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ. ОЛАРМЕН ӘР АЙ САЙЫН ТҮРЛІ ТАҚЫРЫПТА ТРЕНИНГТЕР, САУАЛНАМАЛАР, ДӨҢГЕЛЕК СТОЛДАР, КЕЗДЕСУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ТҰРАДЫ. БҰЛ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫ ҮШІН

КӨҢІЛДЕРІНЕ ҮЛКЕН МЕДЕТ.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу білім беру жүйесінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Бұл орайда ҚР Үкіметінің 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылуда. Мұнда білім саласы мамандарына арналған міндеттер барысында ақыл-ойы қалыпты дамитын балалармен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да білім алуына барлық жағдайды жасау керектігі жүктелген. «Қазақстан республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасында» көрсетілгендей ҚР білім беру саясатының құзырлы міндеті – білім беру сапасын көтеру болып табылады. Басты міндеттердің бірі халықтың барлық сатыдағылары үшін сапалы білім алудың қолжетімдігін қамтамасыз етуді қарастырады. Осы тұжырымдардың барлығы мүмкіндігі шектеулі балаларға да қатысты және 2002 жылы жарық көрген «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында бекітілген. Осы заңды жүзеге асыру бағытында республикада



оқытудың психологиялық және педагогикалық теориясы мен практикасын дамытудың жағымды нышандары жасалуда. «Жас дарын» қоғамдық қоры осы жақсы істің бір ұшығы іспеттес. Баланың меңгеру деңгейін, оның жас ерекшелігін назарға ала отырып, қор қызметкерлері олармен психологиялық жұмыстар жүргізіп, сурет салу, қолөнерге баулу, биге машықтандыру ісін жүзеге асырып отыр. Білім беру мен тәрбиелеу ісін кеңейту мақсатында «Жас дарын» қоғамдық қоры басқа білім ошақтарына саяхат жасап, бірнеше мектептермен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Приуральный, Қанай және Жарсуат поселкелеріндегі орта білім беру мектептерінің, Ақсай қаласындағы №№2, 3, 4 орта мектептердің әлеуметтік педагогтарымен шығармашылық байланыс орнатылып, аталған мектептерде оқушылардың шығармашылық шеберханалары ашылған.

«Жас дарын» қоғамдық қоры «Денсаулық мүмкіндігі шектеулі және өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларды әлеуметтендіру және шығармашылық тұрғыда дамыту» жобасы аясында 2014 жылдың 06 тамызында Ақсай қаласындағы №3 орта мектеп базасында изостудия ашу ісін ұйымдастырды. Бұл шараға Бөрлі аудандық әкімшілігі мен мәслихат жетекшілері, аудандық білім беру бөлімі өкілдері және «Карачаганак Петролеум Оперейтинг Б.В.» компаниясының өкілдері қатысып, өз қолдауларын көрсеткен.

«Жас дарын» қоғамдық қорында әр педагогтің өз

қызметінің нысанына әлеуметтік психологиялық және педагогикалық мінездеме беріп, танып-білу, зерттеу-зерделеу әдістерін меңгерулері талап етіледі. Келешекте әр оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы жасалса, олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын табуға көп көмек болар еді, - дейді қор құрылтайшылары.

«Жас дарын» қоғамдық қорының жұмысына куә бола отырып, денсаулығында ақаулығы бар, адамдардың мейіріміне зәру жандардың тағдырына бей-жай қарай алмайтын қамқор жандар қоғамда аз емес екендігіне көз жеткіздік. Мұндайда «Жаныңда жүр жақсы адам!!!» деп жар салғың келеді екен.

Мүмкіндіктері шектеулі және түрлі себептермен өмір қиындығына тап болған балалармен жұмыс істейтін осындай орталықтар әр аймаққа қажет екені сөзсіз. Көмекке зәру жандарға қол ұшын беретін, атына заты сай қоғамдық ұйымдар елімізде көптеп ашса, кемтар балаларды зор қуанышқа бөлер еді.





СҰЛУЛЫҚ СИМВОЛЫ

Тәуелсіз мемлекетіміз көптеген жетістіктерге жетіп, даму үстінде. Өзінің егемендік жолында әлеуметтік, мәдени, экономикалық

бағытта толағай табыстарға қол жеткізіп, халық ахуалы едәуір жақсарды. Елбасы барлық жағдайды жасап қана қоймай, ерік берді. Нақты айтар болсақ, жаңа демократиялық дәуірге қадам басқан қазақстандықтар қолдан келген кәсібінің игілігін көруде. Жыл санап өз шаруасын ашып жатқандар саны артуда.

Елбасымыздың көреген саясатының арқасында елімізде 2011 жылы «Жұмыспен қамту - 2020» бағдарламасы әзірленіп, бүгінде ойдағыдай жүзеге асырылуда. Халықты жұмыспен қамтудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламаның негізгі мақсаты – жұмыссыздар санын азайту, олардың тұрақты және нәтижелі жұмыс орнына ие болуына жәрдемдесу арқылы ел тұрғындарының табысын арттыру болып табылады. Көпшілік көңілінен шыққан бұл бағдарлама еліміздің әр облысында, әр ауданында жылдан жылға өз жалғасын табууда. Аталмыш бағдарлама арқылы пайдалы кәсіп көзін тауып, оны әрі дамытамын деуші іскер жандар қатары көбеюде.

Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласындағы «Надежда» тұрмыстық қызметтер кешені» ЖШС осы бағдарлама аясында өз



жұмысын 2013 жылдың қазан айында бастаған болатын. Аталмыш кешенді Молчанова Надежда Михайловна басқарып, өз қарамағында 19 жанға табыс көзін тауып беріп отыр. «Надежда» тұрмыстық қызметтер кешені» ЖШС қала жұртшылығына бірнеше бағыттар бойынша қызмет көрсетеді:

- **Киім тігу ательесі. Ателье тұрғындар тапсырысы бойынша киім тігумен және жөндеуді қажет ететін киімдерді қабылдаумен айналысады. Тігін шеберханасы тиісті заманауи құрал жабдықтармен жабдықталған.**
- **Жұмсақ жиһаздар мен автокөлік салондарын қаптау ісімен айналысатын цех. Бұл цехтың атқарып отырған жұмысы аз уақыт ішінде қала тұрғындарының көңілінен шығып, келушілер саны арта түскен. Мұнда нағыз шеберлер жұмыс жасайды екен.**
- **«N» имидж студиясы» атты сұлулық салоны. Бұл сән салоны шаш қиюдан бастап, адамды көріктендірудің небір әдістеріне машықтанған.**

Сұлулық салоны – бизнестің әдемі түрі ғана емес, табысты да түрі. Бизнестің бұл түрі қазір адам айтқысыз жылдамдықпен дамып бара жатыр. Өйткені, адамдар сана тұрғысынан талғам деңгейіне көтеріліп, әсемдіктің жан рахатын сыйлайтынына көзін жеткізген. Ер адамдардың сәнқойлығына мыңжылдықтар өтсе де аса бір қатты өзгеріс ене қойған жоқ, есесіне әйелдер қауымының сән үлгісіне күн сайын бір жаңалық келіп қосылуда. Сұлулық салоны – ешнәрсе өндірмейді, ғылыми жаңалық әкелмейді, саясатты өзгертпейді, десе де адамдарды өз ғасырына сәйкес етіп әрлейді, әсемдікке баулиды. Сұлулықтың қилы түрін ұсынып, адамдардың қоғамда жарқырап жүруіне үлесін қосады, өмір сүруге деген құштарлығын оятады. Бүгінде сұлулық салонына ежелгі дәуірдегі сияқты тек ақсүйек байлар ғана емес, барлығы да келе алады. Салон жасты да, кәріні де талғамайды, бәріне қуаныш сыйлайтын сұлулықтың ұясы. «N» имидж студиясы» әр келген адамды қуанышпен қарсы алып, олардың осы салонның тұрақты тұтынушысы болуы үшін сапалы қызмет көрсетеді. Өз ісінің нағыз шеберлері жиналған бұл сұлулық салонынан күні ұзаққа кісі үзілмейді екен. Бұл қала жұртшылығының «N» имидж студиясына» деген сенімінің көрінісі. Сұлулық салонының табысты болуы үшін мұндағы мамандардың әртүрлі семинарларға, халықаралық оқыту орталықтары мен көрмелерге қатысып, сән индустриясындағы соңғы жетістіктер бойынша өз шеберліктерін шыңдауы мен біліктіліктерін көтеруі де жолға қойылған.





ЖАҢАҚАЛА



ӨМІРІН ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕГЕН ЖАН

Жаңақала жері ақын сырлы сөз сардары Махамбеттің, күйшілер Құрманғазы, Дина, Мәмен, Оқап, Қали мен Тұяқбердінің дарабоз дарындардың құдіреті дарыған, өсер ұрпағына қасиеті қонған ұлы өлке. Өлкенің өнерпаз ұлдары мен қыздары ұлы өнерден кәсіби бағыт алып, биіктерден көрінуіне, дамуына зор үлесін қосып келеді. Сол қасиетті өнерді өмір өзегіне айналдырған әншілердің бірі-дарынды өнерпаз Жұмағаным Құспанғалиева.

Иә, опера дегенде бәрімізге қазақ халқының мақтанышы Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев немесе эстрадада ән айтса жанын салып айтатын Мақпал мен Розаны айтарымыз хақ. Ал қарапайым халық арасында да ұлттық өнерімізді бұлбұл үнімен өмірде өрелі өнеге, үйренерлік үздік үлгі етіп көрсетіп келе жатқан асыл жандарымыз бар екенін естен шығармайық. Бүгінгі мақаламызға арқау болған жаңақалалық күміс көмей әнші Жұмағаным Құспанғалиева сол дала бұлбұлы ретінде киелі топырағы Жаңақала жеріне ғана емес, республикаға танымал. Ол туған жерін әсем әнімен де, сұлу сәнімен де қашанда қуантумен келеді. Қырық жылға жуық уақыт аралығында табиғи талантын саф таза күйде ұстап, әйел деп аталатын нәзік те сұлу әлеміне кіршік жұқтырмай,

өнерімен жерлестерінің қошаметіне бөлене білген жан. Бесікте ән мен әуезбен тербелген ол тұлымшағы желбіреген балғын шағынан әнге әуес болып жетілді. Жасынан санасына халық әндерінен бастап Абай әндерін, қазақтың ақиық ақындарының ақ ұлпа, ғазыл жырларын, күміс көмей сазгер, сал-серілердің әндерін сіңірді. Асыл әкесі Молдаш ән десе алдындағы асын суытатын, ел ішінде

белгілі әнші, ойын-сауықтың шырайы болған.Бойына құдай сыйға тартқан осы өнерін мектеп қабырғасында жүргенде одан әрі ұштады. Балғын Жұмағаным жезтаңдай әнші Роза Бағланованың репертуарындағы әндерді шырқауға машықтанды. «Біржан - Сара» операсындағы Сараның ариясын үйренді. Сөйтіп, 1976 жылы орта мектепті аяқтаған бойда ауылдағы мәдениет үйіне автоклуб меңгерушісі болып жұмысқа тұрды. 1979 жылы жоғары білім алу мақсатында Орал мемлекеттік музыкалық училищесіне «Ән салу» мамандығына оқуға түседі. Оны 1983 жылы аяқтап, туған жерге оралып, автоклуб меңгерушісі болып жұмысын жалғастырды. Осы жылдар ішінде

жас маман кәсіби біліктілігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылып, әріптестері арасында құрметке бөленді. Жемісті қызметі еленіп, сала басшыларының Алғысхаттары мен Құрмет грамоталарына ие болды.

**ОНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН
«АЙЗЕРЕ» ӘЖЕЛЕР
АНСАМБЛІ АШЫЛЫП,
ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРДІ.
БҰЛ ӨНЕР ҰЖЫМЫ ОСЫ
УАҚЫТҚА ДЕЙІН ЖҰМЫСЫН
ТОҚТАТПАЙ, ҮЗДІК
ӨНЕРПАЗДАР ҚАТАРЫНАН
КӨРІНІП, АУДАН,
ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕГІ
ІС-ШАРАЛАРДА ӨЗІНДІК
ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП ЖҰР**

- Япырм-ай десеңші! Уақытқа тоқтам бар ма? Диірменнің тасындай зыр айналған мезет-ай, бұған да жарты ғасырға жуық мезгіл өтіпті. Ешқашан жетістіктеріме масаттанған жан емен. Жүректен шыққан ән жүректерге жетсе жетіп жатыр. Менің ең басты жетістігім де осы. Әлдекімдердей жұмыстан қалжырап шаршаған күнім де болған емес. Сонау жылдары далада қыстың суығына, жаздың аптап ыстығына қарамай ән салған күндеріміз өтті,-деп еске алады өткен шақты ойлап, қабағын кере түсіп, әңгімесін одан әрі сабақтап.

Талантты жан өзінің 40 жылдық еңбек жолында тыңғылықты, тындырымды, жігерлі, ұйымшыл екендігін, мәдениеттің шын қадірін білетін, әрбір іске жауапкершілікпен қарайтын, өз ісін жетік меңгерген маман екендігін көрсетті. Оның ұйымдастыруымен «Айзере» әжелер ансамблі ашылып, өз нәтижесін берді. Бұл өнер ұжымы осы уақытқа дейін жұмысын тоқтатпай, үздік өнерпаздар қатарынан көрініп, аудан, облыс көлеміндегі іс-шараларда өзіндік үлестерін қосып жүр. Мәдениет үйі жанындағы Тұяқберді Шәмелов атындағы ансамблі мен «Наз» қыз-келіншектер оркестрінің өнері жетіле түсуіне бар күшін салып, олардың құрамын, шығармашылық деңгейін жыл сайын шыңдап келді. Оның атқарған еңбегі лайықты бағаланып, 2013 жылы облыстық Мәдениет басқармасының Құрмет грамотасымен, 2011-2014 жылдары аудан әкімінің Алғысхатымен марапатталды.

Бүгінде аудандық мәдени демалыс орталығының режиссері қызметін абыроймен атқарып жүрген талантты жан екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген ана. Ол өзінің ұжымына ғана емес, бүкіл ауыл, аудан жұртшылығына да сыйлы, өмір тәжірибесіне де, іс-тәжірибесіне де жетік маман.

Танылуды өз алдына міндет етпей, көрермен жүрегіне дән болып егіліп, сағынышы болып тамсандырып, әнге сусаған жүректердің шөлін қандырып жүріп жатқан халықтың ерке қызы. Еркіндікті сүйген өнерлі жан әніне көк аспандағы қалықтаған ақ бұлттай еркіндік берген көркем жан. Тәңірім лайым осылай ақ жүректі әнші Жұмағаным апайға талантын ұшқыр қылып, шабытын шыңдап туған жері Жаңақаласын әнмен тербетіп жүре беруіне нәсіп етсін демекпіз.





ЖӘНІБЕК



ЕЛУГЕ ТАРТА БАСПАНА БОЙ КӨТЕРМЕК

Жәнібек ауданы Батыс Қазақстан облысының оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Ресей Федерациясының Волгоград және Саратов облыстарымен, сондай-ақ Бөкей ордасы және Қазталов аудандарымен шекаралас жатыр. Ауданда 9 ауылдық округ бар. Аудан тұрғындарының саны – 17357. Қыркүйектің 1-іне дейін ауданға 78 адам көшіп келген болса, 77 адам қоныс аударды. 148 бала дүниеге келіп, 77 адам қайтыс болды. Табиғи өсім 71 адамды құрады.

«Ауданның 2020 жылға дейінгі даму жоспарында 3000 бас ірі қараға арналған бордақылау алаңын, шағын сүт зауытын, етті вакуумды консервілеу цехын салу, көкөніс шаруашылығын құру арқылы жылыжайларды іске қосу, асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың санын арттыру көзделген», – деді аудан әкімі Наурызбай Қарағойшин.

Оның баяндауынша, Жәнібек ауданының биылғы бюджеті 2 млрд. 431 млн. 63 мың теңге болып бекітілсе, соның ішінде трансферттер көлемі 2 млрд. 189 млн. 998 мың теңгені құраған. Ауданда мал шаруашылығы қолайлы жағдайда өрістеуде. Бүгінге дейін ірі қара 35567, қой мен ешкі 75 199, жылқы 10941, түйе 99, құс 18605 басқа жетті. Сәйкесінше, 2346,9 тонна ет, 7932,7 тонна сүт, 1121 мың дана жұмыртқа өндірілді. Ресей Федерациясына 730 бас ірі қара және 780 бас қой еттері экспортқа шығарылды.

Жыл басынан аудан шаруашылықтары 271 бас асыл тұқымды бұқа, 52 бас асыл тұқымды қошқар және төрт бас асыл тұқымды көшім жылқысын сатып алды. «Сыбаға» бағдарламасы бойынша жеті шаруа қожалығы 90 млн. теңге несие қаражатына 18 бұқа және 402 бас сиыр иеленді. Тағы бір шаруа қожалық жетекшісі осы мақсатта 10 млн. теңге

көлемінде несие алуға құжаттарын рәсімдеуде. «Алтын асық» бағдарламасы ауқымында екі шаруа қожалығы 13 млн. теңге несиеге қол жеткізіп, асыл тұқымды Ақжайық етті-жүнді тұқымды 30 бас қошқар мен 465 бас қой сатып алды. «Құлан» бағдарламасы бойынша мал алу мақсатында екі шаруа қожалығы қажетті құжаттар рәсімдеуде. Жәнібек ауданында «Агробизнес-2020» бағдарламасының шеңберінде биыл 8 айдың ішінде тұқымдық түрлендіру бағыты бойынша 166 шаруа қожалығы және 1 ауылдық тұтыну кооперативін қосқанда 11523 бас аналық мал 427 бас асыл тұқымды бұқамен қамтылса, 15 ШҚ-ның 5844 аналық қойына 196 асыл тұқымды қошқар қосылды. Сондай-ақ, ауыл орталықтарындағы жеке табындардағы 4174 бас аналық мал 151 бас асыл тұқымды бұқамен қамтылды. Жалпы алғанда аудан бойынша 15600 бас аналық мал тұқымдық түрлендірумен қамтылып, 90 пайыз құрады.

Аудандағы шаруашылық құрылымдары 24 бірлік жаңа ауыл шаруашылығы техникасын иемденсе, соның 12-сі лизинг арқылы берілді. Қысқы маусымға шаруашылықтар күні бүгінге 146,4 мың тонна мал азығын дайындап үлгерді. Сондай-ақ ветеринарлық алдын алу шаралары жүргізілуде. Диагностикалық зерттеу нәтижесінде 28902 бас мүйізді ірі қараның 639-ы, ал 68844 бас ұсақ малдың 48-і сарып ауруына оң нәтиже берді. Бұл малдарды ет комбинаттарына тапсыру жұмыстары жүзеге асырылды. Биыл 515 бас бұралқы ит пен мысықтың көзі жойылды. Мұндай шараға бюджеттен 788 мың теңге қаражат бөлінген.

Аудандағы кәсіпкерлік нысандарында 109 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл нысандар бюджетке 31 млн. 982 мың теңге көлемінде салық түсірді. Жыл басынан үш азық-түлік және шаруашылық дүкендері, бір мейрамхана





мен кафе іске қосылды. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша екі жеке кәсіпкердің жобалары мемлекеттік грант есебінде 2 млн. 800 мың теңгеге қаржыландырылса, тағы екі кәсіпкер 14 млн. теңге пайыздық несие алды. Аудан орталығындағы «Әлем» базарында ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап 15 мәрте ауыл шаруашылығы жәрмеңесі ұйымдастырылған. «Ұлан» шаруа қожалығы аумағы 1000 шаршы метр құрайтын жылыжайдан 14 тонна қияр жинаса, ауданның шаруашылықтары түрлі көкөніс, бау-бақша дақылдарын егіп, аудан тұрғындарын сапалы өнімдермен қамтамасыз етуде.

Жәнібек ауданында жалпы білім беретін 10 орта, 2 негізгі, 4 бастауыш мектеп, 9 мектепке дейінгі, 3 қосымша білім беретін ұйым, 1 психологиялық-педагогикалық

түзеу кабинеті жұмыс жасайды. Барлық мектептер жаңа модификациялық кабинеттермен жабдықталған. Биылғы оқу жылына жергілікті бюджет қаражаты есебінен 17 млн. 550 мың теңгеге роботтар сатып алу көзделген.

Жаңа оқу жылына дайындық барысында аудан мектептерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына 6 млн. теңге қаражат бөлініп, қажетті құрал-жабдықтар алынды. Сондай-ақ 19 млн. 356 мың теңге қаржыға білім мекемелеріне қажетті оқулықтар толықтай жеткізілді. «Балапан» бағдарламасына сай аудан бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары 905 баланы (99,8 пайыз) қамтыған. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен барлығы 4 млн. 346 мың қаражат бөлініп, 1-10 сынып аралығындағы 2406 оқушы (100 пайыз) жазғы демалыспен қамтылды. Былтырғы оқу жы-





лында 163 түлек мектепті аяқтаса, соның 144-і (88,9 пайыз) ұлттық бірыңғай тестілеуге қатынасты. Тестілеудің нәтижесі бойынша орташа көрсеткіш 80,8 балды құрады. Сондай-ақ сегіз түлек «Алтын белгі» иегері атанса, 13 түлек «Ерекше аттестатқа» ие болды. Мектеп түлектерінің 35-і мемлекеттік грант есебінен еліміздің жоғары оқу орындарына түсті, екеуі әскери оқу орындарына барды,



екі түлек ТМД елдерінде оқуда.

Аудандағы медициналық ұйымдарда 24 дәрігер және 124 орта буынды медициналық қызметкер еңбек етуде. Жоспарлы түрде скринингтік зерттеулер мен флюорографиялық тексерулер өткізіліп, науқастарға қажетті емдік шаралар тағайындалуда. Тұрғындарды дәрі-дәрмек қамтамасыз ету бағытында 4 дәріхана жұмыс жасайды.

Жәнібек ауданында жыл басынан ана мен бала өлімінің дерегі тіркелген жоқ. Биыл денсаулық сақтау ұйымдарына алты дәрігер және үш медициналық қызметкер жұмысқа орналасты. Жас мамандардың екеуіне тұрғын үй берілсе, бесеуіне бір жолғы көтермеақы берілді.

Ауданда 24 (103 адам) кедей отбасына 2 млн. 87 мың 900 теңге көлемінде мемлекеттік атаулы көмек берілген. Сонымен қатар 182 отбасыға тұрғын үй көмегі көрсетіліп, 788 отбасындағы 18 жасқа дейінгі 1747 балаға мемлекеттік жәрдемақы төленген. Аудандағы жұмыспен қамту органдарына 770 адам жолығып, 80 адам жұмыссыздар есебіне алынды. Бірінші жартыжылдықта 257 адам жұмысқа орналасып, 452 жұмыссыз ақылы қоғамдық жұмыстарға

тартылды. «Жастар тәжірибесі» арқылы 35 жас маман жұмысқа жолданды. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы ауқымында 20 адам 60 млн. теңге көлеміндегі несиелік қаражатқа ие болған. Тау ауылдық мәдениет үйіне «Символ» ЖШС күрделі жөндеу жүргізуде. Ауданда жыл басынан 16 мүгедек Ақмола облысындағы Щучье қаласындағы «Алмаз» шипажайынан ем алған.

«Аудандағы діни ахуал тұрақты. Бес ауылда мешіт, үш ауылда намазхана бар. Ауданда терроризмге қарсы комиссия жоспарға сәйкес жұмыс жасауда», – деді Наурызбай Қарағойшин.

Қазан айында көрнекті қоғам қайраткері Мұстахим Ықсановтың 90 жылдық мерейтойы атап өтілді. Мәдени-көпшілік шаралар аясында Жәнібек колледжі алдында оған арналған кеудемүсін орнатылып, тынымбақ ашылды.

«PCY-1» ЖШС жыл аяғына дейін Жәнібек-Қазталов республикалық маңызы бар жолдың 11,3 шақырымын жөндеуді аяқтамақ. Биыл сол мақсатта асфальт зауыты іске қосылған. Ал «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Талов және Қамысты ауылдарында спорттық ойын алаңдарын орнатуға 17 млн. 303 мың теңге қаржы қарастырылған, облыстық бюджет қаражаты есебінен барлығы 25 млн. 475 мың теңгеге Құрсай және Көлтабан медициналық пункттерін күрделі жөндеуден өткізу жо-

спарлануда.

2020 жылға дейінгі даму жоспарына сәйкес, аудан орталығында 40 екі пәтерлі және сегіз үш пәтерлі тұрғын үйлер салу үшін жобалық-сметалық құжаттамалар жасақталмақ. Жұмаев, Өнеге және Майтүбек елді мекендерін газдандыру, Ақоба ауылына су құбырын тарту, Жәнібек, Талов, Қамысты ауылдарындағы ауыз су құбырын қайта жөндеуден өткізу, бірқатар мәдениет және білім ошақтарын күрделі жөндеу де өзекті мәселелердің қатарында. Аудан Наурызбай Қарағойшин бірқатар ауылдарда тұрғындар санының аздығына байланысты ұялы байланыс тартылмай отырғанын айтты. Сонымен қатар тозығы жеткен электр желілерін жаңалау, аудан орталығына электрқуатын беретін газ-поршенді станса орнату да алдағы кезеңдерде қолға алынатынын мәлімдеді. «Соңғы жылдардағы қуаңшылыққа байланысты аудандағы бірден-бір егістік салатын Тау ауылдық округінде биыл дәнді дақылдар егілмеді. Негізінен, ауданда мал шаруашылығын дамытуға көңіл бөлінетін болады», – деді біздің сауалымызға аудан басшысы.

Нұртай АЛТАЙҰЛЫ,
Батыс Қазақстан облысы





«ӨНЕРІМ - ӨМІРІМНІҢ БІР БӨЛШЕГІ»

Ұлы ақын А.С.Пушкиннің «Ақындар, ұнатындар сыршырайды, Сұлулық содан ғана бұрқырайды. Құлпыртып жандүние құбылысын, Ешкімді қалдырмайды немқұрайлы», - деген өлең жолдары арқылы сезімді селт еткізіп, сұлулыққа сұқтанатын адам табиғатын дәл бейнелегеніне тәнті боласың. Көзі көркемдікке, жаны сұлулыққа бала кезінен суарылып өскен Төлебек ағаның үйіне барып сұхбат құруға келістік. Табалдырықтан қош алған үй иелерімен амандасқан соң, кіреберістен бастап, үйдің барлық бөлмелерінің қабырғаларын алып жатқан жар суреттері, портреттер мен пейзаждар, мүсіндерді тамашалап, музей ішін аралап жүргендей күй кештім. Талғам, үйлесім, талант деген осы екен-ау деп таңқалдым.

«БІР БАЙЛЫҒЫМ БАЛАЛЫҚ, КЕШЕ БОЛДЫ БҮГІН ЖОҚ»

Төлебек Есімғалиев 1962 жылы Күйгенкөл ауылында дүниеге келді. Халық даналығында «ұл табалдырықтан аттаудан бастап, ар-намысты сақтауға дейін әкеден үйренеді» деген сөз бар. Әкесі Шұғай Есімғалиев сан буын шәкіртті тәрбиелеп, білім берген ұстаз болатын. Тәлім-тәрбиесі мықты жас өрен өзіне сурет пәнінен сабақ берген Райхан Артықова апайының қадағалауымен бесінші сыныптан бастап сурет салуға ден қойды. Ұқыпты мұғалімі Төлебектің салған барлық суретін мектеп бітіргенше жинап, шашау шығармай, қазіргі тілмен айтқанда портфолио жасақтаған екен. Сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында сол кездегі Т.Жароков атындағы кеңшардың партия ұйымының хатшысы Латиф Қойшыбаевтың қасында қолына қылқаламын ұстаған бір суретші пайда болды. Бұл адам - Ленинградтан архитектура институтын бітірген аса талантты суретші-мүсінші Мардан Саткин болатын. Бала Төлебек мектептегі сабағынан босаған бойда көшедегі кісі бойынан биік қаңылтырға сурет салып жататын Мардан ағасының қасынан шықпайтын. Қиялдың көк дөненіне мінген бозбала суретші болуға нық бекініп еді.

ӨНЕРДІ ҮЙРЕН, ҮЙРЕН ДЕ ЖИРЕН

1980-1982 жылдары Воронеж қаласында әскери борышын өтеген Төлебек қабырға газетін салудан бастап, қызыл бұрыш, «күн көсемнің» кабинетін жабдықтау жұмыстарында қылқаламын ұштай жүріп, тәжірибе жинақтай берді. Әскер қатарынан босаған соң, кәсіби мамандықты игеру мақсатында Ақтөбе қаласындағы мәдени-ағарту





училищесінің «Суретші-көркемдеуші» факультетіне оқуға түсті. Ұстаздары ағайынды Жарқынбай, Жақсыбай Қожахметовтардан кескіндеме өнерінің сансаласы - композиция, живопись, гобелен, гипс тағы басқа көптеген жанрдағы өнер туындыларымен жұмыстануды игеріп, ағаштан, темірден түйін түюдің қыр-сырына машықтанды. Жарқынбай ағайының бір қолы жоқ болатын, өнер үшін жаралған қайсар жан сау қолымен көз жауын алатын мүсіндерді маңдайдан тері моншақтай отырып, ағаштан ойып жасайтын. Өнер адамының жүрегі сезімтал, жараланғыш келеді ғой, шабыт кернегенде керемет жұмыстар туатын да, көңіл-хошы болмағанда ұстаздары «сен бүгін осы жұмысты атқармай-ақ қойшы» деп ескертер еді. Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Әділғали Баяндинмен бір топта оқыды. Екеуі қазіргі күні шығармашылық жұмыстары туралы әрдайым бір-бірімен сөйлесіп тұрады. Оқу орнын тәмамдаған Төлебек Ақтөбе облысының Қобда аудандық мәдениет үйінде суретші-декоратор болып еңбек жолын бастап, кейін туған жерге оралып, аудан орталығындағы кинотеатрда, тұрмыстық қамту үйінде, саябақта суретші болып жұмыс істеп, шыңдалды. Тума талантты суретшілер Амангелді Насипов, Талғат Сарбасовтармен талай дүниені өмірге әкелді. Қалыптасу жылдары бедерлі болды. Білімін ұштап, Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясында «сурет, технология» пәнінің мұғалімі мамандығында оқыды. Он сегіз жыл А. Оразбаева атындағы ЖББ негізгі мектебінде технология пәнінің мұғалімі болып жемісті еңбек етті. Ұл мен қыз деп бөлмей, шәкірттерін сурет салу, мүсін ою, гипспен



жұмыстану, іс машинамен киім тігу, квиллинг (қағазды ширату арқылы бұйымдар жасау), папиемаше, оригами (қағаздан әртүрлі пішіндер жасау өнері), бисермен өнер туындыларын тудыруға баулыды. Мектептен тыс жұмыстар орталығында қол еңбегінен үйірме жұмысын жүргізді. Әйгілі ұстаз Сухомлинскийдің: «Сабақ–мұғалімнің жалпы педагогикалық мәдениетінің айнасы, оның интеллектуалдық байлығының өлшемі, дүниетанымы мен эрудициясының көрсеткіші» деген қағидаға сүйенген Төлебек Шұғайұлы әрі шәкірттерін өнерге баулу, бір жағынан ынталандыру мақсатында тура сабақ жүріп жатқан мезгілде олардың портреттерін өздеріне салып беретін. Әлі күнге кездескен кезде оқушылары сол суреттердің өз альбомдарында сақталғанын айтып жүреді.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҢДАЛУ ЖОЛЫНДА

2010 жылы Төлебек аға «Дизайн» атты жеке кәсіпкерлігін ашты. Соғыс көріністерін, тарихи кезеңдерді, жекелеген портреттер, халқымыздың тарихи тұлғаларының бейнелерін, ауылдың тыныс-тіршілігін, сұлу табиғат көріністерін қылқаламына арқау етті. Жиһаз жасауға тапсырыс алды. Өткен жылы аудандық мәдениет үйінің фойесінде жеке шығармашылық көрмесін өткізді. Ағаның ауданның әр бұрышында қолтаңбасы сайрап жатыр.





Өзі он сегіз жыл жұмыс істеген А.Оразбаева атындағы мектепті айтпағанда, Т.Жароков атындағы мектептегі Тайыр ақынның портретінен бастап акт залы, асхананы безендіруге қатысты. Соғыс ардагерлері мен жергілікті жерден түлеген танымал тұлғаларды сомдаған портреттерінің өзі бір галерея. Үстіміздегі жылдың көктемінде аудан орталығындағы қоғамдық негіздегі мұражайдың қызметкері Қарлыға Күзембайқызымен бірлесе отырып, Ұлы Отан соғысының шарпуы тиген Жәнібектің сол кездегі көрінісі бейнеленген материалдар



жинақтады, бейнефильмдерді саралады. Мақсат - соғыстың отжалыны шарпыған Жәнібек ауылының бейнесі кескінделген панорама жасау болатын.

«Аудан әкімдігінің қолдауымен аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жақсылық Бисенғалиев екеуміз арнайы Волгоград қаласына барып, қажетті бояу, жарықтандырушы құрал-жабдықтарды алып келдік. Мектептен тыс жұмыстар орталығының және А.Оразбаева атындағы ЖББ негізгі мектебінің технология пәндерінің мұғалімдері Самиғолла Лұқпанов, Есенгелді Жексеновпен бірге бір айдың көлемінде демалыссыз тер төгіп, панораманы Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында жұртшылыққа ұсындық», - дейді ағамыз.

БАЛАЛАРЫ – БАЙЛЫҒЫ

Алаштың айбоз ұлы Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесі туралы толғай келе: «Бала тәрбиесі – бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі, бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы» деген болатын. Төлебек ағаның көзінің ағы мен қарасына балаған қос перзенті, егіз ұл-қызы Нағым мен Нағима М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Мәдениет және өнер» факультетінде «Дизайн» және «Сурет» бөлімінің екінші курсының озат студенттері. Кішкене кездерінен әкесінің бояуларын қолға алып, тұсқағаздың үстіне шиырлап сурет салуды ермек еткен талантты балаларының талабын ұштай білді ата-ана. Төлебек Шұғайұлы мектептен тыс жұмыстар орталығында үйірмеге жетекшілік жасап жүргенінде сонау мұхит асып, Америка Құрама Штаттарында оздырылған халықаралық «Біздер бейбітшілікті жақтаймыз!» атты конкурсқа өзінен тәлім алып жүрген отыз шақты оқушысының жұмысын жіберіп, олардың он бірі жұлдегер атанып, арнайы сертификатқа ие болған еді, ішінде ұлы Нағымның жұмысы озық болды. Ұлы қол еңбегіне бейім болса, қызы суретші. Нағима мектепте оқып жүргенінде «Жайық толқыны», «Южный Полюс» халықаралық балалар шығармашылығы, Әлем шығармашылығы халықаралық арт- фестивальдері мен Дельфий ойындарының, облыстық «Жас ұлан» байқауының жеңімпазы, дипломанты атанса, университет қабырғасында жүріп ІХ Аймақтық «Жас Дарын» жастар шығармашылық байқауының лауреаты, облыстық «Гүлдер әлемі» фестивалінің жұлдегері атанып та үлгеріпті. Тобындағы дарынды да үздік студент атанып отырған Нағима алдағы оқу жылында университеттің зор сенімін ақтап, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына әдістеме, тәжірибе алмасу мақсатында алты айға оқып келуге жолдама алып отыр. Қазірдің өзінде көптеген көрмелерге қатысып, халықаралық, аймақтық, облыстық байқаулардың жеңімпаз-жұлдегерлері атанып жүрген өрендер әкесі мен анасы, №1ЖББОМ-ның жоғары санатты ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Фариза Батырбекованың мақтаныштары.

An aerial photograph of a river winding through a lush green landscape. The left bank is densely packed with tall, vibrant green trees. The water is dark blue and reflects the sky and the surrounding foliage. In the foreground and middle ground, there are large, round lily pads floating on the water's surface. The overall scene is peaceful and natural.

ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫ



КҮЗДІК ДАҚЫЛДАРДАН РЕКОРД ОРНАТҚАН ЗЕЛЕНОВ ДИҚАНДАРЫ



Биыл Зеленов ауданының диқандары күздік дақылдарды жинауда соңғы 20 жылда бірінші рет жоғары көрсеткішке ие болып, рекордтық деңгейді көрсетуде. Тек ағымдағы жарты жылдың ішінде 263 жаңа жұмыс орны ашылып, түрлі бағытты қамтитын алты нысан пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін тәулігіне 7,2 тонна сүт өндіретін бес сүт фермасын құру жоспарлануда. Алдағы қараша айында Рубежин және Макаров ауылдық округтерінде қуаттылығы жылына 30 млн және 15 млн болатын кірпіш зауыттары іске қосылмақ. Ал келер жылы Щапов ауылында қуаттылығы жылына 5000 тонна құс етін өндіретін фабриканың құрылысын аяқтау жоспарлануда.

Бұл туралы Зеленов ауданының әкімі Кәрім Жақыпов айтып өтті. Ол бірінші жартыжылдық бойынша атқарылған жұмыстар мен ауданның 2020 жылға дейінгі даму жоспары туралы баяндады.

– Бүгінгі таңда ауданда 22 ауылдық округ және 68 елді мекен болса, халық саны 56 426 адамды құрайды. Экономикалық белсенді халық саны 34 828 адам немесе жалпы халық санының 61,7% пайызы. Әр түрлі салада жұмыспен қамтылғандар саны – 32598, оның ішінде 7727 адам – өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, сәйкесінше олар экономикалық белсенді халықтың 22,2%-ын құрайды. Жұмыссыздар – 2230 (6,4%), аз қамтылғандар – 4688 адам (8,3%). Ресейдің Орынбор, Саратов, Самара облыстарымен шектесетін Зеленов ауданы ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптің түрлі саласын дамытуға мүмкіндік беретін ресурстық әлеуетке ие.

К.Жақыповтың айтыуынша, бірінші жартыжылдықта аудан бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 56,2 млрд теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткіштен 7,1%-ға артса, сәйкесінше ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 5,4 млрд теңгені құрап, 2015 жылдың қаңтар-маусым айларындағы көрсеткіштен 39,5%-ға ұлғайған. Ал мұнай-газ өндіру өнеркәсіптің негізгі саласы болып табылатындықтан, өнеркәсіп өндірісі жалпы көлемінің 91,4%-ын құрайды. Аудандағы көмірсутек шикізатының

негізгі қоры Чинарев мұнай-газ конденсат кен орнында шоғырланған. Саланың жетекші кәсіпорны «Жайықмұнай» ЖШС болып табылады.

Азық-түлік өнеркәсібі өңдеуші сектордағы жалпы өнімінің 92,4%-ын қамтып, бұл салада «БелесАгро» ЖШС (диірмен кешені), «Каркула» шаруа қожалығы (нан бөлкелік және сүт өнімдері), «Махорин» шаруа қожалығы (ет консервілеу), «Орал Каспий» ЖШС (балық өңдеу), жеке кәсіпкер «Пивень» (кондитерлік өндірісі) және т.б. жұмыс жасайды. Биылғы инвестиция көлемі 35 пайызға артып, негізгі қаржы қоры 42 млрд теңгені құрады. Оның ішінде мемлекеттік бюджетке 2,9 млрд теңге, аудандық бюджетке 930,4 млн теңге жиналды, – деген аудан әкімі одан әрі әр шаруашылықтың даму жоспары туралы баяндады.

– Агроөндірістік кешен ауданның әлеуметтік маңызды және ірі секторларының бірі болып табылса, оның негізін ауыл шаруашылығы құрайды. Ауданда «Кроун Батыс» ЖШС ірі мал бордақылау алаңы, «Щапово» шаруа қожалығының шошқа фермасы, қуатты бидай өңдеуші терминал «Белес Агро» ЖШС, жұмыртқа өндіруші «Ақас» құс фабрикасы жұмыс істеуде. Сонымен қатар, «Каркула В.Н.» ЖШС және «Баян» шаруа қожалығы аумағында сүт өнімдерінің өндірісі және сүтті өңдеу бойынша шағын сүт цехтары жұмыс істейді. Биылғы жылы ауыл шаруашылығы дақылдары егінінің жалпы аумағы – 200 974 мың гектар,



оның ішінде күздік дақылдар – 31 569 мың гектар, жаздық дақылдар – 93 439 мың гектар, майлы дақылдар – 22 284 мың гектар, біржылдық және көпжылдық шөптер 49 072 мың гектарды құрады, - деп аудан шаруаларын мақтан етті.

Биыл бұнда 207 мың тонна күздік және жазғы дақылдар, 4681 майлы дақыл жиналған екен. Егістік жинауда ауданның кейбір шаруашылықтарында өнімділік көлемі гектарына 45-48 центнерге дейін жетті. Мұндай өнімділік 20 жылда бірінші рет байқалып отырғанын атап өту керек.

Көкөніс шаруашылығын дамытуда аудан халқы қажеттілігін толығымен өзінің картоп және көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ете алады. Ауданда «Алтын Болашақ» ШҚ, «Жайна» ШҚ, «Дәуқара» ШҚ-ның жылыжайларында бау-бақша және көкөніс өнімдері жыл бойы өндіріледі.

Мал шаруашылығы да қарқынды дамуда. Ауданда жеті асыл тұқымды шаруашылық жұмыс істейді. Етті бағыттағы ірі қара мал өсірумен алты шаруашылық айналысады, бір шаруашылық сүтті бағыттағы мал өсірумен айналысуда.

Отандық және шетелдік селекциялық асыл тұқымды

мал алу бойынша жұмыс жолға қойылуда. Айталық, «Шкандов» шаруа қожалығы сүтті бағыттағы асыл тұқымды 100 бас қашар, «Альменова» шаруа қожалығы етті бағыттағы қазақтың ақбас тұқымынан 52 бас ірі қара сатып алды. Сонымен қатар ауданда қазақтың ақбас тұқымынан 90 бас тұқымдық бұқа, «Құлан» бағдарламасымен «Жұмақай» шаруа қожалығы тауарлық бағыттағы 20 бас аналық жылқы сатып алды.

Ағымдағы жылдың аяғына дейін өнімділігі тәулігіне 7,2 тонна сүт өндіретін, 600 басқа шақталған бес сүт фермасын құру жоспарлануда.

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДА

Кәсіпкерлік бағыты бойынша ауданда 2652 орта және шағын бизнес субъектілері тіркелсе, оның 2245-і жұмыс істеуде. Кәсіпкерлік саласында жұмыс істеушілер саны 4566 адамды құрап, 2,5%-ға өсіп отыр.

Шағын және орта бизнес саласында 263 жаңа жұмыс орны ашылып, ағымдағы жылдың алты айында алты нысан пайдалануға берілді.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы



жұмысын бастағалы Зеленов ауданында жалпы сомасы 10,6 млрд теңге болатын барлығы 57 жоба мақұлданып, мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды. Алдағы қараша айында Рубежин ауылдық округінде қуаттылығы жылына 30 млн кірпіш болатын «134» ЖШС кірпіш зауыты, Макаров ауылдық округінде қуаттылығы жылына 15 млн кірпіш болатын жеке кәсіпкер «Жанар» кірпіш зауыты, Переметный ауылдық округінде жеке кәсіпкер «Ижанованың» 300 орындық кафе-мейрамханасы іске қосылып, сәйкесінше 70 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Ал 2017 жылы Шапов ауылдық округінде қуаттылығы жылына 5000 тонна құс етін өндіретін «Жайық Агро ЛТД» ЖШС құс фабрикасының құрылысын аяқтау жоспарлануда.

БАРЛЫҒЫ ХАЛЫҚ ҮШІН

Ауыл шарауышылығы көркейіп, өркендеуі арқасында, Зеленов ауданының тұрғылықты халқының да тұрмысы түзелуде.

Аудандағы ауылдардың 68 елді мекеннің 49-ы газбен қамтылған болса, биыл Горбунов, Кирсанов, Мирный, Павлов, Владимиров, Кіші Шаған, Кожевников және Факел ауылдарын газдандыруға техникалық-экономикалық негіздеме жасақтауға аудандық бюджеттен қаражат бөлу жоспарлануда. Ал, керісінше, сумен жабдықтау небәрі 26 елді мекенді қамтыған. 2017 жылға республикалық бюджет қаражатынан Володар, Көшім, Шапов, Павлов, Дариян, Ақжол елді мекендеріне су құбырларын өткізу жоспарланып отыр.

Ауданның білім беру жүйесіне 46 күндізгі мектептің 13-і бейімделген орындарда орналасқан, 35 мектеп екі ауысымда оқытады, 11 мектеп бір ауысымда. Бүгінгі күні ауданда мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту және

тәрбиелеу мәселесі маңызды мәселе болып тұр. Қамту деңгейінің төмендеу себебінен мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу ұйымдарына кезекте тұрған балалар саны көбеюде. Аталған мәселені шешу мақсатында мектепке дейінгі ғимараттар салу жоспары құрылды. Олар:

- 2018 жылы Достық және Мичурин ауылдарында 200 орындық балабақша құрылысы;

- 2019 жылы Үлкен Шаған ауылында 120 орындық балабақша құрылысы және Дариян ауылында 280 орындық балабақша құрылысы;

- 2020 жылы Володар және Новенький ауылдарында 50 орындық балабақша салу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, биыл Достық ауылында «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» (МЖӘ) бағдарламасы аясында жеке кәсіпкер А.С.Туралиева 100 орындық жеке балабақша ашу жоспарлауда.

Өкінішке орай, аудан бойынша биыл ұлттық бірыңғай тестілеуге 230 түлек немесе 64% қатысса, ҰБТ-дан орташа балл – 80, 86 балды құрап, өткен жылғыдан төмен көрсеткіш көрсеткен. Яғни ҰБТ нәтижесі бойынша Зеленов ауданы облыс бойынша жетінші орында.

Ауданда 2020 жылға дейін бірнеше тұрғын үй құрылысы мен спорт және мектеп кешендерін салу жоспарлануда. Оның ішінде, Переметный ауылдық округінің Мұнайшы шағын ауданында 23 бір пәтерлі тұрғын үй құрылысы, Переметный ауылдық округінің Калинин ауылында жалға берілетін екі қабатты алты пәтерлік тұрғын үй және 160 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы, Дариян ауылында 100 орындық интернаты бар, 300 оқушыға арналған орта жалпы білім беретін мектеп құрылысын салу жолға қойылған.

Еркін НҰРМАН,
Орал қаласы

ТАРИХ ТАРАУЛАРЫ

Ауданның әбден зерттеліп болмаған бай тарихы бар. Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданы Кеңес Үкіметі жағдайында қоғамымызда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің нәтижесінде дербес әкімшілік-аумақтық құрылым болып қалыптасты. Ол 1933 жылы дербес әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде құрылды.

Ауданды қазіргі заманға сай жасақтаудың бастауы Ресей отаршыл әкімшілігінің XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерлерін отарлық бөлшектеу мен шектеу кезеңіне жатқызылады. Қазақстанды әкімшілік - аумақтық жағынан орналастыру реформаларының мақсаты Ресей империясының әдеттегі даланы басқаруға қолайлы әдістерін енгізуді кездеуден туындады. Сол себепті 1867-1868 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс құрылды. Қазіргі Зеленов ауданының жерлері Орал облысының Орал уезінің бірқатар болыстықтарының құрамына жатқызылды. 1891 жылғы Ереже бойынша болыстықтардың аумақтарын өзгерту құқығы облыстық басқарма құзіретінде болды. Сол себепті болыс аумақтары айтарлықтай жиі өзгертілді. Уездер мен облыстардың аумақтары Ресей ішкі істер Министрлігінің шешімімен ғана бекітілді.

Ауданды одан әрі негіздеу Кеңес үкіметі жағдайында жүзеге асырылды. Кеңестердің 1920 жылғы 12 қазандағы 1 құрылтай съезінің шешімі бойынша 6 уез құрамында Орал губерниясы құрылды. Құрамына 27 болыстық кіретін Орал ең ірі уез болды. Ол кезде қазіргі Зеленов ауданының құрамына негізінен алғанда Каменка, Круглоозерное, Ливкин, Скворкин және Шаған болыстықтары енген еді.

Жергілікті жерлердегі Кеңес үкіметінің әлсіздігі, қаржы мен кадрлардың жетіспеушілігі 1923 жылы Қазақ АКСР-нің кезекті әкімшілік-аумақтық ірілендірілуіне әкеліп соқтырды. Облыста болыстар саны қысқарып, нәтижесінде Орал уезінде олардың тек қана 11-і қалды. Камен болыстығына Ливкин болыстығы қосылса, Шаған болыстығына Круглоозерное және Скворкино болыстықтары қосылды. Шаған болыстығының өзі 1925 жылға дейін Көшім болыстығы аталып келіп, кейін ғана осы күнгі атауына ие болды. Камен болыстығының орталығы Каменный кенті, ал Шаған болыстығының орталығы - Шаған кенті болды.

1927 жылы Орал губерниясы таратылды. Бұрынғы Орал губерниясының аумағында Орал және Гурьев округтері құрылды. Бұрынғы Орал уезінің бұрынғы Камен және Шаған болыстықтары Орал округінің құрамына кіретін Зеленов ауданын құрады. Сөйтіп, Зеленов ауданы аудандық деңгейдегі дербес бірлік ретінде Қазақстан картасында 1928 жылы пайда болды.

Аудан құрамына Қосшы, Ермолчев, Зеленов, Социалистік, Кордон, Гремячий, Янайкин, Көшім, Екінші Шежін, Камен, Переметный, Семиглавый Мар, Серебряков, Бірінші Шежін, Цыганов небәрі 15 ауылдық кеңестің жерлері біріктірілді.

Ауданның негізгі тарихи қалыптасқан халқы қазақтар. XIX ғасырдың басынан бастап мұнда казактар қоныстана бастады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда орыс-украин шаруаларының қоныс аударып келуіне байланысты көп ұлтты халықтың құрамы қалыптаса бастайды.

Қазіргі Зеленов ауданы Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігіне орналасқан. Ол Батыс Қазақстан облысының Ақ Орал, Бөрлі, Теректі және Тасқала аудандарымен және Ресей Федерациясының Саратов және Орынбор облыстарының жерлерімен шектеседі.

Зеленов ауданы 7,7 мың шаршы километр аумақты алып жатыр. Аудан облыстың оң жағалаулық бөлігінің солтүстігінде орналасқан және солтүстігінде Ресей Федерациясымен, шығысында облыстың Теректі, солтүстік-шығысында Бөрлі, батысында Тасқала, оңтүстігінде Ақ Орал аудандарымен шектеседі. Теректі ауданымен шекаралас орта тұсын солтүстік-батысқа қарай созылып Орал қаласының жерлері алып жатыр.



**ҚАЗТАЛОВКА
АУДАНЫ**



АҚЖАЙЫҚТЫҢ «АҚШАҒАЛАСЫ» ҚАЗТАЛОВТА

ҚАЗТАЛОВ АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ АҚЫН, «АЛАШ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВАМЕН АҚЖАЙЫҚТЫҢ «АҚШАҒАЛАСЫ» АТТЫ ӘДЕБИ САЗДЫ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ. КЕЗДЕСУДЕ АҚЫН ЕЛ, ЖЕР ТАҒДЫРЫ, АНА БЕЙНЕСІ, ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ ЖӨНІНДЕ ӘҢГІМЕЛЕР АЙТЫП, ИМАНДЫЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫН ОРТАҒА САЛДЫ. ӘСЕРЛІ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫДЫ.



Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттегі өшпейтін осынау Еділ мен Жайық тақырыбы Мұрат ақыннан, Махамбеттен бастау алатыны әдебиетсүйер қауымға жақсы белгілі. Мұрат ақын: “Жайықты келіп алғаны, Жағаға қолды салғаны, Еділді келіп алғаны, Етекке қолды салғаны”, – деп толғаса, Махамбет: “Жайық үшін жандастық, Еділ үшін егестік. Қиғаш үшін қырылдық”, – деп атойлатады. Осылайша өр де асқақ рухты алға тарта отырып, қайратына мінеді. Қалғып кеткен намысты дүр сілкіндіреді.

Одан бергі кезеңде Ақжайық өзені тақырыбы ақын-жазушылар Хамза Есенжановтың, Жұбан Молдағалиевтің, Қадыр Мырза Әлінің, Төлеген Айбергеновтің, Фариза Оңғарсынованың, Ақұштап Бақтыгерееваның және Мұхтар Шахановтың шығармашылық қызметтерінде көрініс тауып келеді. Әрине, бұл тізімді соза беруге де болады. Өйткені, қазақта Жайықты жырға қоспаған суреткер сирек екенін жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Алайда, олардың бәрінің аттарын атап, түрлерін түстеу шарт емес шығар.

Осы арада басты айтайын дегеніміз, бүгінгі қазақ әдебиетінде Жайық тақырыбын тиіп-қашып емес, тұтастай өзінің шығармашылық жолының басты өзегі, тұтқасы, негізгі нысанасы етіп алғандар онша көп те емес екенін оқырманға жеткізу болатын. Көп те емес деймін ау, дәл осындай тұрпаттағы екі суреткер табыла қойса жақсы. Табылмаса ше? Сол екеудің бірі, тіпті, екіншісі табылмай қалған күннің өзінде Жайықтың бірден-бір дарабоз тұрақты жыршысы ақын Ақұштап Бақтыгереева десек, қателеспейтін шығармыз.

Не нәрсеге де дәлел керек. Дәл айтылмаған сөз ұшқарылыққа ұрындырады. Ендеше, Ақұштап ақынның Жайықты тұрақты, ұдайы жырлап келе жатқан бүгінгі қазақ әдебиетіндегі бірден-бір жыршы екенін қалай дәлелдей аламыз?

Бірінші дәлел – Ақұштаптың тұлымшағы желбіреген өрімтал кезінен бастап Жайықты жырлауға талпынғаны.





Ол Жайыққа арнаған тұңғыш өлеңін шығарған кезде он бес жасқа да тола қоймаған екен. Міне, содан бері ақын Ақжайықты өзінің тұрақты тақырыбына айналдырып келе жатқаны оқырмандарға жақсы таныс. Сұңғыла ел-жұрт ақынның Жайығым деп соққан сезімтал жүрегін қапысыз таныды. Сөйтіп, Ақұштап апамыз Ақжайықтың ақ шағаласы атанды.

Бұл ақынның имандай шын сыры, қаяусыз көңілі деп білеміз. Анасы сырқаттанып қалса, перзенті жанын қоярға жер таппай шырқырамай ма? Айналып, үйіріліп қасынан шықпай, қолындағы барын анасының аузына тоспай ма? Бүгінгі күні Ақұштап ақын да дәл осындай көңіл-күйде екені аңғарылады. Өйткені, оның анасы

сынды Ақжайық – сырқат. Дерті жылдан-жылға меңдеп келе жатқандай.

Қанатын Жайықтың кеберсіп, құрғап бара жатқан жағасына аяусыз соғып, араша сұрайды. Сенбесеңіз, міне, оқыңыз:

“Жағдайың қалай, Жайығым, Көбейіп кетті-ау уайымың. Алдында туған еліңнің, Жоқ еді-ау сенің айыбың. Жағдайың қалай, Жайығым? Сән беріп едің жағаңа, Ән болып тарап далаңа, Жылдардың сынын көтермей, Сарқылып арнаң бара ма? Шошынды-ау сенен шағала!”

Арнасы жылдан-жылға тартылып бара жатқан Жайықтың жағалауында тұрған Жайық қызы тағы бірде: “Қадіріңді өстім мен жастан біліп, Әуенінен ағынның



дастанды ұғып. Ағатынсың сен онда өткел бермей, Жанарларды арнаңмен жасқандырып. Тірлік сыйлап, жаралдың ән салуға, Жетер екен ғұмырың қанша жылға? Көз алдымда ортайып кеткендейсің, Қажыдың ба, ерке өзен, шаршаддың ба?” деп мұңға да бой алдырғандай болады.

БОЙЫМА ҚАЗАҚИ ҚАСИЕТ ҚАЛЫПТАСҚАН

Халқымыздың ежелден қалыптасқан дархандығы, бауырмалдығы – басқа халықтарды да туғанындай бауырына баса білді. Бұл кешегі соғыс уақыты және тыңайған жерлерді игерген кезеңде елімізге келген басқа ұлт өкілдерінің тұрақтап, ата қонысқа айналдырғанынан көрінуде.

Олар қазақ жерін өздерінің ата мекеніне санап, бұл күнде олардың ұрпақтары қазақтармен етене жақындасып кетті. Сондай жандардың бірі Көктерек ауылында тұратын Надежда Запорожченконы айтуға болады. Ол бұл күнде ауылдағы мектептің 11 сыныбын қазақ сыныбын бітіргелі

отыр. Жақында жолымыз түсіп, Көктерек ауылына барғанда Надеждаға жолықтық.

Надежда айтады: - Менің әкем Анатолийдың ұлты - украин.(өмірден өтті) Ал, анам қазақ қызы. Есімі Күләш. Отбасында 4 бала тәрбиеленіп өстік. Енді жақын күнде мектеппен де қоштасқалы отырмын. Алдымда үлкен мақсаттар тұр. Мен осы кезге дейін айналамдағы адамдардан басқа ұлттың өкілісің деген сөзді естіп көрген емеспін. Анам қазақ қызы болғандықтан болар бойымда бүкіл қазақи қасиет қалыптасқан. Сондықтан елімізде достықтың туы биік болсын деймін, - деді.

ЖАҢАШЫЛ АУДАН

Қараобалықтар әркезде де жаңалыққа құштар. Қандай да бастамашыл істер болсын, алғашқылар болып бастап кетеді. Шамасы шекараның шетінде тұрғасын, жаңалықты бірінші еститін болар...

Міне олар «Жасыл экономикаға» да үлестерін қосуда. «Ибатов», «Сатай», «Бірлес», «Ихсан» шаруа қожалықтары

Волгоград облысынан күн және желден энергия қуатын алатын қондырғыларды сатып алып, пайдасын көруде. Енді олар тұрмыстарында электр қуатын пайдаланатын болады.

Мереке Қайбушев жетекшілік ететін «Ақбота» шаруа қожалығында Ресейден сатып алып келген қалмақ тұқымды ірі қаралары алғашқы төлдерін бере бастады.

Осы жұмыстарды көзімен көрген аудан әкімі Нұрлан Бекқайыр шаруа адамдарына риза болып, еңбектеріне табыстар тіледі.

КӘСІБІН ДАМЫТҚАН

Қазталов ауданында өз кәсібін дамытып, несібесін молайтып жатқан еңбек адамдары көптеп саналады. Олардың қатарында шаруасын дөңгелетіп қана қоймай, үкімет қойып отырған міндеттерге сай ауқымды бағдарламалар бойынша жұмыстарға да мойын бұрушылар бар. Мемлекет еңбек етемін дегендерге барлық жағдайды жасауда. Ал «Алма піс...» - дейтіндерге біз айтқалы отырған мына еңбек адамдары үлгі болады деп санаймыз.

Солардың бірі «Мүслім» шаруа қожалығының жетекшісі Махамбет Тайгарин. Өткен жылы оның жасап жатқан шаруасымен өңір басшысы Нұрлан Ноғаяевтың өзі танысып, риза болған еді. Ол «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы лизингке алынған 64 млн.қаржыға Теректі ауданының «Айсұлу» шаруа қожалығынан 120 бас ақбас тұқымды қашар сатып алған болатын.

Сонымен қатар алынған қаржыға ауыл шаруашылығы техникалары және күн сәулесінен қуат алатын электр қондырғысын алуға да қол жеткізді. Бүгінгі күнде





бұл асыл тұқымды ірі қара малдарының бағым – күтімі талапқа сай жүргізілуде. Дәулетін еселеп жатқан осындай еңбек адамдары кімге болса да үлгі боларлықтай.

ЖҮН ТҮТІП, КӨРПЕ ЖАСАЙДЫ

Бұрыннан да іс тігуге бейімі бар Ғалия Шалақашова жүн түтетін цех ашып, көрпе жасауды жоспарлаған еді. Бұл жоспарды құп көрген Ғалия апамыздың жолдасы Насиболла Азаматов «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттен бір миллион теңге көлемінде қаржылай несие алып, «Арай» жеке кәсіпкерлігін ашып, жұмыстарын бастап та кетті. Орал қаласынан 600 мың теңгеге жүн түтетін станок сатып алды. Жүнді жуып, оны түтумен айналысуға бір адамды жұмысқа қабылдады.

- Негізі көрпе жасаумен айналысқаным 3 жылдай уақыт болды. Станок сатып алғаннан кейін жұмыс көлемі де артты. Тапсырыс берушілердің дені өз ауданымыздан. Көршілес Александров-Гай, Новоузенск аудандарынан да тапсырыстар қабылдадық. Соңғы кездері көрпемізге Атырау қаласынан да қызығушылық танытушылар бар.

Қысты күндері шұлықтар тоқып сатамыз. Жіп иіретін машинаны жолдасым өз қолынан жасап алған. Цехымыз үлкейсе, тағы да жұмысшылар алмақпыз. «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасын қабылдаған Үкіметке алғысымыз шексіз. Соның нәтижесінде кәсібіміз кеңейіп, табысымыз да молайып жатыр- дейді Ғалия Шалақашова.

Иә, «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»

демекші, ерінбей еңбек етсе, кім кімнің де жемісін көрері шексіз.

ОТБАСЫ БЕРІКТІГІН САҚТАЙЫҚ

Елімізде Отбасы күні міне екінші жыл аталып өткелі отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» болып белгіленген болатын. Осы мереке қарсаңында өз жанұя мен туыс-бауырларыңа мейлінше көбірек жан жылуын төгу қажет болса, демек отбасы беріктігін сақтап қалу, оның мәртебесін жоғарылату жағын қарастыруда да ұмытпағанымыз жөн. Елбасымыз «Отан отбасынан басталады» деп әркезде де отбасы мәселесін бірінші кезекке қойып, «Қазақстан-2050» стратегиясында әлеуметтік саясаттың ең құрамдас бөлігін ана мен баланы қорғауға арнаған болатын.

Отбасы күнін мерекелеу - ол отбасын құндылықтарын насихаттау, оның мәртебесін көтеруге бағытталуға тиіс, өйткені әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуі отбасының беріктігіне байланысты екені белгілі.

Еліміздің түкпір-түкпірінде өтіп жатқан Отбасын күнін мерекелеуге бағытталған шараларды өткізуді Казталов ауданының Әділет басқармасы да назардан тыс қалдырған емес. Ағымдағы жылдың 10 қыркүйек күні Казталов ауданының Әділет басқармасының қызметкерлерінің отбасылары арасында спорттық эстафета ұйымдастырылды.

Отбасын құруға ниет білдірген жас жұбайлардың отбасылық құжатын, дүниеге келген перзенттердің



алғашқы құжатын рәсімдеумен қатар, оны салтанатты жағдайда табыс ету бағытында басқармамызда игі шаралар өткізілді. Шара барысында Казталов ауданының әділет басқарманың жетекші маманы А.Ерболат Батырхановтар жанұясын Отбасы күнімен құттықтап, аталған мереке қарсаңында дүниеге келген перзенттері Зинет Заур Тағалламұлына ең алғашқы құжаты-туу туралы куәлікті салтанатты жағдайда табыс етілсе, басқарма ұжымы атынан ескерткіш сыйлық тарту етілді.

Отбасы күнін мерекелеуге байланысты ұйымдастырылған шара Жалпақтал ауылында өз жалғасын тапты. Дәл Отбасы күні 14 қыркүйекте Рамазанов Батырбек пен Сабырғалиева Динараның ақ некелері қиылып, неке қию туралы куәліктері салтанатты жағдайда табыс етілді. Отбасы құндылығын сақтауға, аталған мерекені мейлінше насихаттауға бағытталған шаралар Казталов ауданының әділет басқармасында әркез де өз жалғасын тауып отырады.

Отбасы – ол еліміздің алтын діңгегі , ең басты құндылығы болып табылады. Сондықтан да әрбір жанұя мүшесі өз отбасы алдындағы жауапкершілігін жеке-дара түсініп, ынтымақ-берекесін сақтаса ғана отбасы беріктігі орнықты болады деп есептеймін.





ЕЛДІҢ ДАҢҚЫН АСҚАҚТАТҚАН ДАНИЯР

Рио олимпиадасында жасындай жарқылдаған жас жігіт Данияр Елеусіновтің есімі күллі әлемге таныс. Боксшының финалдағы айқасын тағатсыздана күткен Қазақстан халқы түгелімен арда ұлға тілеулес болды. Былғары қолғап шебері қарсыласын қапыда қалдырды. Өзбек боксшысы Шахрам Гиясовтың жұдырығы көбіне ауа қармап қап жатты. Ұлы тілекті Алла қабыл қылды. Айқас алаңында арланның маңдайы жарқырап сала берді. Даниярдың даңқы әлем шарлап кетті.

Бұл кезде Астана қаласымен бірге Орал шаһары да думандатып жатыр еді. Ал қайсар жігіттің кіндік қаны тамған Қазталов ауданындағы Қайыңды ауылының

тұрғындары бөркін аспанға атып жатты. Олимпиададан соң елге оралған Данияр Елеусінов аз-кем тыныққан соң туған жеріне тартып отырды. Келе сала, құшағы гүлге толды. Жерлестері айбынды ұлдың кекілін тарап, мауқын баса алмады. Батыс Қазақстан облысының әкімі Алтай Көлгіновтің қабылдауында болғанда Даниярдың жасаған мәрттігі қалың жұртты таң қалдырды. Қарапайым жандардың үш ұйықтаса түсіне кірмейтін 10 миллион теңге қаражат сертификатын сал ауруына ұшыраған балалардың «Бәйтерек» қорына бірден табыстады. Жүрегіне әзіз иман ұялаған жомарт жігіттің бойындағы асыл қасиеті мен ұшқан ұядан алған тәрбиесі мығым екенін көпшілік біледі. Себебі ұлдарына бокс әлемін

айқара ашқан әкесі Марат Елеусінов оларды темірдей тәртіпке салып, намысын шарқайрақтай өткірлеп, өжет қылып өсірді. Олимп шыңына ортекедей ойнақтап шығып, бұлшық еті сом болып, бұла күшін ұтқыр техникамен сабақтастыра білуіне әкесінің айтқан әрбір кеңесі айнымас темірқазық, айқын бағыт, сенімді серпін болғаны рас. Бала күннен назағайдай шаншылып санаға сіңген қарапайым қағидалар рухты сілкілеп, бойдағы көк бұлшықетпен білемденіп, өзін тың да ширақ ұстауына себеп болды.

Данияр бала күннен зейінді, сабаққа алғыр боп өсті. Өзі айтқандайын, әкесі бокс үйірмесін ашып, ауылдың балаларын жаттықтырғанда, бірге ілесе баратын. Сол кезде-ақ үйірмеге қатысушылардың арасында белсенді жаттығып жүрген ағасы Дәуреннің сойынан соққысы сойқан серке болатыны анық аңғарылатын. Расында он екі жасынан бастап тынымсыз жаттыққан Дәурен Елеусінов 2000 жылы Тараз қаласында жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан чемпионатында жүлдегер атанды. Кейін Қазақстан біріншіліктерінде топ жарып, 2006 жылы студенттер арасында әлем чемпионы атанды. Қазіргі кезде әуесқой бокста бағын сынауда.

Бокс сабағына бірден араласпаса да, сырттан бақылап, жаттығу залында емін-еркін ойнап, еркелеп, арасында қапты ұрып жүретін Данияр бір күні өзінен екі жас үлкен, дене тұрқы шамалас баламен рингте қолғап түйістіргісі келетінін айтады. Қатал бапкер әкесі алғашында келіскен рай танытқысы келмесе де, айтқанынан танбай тұрып алған кенже ұлын сынап көргісі кеп, айқасқа рұқсат етеді. Данияр сонда өзіне соққы дарытпай, қайсарлықпен қарымта жауап қайтарып, шымыр да ширақ қозғалып, ұпай санымен басым түсті. Сөйтіп, әке сынынан өткен жеті жасар ұл бокс өнерінің қыр-сырын үйрене бастайды. Тынымсыз төгілген тер мен спорт саласына құлай берілуі нәтижесінде оның да жеңісті жолдары басталады. 2006 жылы Кадеттер арасындағы Әлем чемпионы, 2010 жылы Гуанчжоудағы Азия ойындарының чемпионы, 2012 жылы Құрлықтық олимпиадалық біліктілік турнирінің және Қазақстан Республикасы Кубогының жеңімпазы атанды.

Марат Елеусінов ұлдарына әркез сүйеу болып, ақыл-кеңесін айтып отырды. Отбасында болаттай берік тәртіпті бұлжытпай ұстады. Бос жүріске, арзан күлкіге, ойын-сауық іздеп, салғырттыққа бой алдырмауларын ескертті. Жастық жалынын пайдалы іске, жаттығуға жұмсауға үгіттеді. Сыныптастары арасында белсенді болған Данияр мектептегі спорттық шаралардан қалмады. Ол


басқа спорт түрлеріне де қабілетті еді. Әсіресе, футболды жақсы ойнады. Бірақ әкесі таңдау еркін жасау қажеттігін айтқан соң, біржолата боксқа ауысты. Дәурен Елеусінов жаттығу залында денесін шынықтырып, қарым-қабілетін жетілдіріп отыруды жаны сүйді. Ерінбеді. Оған әркез ағасы да сүйеу болды. «Дәурен де олимпиада жеңімпазы болуды армандады. Соған жету үшін бар күш-жігерін жұмсады. Талай қиындықты бастан кешірді. Талай мәрте әділетсіздіктен де жапа шекті. Бірақ, тағдырдың жазуымен, ол армандаған бақ маған қонды. Ағам – мен үшін зор үлгі. Оны өте мықты боксшы деп есептеймін әрі ерекше сыйлаймын. Ол осы даңққа лайық еді. Ағамнан үйренгенім көп. Олимпиада алдында Америкаға барып, кәсіпқой боксшылармен былғары қолғап түйістірдім. Сонда Дәурен бірқатар техникалардың сырын ашты. Кейін Рио олимпиадасына қатысқан кезімде, Америкадан хабарласып, ақыл-кеңесін беріп тұрды», – дейді Данияр Елеусінов. Міне, бауырмалдық деген осындай болса керек-ті. Аға мен іні арасындағы сыйластық тіні, біріне-бірі жанашыр тілегі түпкі арманға жұдырықтай жұмылып жетуге зор әсерін тигізді.


Айта кету керек, қос арланның анасы Ғалия Елеусінова – жүрегі ізгі, жан сарайы мейірімге толы жан. Марат ағамен отасқандарына отыз жылдан асып отыр. Тоқсаныншы жылдары аумалы-төкпелі кезеңде жұбайлар біріне-бірі сүйеу болды. Тату-тәтті, береке ұйыған шаңырақта алдымен дүние есігін ашқан қыздары Динара тал шыбықтай солқылдап, әсем бойжеткен боп өсті. М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ-дың хореография факультетін бітірді. Кейін Астана қаласындағы мемлекеттік «Наз» би ансамбліне қызмет етті.

Негізі Марат Елеусінов – он екі ата Байұлының Алаша қауымынан тараған, XVIII ғасырда өмір сүрген Құдайқұлұлы Байбарақ батырдың ұрпағы. Даниярлардың атасы Тәліп ауыл-аймаққа танымал күйші әрі бастауыш сынып мұғалімі болған. Марат ағамыздың домбыра, гитара тартып, ән салатын өнері, даңқты боксшы-бапкер болып танылуы тегін емес.

Даниярды кезінде анасы боксқа жібергісі келмейді. Отағасыға Дәуренді ғана жаттықтыруын өтінеді. Бірақ кенже ұл қиылып сұрап, мектептегі оқу үлгерімін төмендетпеуге уәде береді. Мейірім шуағы мен аялы алақан жылуын аямай төгетін отанасы әке ізіне ерген балалардың бар жағдайын жасады.

Ғалия Елеусінова ұлдары шаршы алаңға шыққанда, қатты қобалжиды екен. Бразилияда өткен Олимпиадада қабағы жырылған ұлының айқасын көруге дәті бармады.





Әрине, лүп-лүп етіп, нәзік сәуле шашып тұратың ана жүрегінің қандай хал кешкенін баршасы жете түсінген болар. Дегенмен Ғалия апа ұлдарының жорықты жолдарына әрдайым тілеулес болып, спорт саласындағы жаңалықтарды назарынан қағыс қалдырмайды.

Марат Елеусінов – қос құлынының тағдыр-талайына зор әсер еткен әке. Оларды табандылыққа, орнықтылыққа, әділетті болуға баулыды. Жеңілістің ащы дәмін татқан кезде ұлдарына қабақ шытып, еш зекімейтін. Керісінше, қателіктен сабақ алып, ұдайы талқылап отыруға баулитын. Оның пайымдауынша, Дәурен – бокста бетпе-бет қарсыласып, жойқын соққы жасағанды жақсы көретін қара күш иесі. Ал Данияр бала күндегі әдетіндей, ылғи да ылдым-жылдым қалпында денесіне соққы дарытпайды. Қорғанысқа мән бере жүріп, ұрымтал сәтті күтеді. Сондықтан бапкер ұлдарын болмысына сай баулуды жөн көріпті. Соның нәтижесінде Данияр дарабоздай жұлқынып, жасындай жарқылдап, ұршықша үйіріліп, шаршы алаңда қарсыластарын шақ келтірмеді. Қазақтың бағына біткен аймаңдай ұл бокстан 69 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз даңқ сабақтастығының үзілмеуін қамтамасыз етті. Оның бокс алаңында өзіндік өрнегінің қалыптасуына әке тәлімі мен аға тілеуестігі зор себеп болғаны мәлім. Тіпті Дәурен інісіне жол ашып кетті десе де болады. Себебі үлкен ұлын жаттықтырған кезінде ескерілмеген жайттарды жадына түйген Марат Тәліпұлы Даниярдың бойына бокс өнеріндегі бай тәжірибесінің бар сәулесін сіңіруге

тырысты. «Бапкер шәкірттеріне дем беріп, жігерін жанып отыруы тиіс. Оның жан-дүниесіне бойлап, қандай күй кешіп жүргенін сезіне білуі керек. Барлық жағдайда жанашырлық танытып, қолдау білдіргені жөн. Ал менің әкем – дәл осындай жан», – деп бағалады Данияр Елеусінов. Марат Тәліпұлы – Елеусіновтер әулетінің асқақ бәйтерегі, бүгінде қамқор ата. Сом білекті, арыстан жүректі Дәуреннен бір ұл, бір қыз, Динарадан жиен сүйіп отыр. Ал Даниярдың Даниэл атты ұлы бар. Рио-де-Жанейрода 17 тамызда даңқты финал өткеннен кейін тура он күннен соң бір жасқа толған ұлына алтын медалін сыйға тартты. Алина есімді асыл жары қосағына әрдайым қолдау білдіреді. Данияр жартылай финалдағы жеңісін жарына арнағаны белгілі. Бұл отбасының тамылжыған мейірім-махаббат нұрына бөлінгенін дәлелдейді.

«Егер ұлдарымның жанарындағы отты немерелерімнен көрсем, бокс өнеріне баулимын», – деді Марат Тәліпұлы. Елеусіновтер әулетінен әлі талай дарабоз шығарына біз де кәміл сенеміз.

Рио-де-Жанейродағы XXXI Жазғы Олимпиада ойынында Тәуелсіздіктің төл перзенті Қазақстанның көк Туын биік тұғырда желбіретіп, еліміздің даңқын күллі әлемге паш етті. Қазақтың марқасқа ұлы Данияр Елеусіновтің әл талай шыңды бағындыратыны анық.

Нұркен ӘБДІҒАППАР,
Орал қаласы

A wide, shallow, eroded channel in a dry, grassy landscape under a cloudy sky. The channel is filled with sand and small rocks, and the surrounding hillsides are covered in sparse, dry vegetation. The sky is filled with soft, white clouds, suggesting a bright but slightly overcast day. The overall scene depicts a natural erosion feature in a semi-arid environment.

МУХИТ ЕЛІ





МУХИТ МЕРӘЛІҰЛЫ

(шын есімі Мұханбеткерей)



Мұхит Мерәліұлы 1841 жылы Орал губерниясы, Жымпиты уезі, Жақсыбай болысының Ақбақай елді мекенінде дүниеге келген. Бұл қазіргі Қаратөбе ауданының (бұрын Саралжын деп аталды) Мұхит ауылы. Мұхит бабамыз атақты әнші, композитор, ақын. Төре тұқымынан шыққан Мұхит кішкентайынан домбыра ұстайды. Бір естіген әнін өзі салып алатын болады. Ауылға келген жыршы, әнші домбырашының қастарынан қалмайды. Әкесі оның серілік мінезін ұнатпай, билік құруға баулып, ауылнай қылады. Бірақ Мұхит қоржыны мен мөрін бір ауылдасына беріп кетіп, өнер жолына бет бұрады. Ауқатты отбасынан шыққан Мұхиттың туған ағалары Паңгерей, Шәңгерей, Сақыпкерей, Жанша,

Жүсіптер –домбырашы, әнші әрі скрипкада ойнау өнерін де меңгерген.

Мұхиттың ерекше ұстаз тұтқан адамы - Құрманғазының шәкірті, асқан әнші, әрі күйші Кетеден шыққан атақты Ешнияз сал. Ешнияз арқылы Мұхит Құрманғазы мен Даулеткерейдің алдын көрген. Сөйтіп, Қазанғап, Түркеш, Соқыр Есжан, Мәмендермен де араласқан. Мұхит ауылға келген әнші-күйші, ақын-жыраулардың қасында болып, өнер үйренеді. Ел аралап жәрмеңкелерге қатысып, той-думанның сәні атанады. Ол Ақжайық, Атырау өңірін түгел аралап, Орынбор, Қостанай, Орск, Қазалыға дейін барып, халық мұрасы - әндерін дәріптеп, ел арасына насихаттайды. Сөйтіп Мұхиттың атағы елге тегіс тарап, «Әнші Мұхит, Сал Мұхит», «Үш жүзге ән оздырған Мұхит» атануы да содан.

Мұхит әндерінің бітім-болмысынан сахараның мол пішімі, ондағы өмір сүрген елдің арман-



мұңы, тағдыр талайы, отаршылдықтан рухы түспеген қазақтың өршіл қасиеті көз алдыға келеді. Өмірді терең болжай білген Мұхит тіршілікте өнерді бәрінен жоғары қояды. Сондықтан да өзі ақсүйек, атақты Қаратай сұлтанның шөбересі, дәулетті Мерәлінің ұлы бола тұра өмірдің парқын байлықтан іздемей, барша саналы өмірін өнерге бағыштайды. Ол біраз уақыт өзгенің шығармаларын, халық әндерін орындаушы болып жүреді. Кейіннен өзі ән шығаруды бастайды. Мұхиттың «Айнамақ», «Алуаш», «Зәуреш», «Ақиіс», «Қилым» «Бала Ораз», «Жылқышы», «Кіші Айдай», «Үлкен Айдай», «Паңкөйлек», «Кербез», т.б. әндері халыққа кеңінен тараған. Мұхит артына 30-дан аса ән мен күй қалдырды. Мұхит әндерінің

қазақтың музыкалық мәдениетінде алар орны ерекше. А.В.Затаевич Мұхитты «Қазақтың Баяны», «Қазақстанның Батысында Мұхиттың творчествосын белгілі «ән мектебі» деп қарау керек» - деп айтқан. Мұхиттың әншілік, ақындық мұрасын біздің заманға жеткізген балалары – Шоң, Нәу, немерелері Шайқы, Лұқпан, Ғұбайдолла. Қазақ радиосындағы алғашқы дикторлардың бірі, ұлты татар, Қаратөбе ауданының тумасы Тәмті Ибрагимова апамыз Мұхит әндерін орындап, таратушылардың бірі. Ал Ғарифолла – Мұхит салған әншілік мектептің алтын діңгегі. Кең тыныстылықты, асқақта шырқау үнділікті талап ететін Мұхит әншілік дәстүрі негізінде әншілердің Батыс Қазақстан

өңіріне тән ерекше бағыты – «Мұхит мектебі» қалыптасқан. Мұхиттың бізге жеткен «Алшаң боз» деген күйі бар. Өнер зерттеуші Затаевичтің «Қазақтың 100 әні» кітабына Ғанбар Медетовтың тартуымен жазылған екен. Күйді ауданымыздағы белгілі музыка маманы Әлеумет Мәмбетов өңдеп, партитурасын жазып, оркестрдің орындауында Мұхиттың 140, 150 жылдық мерейтойларында орындалған. Мұхит бабамыз 1918 жылы 15 наурызда 77 жасында дүниеден өтті. Ақбақай қорымында жерленген. Оның зиратын 1958 жылы академик Қажым Жұмалиев тауып, белгі қойылған. Қаратөбе ауданы орталығындағы орта мектебіне Мұхиттың есімі берілген. Мұхиттың туғанына 140, 150 жыл толуына орай 1981, 1991 жылдары Саралжын жерінде республикалық дәрежеде тойланса, 2006 жылы Мұхиттың 165 жылдығына орай Ақбақай қорымында бұрын қойылған ескерткіштің орнына биіктігі 8 метр Ақтаудың ақ мәрмәр тасынан шығыс үлгісіндегі кесене орнатылып, баба рухына арналып ас берілді. Алдағы жылы Мұхит Мерәліұлына 175 жыл толады. Соған байланысты ауданымызда бабамызды құрметтеуге арналған игі іс-шаралар өтетіні заңдылық. Мұхит әндерін орындап жүрген танымал эстрада әншілері бар. Мұхит әндерін халық арасында кең насихаттауда осындай іс-шаралар республика көлемінде де атап өтілсе құба-құп болар еді.





ЖАҢАРҒАН ҚАЗАҚ ЕЛІ

*Қаратөбедегі тарихи оқиғалар
Қаратөбе съезі*

Тарихтан белгілі, Қаратөбе съезі 1918 жылдың ақпан айының соңғы күндерінде болған. «Үшінші Орал облыстық қазақ съезі»

Жаһанша Досмұханбетов: «Халқым, бауырларым, ғасырлар бойы ата-бабамыздың, ел қамы үшін етегімен су кешкен асылдарымыздың аңсаған азаттығы, көксеген еркіндігі үшін шешуші аттанысқа шыққылы тұрмыз...» деп сөзден бастап түсіндіріп, күн тәртібіндегі негізгі қаралатын мәселелерді атайды. Онда үкімет құру, әскер жасақтау, құрылымды ұстау үшін қаржы жинау өзекті мәселе екендігі айтылады.

Алашорда қозғалысы-тарихтың, егемендік алудың бастамасы екені хақ. С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романы, Ж.Ақбайдың «Жанша» А. Боранқұловтың «Күнбатыс Алашордасы», «Алашорда-тәуелсіздік бастауы», М. Тәжімұраттың «Шәңгерей» атты еңбектерінде дәлелденәп, көп жыл бойы жариялануға рұқсат етілмеген тақырып өз мәресіне жетті. Міне, сол қазақ зиялыларының ойшылдығы, түп мақсатты мегзеуі, күндердің күнінде халқымызға оралды, оның куәсі-Жаңарған қазақ елі деп білеміз.



Қаратөбе съезі деп тарихтан өзіндік орын алған үшінші Орал облыстық қазақ съезі тәуелсіздікке бір табан қадам жасады.

Осы съезге өз ниеттерімен қатысып, келелі пікірлерімен көзге түскен Қасаболатов, Ипмағамбетов, Жолдыбаев, ағайынды Әлібековтер, Мырзағалиевтердің де құнды ұсыныстары көпшілік тарапынан қолдау тауып жатты. Болған айтыс-тартыста екі жақты мәмілеге келтіруге елге танымал қазірет Қуанай Қосдәулетовтің сіңірген еңбегін атап көрсетуге болады. Қаратөбе съезіндегі алынған шешімдер кейін «Ойыл уәлаятында» біршама жүзеге асқанын тарихтан білеміз. Уәлаят орталығы Жымпиты мен Қызыл қозыда әскери жасақтар құрылып, олардың білімдерін көтеру үшін Ойылда юнкерлер мектебі ашылды. Банк, телеграф жұмыс жасап, Алашорданың орталық басшылығымен тығыз қарым-қатынас орнады. Осы съездің шешіміне сай Досмұхамедовтер Мәскеуге барып, Кеңес үкіметінің басшылары В.Ленин және И.Сталинмен

келіссөздер жүргізеді. Осы кеіссөздердің нәтижесінде жас қазақ үкіметінің Самара, Саратовтағы басшылығының арандату әрекеттерінің кесірінен Күнбатыс Алашорда үкіметінің кеңес үкіметіне деген сенімі жойылады.

Кейін тарихтан блгілі болғандай, жаңа құрылған жас Алаш үкіметі кеңес үкіметінің озбырлық сасатының құрбаны болып құлатылып, оның басшылығы қуғындалып, көзі жойылады.

Қаратөбе съезі деп тарихтан өзіндік орнын алған үшінші Орал облыстық қазақ съезі тәуелсіздікке бір табан қадам жасады.

Мемлекеттіліктің іргетасын қалауға талпыныс жасап, көптеген жоспарлармен съезге шықты. Кейін мәлім болғандай, олардың бірқатары жүзеге де асты.

Қаратөбе ауылында Алашорданың батыс бөлігінің басшысы Жаһанша Досмұхамедовтің басшылығымен болған съез өткен үй көненің көзіндей болып тұр. Жаз айында «Қазақфильм» киностудиясынан арнайы мамандар келіп, «Айбынды Жаһанша» деректі фильмі түсірілді.



ҚҰСТАР ҮНІ СӘН БЕРІП ТҰР, ШАЛҒЫНҒА

Ауылға көшіп келгенімізге екі жыл жарым болды,-дейді, Шалғындағы құс өсірумен айналысатын «Жәрдем» шаруа қожалығының жетекшісі Қадірбек Жәрдемов. - Қалада он сегіз жыл тұрдым, әр салада еңбек еттім. Жолдасым – Самал, мұғалім. Анам және төрт қызым бар. Өзім осы Шалғын ауылында туып-өстім. 2013 жылы өз туған ауылыма келдім. Қалада да құс өсірумен айналысып, біраз тәжірибе жинадық. Ауылға келгендегі мақсатым да осы Шилі өзенінің бойында құс шаруашылығын дамыту. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасымен 3 млн. теңге несие алып, екі мыңдай құс сатып алдық. Қаздың линда, үйректің белогорская тұқымдарын Оралдан сатып алдым. Негізі бұл тұқымдар Ресейлік. Біздің жерді жатырқамай өсіп-өніп кетті, - дейді Қадекең. Аудандағы бірден-бір құс өсіруді кәсіп қылған бұл қожалық облыстық грантты жеңіп алу үшін конкурсқа қатысып, облыстан 47 жобаның ішінен жеңімпаз деп танылып, 1880000 теңге ұтып алған. Сол кездің өзінде тұқымға алып қалған 100-дің үстінде құс болса, былтыр осы гранттың арқасында 1000 қаз, 1000 үйрек, 1000 тауық т.б. құс түрлерін, сонымен қатар балапан бастыратын арнайы инкубатор сатып алыпты. 1056 дана тауық жұмыртқасын, 756 қаз жұмыртқасын бастырып шығаруға болады. Биылғы жылы сол инкубаторға жұмыртқаны Ресейден сатып әкеліп, 1000 тауық жұмыртқасын, 756 үйрек бастырып шығарған. Өнімдері көбіне балапан күйінде жақсы өтеді. Осы істі бастаған кезде балапанды сатып әкелсе, қазір осы

инкубатордың арқасында өздері балапандарды саттыққа шығаруда. Инкубатордың 5000 балапан шығаратын үлкен түрін алсақ деген ойларын да жасырмады. Жұмыртқа қызы-жазы үзілмейді, сатуда болады. Құс етін де саттыққа шығарады. Құс сойылған соң әрине, мамығы болады, оны да өңдеп, құс көпшік жасап сатуда. Тауарлары сұранысқа ие. Шаруашылықты бұдан әрі үлкейту бағытында жұмыстанып жатырғандығын, алла қаласа, 5-6 мың құсқа жеткізсек деген ойлары да бар екендігін жасырмады. Ол бірақ болашақтың еншісінде. Шаруашылықта негізінен өзі, анасы Сәлима апай, жан жары Самал, Самат есімді көмекші жігіт бар. - Демалыс кезінде қыздарым да үлкен қолғабысын тигізеді. Құс бағуда оңай емес, ауру-сырқауы болады, ол кезде Ресейлік дәрігерлермен сөйлесіп, кеңес алып, қандай дәрі-дәрмек қолдану керектігін сұрап алып жатамыз. Енді ауылға интернет қосылса жақсы болар еді деп армандаймыз. Байланыс көкжиегіміз кеңейер еді, көптеген сұрақтарды сол интернет арқылы шешіп алар едім деп ойлаймын. Осылай деген ол инкубатордан шыққан балапандарға бастады. Жаңадан шыққан балапандарды түр-түсіне қарай топтап қойыпты. Тура құс базарындай. Инкубаторға салған жұмыртқадан 60-70 пайызға дейін дені сау балапан шығады екен. Әрине ауылда тұрған соң тек құспен емес, мал шаруашылығын да дамытып жатқанының куәсі болдық. Еңбегің жана берсін, Қадірбек!

Қадірбектің ісі кейінгі жастарға үлгі болса, адал еңбектің жемісін көрер азаматтар көп болары сөзсіз.

«АЛТАУ АЛА БОЛСА, АУЫЗДАҒЫ КЕТЕДІ, ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА, ТӨБЕДЕГІ КЕЛЕДІ»



КҮНІ КЕШЕГІ ЖАҒАНДЫ ЖАЙЛАҒАН ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫ «МЕН МЫҚТЫМЫН» ДЕГЕН ТАЛАЙДЫ ТАЛҚЫСЫНА АЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. СОЛ ТҰСТА ЕГЕМЕНДІК АЛҒАЛЫ БЕРГІ УАҚЫТТА ЕҢСЕСІН ЕНДІ ТІКТЕЙ БАСТАҒАН ЕЛІМІЗДІҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚОЛҒА АЛУЫ, СӨЙТІП АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ АЛДЫМЕН ДЕН ҚОЮҒА ҰМТЫЛЫСЫ ҚАЗІРГІ КӨП ІСКЕ БАСТАУ БОЛҒАНЫ РАС.

Осы орайда, бүгінде еліміздің басқа да жерлеріндегідей, Қаратөбе ауданының ауыл шаруашылығы саласында да қолға алынып, қозғау салынған іс аз емес. Мұның ішінде аудан бойынша алғандағы 212 шаруа қожалығында жасалынып жатқан жұмыстардың осынау елдік мақсаттағы іске қосар өзіндік үлесі де жоқ емес. Ауданның Жусандыой селолық округіне қарасты ағайынды Құбашевтардың «Думан» шаруа қожалығының да дйттеген межесі осы десек оғаштығы жоқ.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Біз сөз еткелі отырған «Думан» шаруа қожалығы ең алғаш 1998 жылы алғашқылардың бірі болып құрылған. Серік Құбашев бастаған ағайынды бес жігіттен құралған қожалық жер алып, ерінбей еңбек ете жүріп мал басын өсірумен айналысқан. Сәкең сол алғашқы кезден-ақ жоқтан бар жасауға талпынды, өзінің адал еңбегіне сүйенді, балаларын да, бауырларын да осыған үйретіп

бақты. Сол еңбектің нәтижесі болар, қаладағы бауыры Ершат Құбашев та осы қожалықтың мүшесі болып, шаруашылықты одан әрі ірілендіріп, өз қаражаттарына жаңадан үйлер, қора-жайлар салып, техника сатып алып, енді алты ағайынды жігіттен құралған үлкен шаруашылыққа айналды. Ерінбей еңбек ете жүріп мал басын құрады, қажетті техникаларын түгендеуге де тырысты, шабындығынан жем-шөп дайындап, артылғанын ауылдастарына сатып, тынымсыз тірлік етулі.

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК – ЖАНҒА САЯ

Анау тұста көрініп тұрған қоныс – біздің ат басын тірер ауылымыз болады, – деді жолбасшымыз қолын ілгері сілтеп. Жаңбырлы көктемнің септігі болар, айналамызға жіті көз тастаған біздің алдымен байқағанымыз жайылымның шұрайлылығы еді. Шаруа қонысында алдымен аңғарғанымыз шабындықтан жеткізіліп, бес қатарға созыла үйіліп жатқан орама пішен қоры болды. Біз барғанда су жаңа көліктен жаңа ғана түсіп, шаруа жайын ақылдасып жүрген еңгезердей ақсары жігіт, осы қожалықтың ұйымдастырушыларының



бірі Ершат Құбашев болып шықты. Жолымыздың болғаны болар біз барсақ алты ағайынды жігіттердің бәрі де қыстақ басында болып шықты.

– Шүкір, қатардан қалмауға жұмыстанып келеміз. Негізгі бағытымыз – мал басын өсіру, оның өнімін молайту, асылдандыру, жем-шөп дайындау. Жалпы елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға жасалып жатқан қамқорлық пен қолдауды біз жете сезінеміз. Соңғы уақытта ауданымызда мал шаруашылығын өркендетуге оң жағдайлар жасалуы қуантады,-дейді Серік Құбашев. - Шаруа қожалығының басшысы өзім. Інім Ершат Құбашев, отбасылы, қалада тұрады. Біздің қожалықтың есеп жұмысын жүргізеді. Берік, Ерсайын, Жұмагелді, Амантай деген інілерім бар. Әрқайсысының өзіндік атқаратын қызметтері әртүрлі. **ҚҰБАШЕВ АЙТҚАЛИ ДЕГЕН ӘКЕМІЗ ӨМІР БОЙЫ ҰСТА БОЛҒАН АДАМ.** Өзімнің мамандығым негізі мұғалім. Орал педагогикалық училищесін бітіріп, екі-үш жыл жасадым да, шаруашылыққа араласып кеттім. Техникалық базамыз жеткілікті. 4 трактор, шөп шабатын құрылғы, шөп тайлағыш, шөп үйетін стагомет жұмыс жасап тұр. Мал болғасын шығын болмай тұрмайды. Биыл 38 бұзау алдық. Қозыны орындадық. Үкіметтің «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша 1,2 км. электр желісін тартып алдық.

Еңселі үй, үлкен сарай мен гаражы, жылжымалы вагон үй, электр жүйесі де келіп тұрған, сәл әріреректе қора – қопсылары бар, бір қарағанда шағын қалашық секілді көрінетін қоныста бізді назарымызды аударғаны үйдің айналысының бәрі қоршалып, тазалыққа да үлкен мән

беретінін аңғардық. Сәл кейінге шегініс жасасак, ауданда ең алғаш жасыл экономиканы енгізіп, күн көзінен қуат алатын батареяны да орнатып, электр желісі тартылмаған кезде жарықпен қамтамасыз етуді бастаған да осы қожалық болатын.

ШҰРАЙЛЫ ШАБЫНДЫҚ

Қожалықтың пайдалануындағы шабындық алқабы да қыстақ маңынан онша қашық емес. Бітік шыққан шабындыққа биыл шалғы ерте салынып, негізінен шабылып, тайланып та үлгеріпті. Қысқы керек мал азығы қыстақ басына жеткізіліп алынғанымен, шабындықтағы орамалардың қарасы әлі молдау көрінеді. Қожалықтағы төрт трактордың екеуі «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы алынған.

- Негізінен осы үш трактордан да ауыспайды. Биыл шөптің шығымы жақсы, оны өздеріңіз де байқап тұрған боларсыздар. Жеткілікті шөп қорын жинадық, артылғанын жылдағыша ауылдастарға сатуды ұйымдастырамыз, - дейді шаруагердің өзі.

Иә, шаруа адамына қолдау – көмек болса, тірлігін түзей түсуге кәсібінен нәсібін молайтуға, сол үшін ерінбей еңбек етуге деген талпыныс бары шынымен де құптарлық жайт емес пе? Сонымен қатар, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», деген аталы сөзді берік ұстанған ағайынды Құбашевтарға, бірліктеріңіз берекелі, тірліктеріңіз мерекелі болсын деген тілекпен ауылға қайттық.

Шаруа ауылында болған аз уақытта көңілге түйгеніміздің бірі де осы еді.



СЫРЫМ АУДАНЫ



«ӘРКІМНІҢ ТУҒАН ЖЕРІ МЫСЫР ШАҺАР»



ҰЛЫ ДАЛАНЫ ЕМІН – ЕРКІН МЕКЕН ЕТКЕН АТА – БАБАМЫЗДЫҢ, БҮГІНГІ ТАҢДА ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ДӘУІРІНІҢ ЖАҢА ДАМУ КЕЗЕҢІНЕ АЯҚ БАСЫП ОТЫР. ЕЛБАСЫМЫЗ «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ – 2050: БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА, «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ҰСЫНДЫ. БҰЛ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ АҢСАҒАН ЖОЛЫ. АЛ, «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ - ТАРИХИ ҚҰЖАТ. ОСЫ МАҚСАТТА ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫН ӨЗ ОТАНЫНЫҢ ПАТРИОТЫ ЕТІП ТӘБИЕЛЕУ МІНДЕТІ ТҰР. БҰЛ ЖОЛДА, ӘРІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДЕ НЕГІЗІН ҚАЛАУ ҮШІН КЕЗ – КЕЛГЕН ЖАС ҰРПАҚ ӨЗІНІҢ КІШКЕНЕ ОТАНЫН, ЯғНИ ТУҒАН ЖЕРІН ТАНЫП – БІЛҮДЕН БАСТАЙТЫН БОЛАДЫ.

Өткен тарихымызға тағызым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, кемел келешекке деген сенім де – Отанды сүйуден басталмақ. Ол ата – бабамыздан мирас болып келе жатырған ұлы мұрамызды қастерлеп, оны көздің қарашығындай сақтап, өз үлесінді қосып, дамытып, кейінгі ұрпаққа насихаттау біздің басты борышымыз. Қазақ халқының ұлан ғайыр жерінің ертеңі үшін алаңдап, келешекке олардың атауларын да аманаттап отырғаны белгілі.

Сырым бабамыздың тері сіңген, өз халқын ұлы күреске бастаған қонысындағы жер – су атауларының да, өзіндік тәрбиелік мәні барын, ұрпағы есінде сақтауға тиіс екенін естен шығармауымыз керек.

Сырым елі – көпті көрген, ғасырлар бойы тарихи оқиғалардың куәсі болған көне өңір. Сырым ауданындағы тарих пен мәдениет ескерткіштер жиынтығы болып табылатын 600 - дей оба, 50 – ден астам мазар, ғибадатханалар бар.

ТУҒАН ЖЕРГЕ САЯХАТ!

«Әркімнің туған жері мысыр шаһар», - десек қателеспейміз. Сол туған жеріміздің өткені мен кемел келешегінің даму жолында әркім – ақ, шама шарқынша еңбектенеді. Біздің Сырым ауданы тоғыз жолдың торабында ораналасқан тарихи мекен. Талай тарихты басынан өткіріп, небір асылдың

сынықтары жерімізді мекен еткен киелі аймақ. Тәуелсіздіктің туын алғаш көтеріп атқа қонған Сырымдай батырдың жерінде, кешегі Құнбатыс Алашорданың да жасыл туы желбірегені тегіннен – тегін емес. Сол киелі ата қонысқа ие болып, тәуелсіздіктің тәтті шағын көру бақыты бұйырған, бүгінгі өскелең ұрпақтың бағы бар екен.





Жетікөл ауылдық округі. Бұл округтің аумағы Даттың ұлы Сырымның өмірбаянына өзек болғандықтан, тарихи маңызы мейлінше зор. Осы округте Сырым батырдың баласы, ру билеушісі, әскери старшын, полковник, тархан Қазы бидің және Сырым батырдың немересі Омар би Қазыұлының бейіттері бар. Бұдан бөлек, Даттың немересі Сәттің жартылай құлаған кесенесі мен қыл араласқан шикі кірпіштен салынған Шошақмола да осында. Округтің Ағоба мал шаруашылығы мекенінен шақырым ұзамай Ормантай әулиенің де бейіті бар.

• СЫРЫМ – Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының 1992 жылы берілген атауы. Сырым елі – ел егемендігі жолында қол бастаған жолбарыс жүректі батыр, ел басқарудың қыры мен сырын терең ұғынған кемеңгер Сырым Датұлының кіндік қаны тамған жері. Толғауы тоқсан тарихы мол тұлғаларымен ерекшеленетін киелі мекен. Қазақ елінің бостандығын аңсаған Сырым Датұлы бастаған орыс отаршылдарына қарсы 14 жылға созылған ұлт – азаттық көтерілісі осы өңірде болып

өтті. Халық жазушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев айтқандай, біздің Сырым бабамызды қазақ халқы екі жарым ғасыр толғатқан екен. Сырым Аттилладан бері жалғасатын, Балқан мен Алтайдан бірақ шығатын, арасы алшақ Тайбурыл шаппаса басқамен жете алмайтын қашық тұрған қадау – қадау үлкен тұлғаның біреуі! Сырыммен қазақ тарихында ұлт – азаттық қозғалыс, қазақ бұрын шұғылданып көрмеген жаңа күрес басталған.

• СЫРЫМ ШЫҚҚАН ТӨБЕ – Сырым ауданы, Шолақаңқаты ауылдық округі аумағындағы Тоғанас ауылының шығыс жағында 12 км қашықтықта орналасқан дөң атауы. 1790 жылы Сырым батыр осы дөңнің төңірегін қаздырып, топырақ үйген. Биіктіктің үстіне бекет орнатып, төңірекке шолу жасап, жаудың қимылын алыстан бақылауға алған.

Қазір төбе мемлекет қамқорлығына алынып, 2007 жылы Сырым Датұлының туғанына 265 жыл толуына орай Сырым шыққан төбе биіктігінде төрт тұғырлы тарихи ескерткіш ашылды.



«АЛАШ АРЫСТАРЫ»

«Алаш арыстарына» арналған саябақ 2008 жылдың қазан айының 2 - сі «Алашорда қозғалысының – 90 жылдығына» орай Сырым ауданы Жымпиты ауылының орталығында ашылды. Бұнда Алаш қайраткерлеріне арналған ескерткіш пен Алаш арыстарының тас мүсіндері орналасқан.

Алашорда қайраткерлері – бостандық пен еркіндіктің алғашқы сара жолын салған қанатты сұңқарлар, олар – ел мен жер үшін ары мен рухын ту еткен тұяқты тұлпарлар, олар – қараңғы қазақ көгінде жарық күн болған алыптар, қазақтың тәуелсіз мемлекетін құру жолында жанын пида еткен айбарлы арыстар!

Батыс және Шығыс Алашорда үкіметінің басшылары мен белді мүшелерінің мүсіндері:



ЖАҢАША ДОСМҰХАМЕДОВ – 1887 жылы қазіргі Сырым ауданы Бұлдырты өзенінің сағасы Тамды бойы Қарақұдық елді – мекенінде дүниеге келген. Мәскеу университетінің заң факультетінің түлегі. Алғашқы білім алған жері – Жымпитыдағы «Приходская школасы», онан кейін

Оралдағы әскер реалдық училищесі. Еңбек жолын Томск қаласында прокурор орынбасары болып бастап, 1917 жылы Ақпан революциясы тұсында туған топыраққа оралып Алаш қозғалысының қайраткерлерінің бірі ретінде тарихи аренаға шықты. 1917 жылдың сәуірінен бастап 1920 жылдың ақпан айына шейін қазақ елінің батыс бөлігіне билік жүргізген Күнбатыс Алашорданың лидері – бірінші басшысы болып қазақ халқының егемендігі мен тәуелсіздігі жолында аса көрнекті қайраткер ретінде тарихтан орын алды. 1938 жылы 3 тамызда саяси қуғынға ұшырап, өлім жазасына кесілді. 1958 жылы 28 ақпанда ақталды.



ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ – 1883 жылы 24 сәуірде Атырау алқабы Қызылқоға ауылында дүниеге келген. Алашорданың күнбатыс бөліміне Жаһаншамен бірге басшылық етті. 1894 – 1902 жылдары Орал әскери реалды училищесінде

оқып, кейін 1903 – 1909 жылдары Санкт – Петербургтегі әскери медициналық академиясында оқып, оны үздік аяқтайды. Елге оралып әскери құрамдарда, кейіннен халық арасында дәрігерлік іспен айналысады. 1917 – 1920 жылдары Алашорда қозғалысының көрнекті қайраткері, оның батыс бөлігінің басшыларының бірі ретінде ұлттық мүдделерді жүзеге асыруға белсене жұмыстанды. Сонымен қатар балаларға арнап «Табиғаттану», «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі» т.б. оқулықтар жазған. 1939 жылы 19 тамызда Алматы қаласында ату жазасына кесілді. 1958 жылы 11 ақпанда ақталды.



БЕРКІНҒАЛИ АТШЫБАЕВ

– 1897 жылы бұрынғы Гурьев уезі Қазыбек болысы Миялы ауылында дүниеге келген Батыс Алашорда қайраткері, қазақтың тұңғыш мұнай барлаушы геологы. Тегі – Байұлына жататын шеркеш руының жауғашты бөлімі. Алдымен Гурьев уезі Есбол болысына қарасты Қаракөл бір

кластық орыс – қазақ мектебін, кейін Гурьевтегі екі кластық Романов орыс – қазақ училищесін оқыды. 1918 жылы жазда Жымпитыда ашылған офицерлер даярлайтын алты айлық юнкерлер мектебіне түседі. Мектепті бітіріп, прапорщик шенінде Алашорданың батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімшесінің Бас интенданты болып тағайындалады. 1937 жылы тұтқындалып, «алашордашыл, контрреволюциялық ұйымға қатысы бар» деген айыппен тұтқындалып, сол жылдың аяқ шенінде этаппен Орал қаласына айдалып, хабарсыз кетті.



УӘЛИХАН ТАНАШЕВ

– 1887 жылы Бөкей ордасында дүниеге келген. 1909 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Астрахан қаласында адвокат болып қызмет еткен. Ол Алашорда үкіметінің екі съезін ұйымдастырып, желтоқсан съезінде Ұлт

кеңесіне мүше болып сайланған. Сонымен қатар Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаевтармен бірге Петроградтағы «Шуро – и - исламдағы» Алашорда үкіметінің өкілі болды. 1930 жылдары құғынға ұшырап, айдауда болады. Босап шыққаннан кейін Қазан қаласында тұрып, сонда 1968 жылы қайтыс болған.



ҒАЙСА

ҚАШҚЫНБАЕВ

– 1891 жылы 15 қыркүйекте Орал облысы Ілбішін уезі Құрайлы болысы №3 ауылда дүниеге келген Күнбатыс Алашорда үкіметінің мүшесі, алғашқы қазақ дәрігерлерінің

бірі. Тегі – Байұлына жататын тана руы. 1903 жылы Қарасу – Шалқар болыстық орыс – қазақ мектебін үздік бітірген. 1903 – 1910 жылдары Орал әскери реалды училищесінде оқыды. 1912 жылы Қазан университетінің медицина факультетіне түседі. 1918 жылы мамырда Жымпитыда өткен 4 – Орал облыстық қазақ съезінің делегаты, «Ойыл уәләтының Уақытша үкіметіне» мүше болып сайланды. Облыстық земство жанындағы үкімет мүшесі ретінде әскери құрам жасақтау, халыққа дәрігерлік, тұрмыстық қызмет көрсету мәселелерімен шұғылданды. 1918 жылы желтоқсандағы Жымпитыдағы Алаш гарнизонының бас көтеруі кезінде өткізілген Батыс Алашорда үкіметі мен облыстық земство басқармасының төтенше мәжілісіне қатысты. 1938 жылы тұтқындалып, 1939 жылы 1 желтоқсанда қылмысы дәлелденбеуі себепті қамаудан босатылады. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз.



ӘЛИХАН

БӨКЕЙХАНОВ - 1866

жылы 25 наурызда бұрынғы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7 ауылында дүниеге келген қоғам, мемлекет қайраткері,

ұлт – азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Бөкейханов Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Жергілікті молдадан білім алған, кейін 1879 – 1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886 – 1890 жылдары Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітірген. 1890 – 1894 жылдары Санкт – Петербургтегі Орман институтының экономика факультетінде оқиды. 1917 жылы 5 – 13 желтоқсанда «Алашорда» деп аталатын ұлт кеңесі құрылып, 25 орыннан тұратын бұл үкіметтің төрағасы Ә.Бөкейханов болады. Азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Ә.Бөкейханов бастаған Алашорда өкіметі кеңес билігіне қарсы күресіп, ақ казактар мен патша генералдарының жағында болады. Большевиктер партиясы ұсынған бағдарламаны қазақ қоғамны үлкен опатқа ұшыратуы мүмкін эксперимент есебінде қарап, ал қазақ коммунисттерін орталық биліктің қол шоқпары ретінде айыптады. 1937 жылы 27 қыркүйекте ату жазасына кесілді. Ақтық сөзінде Әлихан Бөкейханов: «Кеңестік билікті сүйген емеспін, бірақ мойындауға мәжбүрмін» - деп мәлімдеді.



▲ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ
– 1873 жылы 17 қаңтарда қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт – азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы

ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Торғайдағы 2 сыныптық орыс – қазақ мектебі, Орынбордағы 4 жылдық мектептерде оқыды. 1895 – 1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі мектептер мен орыс – қазақ училищелерінде мұғалімдік қызмет атқарды. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін ұйымдастырып, 1917 жылдың аяғына дейін оның редакторы болды. Қазақ елінің тәуелсіз мемлекеттілігін армандап, сол жолда күрескен Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметі көсемдерінің бірі болған ол кеңес үкіметі бел алған кезде халқына қызмет ету үшін большевиктер жағына шығады. Алада, 1929 жылы сталиндік түрмеге жабылып, 1936 жылы одан шыққанымен, 1938 жылы атылды. 1989 жылы ақталды.



◆ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ
– 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы қазіргі М.Жұмабаев атындағы аудан Сасықкөл жағасында дүниеге келген Алаш қозғалысының

қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ауыл молдасынан кейін М.Бегишевтің медресесінде оқиды. 1913 – 1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды. «Қазақ» газетіне өлең жазады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, 1917 жылы Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың бірі болды. Алаш партиясының Ақмола облыстық комиссиясының мүшесі болды. 2 – ші жалпықазақ съезіне делегат

ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1919 – 1923 жылдары «Батыр Баян» поэмасын жазып, түркі тақырыбын көп қозғады: «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма», «Қазақ тілі», «Түркістан» т.б.

1938 жылы 19 наурызда Алматы қаласында ату жазасына кесілді. 1960 жылы ақталды.



СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ –

1893 жылы 28 қазанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында дүниеге келген ақын, ағартушы. Ауыл молдасынан дәріс алған. 1912 жылы Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түсіп, ауруына байланысты оқудан шығады. 1912 – 1913 жылдары «Оқып жүрген жастарға», «Шәкірттерге», «Оқудағы мақсат не?», «Шығамын тірі болсам адам болып» т.б. өлеңдерін жазады. 1916 – 1917 жылдары Томскіде орысша оқиды. 1917 жыл Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатысып, «Алаш» ұранын жариялайды. «Қамар сұлу», «Кім жазықты» романдарын, «Таныстыру», «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс» поэмаларын жазды. 1920 жылы 21 мамырда өкпе ауруынан 27 жасында көз жұмады.

Алашорда арыстарына арналған ескерткіште қараңғылықтан жарық та жарқын болашаққа ұмтылған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша Досмұхамедовтар бейнеленген. Күн нұрынан алыстап, қалықтап ұшқан қыран бейнесі - елінің еркіндігін аңсаған алаш қайраткерлерінің асыл армандарына қол жеткізе алмай орта жолда құғын – сүргін құрбандарына айналғандығын көрсетеді. Еліміз тәуелсіздік алғалы өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Арыстар арманы бүгінгі таңда орындалды. Алаш арыстарына арналып ашылған ескеркіш пен саябақ – ұлт перзенттеріне көрсетілген тағзым деп білеміз.



МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ –

1885 жылы
24 қарашада
Қостанай
облысы
Жанкелдин
ауданы
Қызбел
ауылында

дүниеге келген. Жастайынан әке – шешесінен қалған Міржақыпты ағасы Асқар бағады. 1987 жылы Торғайдағы екі кластық орыс – қазақ мектебіне түсіп, 5 жыл оқып, ауыл мұғалімі деген куәлік алып шығады. 1904 жылы болашақ ұстазы А.Байтұрсыновпен кездесіп, Қарқаралыдағы ұлттық – демократиялық қоғалысқа белсене қатысты. Тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Қазан қаласында «Оян, қазақ!» деген атпен шығады. Дулатов Алаш қозғалысының жетекшісінің бірі ретінде 1917 жылы Орынборда өткен 1,2 жалпықазақ съезіне белсене қатысып, Алаш партиясының бағдарламасын жазған. 1928 жылы қамауға алынып, 1930 жылы ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады, Беломор – Балтық каналдарының құрылысы бойында Сосновск станциясындағы лагерде « жазасын» өтейді. 1935 жылы 5 қазанда ауыр науқастан сол лагердің лазаретінде қайтыс болды. 1988 жылы 4 қарашада ақталды.



ТАСҚАЛА АУДАНЫ



Аудан әкімінің орынбасары Люция Жұбанышқалиева



ӘЙЕЛ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

- ЛЮЦИЯ ӘСЕТҚЫЗЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРІ АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫ БАСҚАРЫП КЕЛЕСІЗ. НЕГІЗІНЕН КОМИССИЯ ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАРМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?

- Әйелдер ісі жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері аналар мен балаларды әлеуметтік, экономикалық заңдық және психологиялық тұрғыдан қолдау. Әйел ананың қоғамдағы рөлін арттыру, оларды шағын және орта бизнеске тарту мен әйелдерге деген

зорлық-зомбылықты жою, аналар мен балалар трафигіне қарсы күрес жүргізуге көмектесу. Сондай-ақ түрлі шаралар әзірлеп, оны жүзеге асыру.

- ЖАЛПЫ АУДАН БОЙЫНША ҚАНША ӘЙЕЛ ТІРКЕЛГЕН?

- 2015 жылдың 1 қаңтарына аудандағы халық саны 17671 болса, оның ішінде әйелдер саны 8671-ді (49,6 пайыз) құрап отыр. Оның 400-ден астамы көп балалы аналар. Күні бүгінге Батыр ана, яғни, «Алтын алқа» иегері 177 болса, 185-і «Күміс алқаның» ал, 53-і I-II

дәрежелі «Ана даңқы» медальдарының иегерлері.

- СІЗ ҰЗАҚ ЖЫЛДАРДАН БЕРІ ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТТЕР АТҚАРЫП КЕЛЕСІЗ. ЖАЛПЫ ӘЙЕЛ-АНАЛАРДЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДЕ ЖҰМЫС АТҚАРҒАНЫНА ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

- Елбасы өзінің бір сөзінде «Қоғамның даму барысын өмірде-нәзік, көңілде –биік, ал істе-мығым әйелдер қауымынсыз көзге елестету мүмкін емес» деген болатын. Шындығында қоғамда нәзік жандардың орны ерекше. Біздің ауданда да әйелдер қауымы ерлер мен бірдей еселі еңбек етіп, әртүрлі салада басшылық қызмет атқарып келеді. Мәселен:33 мемлекеттік органның 9-ы әйелдер болса, 53 мекеменің 26-сы, ал, 9 ауылдық округ әкімдерінің 2-і және 12 мәслихат депутатының 3-і әйелдер. Сондай-ақ ауданымызда 6 үкіметтік емес ұйым болса, олардың 2-і отбасының, әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында жұмыс істейтін «Тасқала әйелдері» қоғамдық бірлестігі мен Мерей ауылдық округіндегі «Мейірім» отбасын әлеуметтік қолдау орталығы қоғамдық бірлестігі. Олар дербес бөлімдер мен жеке кәсіпкерлікті басқарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлестерін қосуда.

- ӘЙЕЛДЕР МЕН ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯНЫ ҚОЛДАУ БАҒЫТЫНДА ҚАНДАЙ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛУДА?

-2014 жылы ішкі саясат бөлімінің қолдауымен және «Тасқала әйелдері» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Халықаралық отбасылар күніне орай өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» аудандық байқауының марапаттау рәсімі өткізілді. Бұл үлгілі отбасыларды халыққа таныстырып, солар арқылы басқа жанұяларды да осындай игі істерге тарту бағытында атқарылған іс болатын.Сонымен қатар 1 маусым балаларды қорғау күніне орай «Мейірім» отбасын әлеуметтік қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Барлық жақсылық балаларға!» атты мерекелік шара өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде әйелдер мерекесіне орай аудан әкімінің ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып, қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген әйелдер қауымын салтанатты қабылдау рәсімі өткізіледі. Биылғы жылы да осы үрдіс өз жалғасын табатын болады. Сонымен қатар осындай кездесулер мен қайырымдылық іс-шаралары

әйелдердің әлеуметтік тұрғыдан аз қорғалған топтарымен де яғни, мүмкіндігі шектеулі, жалғызбасты, көп балалы аналармен де ұйымдастырылады. Қыздар үйірмесі мен «Жас отау» және аналар клубтары жұмыс істейді.

- ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕ НЕ АЙТАР ЕДІҢІЗ?

- Қазіргі жаһандану дәуірінде өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. «Ұрпақ қамын ойлаған ата-бабаларымыз ұл-қыздарын дәстүр сыйлауға, үлкендерге ілтипат жасауға, именуге, өнегелі ортадан тәрбие алуға үйреткен. Ұлды дала тіршілігіне, қызды үй ұстауға, ел бірлігін, ошақ бүтіндігін сақтауға баулыған. Бұл дұрыс. Бірақ өкінішке орай қазіргі кезде «Немересіне ертегі айтатын әжелер мен сәбиін бесікке бөлейтін келіндер азайып барады. Біз әрине, аналардың барлығына бірдей күйе жағудан аулақпыз. Тек ұлттық тәрбиеден алыстамай, оны келер ұрпақтың бойына сіңіре білсек деймін. Сонымен қатар отбасында әкенің рөлі жоғары екенін де ұрпағымызға насихаттап отыруға тиіспіз. Осы орайда аудан көлемінде «Әкелер слеті» деген керемет шара өткізіліп келеді. Ол әлі де жалғасын табатын болады.

- АУДАН БОЙЫНША НӘЗІК ЖАНДАРДЫҢ КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСУЫ ҚАЛАЙ?

- Қазір көп мәселе экономикаға байланысты болғандықтан әйелдердің қоғамдық өмірдегі белсенділігі артып келеді. Мысалы аудан бойынша шағын және орта бизнес саласындағы 882 кәсіпкердің 216-сы әйелдер. Былтырғы жылдың өзінде 14 қыз-келіншектер «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы арқылы» несие алып өз қызметтерін бастаған болатын. Бұл үлкен жетістік деп білемін.

- ХАЛҚЫҢЫЗҒА АЙТАР ТІЛЕГІҢІЗ

- Биыл еліміз үшін ерекше жыл. Өйткені қазақ хандығының 550 жылдығымен Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өттік. Сонымен қоса Конституциямыздың 20 жылдығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы. Осындай игі істерге қандай іс болмасын қанжығасына байлап жүре беретін, алғыр да қажырлы қыздарымыздың қосар үлесі мол. Әруақытта да аналарымыздың жүзі жарқын, өмірлері нұрлы болып, келіндеріміз ибалы, қыздарымыз иманжүзді болса екен деп тілеймін.Өсейік, өркендейік. Еліміз тыныш болып, шеті жаусыз, іші даусыз болып, өмір сүруге Алла нәсіп етсін.

ЕШКІ ТАУЫ – ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШІ

БАЙТАҚ ДАЛАЛЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА БАСЫН БҰЛТ ШАЛҒАН БИІК ТАУДЫ
ЕМГЕ ТАППАЙСЫЗ. АЛАЙДА, АҚЫН ТАБЫЛДЫ ДОСЫМОВ АЙТПАҚШЫ: «ОБАНЫ
– АДЫР, АДЫРЛАРДЫ – ТӨБЕ ДЕП, ТӨБЕЛЕРДІ ТАУ ДЕСЕДІ БІЗДІҢ ЕЛ»

К азақстанның батыс қақпасында жатқан өңірдің солтүстік-батысын Жалпы Сырт, ал солтүстік-шығыс бөлігін Орал маңы үстірті алып жатыр. Жергілікті халық бұларды тау деп атап, ол жөнінде талай әдемі хикая құрастырады. Ғылым көзімен қарағанда бұл төбелі-қырқалы алқаптар негізінен бор дәуірі жыныстарынан қалыптасқан. Олардың теңіз деңгейінен биіктігі 150 метрден 250 метрге дейін барады. Жеке биігі 15-30 метрге дейін жететін бор жынысты тау жұрнақтары да кездеседі. Батыс Қазақстан облысының осындай қырат-биіктерінің бірі – Ешкітау Жалпы Сырттың оңтүстігіндегі Деркөл өзенінің жоғарғы ағысы алқабын алып жатыр. Үлкен және Кіші Ешкі тауы болып бөлінеді. Тасқала кентінен солтүстік-батысқа қарай 12 километр жерде орналасқан.

Үлкен Ешкі таудың абсолюттік биіктігі 259 м. Таудың оңтүстік және батыс баурайы жарқабақты болып келеді, ал солтүстік және шығыс баурайы неғұрлым жайпақ. Ешкітаудың төменгі жағында орналасқан көктерек тоғайы – осы аймақтағы қайталанбас табиғи кешен. Бұл таудың басынан ашық күндері 80 шақырым қашықтықтағы Орал қаласы, 45 шақырым жердегі Саратов облысының Озинки ауылы көрініп тұрады. Таудың шығыс баурайында тұщы су бұлағы ағып тұрады, орман – қалақай алқабы сақталған, сирек кездесетін өсімдіктер, суыр, безгелдек тағы да басқа жануарлар кездеседі. Бұдан басқа Тасқала ауылы айналасында Глазистая, Сундук гора, Синегорье таулары бар.

Ауылға жақын Глазистая тауының солтүстік бетіне аспалы сым арқан жолын салып, қыс айларында шаңғы сырғанағын ұйымдастыруға болады.

**АУДАННЫҢ БҰЛ ЕРЕКШЕЛІГІ, ҚАЙ ЖАСТАҒЫ
БОЛСЫН, САЯХАТШЫЛАРДЫҢ (ТУРИСТЕРДІҢ)
БАРЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРЫН, ЕЛІМІЗДІҢ ӨЛКЕ
ТАНУШЫЛАРЫН ЕЛІКТИРЕДІ. СОНДЫҚТАН,
АУДАННЫҢ ТУРИСТІК, СПОРТТЫҚ ДАМУ
ПОТЕНЦИАЛЫ МОЛ.**

Ешкітаудың шығыс баурайында бұлақ көзі бар, аққан су төменгі жағында бөгіліп, айналасына құрақ пен қоға өскен. Таудың пішіні конус тәріздес, палеоген кезеңінің құмтастарымен көмкерілген. Таудың табаны саздақ және бор мен опокалы жыныстардан тұрады. Оңтүстік және батыс баурайлары неғұрлым жарқабақты болып келіп, қазіргі кезеңдегі эрозиялық процестердің нәтижесінде жас жыралардың пайда болғандығы байқалады. Сондай-ақ бұл тұстарда өсімдік жамылғысы жоқтың қасында. Солтүстік және шығыс баурайлары неғұрлым жайпақ. Мұнда негізгі жыныстар үстінен делювиалды шөгінділермен жабылған. Геологиялық тұрғыдан алғанда, таудың негізі бордан, үштік кезеңдегі саздармен, опокадан тұрады, демек мезозой және палеозой дәуірлерінің теңіз шөгінділерімен мықтап шайылған.

ҮЛКЕН ЕШКІ ТАУЫ – Батыс Қазақстан облысындағы Жайық өзенінің оң бетіндегі ең биік нүкте. Аумағы ықшам болса да мұнда өсімдіктің 117 түрі тіркелген. Оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан 41 өсімдік түрі түрлі дәрежедегі Қызыл кітаптарға енгізілген. Ал жануарлар әлемі кедейлеу: мұнда боз суыр, түлкі, бозторғай, қараторғай, сасық көкек, сұр жылан, сонымен қатар ішінара ақ бас тырна, дала қыраны, безгелдек, кейде дуадақ кездеседі. Сонымен бірге, Батыс Қазақстан облысында екі-ақ жерде кездесетін боз суыр бар.



Бұл аумақтың тағы бір ерекшелігі – мұнда ежелгі адам қоныстары болған. 1986 жылы археолог Б.Райымқұлов Үлкен Ешкі тауының басынан таспен, топырақпен жабылған 8 қорғаннан тұратын зиратты тапқан екен. Обалар оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай тау жотасы басын бойлай тізбектеліп

жатыр. Бұл обалар ерте темір дәуірімен шамалас келеді. Сонымен қатар, осы жерде жүргізілен археологиялық экспедициялық жұмыстардың барысында 2002 жылы палеолит дәуіріне жататын ежелгі адамдарының тұрақтары да табылған.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҮЛКЕН ЕШКІ ТАУЫ («БОЛЬШАЯ ИЧКА») ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОЛ 1996 ЖЫЛЫ РЕТІНДЕ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТТЫ САҚТАУ МАҚСАТЫНДА БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМШІЛІГІНІҢ ШЕШІМІМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН. ЕСКЕРТКІШТІҢ АУМАҒЫ БАР БОЛҒАНЫ 175 ГЕКТАР. ҚОРҒАЛАТЫН АУМАҚҚА ОСЫ ТАУДЫҢ АЙНАЛАСЫНДАҒЫ 250 МЕТР КЕҢІСТІК КІРЕДІ.



МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ

АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 6 ХАЛЫҚТЫҚ ҰЖЫМ- «АҚ ТІЛЕУ» ХАЛЫҚТЫҚ ӘЖЕЛЕР АНСАМБЛІ, «ЖАСДӘУРЕН» ХАЛЫҚТЫҚ ФОЛЬКЛОРЫҚ АНСАМБЛІ, ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ, ХАЛЫҚТЫҚ ҰЛТ-АСПАПТАР ОРКЕСТРІ, СЛАВЯН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ІНДЕРІН ОРЫНДАУШЫЛАРДЫҢ «НАДЕЖДА» ХАЛЫҚТЫҚ ВОКАЛДЫҚ ТОБЫ, «ТАСҚАЛА» ХАЛЫҚТЫҚ ВОКАЛДЫҚ ТОБЫ, ХАЛЫҚТЫҚ, 1 ҮЛГІЛІ-«ҚИЯДАН» БИ АНСАМБЛІ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ.



Әжелер ансамблі

30 жылға жуық уақыт тарихы бар «Ақ тілеу» халықтық әжелер ансамблі 1987 жылы Айсұлу Молдашқызының жетекшілігімен құрылды. Қазіргі таңда жетекшісі Нұрмақова Майра Әбуқызы. Ұжым құрамында 15 ақ жаулықты аналар бар. Ансамбль тек аудан облысқа ғана емес, елімізге танымал. Көршілес Ресей жерінде де бірнеше концерт берді. Дәстүр бойынша жиырма бес жылдан астам тарихы бар әжелердің бөлмесіндегі үлкен альбомға қонақтар ауданымызға деген игі тілегін білдіріп, алғыстарын жазып, қолтаңба қалдырады. Құрылған уақыт ішінде СССР Халық әртісі Р.Бағланова, ақын Қ.Мырзалиев, Р.Рымбаева, А.Қоразбаев, Б.Жұманиязов сынды ұлы тұлғаларға ақ тілеулі әжелер ақ жол тілеп баталарын берген. Әжелер құрылғаннан бастап қазақтың салт-дәстүрін насихаттап іс жүзінде жүзеге асырып келеді. Атап айтар болсақ, шілдеhana, бесікке салу, тұсау кесер, неке қию рәсімін жасап, жас жұбайларға ақ баталарын беріп, ақтан ауыз тигізеді. Жаңа келген басшыларға ерулік жасап қош келдің айтып қарсы алады. Сондай ақ кейінгі жылдары дәстүрге айналған тағы бір үрдіс жастарды кезекті әскер қатарына шығарып салу. Басында айтқанымыздай әжелер көрші облыстарға барып, әндерін шырқап, қазақтың халық әндерін, қара өлеңін кеңінен дәріптеп келеді.

Облыс көлемінде көптеген талантты жастарды киелі сахнаның саңлағына айналдырған бірнеше халық театрлары бар болса солардың бірі – Тасқала аудандық



халық театры. Режиссері Ботагөз Сәрсенова. 2004 жылы аудандық мәдениет үйі жанынан үйірме болып құрылып, Жалпақталда өткен халық театрларының 1- облыстық байқауында 3-орынды жеңіп алды. Тасқала аудандық халық театры облыстық қазақ драма театрында Шыңғыс Айтматовтың «Ана, Жер-Ана» драмасын жоғары деңгейде сахналады. Облыстық мәдениет басқармасы мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының м.а Д.Құсайынов халық театрының режиссері Ботагөз Сәрсеноваға және халық театрына алғыс хат табыс етті.

«Жас дәурен» халықтық ұлт-аспаптар ансамблі Таушанбай Рахимовтың жетекшілігімен 1988 жылы құрылды. 2013 жылы «халықтық» атағын абыроймен қорғап қалды. Н.Тілендиевтің «Әлқисса», «Ата толғауы», Қ.Сағырбаевтың «Балбырауын», «Адай»,

И.Жақановтың «Есіл ағады», Шотайбай «Шыңырау», Қ.Аманжоловтың «Туған жер», халық әні «Сәулем-ай», «Дедімай-ау», М.Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсынан Біржанның ариясынан үзінді орындаумен қатар басқа да күйшілердің шығармаларын ұлықтап жүр.

«Тасқала» халықтық вокалды аспапты-ансамблі жетекшісі Сергей Бигазиев. 1970 жылдары құрылды. Ансамбль аудан халқының көзайымына айналғалы 30 жылдан астам уақыт өтті. Ансамбль ел көлемінде ғана емес, халықаралық байқауларда да топ жарып жүр.

Славян халық әндерін орындаушылардың «Надежда» вокалдық тобы 2009 жылы сәуір айында құрылды. Топ жетекшісі Жаңылсын Шукирова. Құрылған уақыттан бастап, көптеген мәдени-шараларға қатысып, белсенділік танытып келеді. Құрамына орыс, татар, қазақ, украин ұлттарының өкілдерін біріктіріп отырған ұжым. Ұлтаралық татулық пен достықтың беріктігін сақтаушысы болып отырған ұжым «Қазақстан Халқы достығының XI облыстық фестиваліне» қатысып лауреат атанды.

«Қиялдан» үлгілі би ансамблі 2005 жылы аудандық мәдениет үйі жанынан құрылды. Рысқаным Масалимованың бастамасымен құрылған ұжымға бүгінгі таңда Наилия Қадырқұлова жетекшілік етуде. Топ құрамында 6-16 жасқа дейінгі оқушлар бар. Ұжым сахна киімдерімен толық қамтамасыз етілген.



мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

«Бөбек» балабақшасы 2011 жылы 9 қыркүйекте құрылған. Балабақша мекемесінде екі ғимарат берілген. Балабақша 107 балаға арналған.

Ұжым меңгерушісі Шукурова Гульнара Калиевна және ұжым қызметкерлері мекемедегі бүлдіршіндердің заман талабына сай білім мен тәрбие алуы үшін тынбай еңбектенуде.

Тәрбиелеу мен оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес 7 топ қызмет етеді. І кіші топтар саны – 2,

БАЛАБАҚША – БАЗАРЛЫ ҮЙ!



Әлімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін барлық жағдай жасалуда.

Осы орайда бүлдіршіндер үшін де, ата-ана үшін де балабақшаның маңызы ерекше екені – айтпаса да анық жайт. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы тапсырмаларды орындау мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз ету жөніндегі «Балапан» бағдарламасы аясында мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын мекемелер елімізде көптеп ашылып, бүгінде өз жұмыстарын талапқа сай жүргізуде. Осы «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданында да бірнеше бірнеше балабақша іске қосылған болатын. Солардың бірі - Тасқала аудандық білім бөлімінің «Бөбек» балабақшасы





II кіші топтар саны – 3, ортаңғы топтар саны – 2. II кіші, ортаңғы топтарда оқу- тәрбие ісі үш тілде жүргізілсе, қалған топтарда мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақшада бірнеше ұлт өкілдері тәрбиеленуде.

Балабақшада заманауи үлгіде жабдықталған компьютерлік сауаттылыққа үйрету пәнінің кабинеттері және дене шынықтыру залы, музыка залы бүлдіршіндердің игілігіне пайдаланылуда. Балабақшаның негізгі мақсаты болашақта жас ұрпақты халқына қалаулы, ата – ананың мақтанышы, дені сау, сымбатты, шыныққан адамгершілігі мол азамат етіп, өсіріп тәрбиелеу. Сол себептен де балабақшада түрлі спорттық шаралар жиі өткізіледі. Сонымен қатар салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата – ана мен бала арасында спорт мәдениетін насихаттау, спортқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында балабақшада ата – аналармен бірлесе отырып, әртүрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылып тұрады.

2013 жылдың қаңтар айынан бастап «Бөбек» балабақшасында түзету және инклюзивті білім беру кабинеті жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта түзету және инклюзивті білім беру кабинетіне 8 бала қабылданған.

Мұнда әдіскер, невропатолог, дефектолог, логопед, психолог мамандар тиісті бағдарлама бойынша жұмыс жасауда. Бұл кабинетте мүмкіншілігі шектеулі балаларды қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға және бейімделуіне медициналық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсетіледі. Түзету және инклюзивті білім беру кабинетінде пәндік- дамытушылық орталар бар. Дамуы бұзылған балаларда әртүрлі дене сапаларын тиімді қалыптастыру мақсатында бөлменің кеңістігінде ұйымдастыру жолымен өзгертулерді жүзеге асыруға бағытталған қозғалыс белсенділік зонасы, психологиялық зона деп аталатын бірнеше пайдалы зоналар бар. Олардың барлығы баланы дамыту үшін талапқа сай жабдықталған.

«Балабақшам базарлы үй,
Қаладағы ажарлы үй!
Күлкісі бар шуақты,

Өз үйіміз сияқты» деп, әр баланың балабақшада өз үйіндей еркін тәрбиеленуі үшін, балабақша есігін әр күні қуанышпен ашуы үшін «Бөбекте» барлық жағдай жасалған.





«Тасқала-Дән» – нан мен әннің ордасы!

Соңғы жылдары шет мемлекеттерге жыл сайын 6-7 миллион тонна астық шығаратын қазақ елі әлемдегі астық экспорттаушы алдыңғы 6 елдің санатынан табылады. Ал ұн өндіру жөнінен еліміз әлем нарығында үшінші орынға тұрақтап отыр. Экспортпен қатар, Қазақстан өз тұрғындарын астықпен толықтай қамтамасыз етіп отырған мемлекет. Бұл еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудағы маңызды фактор болып табылады. Өнім өндіруді мұндай жоғары деңгейде сақтап тұру үшін егінді ұқыптап салып, бітік шыққан егінді жинаумен бірге астықтың сақталуы мен өңделу үдерісі де өте маңызды. Әлібек Нәубетұлы басшылық жасап отырған аудан орталығындағы

ең ірі кәсіпорын «Тасқала-Дән» жауапкершілігі шектеулі серіктестік 15 жыл бойына дәл осы кәсіпті өздеріне нәсіп етіп келеді.

«Тасқала-Дән» ЖШС ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден астықты жинап, оны өлшеу, кептіру, тазалау, сапалы сақтау және жөнелту шараларын іске асырады.

Бұл қызметтерді өз деңгейінде атқару үшін аталмыш серіктестікте дәнді дақылдарды дайындау мен өңдеуде, сондай-ақ, кәсіпорын технологиясында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылған. Астық сақтау қоймасы арнайы жабдықталған, дақылдардың сапасын тексеретін өндірістік-технологиялық лаборатория жұмыс жасайды. Өз ісіне жаңашылдықпен қарау нәтижесінде «Тасқала-Дән» ЖШС «Халықаралық қайта құру және дамыту



банкiмен» жүзеге асырылған «Жекеменшiк сынақ лабораторияларын / орталықтарын жетiлдiру» жобасы аясында бақтарын сынап, байқауға қатысып, «Тасқала-Дән» ЖШС элеваторының өндiрiстiк-технологиялық лабораториясын жетiлдiру» тақырыбы бойынша грантқа ие болды. «Тасқала-Дән» ЖШС астықты қабылдау, сақтау және жөнелту шараларының сапасын арттырудың маңызды стратегиялық бағытын анықтады. Осы мiндеттi жүзеге асыру барысында серiктестiк 2008 жылы сапа менеджментi жүйесi сертификатына ие болды.

ӘЛiБЕК НӘУБЕТҰЛЫ ӨЗ iСiНДЕ ӘЛЕМДiК ТӘЖiРИБЕНi ДЕ үНЕМi НАЗАРДА ҰСТАЙДЫ. ҚАЗАҚТАН ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ҚҰРАМЫНДА АҚШ-ТЫҢ ФАРГО ҚАЛАСЫНДА «БИГ АЙРОН ФАРМ» КӨРМЕСИ АЯСЫНДА ӨТКЕН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН «ШЕТ ЕЛ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫНА» АТСАЛЫСЫП, АУЫЛ-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР КӨРМЕСiНЕ ҚАТЫСЫП ҚАЙТТЫ.

«Тасқала-Дән» ЖШС-ның бүгiнгi күнi ауыз толтырып айтар жетiстiктерi мол. Әрине, бұл жетiстiктер оңайлықпен келген жоқ. Өз iсiңдi жүргiзу асқан қажырлылықты, табандылықты, ұйымдастыра бiлу қабiлетiн қажет етерi сөзсiз. Әлiбек Нәубетұлының бойынан табылатын осы қасиеттер оған әкесi Нәубет Серiкбайұлынан дарыған болу керек. Нәубет Серiкбайұлы өз заманында 25 жыл бойы «Степной» совхозында iрi қой шаруашылығын басқарған, ауылдың гүлденуiне өзiндiк үлес қосқан талантты басшы болған екен. Әке балаға үлкен тәлiмгер бола бiлдi. Әлiбек аға қайта құру жылдары облыста алғашқылардың бiрi болып «Алтын дән» астық өндiрушi шаруа қожалығын ашқан сәтте де әке ақылына жүгiнiп, ақылдасып пiшкен тонның келте болмасына тағы бiр дәлел тартты. Еңбексүйгiштiк, өзiне әрi өзгеге де талап қоя бiлу қасиеттерiнiң нәтижесiнде Әлiбек Нәубетұлы 1996 жылы «Шипов элеваторы» АҚ президентi болып сайланып, кейiн бұл ұжым қазiргi «Тасқала-Дән» атауына ауыстырылды. Содан берi тынбай еңбек етiп келе жатқан серiктестiк талап пен қайраттың арқасында көпке танымал болып, еңбегi елге елендi.

«Тасқала-Дән» ЖШС менеджментiнiң басым саласының бiрi - әлеуметтiк саясат мәселесi. Жергiлiктi тұрғындарды қолдау бағдарламасы шеңберiнде серiктестiк қарттар үйiне, жазғы сауықтыру лагерiне, мешiт құрылысына, Ұлы Отан соғысы ардагерлерiне, мүгедектер мен аз қамтылған жанұяларға қайырымдылық көмегiн аяған емес.

Серiктестiк ұжымының мүшелерiне де әлеуметтiк қолдау көрсету басшы назарынан тыс қалмайды. Олардың өз бiлiмдерi мен тәжiрибелерiн толықтай жүзеге асырып, өндiрiс үдерiсiнде жұмысқа қабiлеттiлiктi жоғары деңгейде ұстап тұру үшiн мұндағы еңбек шарты өте жақсы ұйымдастырылған және ол үнеми жетiлдiрiлiп отырады. «Тасқала-Дән» ЖШС мүшелерiне материалдық көмек көрсетiлiп, емдеу-сауықтыру демалысының бiр бөлiгi кәсiподақ есебiнен төленедi. Ұжым еңбеккерлерiне төленетiн әлеуметтiк төлем жыл сайын ұлғайып отырады. Әлеуметтiк саясаты үшiн аталмыш серiктестiк 2010 жылы республикалық «Парыз» байқауының «Ең үздiк ұжымдық шарт» атауы бойынша жеңiмпаз атанды. Басшының қамқор алақанын сезiнген ұжым мүшелерi де өз жұмыстарын өзара сыйластықта, адал әрi қалтқысыз атқарады. Осындай табысты ұжымға жыл сайын елiмiзде егiннiң бiтiк шығып, нан мен әннiң толастамауы үшiн жемiстi еңбек ете берулерiне тiлектестiк бiлдiреміз!

КӘСiПКЕР ӘЛiБЕК АҒА АУДАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ӨМiРiНЕ ДЕ БЕЛСЕНЕ АРАЛАСАДЫ. ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАН АУДАНДЫҚ БИРТАЛАЙ iС-ШАРАҒА МҰРЫНДЫҚ БОЛЫП, ДЕМЕУШiЛiК ЖАСАП КЕЛЕДi. ЕРiНБЕГЕН ЕҢБЕГiНiң АРҚАСЫНДА ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ АЛҒЫСХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛЫП, «АСТАНАҒА 10 ЖЫЛ», «ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОСҚАН үЛЕСi үШiН» МЕДАЛЬДАРЫНА ИЕ БОЛДЫ.

Әке тәлiмiн бойына сiңiрiп өскен Әлiбек аға бүгiнде өзi де өнегелi әке, ардақты ата. Замир мен Гүлмирадай ұл мен қызды өмiрге әкелiп, тәрбиеледi. Бүгiнде олардан Нұралы, Рауана, Аружан, Ажар мен Райымбек атты немере-жиендер сүйiп отыр.



КӘСІПКЕРЛІККЕ ЖОЛ АШЫҚ!

Бүгінде Қазақстандағы экономикалық реформалардың ішінде кәсіпкерліктің басымдылыққа ие болуы мемлекеттің экономикалық саясатының бір бағыты болып табылады. Кәсіпкерліктің дамуы нарықтық экономиканың бұлжымас заңдылығы. Өз кәсібінің білгірі, Тасқала қаласындағы үздік кәсіпкерлердің бірі, «Тасқала-Аққу» ЖШС жетекшісінің Қуан Тасқалиевтің пікірінше, бүгінгі таңда елімізде кәсіпкерліктің дамуына барлық жағдай жасалынған. Шағын және орта кәсіпкерліктің ел экономикасындағы үлкен маңызын ескерсек, бұл

мемлекеттің қуатын арттыратын бірден бір фактор болмақ.

«Қазіргі таңда өз кәсібін ашамын деген адамға ешқандай да кедергінің жоқ екенін айта аламын. Мен Елбасының бастамасымен қолға алынып жатқан салық жүйесін қысқарту, тұрақты тексерістерді азайту секілді орта және шағын кәсіпкерліктің дамуына серпін беретін экономикалық реформаларды қос қолдап қолдаймын. Елбасының стратегиялық жоспарлары мен идеялары еліміздегі кәсіпкерліктің дамуына түрткі болып отыр. ҚР Президентінің стратегиялық жобаларының арқасында

әкімшілік кедергілер азайтылып, салық жүйесі айтарлықтай ретке келтірілді. Заман өзгерген сайын бізге барлығы оңайға түсуде», - дейді кәсіпкер Қуан аға.

КӘСІПКЕРДІҢ АЙТУЫНША БІРНЕШЕ Жылдан бері өз ісін жүргізіп келеді. Осы уақыт аралығында ол айтарлықтай жетістіктерге жеткен. Бүгінде қуан ағаның басшылығымен жұмыс жасап отырған бірнеше дүкендер желісі мен мейрамхана қала жұртшылығына қалтқысыз қызмет көрсетуде.

Әр істің табысқа жетуі ұжым еңбеккерлеріне байланысты. Қуан Тасқалиевтің иелігіндегі «Тасқала-Аққу» ЖШС ұжымында әр ұлттың өкілінен құралған 50-ден астам адам - бір шаңырақтың адамындай жемісті еңбек етуде. Әрине, бұл ұжымдағы татулық пен ынтымақты, бірлікті көрсетеді. Қандай кезде болмасын кез-келген тапсырманы дер кезінде орындап, алдыңғы шептен көрінетін осындай қызметкерлерінің барына Қуан Бақтығалиұлы да дән риза.

Былтырғы жылы «Тасқала-Аққу» ЖШС-і жыл қорытындысының рейтингі бойынша облыста екінші орыннан көрініп, Ұлттық бизнес - рейтингтер Одағының

«Сала көшбасшысы - 2014» Ұлттық сертификатымен және «Даңқ» жұлдызымен марапатталды.

Бұл Қуан ағаның алғашқы наградасы емес. Бұған дейін 2013 жылы «Парыз-2012» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі республикалық конкурста қатысып, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Әбденовтың қолынан дипломға ие болса, 2014 жылы кәсіпкерлік салада қол жеткізген табыстары мен ел экономикасының дамуына қосқан үлесі үшін Республикалық «Қолдау көрсету және ынталандыру» орталығы қоғамдық бірлестігінің «Ұлт Даңқы» орденімен марапатталған болатын.

Қуан аға туған ауылының табиғатын өркендетуге де бір кісідей үлесін қосуда. Нарық қыспаққа алып тұрған кезеңде өз қаражатына құрып бара жатқан алма бағын көркейтіп, ауылдастарының алғысына ие болып отыр. Әр кәсіпкер туған еліне, жеріне, ауылына осындай қамқорлық көрсетіп отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Қиындығы мен қызығы мол кәсіпкерлік жолында Қуан ағаға табыс кілті тұғырыңыздан таймасын дегіміз келеді!



ОТТАН АМАН ОРАЛҒАН ЖАУЫНҒЕР ЖҰП

БАТЫРЛЫҚ ТУРАЛЫ ТҮРЛІ ӘДЕБИЕТТЕН ТАНЫП ӨСТІК. ЖАЛПЫ ТАРИХСЫЗ ЕЛ БОЛМАЙТЫН БОЛСА, БАТЫРСЫЗ ТАРИХ БОЛМАЙТЫНЫ ДА РАС. БАС АЯҒЫ ОН-ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҢ ІШИНДЕ ӘСКЕРДЕН ЖАЛТАРУДЫ ДӘРЕЖЕ САНАЙТЫН ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕП ҮЛГЕРГЕН БІЗДІҢ ҚОҒАМҒА КЕШЕГІ ӨТКЕН СОҒЫС ҰЛДАРЫНЫҢ ӘР ҚАДАМЫН ҮЛГІ РЕТІНДЕ ҰСТАНАТЫН УАҚЫТ БАЯҒЫДА ЖЕТКЕН СИЯҚТЫ. АЛ, БАТЫРЛЫҚТЫҢ БІЛЕКТЕ ЕМЕС ЖҮРЕКТЕ ЕКЕНІН ТІПТІ ЕРЛІК ҚЫЛУ ҮШІН ЕРКЕК БОЛЫП ТУЫЛУДЫҢ ДА ҚАЖЕТ ЕМЕС ЕКЕНДІГІН ІСІМЕН ДӘЛЕЛДЕГЕН ЖАНМЕН ЖҮЗДЕСКЕННЕН КЕЙІН БАСҚАНЫ ҚАЙДАМ, ӨЗ БАСЫМ БІРАЗҒА ДЕЙІН БӨЛЕК БІР СЕЗІМНІҢ ЖЕТЕГІНДЕ ЖҮРДІМ. БҰҒАН ДЕЙІН ДЕ БІРНЕШЕ МАҚАЛА МЕН БЕЙНЕ СЮЖЕТТІҢ КЕЙІПКЕРІ БОЛЫП ҮЛГЕРГЕН КЕЙУАНАНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫНАН ШАҒЫН МАҚАЛА ЕМЕС ТОЛЫҚ МЕТРАЖДЫ ФИЛЬМ ТҮСІРСЕ ДЕ БОЛҒАНДАЙ. ЖИЫРМАСЫНДА ЖАУҒА АТТАНҒАҒАНДАР ОЛ КЕЗДЕ КӨП БОЛҒАН ШЫҒАР, БІРАҚ ЖАРЫНЫҢ АРТЫНАН БАТЫСҚА БЕТ БҰРҒАН АНАЛАР ІЛУДЕ БІРЕУ. СОЛАРДЫҢ БІРІ РАБИҒА ӘЖЕ ЗАЙНУЛИНА.



Биыл тоқсанның үшеуіне аяқ басқалы отырған ардагер ананың туылған күні де тоғызыншы мамыр екенін айта кеткен жөн болар. Біз сұхбаттаса келді дегенде төрگی бөлмеге өз аяғымен келді. Амандық-саулық сұрасып жатырмыз. Бөлменің кіреберісіндегі диванның бір бұрышына келіп жайғасқан кезде, «былқ» ете қалған жұмсақ

жиһаз кейуананы белуарға дейін батырып алды да, онсыз да кәрілік салдарынан бір уыс болып шөгіп отырған тұлғасын мүлдем кішкентай қылып көрсетті. Сәл жымыып, қуақылана жауап беріп отыратын аққұба өңді әжейдің мейірімді жанарына қарап отырып, қанды қырғынның қақ ортасынан аман оралған деп айтуға ауыз бармайды. Құдды бір бейбітшілік сөзінің тірі баламасындай. Өткені туралы әңгімесін бастаған кезде басқаны қайдам менің жаным қырық екінің қан майданына апарып тастағандай күй кешті. Байыппен айтылған әңгіме көз алдыма киноның лентасындай көлбеңдеген оқиғалар тізбегін әкеле берді...

Қиыр шығыстан әскери борышын өтеп келген жары Ізімді қарсылап алғаны да күні кеше еді. Аяқ астынан сұм соғыс басталды да отасқандарына жыл толып жарымаған жұбайларды тағы да екі айырды. Ел басына күн туғанда ер ойланып тұрсын ба Ізім де кете барды. Өзі әскери борышын өтеген жаққа қайта шақырылған ол атты әскер құрамында елін жаудан қорғап жатты. Бұл 1941 жыл бола-

тын. Майдан шебіне маңдай тіреген кейбір азаматтардың артынан қаралы хабар да келіп үлгерген еді. Ел іші ес жия алмай азан-қазан болып, қайғыдан қан жұтты. Осындай күндердің бірінде көрші үйге де қара қағаз жетті. Қара жамылып отырған үйдің қайғысына ортақтаспай бола ма, шешесіне еріп Рабиға да келді. Қайғыдан жүрелеген күйі жербауырлап, маңдайымен еден сүзе ебіл-дебіл болып отырған көрші әйелге анасы да қосыла аңырап қоя берді. Шекесі дыңылдап, алқымына лоқсық келгендей күйде отырған Рабиғаны көрші әйелдің үні селт еткізді. Көрші әйел мұның анасына қарады да: «Апа, сіз неге жылайсыз? Сіз, құдай берген адамсыз. Күйеуіңіз соғыс жасынан асып кетті. Ұлыңыз әлі кішкентай. Үш қызыңыз бар» - , деді. Анасы болса «Бұл соғыс деген күллі адамзат баласына ортақ қасірет. Айналайын-ай бір сен ғана емес соғыстың зардабын шегіп отырған. Бір аяғынан айырылып інім келіп отыр. Бір інімнен хабар жоқ. Қайнілерімде әлі хабарсыз» деді. Көрші апасының айтқан бір ауыз сөзі қайсар келіншектің жүрегіне шаншудай қадалды. Бұған дейінгі жүрек түкпіріндегі сан толқулардың ширығып шегіне жеткен жері де осы ара болды. Еңсесін тіктеп алды да: «Осы үйде соғысқа жарайтын ұл болмаса мен барамын майданға» - , деді қабағы қатуланып. Қызының осы сөзінен ана жүрек секем алса керек үйге келген соң әкесіне айтып берді. Алғашқылардың бірі болып сүйген жарын соғысқа аттандырған қызының бұл қылығын әкесі әрине қолдамасы белгілі. Қай әке тірі тұрып, әлпештеген қызын қырғынға жіберіп тыныш отыра алсын. Әйтеуір әкесі қызының сөзін шындап қабылдамапты. «Бұл қыз ашуланған соң айтады да. Уайымдама әлі басылады» - , деді шешесіне. Дей тұрғанмен іргеге таяп қалған соғыстың салмағы әлі де ауыр болатынын, біртіндеп қарттар мен



қыздар да соғысқа аттанатынын әке жүрек сезген болатын.

Рабиға болса «орталыққа шаруаммен барып келемін» деген сылтаумен әскери комиссариатқа келіп өз еркімен майданға жіберулерін сұрап арыз берді. Арыз жазған кезінде күйеуі бойынша Зайнуллина болса да Шафиева деп әкесінің тегін жаздырып кетті. Осы ауыр жолда қаза болсам ата жолын қуып отан қорғаған ұрпақ біздің әулетте де болғанының айғағы болсын деп іштей бекіді. Сөйтіп үй ішіне айтпастан Орал облысынан аттанған 100 қыздың қатарында ұрыс даласына бет бұрды. Оралдан аттанғанда қасында болған жалғыз қазақ қыздан да жолай көз жазып қалды. Ал ауданнан бірге аттанған 17 қыздың көбісін Астраханнан Жапониямен шекараласатын шығыс аймаққа аттандырды.

Рабиға болса алғашқы соғыс таңын Сталинград майданынан қарсылады. 1942 жылы қоршауда тұрған Сталинград қаласының маңындағы Михайлов ауданына келіп жеткен кезде соғыс даусы құлағының дәл қасынан естілгендей болды. Бұлар келіп қосылған әскери бөлім де осыған дейін болған ауыр соғыстың зардабын тартқан екен. Барлық жерде іші сыз жертөлелер. Алыстан көзге ұрмас үшін палаткалармен бүркемеленген санитарлық бөлімдер. Темір бөшкеден жасалған пештің болмашы жылуынан басқа түсі жұмсақ нәрсе жоқ. Бәрі де соғысша жабдықталған. Қоршаудағы қаланың сыртында тұрған бұларға өз беттерінше шабуыл жасамауға бұйрық берілгендіктен дымдарын ішіне сақтап отырған жайлары бар. Бірақ бәрібір арқаны кеңге салған кез болған емес. Себебі бейсеуіт бас көтерген біреу болса қоршаудағы неміс мергендері қағып түсіретін. Осылай жарақат алған бірен-саран жауынгердің жарақатын таңып жүріп жатты. Соғысқа дейін үш ай бойына алғашқы медициналық

жәрдем көрсету төңірегінде алған білімі алғаш осы жерде пайдаға асты.

Бір күні Михайловка ауылына баратындары туралы бұйрық түсті де жаяулатып жолға шықты. Қыстың беті қайтып жіпсілеңдетіп жатқан мезгіл. Жолай қара жолдың қары еріген тұстарынан өлген адам мүрделері көзге түседі. Қанды қасапқа тап келіп, қанша жан қарға-құзғынға жем болды десеңші. Жолай қараңғы түсіп, өткелден өту қауіпті болған соң теміржолдың үстіне түнеп шығуларына тура келді. Жаяу жүрістен шаршап еріндері кеуіп барады. Айналадағы қардан алып ерітіп ішу мүмкін емес. Түртіп қалса астынан өлген адамның денесі шыға келеді. Әйтеуір қардың бет жағынан шымқып алып кателоктарына ерітіп шөл қандырып, құрғақ тамақпен қарын жұбатқан болып жатыр. Осы жерде отырып таңды атырды. Таң атқаннан кейінгі көрініс әлі күнге көз алдынан кетпейді. Қараңғыда байқалмапты. Бұлар түнеп шыққан темір жолдың екі жақ беті де толған адам өлігі екен. Бір жағы өзідерінің әскері қарама-қарсы жақ неміс әскері. Бірін-бірі баса құлап өлім құшқан жауынгерлердің көптігі сондай бос жатқан жер көрінбейді. Көкіректі аяныш сезімі билеп, жанарға жас ұялатты. Әр жерден Гитлерге лағнет айтқан жігіттердің үні естіледі.

Осылай жантүршігерлік көріністердің бел ортасында жүріп, жаныңа жылу іздейтін еді. Оңашаланған сәттерде жарының жауынгер формасындағы суретін қолына алатын. Әскери құрбылары қоршап алып: «Бұл кім? Ұлты қандай?» деп, сұрақтың астына алатын. «Бұл менің күйеуім. Есімі Ізім. Ұлты қазақ» деп, жымия жауап беретін. Кейбіреулер қырғызбен немесе орыс казактарымен жаңылыстырса, кейбіреулер осындай ұлттың бар екенін тұңғыш естіп тұрғандарын айтып таңғалыстарын жасырмайтын. Ал батыр келіншек болса, соғыстың бітетіне жеңіспен оралып, жарымен қайта қауышатынына сенімді еді. Тіпті медбике, зенитші, байланысшы лауазымдарында Сталинградтан бастап, Қырым, Керчь бұғазын азат етуге атсалысып, ауыр жарақат алып әл үстінде жатқанда да осы сенім алға жетеледі. Әрбір орын ауыстырған жерінен бірінші кезекте жарына хат жазатын. Тіпті ең алғаш әйелдерге арналып тігілген әскери киім алған кезде суретке түсіп, біреуін хатқа салып жарына жіберген болатын. Жарға, Отанға деген махаббаттың арқасында жауды жеңіп, елге оралды. Араға бір жыл салып 1946 жылы жары Ізім де келді туған жерге. Сөйтіп отбасылық өмірлерінің 5 жылын Отан қорғау жолында сарп еткен жауынгер жұп әрі қарай ел дамуына айтарлықтай үлес қосты. Әсіресе жары Ізім колхоздардың еңсесін көтеріп, тың игеруге айтарлықтай үлес қосты.



TEPEKTI





Қойнауы тұнған тарих Шағатайым

Шағатай - табиғаты әсем, қойнауы тарихқа толы, шежіреге бай, киелі өлке. Топырағынан небір атақты адамдар шыққан құтты мекенде тарихта аты қалған хан мен төре ұрпақтары да мәңгілік орын тапқан екен.

Әңгімеге арқау болып отырған оқиға соңғы күндері Шағатай селолық округіне қатысты Қызылжар елді мекенінде орын алды.

Қызылжар ауылының тұрғындары «Хан мейіті» деп атап кеткен ескі зират бар. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, бұнда бір кездері қазақ хандарының бірі жерленген көрінеді-мыс. Бірақ, нақты қай обада, қай хан жерленгені белгісіз болған. Себебі, обаларға қойылған құлпытастардағы жазулар араб тілінде екен. Оны оқитын, анықтайтын көне араб тілін білетін адамдар бұл күндері ауылда жоқ.

Содан, осы зират туралы әңгімені естіп, анық қанығын зерттеуге жақын арада арнайы Орал қаласынан «Дана» журналының бас редакторы, белгілі журналист Қазбек Құттымұрат пен тарих пәнінің жоғарғы санатты мұғалімі, тарих магистры Айболат Құрымбаев келді.

Алдымен ауылдың ақсақалдарымен кездескен олар

Қызылжардың өткен тарихына қанығып алды. Кезінде ауылды басқарған Избасов Құрмантай қария мен оның зайыбы Ақыл шешейдің әңгімелерін тыңдап, қызықты деректерді қойын дәптеріне түртіп алған олар енді көп жылын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер-ұстаз Салахиев Хамит қариямен зиратты аралауға кірісті. Араб тілін жақсы білетін Қазбек Құттымұрат зираттағы әрбір құлпытастағы араб жазуларын оқып, қазақшаға аударып берді. Тастағы жазулар негізінен араб, шағатай және түрік тілінде жазылған екен. Көне тастағы ру таңбалары бұл жерде жатқан адамдардың негізінен Кердері, содан кейінгісі Табын, Тана руларына жататынын анықтайды. Сонымен қатар бірнеше Төре тұқымының да, Байбақтылардың да таңбалары бар құлпытастар кездесті.

Зиратты аралауды орталай бергенде зерттеушілердің іздегендері табылды.

Екі ғасырдың үстінде уақыт өтсе де жазулары анық көрінетін тас бір кездері кіші жүздің ханы болған атақты Әбілхайыр ханның немересі, Айшуақ ханның ұлы Жантөре ханның басына қойылған белгі болып шықты. Тастағы жазулар Жантөре ханның мәңгілік мекенін 1809 жылы 49 жасында тапқанын куәландырып тұр.



Жалпы зиратта мұндай құлпытастардың 138-і табылды, бәрі 1800-1900 жылдар аралығына жатады. Оларды зерттеушілер дереу суретке түсіріп, тарихи құнды нәрсе ретінде номер салып та үлгерді.

Ендігі кезек арнайы осы іспен айналысатын ғалымдарда.

Олар тастардағы таңба мен жазулардың нақтылығын ғылыми тұрғыдан нақтылап берсе, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап жатырған еліміздің тарихына жаңа дерек қосылары даусыз.

БІЗДІҢ, ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ, ПЕДАГОГТАРДЫҢ МІНДЕТІ – СОЛ ТАРИХТЫ КЕЛЕР ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ, ҰЛЫЛАР ТАҒЫЛЫМЫН ТАРАТУ.

С.С. Төл тарихымызға жаңа деректер қосылуы мүмкін деген болжам шындыққа айналып, ашылған жаңалық ғалымдардың қызуғушылығын тудырды. Аталған қабірлерді зерттеуге арнайы Астана және Алматы қаласының іргелі оқу орындарының ғалымдары, Евразиялық ұттық университетінің тарихи ғылым докторы Муминов Аширбек, ҚР БҒМ ҒҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғылыми қызметкері Дюсенов Бағдат Даниярұлы келді. Оларға көмектесу үшін белгілі журналист Қазбек Құттымұрат пен тарих магистрі, РФ өлкетанушылар одағының мүшесі Айболат Құрымбаев, Жаңақала ауданының имамы Жажатов Мұратбек Каспиевич келді. Зерттеушілер тобына Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ-ң тарихи өлкетану үйірмесінің мүшелеріде қосылды. Сөйтіп құрамында ғалым мен имамы, мұғалім мен

оқушылар бар топ екі күн таң атқаннан күн батқанға дейін тынбай жұмыс істеді. Тек Жантөре Хан ғана емес айналасынан, табылған 138 құлпытастың өлшемін, түрін, пішінін, таңбаларын, жазуларын, бір-бірінен ара қашықтығын зерттеді. Таңбалы тастардың схема-картасын жасаумен айналысты. Зерттеулер нәтижесінде Жантөре ханның жанына ұрпақтары жерленгені, сонымен қатар басқа да батырлар мен бектердің жерленгені анықталды. Бұрынғы кездері ауыл-аймақты басқарған старшиндар да бар болып шықты. Тастардың төрт қырына

да жазулар жазылған және ол жазулар тек өлген кісінің аты жөні мен туған-қайтқан жылы ғана емес, атқарған қызметі мен істеген істерінен хабар береді. Кейбір құлпытастарда Құран сүрелерінен үзінділер жазылған.

БҰЛ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ ЕҢ БАСТЫСЫ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ БОЛДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. «ТАРИХЫН БІЛМЕГЕН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ БОЛМАЙДЫ» ДЕЙДІ ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ. ЕНДЕШЕ ӨТКЕНДІ ЗЕРТТЕУГЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚАТЫСУЫ КӨҢІЛГЕ ҮМІТ ҰЯЛАТАДЫ.

Әсіресе, келген ғалым қонақтар Орынбаев Еркеғали деген оқушының зеректігін ерекше атап кетті. Оқушы ғалымдармен бір күн жүргенде арапша цифрларды танып, тасқа жазылған жылдарды оқуға үйреніп алды. Екінші күні тастағы жылдарды өз бетімен оқып, айтып отыратын жағдайға жетті. Азат Мұратқалиев, Ерасыл Шағатай, Марғұлан Уахитов сияқты оқушылар да құлпытастардың өлшемін алуға, ара қашықтарын анықтауға, нөмерлерін салуға белсенді көмектесті. Ғалым ағаларынан естіген әңгімелері, бірлесіп істеген әрекеттері балалардың естерінде ұзаққа сақталып, кейбіреулеріне мамандық таңдауға түрткі болар деп үміттенеміз.

*Берік Каюпов,
Балалар-жасөспірімдер туризмі және экология
орталығының қосымша білім беру педагогы,
Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ тарихи-өлкетану
мұражайының меңгерушісі*



Жалпы биыл 52,7 мың гектар жерге дән салынды. Соның ішінде 37,412 мың гектарға жаздық

ҚОС САЛАДАН ТЕҢ ЕМГЕН ТЕРЕКТІ

ТЕРЕКТИ – ӨҢІРДЕГІ МАЛ МЕН ЕГІНДІ ҚАТАР ҰСТАП ОТЫРҒАН ІРІ АУДАНДАРДЫҢ БІРІ. ЭКОНОМИКА СОҒАН БЕЙІМДЕЛГЕН. ҚОС САЛАНЫ ДА ТАРАЗЫНЫҢ БАСЫНДАЙ ТЕҢ ҰСТАП, ТЕҢ ДАМЫТАДЫ. БҰЛ ОРАЙДА МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА МОЛ ҚҰЙЫЛЫП ОТЫРҒАН ҚАРЖЫ МЕН ҚОЛДАУДЫҢ КӨМЕГІ МЫҚТЫ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ӨЗІНДЕ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨКТЕМГІ-ДАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА РЕСПУБЛИКА БЮДЖЕТІНЕН 112,1 МЛН. ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ. ОНЫҢ 3,8 МЛН. ТЕҢГЕСІ КАРТОПҚА, 36,4 МЛН. ТЕҢГЕ МАЛ АЗЫҒЫНА, 3,4 МЛН. ТЕҢГЕ – ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРҒА ТӨЛЕНДІ.

бидай, 12,942 мың га – арпа, 0,655 мың га – тары, 1,6 мың га – сұлы, 0,148 мың гектарға ноқат, 0,042 мың гектар жерге сорго себілді. 11,147 мың гектарға майлы дақылдар салдық. Бақша, көкөніс салуға қолайлы жерлерді тиімді пайдаланып, 354 га алқапқа картоп, 458,14 га жерге түрлі көкөніс, 158,6 га жерге бақша дақылдары салынды.

«Мал-жаның аман ба» деп, жаннан бұрын мал халін сұрайтын қазақпыз ғой. Мал басын қыстан қоңды шығарып, өз төлі есебінен өсім алу үшін қысқыға мал азығы құнарлы, санымен қатар сапалы болуы қажет. Сондықтан да, 44,3 мың га жерге мал ащығына жарамды дақылдар салдық.

Мал өсіруде табыссыз емеспіз. Өткен қыстан аман шығып, көктемде төл есебінен көтерілген мал жазғы жайлауда, тұрақты түрде өсіп келеді.

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, ірі қара 3,4, оның ішінде сиыр – 9, жылқы – 11,2, қой мен ешкі – 3,7, түйе – 66,6, шошқа – 16,8, құстар – 0,4 пайызға



көбейіп, тиісінше ірі қара саны 41 962, оның ішінде, сиыр – 17 017, түйе – 40 басқа, қой – ешкі 71 692, жылқы - 9 281, шошқа - 2 560, құстар 45 740 басқа жетті.

Мал негізінен шаруа қожалықтарында ұсталады. Сонымен, ірі қараның 14 289 басы, 18 231 бас қой-ешкі, 4 008 жылқы қожалықтар бағымында. Малдан сапалы өнім алу мақсатында мал басын асылдандыру шаралары кешенді жүргізіледі. Осы бағытта шаруашылықтар

«Сыбаға», «Құлан» мемлекеттік бағдарламалары бойынша 533 бас асыл тұқымды мал сатып алып отыр.

«СЫБАҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «АЛАША» ШАРУАШЫЛЫҒЫ 8 МЛН. 500 МЫҢ ТЕҢГЕ НЕСИЕЛІК ҚАРЖЫҒА 2 БАС АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ БҰҚА МЕН 44 БАС АНАЛЫҚ МАЛ САТЫП АЛДЫ. «МҰҚАС» ЖӘНЕ «БЕЙБАРС» ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘР ҚАЙСЫСЫ 8,5 МЛН. ТЕҢГЕ НЕСИЕГЕ ҚҰЖАТТАРЫН ТАПСЫРЫП, НӘТИЖЕСІН КҮТІП ЖҮР.

«Ибрагим» қожалығы «Құлан» бағдарламасы бойынша 10 млн. теңге несие алып, «мінсең – көлік, ішсең – қымыз, жесең – ет» болатын, қазақтың жеті қазынасының бірі - жылқы малын көбейтіп отыр.

Бұл жұмыс «Агробизнес – 2020» бағдарламасы аясында да іске асырылуда. Жыл басында мал және өсімдік шаруашылығын ауылшаруашылық техникасымен, кешенді қондырғылармен жабдықтау мақсатындағы 7 бағытта 21 жобаны іске асыру жоспарланған болатын. Соның тең жартысы, 99 млн. 568 мың теңге тұратын 10 жоба іске асырылды.



Етті мал шаруашылығын дамыту үшін – 4 жоба, сомасы 25 млн. 208 мың теңге;


Етті бағытындағы мал өсіруші шаруашылықтарын құру үшін – 1 жоба, сомасы 10 млн. 180 мың теңге; қой шаруашылығын дамыту үшін – 1 жоба, сомасы 7 млн. 130 мың теңге. Шындығына келсек, мал өсірген қожалықтарға көмек мол. Өткен жылы мал алуға, ет-сүт сияқты өнім өндіруге 204,6 млн. теңге демеу қаржы берілген еді, ал биыл 283,0 млн. теңге төлеуге мүмкіндігіміз бар, соның 70,6 млн. теңгесі төленді.

Жеміс-көкөніс шаруашылығын жабдықтау үшін – 2 жоба, сомасы 50 млн. 030 мың теңге. Жайылымдық жерлерді суландыру үшін – 2 жоба, сомасы 7 млн. 020 мың теңге;

Көктемнің әр күнін тиімді пайдаланып, жерге дән салып тастаған қожалық шаруалары жаздың да әр күнін тынымсыз еңбекпен өткізуде. Қыстақ басына үйілген мая-мая шөп пен жөндеуден өткізіліп, сақадай сай тұрған қора-жайлар – соның дәлелі.



*В ожидании
хорошего урожая*



Вот уже четвертый год КХ «Балакирев» профилируется на производстве картофеля. В нынешнем году поля, занятые под данный вид овощеводства, составляют 140 га.


- Хозяйство выращивает элитные сорта картофеля, стабильно дающие рекордный урожай от 350 и более центнеров с гектара, - говорит заместитель главы крестьянского хозяйства «Балакирев» Александр Марычев. - Семенной закуп производится в России. Однако в прошлом году был заложен уже свой семенной элитный сорт в количестве 600 тонн. Наш продукт славится отменным вкусом и пользуется большим спросом на местном рынке.

По словам Александра Петровича, такого урожая хозяйство достигает благодаря высокому уровню технической оснащенности. Хозяйство имеет всю необходимую технику для возделывания картофеля. Здесь применяется, так сказать «нулевая технология», т.е. весь процесс, от посадки до сбора и хранения урожая, полностью механизирован. В КХ «Балакирев» в наличии вся необходимая техника. Особо следует сказать об американской дождевальной установке T-L с круговым действием с охватом 70 гектаров площадей. Как говорят специалисты, данная система имеет гидравлический привод колес и сама может увеличивать давление воды, если это необходимо. Есть здесь и дождевальная установка российского производства.

Ранее районная писала о пуске в строй данным хозяйством овощехранилища голландского производства с холодильным оборудованием. Общая вместимость его составляет 2600 тонн картофеля. Напомним, что здесь в перспективе строительство еще одного такого овощехранилища. На сегодня в хозяйстве трудятся стабильно 10 человек. В сезон число рабочих мест значительно увеличится.

- Государство дает возможность всем желающим начать свое дело. Поэтому нужно не лениться, а принимать эту помощь и работать, работать, - уверяет глава КХ «Балакирев» Вячеслав Балакирев. - Не нужно ждать, что кто-то придет и создать тебе благостные условия. Такого не будет никогда. Нужно отходить от иждивенческого настроения. Поэтому в этом плане мне импонирует идея Главы государства о создании общества всеобщего труда. Ведь только ежедневным кропотливым трудом можно чего-то добиться в этой жизни.

К этим словам Вячеслав Анатольевича трудно что-либо добавить. Пожелаем же ему хорошего урожая.



ШЫҢҒЫРЛАУ АУДАНЫ





«ЖҮЙРІККЕ ҚАЛУДАН ДА ОЗУ ОҢАЙ»

Биылғы тұлпар жарысы топ бәйге, аламан бәйге болып бөлінді. Облысымыздың бірнеше аудандарынан, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарының сәйгүліктер келді. Бұл шараның қамтылу ауқымының кеңейгенін та-нытса керек. Әйгілі абыз Асан қайғының аталы сөзі қалған, Баһадүр Бөкенбай бабамыздың тұлпарының ізі қалған, аяулы Қалампыр Рахимованың бұлбұлдай үні қалған Шыңғырлау жеріндегі бәйгені көпшілік асыға күтті. Автокөліктен бастап, жылқы, қомақты қаржының тігілуі де ұлттық өнеріміздің мәртебесін көтергені мәлім. Тіркеуден өткен бәйге аттары тықыршып белгі күтуде.

ТОП БӘЙГЕ

Ортаға 9 шақырымдық жарысқа түсетін сәйгүліктер шақырыла бастады.

Жүйріктер бірінен-бірі өтеді. «Ақ қасқа», «Бақторы», «Қызыл күрең», «Қарлығаш»...Осылай жалғаса береді. Міне, белгі де берілді.

Үш айналымнан тұратын жарыс зыр етіп өте шықты. Нәтижесінде Атырау облысының Индер ауданы Өрлік ауылынан келген Сұлтан Нигымов-тың бағы жанды. Бас бәйгеге жылқы берілсе, екінші орын шыңғырлаулық Мирас Темірболатовқа, үшінші орын Қарағаштан келген Болат Макимовқа беріліп, оларға қомақты қаржы ұсынылды.



АЛАМАН БӘЙГЕ

Бабы мен бағы келіскен тұлпарлар бірінен соң бірі төрешінің жанынан сап түзеп, белгі күтуде. Белгі берілер- берілместен арғымақтар ата жөнелді. Басталған бәйгені көруден артық не бар екен?! Қиқу салып, қошеметке басқан жерлестеріміз қандай десеңізші.

8 айналым. Аттың аты ғана шыдайтын қашықтық бұл. Алға бірден суырылып, төрт ат бөлініп шықты. Бірінші болып, ақтөбелік шабандоз «Қозы күреңмен» ағызып келеді. Құйрық тістескен жылқылар да қалар емес. Бұл басы ғана.

Шыңғырлаулық атбегі Нұрболат Ақпанов бауырымыз соңғы жылдары аудандағы ат спортын өркендетуге көп күш салып жүрген елжанды азамат. «Буран» атты торы айғырының тілеуін тілеп, «мазасыздануда».

«Жүйрікке қалудан да озу оңай» деген бар. Әр айналым сайын тұлпарлар арасы ашылып, мықтылар ерекшелене бастады. Әуеде атақты қазақ барды Табылды Досымовтың «Сәйгүліктер шабысы» күйі күмбірлеуде. Осыны үйлестіріп тұрушы Елдар Бижановқа да ел риза.

Соңғы айналым. Бәйгі кімдікі?

Бас бәйге – Нұрболат Ақпановта! «Буран» бірінші келді, екінші болып, ақтөбелік Дәулет Ермағамбетовтың сәйгүлігі, үшінші болып белогорлық Тыныштық Иманғалиевтың күрең айғыры мәре сызығын кесіп өтті.

Торатыбасымен тұғырлы Аққұ-мымен арайлы, Сарқырамасымен сәнді, Елегімен еңселі Шоқай-терегімен шырайлы елдегі аудан күніне арналған той аяқталды.

Шараны қорытындылаған аудан әкімі бәйге жеңімпаздарын марапаттады.

Бас бәйге иегері Нұрболат Ақпановқа Алдияр Сансызбайұлы автокөлік кілтін табыс етті.

Жаңа машина халықтың көзайымына айналып, алаңға жарқ етіп шыға келді! Қуаныштық көп болсын ағайын! Той тойға ұлассын!



Аудан күніне арналған той қазақтың ұлттық ойындарының кең түрде көрініс табуына сеп болғаны рас. Сайысқа келіп ауыздарына қамшыларын тістеп, төстерін ұрып, ат үстінде аударыспаққа қатысқан жігіттердің жігіттері бір-бірінен асып түсіп жатты. Сонымен бір уақытта көк кілемнің үстінде күш сынасқан түйе палуандар да тіресіп-ақ бақты. Сайыс соңында әділ төреші түйе палуандарды ортаға шығарып, 1-орынды Шыңғыс Шоқпытов (Ақтөбе), 2 орынды - Нұрсұлтан Абдраман, 3 орынды - Сұңғат Махамбетке (Орал) тиесілі деп шешіп, ал бір көтеруден Д.Галиев 1-орын, Ж.Түймешов - 2 орын, Г.Ажғалиев - 3 орынды иемденді.

Тойға келген шыңғырлаулықтар мен қонақтардың назарын жаулаған ұлттық ойындардың бірі -ат үстіндегі аударыспақ болды. Бел-діктерін буа тартып, аттарының жалын құшып бір-бірімен ат үстінде күш сынасқан «күштілер» ептілік пен ыждағаттылық қасиеттерін көрсете білді. Жүрек жұтқан жігіттердің ішінде әсіресе, Орал қаласынан арнайы келген А.Сарсеменов өзгелерден шоқтығы биік болып, 1-орынға шықса, одан қалыспаған бөрлілік А.Балпанов 2-орынды қанжы-ғасына байлады. Ал екінші бөрлілік Б.Мукашев 3-ші орынға шықты.

Бір кезде дала төсін көкпаршылар дүбірлетіп,

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР КӨРІНІС ТАПҚАН ТОЙ



оларды көрермен қауым қиқу сала көтермелеп мерекенің сәнін келтірді.

ЕКІ КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН АУДАНЫМЫЗ-ДЫҢ МЕРЕКЕ КҮНДЕРІНДЕ АУА РАЙЫ ДА ОҢ ҚАБАҒЫН ТАНЫТЫП, МИЗАМ ШУА-ҒЫНДАЙ НҰРЫН ТӨГІП ТҰРДЫ. АДАМДАРДЫҢ ЖҮЗДЕРІНДЕ ДЕ БІР-БІРІНЕ ДЕГЕН ЖЫЛЫ ҚАБАҚ, МЕРЕКЕЛІК КӨҢІЛ-КҮЙ, ӨЗ ЕЛІНЕ, ЖЕРІНЕ ДЕГЕН РИЗАШЫЛЫҚ СЕЗІМДЕРІ ТҰНЫП ТҰРДЫ.

Айта кету жөн, мерекені ұйымдас-тырушы-лардың, демеу-шілердің де еңбектері ерекше, оған қоса мәдениет саласы қызметкерлерінің оны ән-жырмен көркемдеуі одан сайын сәндеп берді.



ЖАБЫРҚАУ ТАРТҚАН ЖАН СЫРЫ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық көріністерінен біздің қоғам да ада емес екені баршамызға белгілі. Отбасындағы зорлық-зомбылық бұл қоғам үшін қауіпті, әрі өзекті де өткір мәселелердің бірі. Ең өкініштісі, көп жағдайда әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналады. Өйткені ашуға бой алдырған қара күштің алдында әйел- әлсіз, бала қорғансыз.

ЕЛБАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТІҢ ЖАҢА САЯСИ БАҒЫТЫ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА «БІЗ АНАНЫ ҚОРҒАП-ҚОЛДАУЫМЫЗ КЕРЕК. МЕНІ ОТБАСЫНДА ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРҒА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ЖАЙТТАРЫНЫҢ КӨБЕЮІ АЛАҢДАТАДЫ. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі керек»- деп нықтап айтқан болатын. Елбасы бұл мәселені тектен-текке қозғап отырған жоқ. Статистикалық мәліметтерге



сүйінсек, әлемде нәзік жандардың 20-дан 50 пайызға дейіні өз отбасында зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келеді екен, біздің елімізде 500 әйел төл шаңырағында зорлық-зомбылық құрбаны болатын боп шықты.

Міне, осы зорлық-зомбылық жағдайларының алдын алу, ал дәл осындай жағдаяттар орын алған кезде, психологиялық, құқықтық, әлеуметтік, медициналық көмектер беру мақсатында бүгінде елімізде дағдарыс орталықтары құрылып, жұмыстануда.

Орал қаласында 2012 жылдың маусым айында белгілі тұрағы жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы жанынан тұңғыш рет тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге көмек көрсету бөлімшесі ашылған болатын. Кейін бөлімше қызметінің ауқымы кеңейіп, «Орал қалалық әйелдерге арналған оңалту және бейімделу орталығы» болып қайта құрылды. Орталықтың негізгі мақсаты: Зорлық – зомбылық көрген және қиын әлеуметтік жағдайларға түскен әйелдер мен балаларға тегін тәуліктік көмек көрсету, әйелдер мен балаларға жалпы жанұяларға әлеуметтік – құқықтық, психологиялық және





т.б. көмек түрлерін көрсету. Орталықтың негізгі қызметі: Мемлекеттік мекемесіне бір ай мерзімі аралығында тағдыр тәлкегіне және зорлық-зомбылыққа ұшыраған 18 жастан асқан және кәмелетке толмаған балалары бар әйел адамдар өз өтініштері бойынша уәкілетті органдардың жолдамасымен қабылданады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге әлеуметтік көмек көрсету орталығының қызметі үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Бірінші бағыты- орталық мамандары

Бүгінгі күні орталықта 3 әйел балаларымен паналауда. 41 әйел ішкі істер басқармасының жолдамасымен, 22 әйел қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жолдамасымен келді.

Жалпы орталыққа келіп көмек алушылардың психологтың кеңесінен кейін әйелдердің өз-өздеріне келуі, өздерін бағалау деңгейінің артуы, отбасылардың қайта қосылуы сияқты оң өзгерістерді байқауға болады.

Көп жағдайда әйелдерде кездесетін әлеуметтік проблемалар: жұмыссыздық, жалақының төмендігі, отбасындағы әлеуметтік жағдайдың төмен болуы, тиісті құжаттарының болмауы, құқықтық сауатсыздық, баспананың жоқтығы.

Осындай дағдарыс орталықтарын құру – елімізде өркен жайған гендірлік теңдік саясат шеңберінде қолға алынып отыр. Қоғамға аса қажет. Орталыққа келген әйел адамдардың ешкіммен бөлісе алмайтын, жүрек түкпірінде шемен боп қатқан мұң-шерлерін тыңдап, оларға ақыл-кеңесімізді береміз.

ОРТАЛЫҚҚА ЖҮГІНГЕН ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ШЕШУДЕ ОБЛЫС ӘКІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ, ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ, ОБЛЫСТЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ, ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ ІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ, ҚАЛАЛЫҚ ІШКІ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫ, ҚАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ ЖӘНЕ «ЖАЙЫҚ ДАУЫСЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ, «ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» Т.Б. ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТА ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

«НұрОтан» партиясының республикалық «Бақытты отбасы» жобасы аясында бірнеше іс-шаралар атқарылды.

Атқарылған жұмыстар аз емес. Алдағы уақытта әйелдің әлеуметтік мәртебесін қолдау, отбасы құндылығын бағалау, ана мен баланы қорғауда зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, күйзелістік жағдайлардан шығу үшін психологиялық көмек көрсетуге барлық жағдайларды жасау, жекетұлғалық дау-жанжалдың алдын-алу, сонымен қатар құқықтық кеңестер беру, олардың құқықтарын қорғаудың механизмдерін жүзеге асыру бойынша жұмыстар атқарылады.

Г. Шамкелова,

Орал қалалық әйелдерге арналған әлеуметтік оңалту және бейімделу орталығының директоры

заңгер, психолог әр түрлі сұрақтар бойынша әйелдерге кеңестер және көмектер береді. Мамандардың барлық кеңестері тегін және жасырын. Екінші бағыт тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге және басқа да дағдарыстық мәселелерді шешуге Орал қаласы тұрғындарына Сенім телефоны арқылы психологиялық, заңды тұрғыдан кеңестер беріледі.

Үшінші бағыт – бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелермен бірлесе семинар-тренингтер, түрлі шаралар ұйымдастыру. Орталықтағы орын саны 10. Орталықта болу уақыты 30 күнге дейін. Штаттық кестеге сай 15 қызметкер жұмыс жасайды.

Екі жыл жарым жыл ішінде орталыққа 500–ге жуық әйел адам көмекке жүгініп, оларға психологиялық және құқықтық кеңестер берілді. Психологтың көмегіне жүгінушілер 52 пайызды құраса, 42 пайызы заңгердің көмегіне жүгінушілер. Уақытша паналағандар саны - 165, оның ішінде 63 әйел және 102 бала. 2015 жылдың жеті айы ішінде 80 әйелге психологиялық, құқықтық кеңестер берілді. Өз отбасында зорлық зомбылықтың құрбанына ұшыраған 19 әйел балаларымен орталықты паналады.



«БҚО АТА-АНАЛАР КЛУБЫ» ИНТЕРНЕТ-ЖОБАСЫ

Облыстағы үздік отбасылар тәрбиесін насихаттау, бала тәрбиелеудегі іс-тәжірибе бөлісу ата-аналардың сұрақтарына жауаптар іздеу, өнерлі, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін отбасыларды насихаттау, қолдау көрсету, ата-аналар жөнінде пікір алмасу мақсатында www.facebook.com әлеуметтік желісінде «БҚО ата-аналар клубы» жұмыс жасап келеді. Аталмыш топта 435 қатысушы тіркеліп, белсенділік танытуда. Әр түрлі байқаулармен, шеберлік сыныптарымен, жазбаларымен көрініп жүрген топтың қатысушылары күн санап өсіп келеді.

«МӨЛДІР БҰЛАҚТАН...» ОТБАСЫЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

«Дарын» қосымша білім беру орталығы базасында Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы және облыстық «Өркен» қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Мөлдір бұлақтан...» отбасылық шығармашылық фестивалі өтті. Фестивальдің мақсаты:

шығармашылық өнерлерін ортаға салды. Сонымен қатар, фестиваль аясында отбасылармен «Сен, мен және бәріміз, тату-тәтті жанұя» акциясы, «Ойындар фабрикасы»,

«Татулық формуласы», «Тимбилдинг» курсы ұйымдастырылды.

«ӨНЕРЛІ ҚЫЗ, ӨНЕГЕЛІ ЖЕҢГЕ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫ

Іс-шараның мақсаты - халықтың үлкен мәдени мұрасын, салт-дәстүрлерін, қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту, оқушылардың бойына адамгершілік, имандылық қасиеттерін қалыптастыру.

Сайысқа Ақжайық, Бөрлі, Бөкейорда, Жаңақала, Жәнібек, Зеленов, Казталов, Қаратөбе, Сырым, Тасқала, Теректі, Шыңғырлау аудандары және Орал қаласының оқушылары мен жеңгелері, барлығы 26 адам қатысты.

Байқаудың шарты бойынша қатысушылар «Татулықтың паш етеміз үлгісін», «Сырласайық жеңеше», «Білгенге маржан» және «Өнерлі өрге жүзер» атты байқаулар бойынша сыңға түсті.



отбасын белсенді қоғамдық және мәдени қызметке тарту, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді, салауатты өмір салтын арттыру, отбасылық көркем шығармашылықты дамыту үшін қолайлы жағдай жасау, өскелең ұрпаққа эстетикалық және адамгершілік тәрбие беруде отбасы шығармашылығының рөлін арттыру. Шараға аудандық және қалалық жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты.

Бағдарламаға сай отбасы көрмесі ұйымдастырылды. Фестивальдің номинациялары бойынша Гала – концертте отбасылар өздері таңдаған номинация бойынша дәстүрлі халық өнері, оның ішінде, ұлттық; хореография; вокалдық орындау; цирк, эстрада, өзіндік жанр; сәндік-қолданбалы

Сайыс нәтижесінде, I орынға Бөкейорда ауданы Б.Жәнекешев атындағы ОЖББМ-нің оқушысы Пахманова Назгүл (жеңгесі Ашенова Индира) иеленсе, II орынды - Казталов ауданы К.Мендалиев атындағы ОЖББМ-нің оқушысы Капсикова Әсел (жеңгесі Амангельдиева Гүлжанат) және Сырым ауданы Талдыбұлақ ОЖББМ-нің оқушысы Ауганова Аида (жеңгесі Аbugалиева Асыл) өзара бөлісті. III орынға – Жаңақала ауданы ОЖББМ-нің оқушысы Әміржанова Ақторғын (жеңгесі Жанғалиева Гүлжан), Жәнібек ауданы Х.Халиуллин атындағы ОЖББМ-нің оқушысы Мұхтарова Жанерке (жеңгесі Бисекова Ляззат) және Қаратөбе ауданы Қаракөл ОЖББМ-нің оқушысы Балабаева Айнагүл (жеңгесі Жұбанова Балсұлу) иеленді.



ШЫНЫҚСАН ШЫМЫР БОЛАРСЫҢ

Мемлекетіміздің 2050 жылға дейінгі ұзақмерзімді стратегиялық саясатынан туындайтын дені сау ұлт қалыптастыру, тұрғындардың өмір жасын 80 жасқа дейін ұзарту, халықтың 30%-ын дене шынықтыру және спорт қызметіне тарту міндеттерді орындау мақсатында өңірімізде бұқаралық спорт түрлерін дамытуға, барлық тұрғындарға спорт нысандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге, халықтың спорттық белсенділігін арттыруға, спорттық секциялардың желісін кеңейтуге, спорт клубтары мен аула клубтарының қызметін жандандыруға, дене шынықтыру ұжымдарының қозғалысын ұйымдастыруға бағытталған ауқымды жұмыс жүргізіліп келеді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында облысымызда 2015 жылдың 6 айы ішінде 60 217 адамның қатысуымен 1 043 спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізілді, сның ішінде кешенді республикалық және халықаралық жарыстар:

- *II қысқы Жастар ойындарының облыстық кезеңі;
- *Дзюдо күресінен 1998-1999 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасында ҚР чемпионаты;
- *Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығын мерекелеу аясында әртүрлі ұжым қызметкерлерінің қатысуымен шаңғы спортынан көпшілік жүгіру;
- *Панкратион және грепплингтен балалар, кадеттер және жастар арасында ҚР чемпионаты;
- *ММА аралас жекпе-жектер ересектер арасында ҚР чемпионаты;
- *Каратэ-додан жасөспірімдер мен жастар арасында ҚР чемпионаты;





Тұрғындардың спортпен шұғылдануына қолжетімді жағдай жасау үшін спорт инфрақұрылымын дамытуға, қарапайым спорт құрылғыларын іске қосуға үлкен көңіл бөлінеді

*Ұлы Жеңістің 70-жылдығына Дзюдо күресінен ерлер мен әйелдер арасында Кеңес Одағының Батыры М.Мәметованы еске алуға арналған VI Халықаралық турнир;

*Самбо күресінен спорт шеберлері арасында ҚР чемпионаты.

*Қазақ хандығының 550-жылдығына орайластырылған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жұлдесі үшін қазақ күресінен ересектер арасында «Қазақстан Барысы» атты облыстық іріктеу турнирі *Мемлекеттік қызметшілер күніне орайластырылған мемлекеттік мекемелер қызметкерлері арасында облыстық спартакиада *Волейболдан 1998-99, 2000-01 және 2002-03 ж.т. жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты (23-30 маусым) *Ұлттық ат спорты түрлерінен (көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату) Қазақстан Республикасының чемпионаты.

Тұрғындар арасында белсенді жүргізілген жұмыстың нәтижесінде облыс бойынша дене шынықтыру және спортпен жүйелі айналысушылар саны едәуір өсті. Бүгінгі күні спортпен тұрақты шұғылданушылардың жалпы саны 150287 адамды немесе облыс халқының 23,9% құрайды (2012 ж. - 132 837 адам немесе 21,5%, 2013 ж. - 138 242 адам немесе 22,2%).

Облыстың спорт ұйымдарында (БЖСМ) шұғылданушылар саны 11 072 адамды құрайды.

Тұрғындардың спортпен шұғылдануына қолжетімді жағдай жасау үшін спорт инфрақұрылымын дамытуға, қарапайым спорт құрылғыларын іске қосуға үлкен көңіл бөлінеді. 2014 жылы облыс аумағында 3 бірлік хоккей корты (2 - Ақжайық ауданы, 1 - Теректі ауданы), 9 бірлік жазық ғимараттар (6 - Бөрлі ауданы, 1 - Казталов ауданы, 2 - Орал қаласы), 3 бірлік теннис корты (1 - Қаратөбе ауданы, 1 - Сырым ауданы,





1 - Теректі ауданы), 1 қосып салынған спорт залы (Бөкей Ордасы ауданы) қолданысқа берілді. Сырым ауданының Қосарал ауылында, Казталов ауданының Жалпақтал ауылында демеушілердің есебінен салынған спорт алаңдары іске қосылды.

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА БАҒЫТ АЛҒАН МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ БОЙЫНША МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛІП, РУХЫ БИІК ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ ӨМІР СҮРУІ ЖӘНЕ ЕҢБЕККЕ АРАЛАСУЫ, СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНУЫ, ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУЫ, ҚОҒАМ ӨМІРІНЕ БЕЛСЕНДІ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСУЫ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАЛЫП ЖАТЫР.

Өңірімізде мүгедектер спортын дамытуға үлкен көңіл бөлініп, мүмкіндіктері шектеулі жандардың спорттық белсенділігін арттыруға, олардың мемлекетіміздің спорттық рейтингін бекітуге қосар үлесін қамтамасыз ететін шаралар алынды. Күнтізбелік жоспарға сай мүгедек-спортшылар отырып ойнайтын волейбол, жүзу, пауэрлифтинг, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және басқа да спорт түрлерінен түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге, спорт шыңын игеруге шабыттандыру және өңір спортының беделін бекіту ісіне елеулі үлестерін қосып келеді.

Биылғы жылы Астана күніне орай Сырым ауданы,

Жымпиты ауылында және Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылында 160 көрермендік орынға дене шынықтыру-сауықтыру кешендері іске қосылса, Орал қаласының Зашаған кентінде 320 орынға дене шынықтыру-сауықтыру кешені қолданысқа тапсырылды. Бұл объектілер 70% республикалық, 30% облыстық бюджет қаражаты есебінен салынды. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында «Облыстық жоғары спорттық шеберлігі мектебі» МКҚК күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Халықтың спорттық қызметке сұранысын қанағаттандыру мақсатында көпшілік сырғанау, көпшілік суға шомылу бойынша ақылы қызмет көрсететін объектілерде (Су спорты БЖСМ, Мұз спорт сарайы, «Ақжайық» СК стадионы) қолжетімді бағамен тұрғындарға спорттық қызмет көрсетіледі.

Аудандарда спорттық-бұқаралық жұмыстың ұйтқысы болып табылатын спорт клубтары. Аудандардағы спорт клубтарының саны 5 бірлікті құрайды (Бөрлі ауданы - «Сарыарқа» СК, Зеленов ауданы - «Жігер» СК, Сырым ауданы - «Қайсар» СК, Ақжайық ауданы - «Жігер» СК, Қаратөбе ауданы - «Қаратөбе» СК).



2014 жылы облыста 4 ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, 1 ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, 4 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 33 спорт шебері дайындалып, 2 төрешіге ұлттық санаттағы спорт төрешісі атағы тағайындалды. Бүгінгі таңда облыстың 236 спортшысы ҚР-ның ұлттық, жасөспірімдер және жастар құрама командаларының мүшелері болып табылады.

XXII ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА (СОЧИ Қ/СЫ, 07-23.02.2014 Ж.) ШОРТ-ТРЕКТЕН ҚР ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ САПЫНДА БАТЫСҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ФИНАЛҒА ШЫҒЫП, 5-ШІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ.

XVII жазғы Азия ойындарында (Инчئون қаласы, Оңтүстік Корея, 19.09-04.10.2014ж) байдарка мен каноэ есуден Алексей Дергунов 1000м қашықтықта жұптасып есуде алтын, 200м қашықтықта жұптасып есуде күміс жүлде иеленді, Андрей Ергучев 1000м қашықтықта «төрттік» есуде алтын, дзюдошы Азамат Мұқанов командалық сында күміс, жеке өз салмағында 66 келі қола медаль иеленді. Паразиялық ойындарда суға жүзуден Руслан Өтебадиев қола медаль иеленді.

IV АЗИЯ ЖАҒАЖАЙ ОЙЫНДАРЫНДА (ПХУКЕТ ҚАЛАСЫ, ТАИЛАНД, 14-21.11.2014Ж) САМБО КҮРЕСІНЕН БАҒДАТ ЖАРЫЛҒАСОВ КОМАНДАЛЫҚ СЫНДА АЛТЫН, ЖЕКЕ ӨЗ САЛМАҒЫНДА 68 КЕЛІ ҚОЛА МЕДАЛЬ ИЕЛЕНДІ.

2015 жылы Сайын Жанат - шахматтан Әлем чемпионы, Смирнов Андрей - ММА Аралас жекпе-жектен Азия чемпионы, Тимралиев Дархан - каратэ-додан кадеттер мен кіші жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Мұқашев Мәлік - паратаэквондодан Еуропа чемпионатының қола жүлдегері, Бапиева



Елизавета, Давлетова
Анель, Жоламанова Балауса,
Мирам Адильхан - дойбыдан
Азия чемпиондары,
Мадеев Бейбіт - дзюдодан
Еуропа Кубогының
қола жүлдегері, Әлем
біріншілігінің қатысушысы,
Оразбаев Тайман - бокстан
Халықарарық турнирдің

жеңімпазы, Молдашев Сағындық - бокстан Қазақстан Республикасының эксперименталдық команда мүшесі, бокстан ҚР чемпионы, Георгий Шейко - спорттық жүрістен Халықаралық турнирдің жүлдегері, 2016 жылғы Рио-де-Жанейродағы XXXI жазғы Олимпиада ойындарына жолдама иегері.

Облыста 23 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі (соның ішінде 12-сі аудандарда), облыстық жоғары спорттық шеберлігі мектебі, олимпиада резервтерін даярлау орталығы, спортта дарынды балаларға арналған мамандандырылған облыстық мектеп-интернаты, «Ақжайық» спорт клубы» АҚ, «Жайық» волейбол клубы» МКҚК, «Ақжайық» футбол клубы» АҚ жұмыс істейді.

Облыс бойынша спорттық ғимараттардың саны 1535 бірлікті құрайды, соның ішінде 3 стадион, 1 спорт сарайы, 5 бассейн, 7 спорт кешені, 269 спорт залы, 1 спорттық манеж, 6 шаңғы базасы, 2 есу базасы, 119 ату тиірі, 956 жазықтық ғимарат, 151 бейімделген спорт залдары, 12 теннис корты, 3 хоккей корты.

